

ҚҰРАН
және
СҮННЕТ

Шейх Абдуррахман ибн Насир әс-Сағди

ІЗГІЛЕР ЖҮРЕГІНІҢ ҚУАНЫШЫ



 КӘУСАР
САХАТ

ББК 86.38

I-30

I-30 Ізгілер жүрегінің қуанышы/Шейх Абдур-Рахман ибн Насир әс-Сағди/Аударған Қ. Қыдыралыұлы. — Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2009. — 364 бет.

ISBN 9965-32-338-0

Көрнекті ғалым А. Сағдидің «**Ізгілер жүрегінің қуанышы**» кітабы — таухид, дін негіздері, мұсылман әдептері, фикһ сияқты бірқатар шариғат ғылымдарына және шәкірттер мен ұстаздарға пайдасы тиетін басқа да тақырыптарға көңіл бөлген қысқаша жинақ. Бұл кітаптың мазмұны дін негіздерін кең тану мен терең түсінуге үндейді. Еңбекті рухтандырған нәрсе, ол — Аллаһ елшісінің (ﷺ) тура жолы.

Еңбек діни тағылым алушы шәкірттерге және көпшілік қауымға арналған.

ББК 86.38

III 0403000000
00 (05)-09

ISBN 9965-32-338-0

© «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2009

Бисмилләһир-Рахманир-Рахим

Алғы сөз

Өз елшісін тура жолмен жіберген және адамдарға оған ілесуді бұйырып: **«Өздеріңе Пайғамбар бергенді алыңдар¹ да, ол тыйым салғаннан бас тартыңдар!»** (Хашр, 7), — деп айтқан әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақ. Аз сөзбен көп мағынаны қамтып, қысқа да нұсқа сөйлеу қабілеті дарыған Пайғамбарымыз Мұхаммедке Аллаһ тағаланың игілігі мен сәлемі болсын!

Пайғамбарымыздың (ﷺ) сүннеті шарифаттың негізгі қайнар көзінің бірі болып саналады. Аллаһ елшісінің (ﷺ) өзі сахабаларына сүннетті сақтауды және оны адамдарға жеткізуді бұйырып: **«Бізден естігенін (басқаларға) айнытпай жеткізген адамның Аллаһ жүзін нұрландырсын. Бәлкім, (хабар) жеткізілген адам естіген адамнан пайымдырақ болар»**, — деген (әт-Тирмизи).

Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын), сондай-ақ Пайғамбардың (ﷺ) сүннетіне қалтқысыз ілескен олардан кейінгі буын өкілдері сүннетті сақтауға және жеткізуге үлкен күш-жігерлерін жұмсап, осы мақсатта көптеген еңбектер жазған.

Құрметті оқырман, қолыңыздағы бұл кітап өткен ғасырда ғұмыр кешкен, ханбали мазһабын ұстанушы ғұлама, тәпсірші әрі зерттеуші шейх Абдуррахман ибн Насир ибн Абдуллаһ әс-Сағди әт-Тәмими ән-Нәждидің қаламынан туындаған. Ол 1890 жылы Нәжд аймағында орналас-

¹ Яғни, бұйырғанын орындаңдар.

қан әл-Қасим әкімшілік аумағындағы Ғұнайза қаласында дүниеге келген. Осындағы ең алғашқы кітапхананың негізін салушы.

Жазушы өзінің соңына отызға жуық еңбек жазып қалдырған. Олардың біршамасы жарық көрді. Көптеген баспалар әлі күнге дейін оның жинақтарын жариялауда өзара жарысқа түсіп келеді.

Автордың «Ізгілер жүрегінің қуанышы» деп аталған бұл кітабы таухид, дін негіздері, мұсылман әдептері, фикһ сияқты бірқатар шариғат ғылымдарына қатысты тақырыптарды қамтиды.

Кітапта шейх Абдуррахман әс-Сағди әуелі шын ықыласты ниет және Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ ілесу қажеттігі туралы хадистерді келтіреді. Өйткені мұнсыз пенденің іс-амалдары қабылданбайды. Содан кейін шейх намазды, зекетті, ораны және қажылықты орындауды және олардың қажетті шарттарын нұсқаған хадистерді талдауға кіріседі. Сонан соң мұрагерлік құқыққа, әділетсіздіктің салдарына, түс көруге, туыстармен қарым-қатынас жасауға, сапарда жүру тәртібіне т.с.с. әртүрлі мәселелерге қатысты хадистер мен олардың түсіндірмелерін ұсынады. Шейхтың өзі іріктеп алып, қарастырған хадистерге жазған түсіндірмелері тілі жеңіл, түсінуге оңай болғанымен қатар, Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ сөзінің ұлылығын сезінуге жетелейді.

Шейх әс-Сағди 1956 жылы туған жерінде дүние салады.

Оқырмандар назарына жазбагердің түсіндірмесімен әдіптелген, жүзге жуық хадис қарастырылған бұл кітаптың (яғни, «Бәһжәту қулубил-әббар») қазақ тіліндегі тәржімасын ұсынып отырмыз. Бұдан әр мұсылман өзін қызықтыратын мәселелерге жауап табады деп үміттенеміз. Сондай-ақ, Аллаһ тағаладан шейх Абдуррахман әс-Сағдиді ра-

қымына бөлеп, оған бұл еңбегінің сыйына жұмақты тарту етуін сұраймыз. Расында, Аллаһ дұға-тілектерді Есітуші, әрі оған жауап Беруші.

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақ!

Редакция

Автордың алғы сөзі

Әсер-ықпалы дүние мен ақыретті қамтыған көркем есімдерге және кемел де ұлы әрі жоғары сипаттарға ие, мақтауға лайық Аллаһқа мадақ!

Ешкімнің бойынан табылмайтын мақтаулы қасиеттер мен көркем мінез-құлықтарға ие және тура сөйлеу қабілеті дарыған Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның отбасына, сондай-ақ сахабаларына және пенделер арасынан оған ілескендердің бәріне Аллаһ тағаланың игілігі мен берекеті болсын!

Аллаһ тағаланың сөзінен кейін, Оның елшісі әрі сүйікті досы Пайғамбарымыз Мұхаммедтің ﴿ﷺ﴾ сөзінен асқан шыншыл, пайдалы және екі өмірдің де игіліктерін қамтыған сөз жоқ. Өйткені Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ адамдардың ең білімдісі, насихат айтуда, нұсқау беру мен тура жолға салуда олардың ең ұлысы, баяндау мен түсіндіруде ең шешені әрі тәлім беруде ең жақсысы. Қысқа да нұсқа сөйлеу қабілеті дарыған Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ анық та түсінікті аз ғана көркем сөзбен көп мағыналарды жеткізетін.

Бұл кітапта мен Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ жан-жақты тақырыптар мен білімнің кейбір салаларын қамтитын бірқатар хадистерімен астарлас мақсаттарға қысқаша түсіндірме беруді қаладым.

Осы жолда Аллаһтан жәрдем тілеп, Одан жеңілдік сұраймын.

БІРІНШІ ХАДИС

Әшкере және жасырын амалдар өлшемі

عَنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ. وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَا نَوَى فَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ فَهِجْرَتُهُ إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ. وَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ لِدُنْيَا يُصِيبُهَا أَوْ إِلَى امْرَأَةٍ يَنْكِحُهَا فَهِجْرَتُهُ إِلَى مَا هَاجَرَ إِلَيْهِ.

Омар ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісінің (ﷺ):

«Расында, іс-амалдар ниетке байланысты және әрбір кісіге ниет еткені (ісі) тиесілі. Кімнің қоныс аударуы¹ Аллаһ пен Оның елшісіне қарай болса, оның қоныс аударуы — Аллаһ пен Оның елшісіне қарай. Ал кімде-кім мал-дүние табу үшін немесе әйелге үйлену үшін² қоныс аударса, ол сол қоныс аударған нәрсесіне қоныс аударған (болып саналады)»³, — деп айтқанын естідім», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

¹ Хадисте «қоныс аудару» сөзі мұсылмандардың дінін сақтау мақсатында Меккеден Мәдинаға қоныс аударуына байланысты қолданылған және бұл дінін ұстануға мүмкіндік бермейтін елде тұратын адамның дініне жол ашу үшін сеніміне қысым жасалмайтын жерге қоныс аударуы мәселесіне де қатысты.

² Пайғамбарымыздың (ﷺ) бұл сөзді айтуына бір кісінің дінін сақтау мақсатында емес, Мәдинаға қоныс аударса ғана тұрмысқа шығуға уәде берген Қатила Умму Қайс деген әйелге үйлену үшін Меккеден Мәдинаға көшіп келгені себеп болған. Оны адамдар «Умму Қайстың қоныс аударушысы» деп атап кеткен.

³ Ниет туралы әңгімелейтін басқа да көптеген хадистерде сауап пен жаза ең алдымен адамның істеген жақсы немесе жаман амалдары үшін емес, түпкі ниітіне байланысты берілетіні айтылған. Өйткені сырт көзге жақсы көрінген көптеген іс-амалдар шын мәнінде теріс әрі бұзық ниетпен орындалуы мүмкін. Демек, пенде амалы Аллаһтың разылығына жету үшін болмаса, одан тапқанын жалған дүниеде ғана пайдаланып, ақыретте сауапсыз қалады.

ЕКІНШІ ХАДИС

Амалдарды Құран мен сүннетке негіздеу

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ أَحَدَّثَ فِي
أَمْرِنَا هَذَا مَا لَيْسَ مِنْهُ - وَفِي رِوَايَةٍ: مَنْ عَمِلَ عَمَلًا لَيْسَ عَلَيْهِ أَمْرُنَا - فَهُوَ رَدٌّ.

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾: «Кімде-кім біздің осы ісімізге¹ қатысы жоқ² бір жаңалық³ енгізсе, ол қабылданбайды⁴», — деді», — деген.

Келесі бір риуаятта Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: «Кімде-кім біздің ісімізге сәйкес келмейтін бір амал істесе, ол қабылданбайды», — деп айтқан (Әл-Бұхари, Муслим).

Бұл екі ұлы хадис бүкіл дінді, оның негіздері мен тармақтарын, сыртқы әрі ішкі жақтарын қамтиды. Омар (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген бірінші хадис — ішкі амалдардың, ал Айша (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі хадис — сыртқы амалдардың өлшемі.

Бұл хадистерде құлшылық жасауға лайықты Аллаһқа ықылас қою және Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ ілесу туралы айтылған. Ал бұл екеуі кез келген әшкере және жасырын сөздер мен амалдардың қабыл болуының басты шарты болып табылады. Пенде амалдарын ықыласпен Аллаһқа арнап, істерінде Аллаһ елшісінің ﴿ﷺ﴾ сүннетіне ілесетін болса, іс-ама-

¹ Яғни, Аллаһ біздің ұстануымызға разы болған дініміз бен шариғатымызға.

² Бұл жерде шариғатқа қарсы келетін немесе шариғат негіздерінде не жалпылама нұсқауларында дұрыстығына ешқандай дәлел болмаған нәрселер туралы айтылған.

³ Яғни, ойдан шығарылған бір нәрсе.

⁴ Жарамсыздығы себепті мұндай амалдар есепке алынбай өз иесіне қайтарылады.

лы қабылданады. Ал амалын орындау барысында, осы екі шарттың бірі немесе екеуі де орындалмаған жағдайда оның іс-амалдары қабыл болмайды. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Олар жасаған амалдарға кірісеміз де, оны шашылған тозаңға айналдырамыз»** (Фурқан, 23), — дейді.

Ал амал, құлшылығында екі шартты да толық қамтушы жайында Аллаһ тағала: **«Игі амал жасаушы болып, жүзін Аллаһқа тапсырғаннан басқа кімнің діні жақсырақ екен?»** (Ниса, 125);

«Жоқ (олай емес)! Кімде-кім игі амал жасаушы болып, жүзін Аллаһқа тапсырса, оның сауабы — Раббысының құзырында, оларға қауіп те жоқ өрі олар қайғырмайды», — деп айтқан (Бақара, 112).

Ниет дегеніміз — Аллаһқа жақын болуға және Оның разылығы мен сауабына жетуге ұмтылу ретінде бір амалды мақсат тұту. Ендеше, бұл амалға және амал арналғанға қатысты ниетті қамтиды.

Амалға қатысты ниет: Мәселен, дәрет және оның түрлері, намаз, зекет, ораза, қажылық және басқа да барлық құлшылықтар тек оларды орындауды мақсат тұтып, ниет етпейінше дұрыс болмайды. Бір құлшылық өзінің әр алуан түрін қамтуы ықтимал. Мысалы, намаз. Намаздың парыз, арнайы немесе жалпы нәпіл намаздары сияқты түрлері бар. Бұл тұрғыда жалпы нәпіл намаздар үшін тек намаз оқуға ниет ету жеткілікті. Ал парыз намазы не үтір¹ яки парыз намаздардан бұрын не кейін оқылатын сүннет намаздары сияқты белгілі бір нәпілдерге намаз оқу ниетімен қатар міндетті түрде сол намазға нақты ниет етілуі тиіс. Бұл айтылған сөз құлшылықтың басқа түрлеріне де қатысты.

¹ Үтір — құптан намазынан кейін түнде оқылатын тақ санды намаз.

Сонымен қатар ғибадатты әдеттегі іс-әрекеттерден ажырату қажет. Мәселен, адам тазалық не салқындап, сергіп алу үшін немесе жүніптіктен не мәйітті жуғаннан кейін не болмаса жұма намазы және т.с.с. үшін ғұсыл құйынуы мүмкін. Мұндай жағдайда ғұсыл кезінде ластықтан таза руды ниет ету керек, әйтпесе ол жай ғана жуынуға жатады. Бұл айтылған зекетке, не күнәсінің өтемі ретінде, не нәзір үшін, не жай садақаға немесе сыйлыққа ақша жұмсаған жағдайларға да қатысты. Бұлардың бәрінің мән-мағынасы ниет арқылы анықталады.

Бұл тұрғыда қандай да бір қарым-қатынастардағы қулық-сұмдық әрекеттерін айтуға болады. Ол әрекеттер сырт көзге дұрыс көрінгенімен, шын мәнінде оның мақсаты — өсімқорлықты іске асыру немесе міндетті нәрседен жалтару не харамға қол ұру ғана. Әйтсе де ол әрекеттердің мән-мағынасы сөздің сыртқы бейнесімен емес, ниетпен және мақсатпен анықталады. Өйткені амалдар ниетке байланысты. Мұндай жағдайда екі тараптың біріне мақсатта жоқ нәрсе немесе келісімшартқа мақсатта жоқ бір келісімшарт қосылады.

Сол сияқты талақ етілген әйелді қайтарып алуда және өсиетте біреу-біреуге залал келтірмеуі үшін Аллаһ тағала шарт белгілеген.

Жоғарыда айтылғандарға қандай да бір мақсаттарға жету жолындағы іс-әрекеттер де қатысты. Ол іс-әрекеттерде пенде түзу ниетте болсын, бұзық ниетте болсын мақсаттардың үкімдері бар. Ал Аллаһ ниеті түзу болғанды бұзық ниеттіден Өзі айырады.

Амал арналғанға қатысты ниетке келсек, ол — пенденің өзі істейтін немесе бас тартатын әрбір әрекетінде, сондай-ақ әрбір сөзі мен амалында Аллаһқа ықылас танытуы.

Аллаһ тағала: **«Оларға дінде ықыласты түрде Аллаһқа ғана құлшылық етулері бұйырылған еді»** (Бәйинә, 5);

«Естерінде болсын! Таза дін¹ Аллаһқа тән», — деген (Зумәр, 3).

Сонымен пенде Аллаһтың дидарын қалап, Оған жақын болу, марапатына ұмтылу, сауабынан үміт ету және жазасынан қорқу мақсатында өзінің барлық іс-амалдарында жалпылама ниет етуі тиіс. Содан кейін бұл ниет әрбір жеке амалдар мен сөздерде және барлық жағдайларда шын ықыласты жүзеге асырып, оны кемелдендіруге, оған қарсы келетін риякерлік, даңғойлық, жұрттан мақтау есіту мен олардың өзін құрметтеуін қалау секілді нәрселерге жол бермеуге ұмтылыс ретінде қатар жүруі керек. Егер әлгіндей бір нәрсе іс жүзінде байқалып жатса, пенде оны мақсатына, өз қалауының шегіне айналдыруға тырыспауы және айналасындағы жұрттан бір пайда көруді немесе олардың өзін мақтауларын үміттеніп, маңайындағыларға жалтақтамауы қажет. Керісінше, оның әсілі мақсаты — Аллаһтың жүзін қалау мен Оның сауабына ұмтылу болады. Ал егер пенденің ниетінен тыс әлгіндей бір жағдай бола қалса, оның пендеге ешқандай зияны тимейді. Бәлкім, ол бұл дүниеде мүмінге жеткен қуанышты хабар болуы мүмкін.

Пайғамбардың (ﷺ): **«Расында, амалдар ниетке байланысты»** деген сөзі — олардың ниет арқылы ғана болатынын және деңгейлерінің де ниетке байланысты анықталатынын білдіреді. Сонан соң Пайғамбар (ﷺ): **«...және әрбір кісіге ниет еткені (нәрсесі) тиесілі»**, — деді. Яғни, амалдар ниетке, оның түзулігіне не бұзықтығына, кемелдігіне не кемшіндігіне байланысты болады. Мәселен, Аллаһ

¹ Яғни, шын ықыласпен құлшылық ету.

тағалаға жақындататын қандай да бір игі іске ниет еткен адам сауабы мен сый-сияпатын толық алады. Мақсат-ниеті кемшін адамның сауабы да кемшін болады. Ал кімнің ниеті осы ұлы мақсаттан басқаға бағытталса, ол игілікке емес, өзі ниеттенген төмен де кемшін мақсаттарға қол жеткізеді. Міне, осы себепті Пайғамбар (ﷺ) барлық іс-әрекеттің өлшемі ретінде мына мысалды келтіріп: **«Кімнің қоныс аударуы Аллаһ пен Оның елшісіне қарай болса, оның қоныс аударуы—Аллаһ пен Оның елшісіне қарай»**, — деген. Яғни, ол ниетіне жетіп, Аллаһтан сауабын алады. Содан соң Пайғамбар (ﷺ): **«Ал кімде-кім мал-дүние табу үшін немесе әйелге үйлену үшін қоныс аударса, ол сол қоныс аударған нәрсесіне қоныс аударған** (болып саналады)», — деді. Аллаһ елшісі (ﷺ) бұл жерде бұлардың бәрі де төмен дәрежедегі тілектер әрі пайдасыз мақсаттар екенін түсіндіру үшін дүние табуға не әйелге үйленуге бағытталған мақсатты атап өтті. Сондай-ақ ерлік көрсету үшін не қызбалықпен немесе шайқас үстінде өзін көрсету мақсатында соғысатын кісі жайлы адамдар Аллаһ елшісінен (ﷺ): **«Олардың қайсысы Аллаһ жолында»**, — деп сұрағанда, ол кісі (ﷺ): **«Кім Аллаһтың сөзі жоғары болу үшін соғысса, сол—Аллаһ тағаланың жолында»**, — деп жауап берген (өл-Бұхари).

Аллаһ тағала қаржы-қаражат жұмсаудың да ниеттерге қарай әр түрлі болатыны жайлы мына аяттарда: **«Мал-дүниелерін Аллаһтың ризалығын қалап әрі өз көңілдерін орнықтыру үшін (Аллаһ жолында) сарп қылушылардың мысалы—көтеріңкі жердегі баққа ұқсайды»**¹ (Бақара, 265);

¹ Бұл аятта ізгі ниетті, иманды жандардың берген садақасы туралы айтылса, келесі аятта ниеті бұзық, мақтаншақтардың садақасы туралы айтылған.

«Олар Аллаһқа және ақырет күніне сенбейді, мал-дүниелерін рия (адамдарға көрсету) үшін жұмсайды», — деп айтқан (Ниса, 38).

Ендеше, жоғарыда айтылған сөздер барлық амалдарға қатысты.

Сонымен іс-амалдар амалды істеушінің жүрегіндегі иман дәрежесі мен ықыласына қарай бір-бірінен артық саналып, сауабы да молая түседі. Ал шын ниет, әсіресе шамасы келетін амал жасаған жағдайда адамды нағыз амал жасаушының дәрежесіне жеткізеді. Аллаһ тағала: **«Кімде-кім Аллаһқа және Оның елшісіне қарай қоныс аударып үйінен шықса, сөйтіп оған (жолда) өлім жетсе, әлбетте оның сауабы Аллаһтың міндетінде¹», — деген (Ниса, 100).**

Сондай-ақ хадис кітаптарында Пайғамбардың (ﷺ): **«Пенде ауырып қалса не сапарда болса, оған дені сау, үйінде тұрған кезінде істейтін амалдарының² (сауабы) жазылады»;**

«Расында, Мәдинада белгілі себептер ұстап бізден қалып қойған бір адамдар бар, қай жолды жүріп, қай ойпатты³ басып өтсек те, олар бізбен бірге (яғни, ниеттері, жүректері және сауаптарымен) болады⁴», — дегені риуаят етіледі (әл-Бұхари).

Егер пенде бір игі іс жасауға ниеттеніп, бірақ оны істеу оған нәсіп болмаса, ниеті үшін оған толық бір игі істің сауабы жазылады. Жұртқа мал-дүниесімен, сөзі не ісімен жақсылық жасау Аллаһтың құзырында игілікке әрі сауап-

¹ Яғни, ол Мәдинаға қоныс аударып үлгермесе де сауабын толық алады.

² Бұл жерде адамдардың ауру не сапарда болуы себепті орындай алмаған игі істері туралы айтылған.

³ Ойпат — еңістегі жазық дала.

⁴ Яғни, жолдастарымен бірге болуды жан-тәнімен қалаған, бірақ белгілі себептермен жорыққа қатыса алмай қалған адамдар оған қатысқан адамдармен бірдей сауап алады.

қа жеткізеді. Алайда бұл іс-амалдардың сауабы ниетке байланысты көбейеді. Аллаһ тағала: **«Садақа беруге не бір игілікке немесе адамдардың арасын жарастыруға бұйрық бергеннің (сыбырынан) басқа сыбырда қайыр жоқ. Кімде-кім осыны Аллаһтың ризалығын қалап істесе, таяу арада оған зор сыйлық береміз»** (Ниса, 114), — деп, ірі көлемдегі сыйлықты Аллаһтың ризалығына жету мақсатындағы іс-амалға байланысты еткен. Пайғамбар (ﷺ): **«Кімде-кім адамдардан (кейін) қайтарып беру ниетінде ақша алса, Аллаһ оның (қарызын) өтейді¹, ал кім жұмсап жіберу үшін алса, Аллаһ тағала оны құртып жібереді»**, — деп айтқан² (Ахмад).

Демек, Пайғамбарымыз (ﷺ) ізгі ниет ризық-несібе мен Аллаһтың жәрдемінің, ал бұзық ниет опат болу мен құрдымға кетудің басты себебі екенін көрсеткен.

Сонымен қатар *ниет* рұқсат етілген дүниелік істерде де маңызды рөл атқарады. Егер адам әдеттегі дүниелік кәсібі мен істерінде: ішіп-жегенінде, ұйықтағанында, тыныққанында т.б. тіршілік істерінде, бұларды Аллаһтың құқын сақтау мен парыз және мустахаб³ амалдарды орындау үшін пайдалануды мақсат етіп, игі ниет ұстанса, онда оның әдеттегі іс-амалдары ғибадатқа айналады әрі Аллаһ ол пенденің іс-амалдарына береке беріп, оның ойына да келмеген игілік пен ризық-несібе қақпаларын ашып қояды. Ал кімде-кім өзінің надандығы немесе елеспескермеуі себепті ізгі ниеттің игілігін пайдалана алмаса, онда өзінен көрсін. Пайғамбар (ﷺ): **«Аллаһтың дидарын қалап істеген әрбір ісің үшін міндетті түрде са-**

¹ Яғни, Аллаһ оған қарызын өтей алатындай жағдай жасап, көмектеседі.

² Бұл хадисті Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен.

³ Мустахаб — шариғат қызықтырған, бірақ міндетке енгізбеген амалдар.

уап аласың, тіпті, әйеліңнің аузына (бір түйір тамақ) **салғаның үшін де¹»,** — деген (әл-Бұхари).

Бұл хадис игі істердің барлығын қамтыған. Сондықтан өз жанын құтқарып, оған пайда келтіруді қалаған әрбір мүмін-мұсылман осы хадистің мән-мағынасын ұғынып, оған әркез амал қылуы тиіс.

Ал Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадистегі Пайғамбарымыздың (ﷺ): **«Кімде-кім біздің осы ісімізге қатысы жоқ бір жаңалық енгізсе (немесе кімде-кім біздің ісімізге сәйкес келмейтін бір амал істесе), ол қабылданбайды»,** — деген сөзі айтылған және ұғынылатын ойды көрсетеді.

Хадистегі «айтылған ой» дегеніміз — дінімізде жаңадан пайда болған Құранда да, сүннетте де негізі жоқ, бидғаттардың кез келген түрі. Оларға «жаһмилік», «рафидилік», «муьтазилалық»² пікірлер және сол сияқты сөз жүзіндегі бидғаттар мен Аллаһ тағалаға, Оның Өзі немесе елшісі заңдастырмаған ғибадаттар арқылы құлшылық ету сияқты амал жүзіндегі бидғаттар жатады. Олардың барлығы да өз иелеріне қайтарылады. Ал оларды ойлап тапқандар бидғаттары мен діннен алыстау дәрежелеріне сай айыптауларға ұшырап, жазаларын алады. Кімде-кім Құран мен сүннетте нұсқалмаған нәрсені айтса немесе Аллаһ пен Оның елшісі (ﷺ) заңдастырмаған және рұқсат етпеген ғибадат арқылы құлшылық жасаса, ол — бидғатшы. Сондай-ақ рұқсат етілгендерді харамға шығарушы және шарифат

¹ Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ): «Расында, сенің жұмсаған әрбір нәпақаң — садақа, тіпті, әйеліңнің аузына салған бір түйір (тамағың) да», — деп айтқан. Хадисті әл-Бұхари, Ахмад, Әбу Дәуд және әт-Тирмизи Сағд ибн Әбу Уаққасан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген.

² Исламда кейіннен пайда болған түрлі діни-пәлсапалық ағымдардың пікірлері.

заңдастырмаған құлшылық түрлерімен айналысушы адам да бидғатшы санатына қосылады.

Ал хадистегі «ұғынылатын ой» — кімде-кімнің дұрыс ақидамен Аллаһқа құлшылық етуі, Аллаһ тағала мен Оның елшісінің ﴿﴾ бұйрықтарына сәйкес келетін, міндетті және мустахаб саналатын игі іс-амалдарды орындауы. Ендеше, оның амалы қабылданып, ынта-жігері үшін мол-мол сауап алады.

Сондай-ақ бұл хадистің мазмұны құлшылықтың тыйым салынған кез келген түрінің жарамсыз екенін көрсетеді. Өйткені ол шарифатқа сай емес, ал тыйым — оның жарамсыздығының дәлелі. Шарифат тыйым салған кез келген іс-әрекет бекер және ол ешқашан да есепке алынбайды.

ҮШІНШІ ХАДИС

Дін — насихат¹

عَنْ تَمِيمِ الدَّارِيِّ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الدِّينُ النَّصِيحَةُ، الدِّينُ النَّصِيحَةُ، الدِّينُ النَّصِيحَةُ. قَالُوا: لِمَنْ يَا رَسُولَ اللهِ؟ قَالَ: لِلَّهِ، وَلِكِتَابِهِ، وَلِرَسُولِهِ، وَلِأَيِّمَةِ الْمُسْلِمِينَ وَعَامَّتِهِمْ.

Тәми́м әд-Дари́ден (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «(Бірде) Пайғамбар ﷺ): **«Дін — насихат. Дін — насихат. Дін — насихат²»**, — деді. (Адамдар): **«Кімге қатысты, уа, Аллаһтың елшісі?»** — деп (сұраған еді): **«Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның елшісіне, мұсылмандардың басшыларына және барлық (мұсылмандарға) қатысты»**, — деп (жауап берді)», — деген (Муслим).

Пайғамбарымыз ﷺ бұл сөзді оның аса маңызды екенін ескертіп, үмбетінің бұл діннің сыртқы және ішкі көрінісі түгелдей насихаттан тұратынын түсіне білулері үшін және оларды тура жолға бағыттау мақсатында бірнеше рет қайталады. Насихат дегеніміз — төмендегі бес құқықты толық орындау:

1. Аллаһқа қатысты насихат. Бұл Аллаһтың бірлігі мен Оның ешбір тұрғыда ешкім Өзімен ортақ бола алмайтын кемел сипаттарында жеке-дара екенін мойындау және Оған әшкере және жасырын түрде құлшылық жасау, әрдайым сауабынан үміт ете, жазасынан қорқа отырып, тәубеге келу

¹ Араб тілінде «насихат» сөзі адалдық, шын ықыластылық, дұрыстық деген мағыналарды білдіреді.

² Бұл сөз хадистің Ахмад келтірген риуаятында ғана қайталанады.

мен Одан кешірім өтіну арқылы орындалады. Өйткені пенде Аллаһтың парыздарын орындауда қайткен күнде де бір кемшілік жібереді не тыйым салынған бір харамға ұрынады. Ал үнемі тәубеге келу мен кешірім өтіну арқылы кемшілігі түзеліп, іс-амалы мен сөзі кемелденеді.

2. Аллаһтың Кітабына қатысты насихат. Бұл Құранды жаттап, оған ой жүгірту, сөздері мен мағыналарын оқып-үйрену, сондай-ақ Оның үкімдеріне өзі және басқалардың амал қылуы арқылы жүзеге асады.

3. Аллаһ елшісіне (ﷺ) қатысты насихат. Бұл Оның пайғамбар екеніне иман келтіру, оны өзінен, бала-шағасы мен мал-мүлкінен артық жақсы көру, дін негіздері мен тармақтарында оған ілесу, оның сөздерін барлық адамның сөзінен жоғары қою, оның жолымен жүруге тырысу және оның дініне жан-жақты жәрдем көрсету арқылы орындалады.

4. Мұсылмандардың басшыларына қатысты насихат. Ең үлкен басшыдан бастап әмірлер мен қазыларға және қолында билік болғандардың бәріне қатысты насихат олардың билігін мойындауда, оларға құлақ асып, бағынуда, басқаларды да осыған шақыруда, қолынан келгенше оларды тура жолға бағыттауға әрекеттенуде, оларға өздері мен адамдарға пайдалы нәрсені және міндеттерін орындауды ескертуде көрініс табады.

5. Барша мұсылмандарға қатысты насихат болса, мүмкіндігінше өзіне қалаған нәрсені оларға да қалау, өзі ұнатпаған нәрсені оларға да ұнатпау арқылы орындалады. Шын мәнінде кімде-кім бір нәрсені ұнатса, соған ұмтылып, оны жүзеге асыруға әрі оны кемеліне жеткізуге тырысады.

Пайғамбарымыз (ﷺ) «насихат» ұғымын Аллаһтың, кітабының, елшісінің, материалдық және әлеуметтік жағдайларына қарамастан барша мұсылмандардың құқықта-

рын қамтитын жоғарыдағы бес элемент арқылы түсіндірген. Бұлар бүкіл дінді қамтиды және дінде Пайғамбардың ﴿﴾ осы қысқа да нұсқа, кең мағыналы сөзінен ешнәрсе тыс қалмаған.

ТӨРТІНШІ ХАДИС

Жаннатқа кіруге себеп болатын амалдар

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ أَعْرَابِيًّا أَتَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: دُلَّنِي عَلَى عَمَلٍ إِذَا عَمَلْتُهُ دَخَلْتُ الْجَنَّةَ. قَالَ: تَعْبُدُ اللَّهَ لَا تُشْرِكُ بِهِ شَيْئًا وَتُقِيمُ الصَّلَاةَ الْمَكْتُوبَةَ وَتُؤَدِّي الزَّكَاةَ الْمَفْرُوضَةَ وَتَصُومُ رَمَضَانَ. قَالَ: وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَا أَزِيدُ عَلَى هَذَا وَلَا أَنْقُصُ مِنْهُ. فَلَمَّا وُلِّي قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ سَرَّهُ أَنْ يَنْظَرَ إِلَى رَجُلٍ مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ فَلْيَنْظُرْ إِلَى هَذَا.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын). Бір бәдәуи Пайғамбарға (ﷺ) келіп: «Маған оны істесем жаннатқа кіретін амалды көрсетші», — деген. (Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ешнәрсені серік қоспайсың, парыз намаздарды оқисың, парыз зекетті бересің, рамазанда ораза тұтасың¹», — деді. (Бәдәуи): «Жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етейін, осыған ешнәрсе қоспаймын да, одан ештеңені кемітпеймін де», — деді. Ол кеткен соң Пайғамбар (ﷺ): «Жаннат тұрғындарынан бір адамға қарау кімге қуаныш әкелетін болса, онда мынаған қарасын», — деді (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадисте нұсқалған ұлы негіз жайлы, мағынасы бір-біріне өте жақын басқа да осыған ұқсас көптеген хадистер келген. Олардың бәрінің мазмұны әрбір мұсылман тікелей өзіне жүктелген парыздар (фард айн) мен мұсылман

¹ Ислам тіректері болып саналатын бұлардың қатарына қажылық та кіреді. Бұл туралы Құранда «Әли Имран» сүресінің 97-аятында және басқа хадистерде айтылған.

үмбетінің жекелеген мүшелеріне ғана қатысты парыздарды (фард кифая) орындауды ишара етеді. Кім Аллаһтың парыздарын орындап, тыйым салған харам нәрселерден бойын аулақ ұстаса, ол тозақ отынан құтылып, жаннатқа кіруге лайықты болады. Ал бұл қасиеттерге ие әрбір адам, мұсылман әрі мүмін деп аталуға лайықты әрі ол табысқа жеткен тақуалар мен тура жолда жүрушілердің қатарынан болады.

Келесі хадис осыған ұқсас және олардың мағыналары да жақын.

БЕСІНШІ ХАДИС

Шешімді сөз

عَنْ سُفْيَانَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ التَّمِيمِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قُلْتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، قُلْ لِي فِي الْإِسْلَامِ قَوْلًا لَا أَسْأَلُ عَنْهُ أَحَدًا بَعْدَكَ. قَالَ: قُلْ: آمَنْتُ بِاللَّهِ، ثُمَّ اسْتَقَمْتُ.

Суфиян ибн Абдуллаһ әс-Сақафиден (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «(Бірде): *«Уа, Аллаһтың елшісі, маған Исламға қатысты өзіңнен кейін ешкімнен сұрамайтындай бір сөз айтшы», — деп* (өтінгенімде, Пайғамбар ﷺ): *«Аллаһқа иман келтірдім», — деп айт, содан соң туралықта¹ тұр», — деді», — деген (Муслим).*

Бұл кісі Пайғамбардан ﷺ барлық жақсылықты қамтитын және оған амал қылғанды табысқа жеткізетін бір пайдалы кеңес айтуын өтінді. Пайғамбар ﷺ оған Аллаһқа иман келтіруді бұйырды. Өйткені ол сенім міндеттейтін нәрсенің бәрін, яғни, иман ақидалары мен негіздерін және осыған байланысты жүрек іс-амалдары мен Аллаһқа сырттай әрі іштей бойсұнуды қамтиды. Содан кейін Аллаһ елшісі ﷺ ол адамға соңғы деміне дейін осыдан айнымауды және туралықта тұруды бұйырды. Пайғамбардың ﷺ бұл бұйрығы Аллаһ тағаланың: *«Расында, «Раббымыз — Аллаһ» деп, сосын туралықта тұрғандарға² періштелер түсіп: «Қорықпандар! Қайғырмандар! Өздеріңе уәде*

¹ Құран мен сүннетте «туралық» (истиқама) сөзі — Аллаһ тағаланың барлық бұйрықтарын мүлтіксіз орындау және Ол тыйым салған нәрселерден түгелдей бас тарту мағынасында қолданылған.

² Яғни, таухидтен айнымағандарға.

етілген жаннатпен қуаныңдар»(,—деп айтады)» деген сөзіне сәйкес келеді (**Фуссилат, 30**).

Осылайша, иман мен туралықты барша жамандықтан құтылу әрі жаннатқа, сондай-ақ барлық жақсылыққа қол жеткізудің өсілі ретінде атады.

Көптеген аят-хадистерде **иман** жүректегі дұрыс **сенім-ақиданы**, жақсылыққа үміт ету мен жамандықтан қорқу, жақсылықты қалау және жамандықты ұнатпау сияқты **жүрек амалдары** мен **дене мүшелерінің амалдарын** қамтитыны айтылған. Бұлардың барлығы иманның берік орнығуы нәтижесінде ғана кемеліне жетеді.

АЛТЫНШЫ ХАДИС

Мұсылман, мүмін және муһажир атауларының анықтамасы

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْمُسْلِمُ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ، وَالْمُهَاجِرُ مَنْ هَجَرَ مَا نَهَى اللَّهُ عَنْهُ. وَزَادَ التِّرْمِذِيُّ وَالنَّسَائِيُّ: وَالْمُؤْمِنُ مَنْ أَمَنَهُ النَّاسُ عَلَى دِمَائِهِمْ وَأَمْوَالِهِمْ. وَزَادَ الْبَيْهَقِيُّ: وَالْمُجَاهِدُ مَنْ جَاهَدَ نَفْسَهُ فِي طَاعَةِ اللَّهِ.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісі (ﷺ): «**Мұсылман — мұсылмандар тілінен де, қолынан да аман болған (адам), ал муһажир¹ — Аллаһ тыйым салған нәрсені тастаған (адам)**», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари).

Әт-Тирмизи мен ән-Нәсәи келтірген хадисте: «...**ал мүмін — оған адамдар өз өмірлері мен дүние-мүліктерін сеніп тапсыра алатын (адам)**» делінген. Әл-Бәйһақидың риуаятында: «**Муһажид² — Аллаһқа тағат-ғибадатта өз нәпсісімен күресуші (адам)**» деген сөздер қосылған.

Бұл хадисте Аллаһ пен Оның елшісі (ﷺ) адамның дүние және ақыретте бақытқа бөленуінің себебі ретінде

¹ Муһажир — қоныс аударушы; мүшріктер тарапынан зәбір көрулері себепті Аллаһ елшісіне (ﷺ) ілесіп Меккеден Мәдинаға қоныс аударған мұсылмандар осылай аталған. «Ғажара» етістігі тыйылу, қол үзу, тастап кету деген мағыналарды білдіреді.

² Яғни, Аллаһ жолында қайраткерлік танытушы адам.

белгілеген нәрселердің, яғни, Ислам мен иманның, қоныс аудару мен Аллаһ жолында күресудің кемел көрінісі туралы айтылған. Сондай-ақ қысқа да нұсқа сөздермен олардың анықтамалары берілген. Мәселен, Мұсылман — мұсылмандар тілінен де, қолынан да аман болған адам.

Шын Ислам — пенденің өзін Аллаһқа тапсыруы, Оған толыққанды құлшылық жасауы, Аллаһтың және барлық мұсылмандардың құқықтарын орындауы. Мұсылман өзіне жақсы көргенін өзге мұсылмандар үшін де жақсы көрмейінше Исламы кемел көрініс таппайды. Ал бұл мұсылмандар оның тілі мен қолының жамандығынан аман болғанда ғана жүзеге асады. Әрбір Ислам өкілінің басқа мұсылмандарға қатысты міндетінің негізі осы. Ендеше, мұсылмандар тілі мен қолынан аман болмаған адам Исламдағы бауырларына қатысты міндетін қалай орындамақ?! Демек, мұсылманның өз дін бауырларына сөз жүзінде де, іс жүзінде де жамандық тигізбеуі оның мұсылмандығының кемелдігін айғақтайды.

Пайғамбар (ﷺ) адамдар өз өмірлері мен дүние-мүліктерін сеніп тапсыра алатын адамды мүмін деп түсіндірген. Расында, иман жүрекке орналасып, онымен толса, ол адамға иманға қатысты құқықтарды орындауды жүктейді. Олардың ең маңыздысы — сеніп тапсырылған аманаттарды сақтау, басқалармен қарым-қатынаста шыншыл болу және адамдарға өмірлері мен дүние-мүліктеріне қатысты әділетсіздік жасаудан бойын аулақ салу. Кім осындай сипаттарға ие болса, адамдар мұны біліп, оған өз өмірлері мен дүние-мүліктерін сеніп тапсырады. Сондай-ақ оның аманатқа қиянат жасамайтынын білген соң, оған толық сенім артатын болады. Өйткені аманатты сақтай білу — иманның негізгі міндеттерінің бірі. Осыған байланысты Аллаһ елшісі (ﷺ):

«Аманатшылдығы жоқтың иманы да жоқ», — деген¹
(Ахмад, әл-Бәйһақи).

Сондай-ақ Пайғамбар ﷺ әрбір мұсылманға парыз саналатын һижраны күнәлі және қателікті істерді тастау деп түсіндірген. Бұл парыз шарифат міндеттері жүктелген әрбір адамның мойнынан ешқашан да алынып тасталмайды. Өйткені Аллаһ тағала пенделеріне Өзі белгілеген тыйымдарды бұзуды және күнәлі істер жасауды харам еткен. Ал күпірлік немесе бидғат жайлаған мекендерден Ислам қанат жайған, сүннетке ілесетін елге қоныс аударуды меңзейтін арнайы һижрат туралы айтар болсақ, ол — әрбір мұсылманның парызы (парыз айн) саналатын һижраның бір бөлігі ғана әрі ол белгілі бір себептер туындамаса, әркімге міндет емес.

Сонымен қатар Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ тағалаға бойсұну жолында өз нәпсісімен күресетін адамды қайраткер ретінде атаған. Расында, адам нәпсісі жалқаулыққа бейім, игі амалдардан жалтартуға дайын тұрады әрі жаман амалдар жасауға итермелеп, қайғы-қасіретке тез бой алдырады. Оны Аллаһқа бойсұнуға міндеттеу, күнәлардан қайтарып, қиыншылықтар мен қайғы-қасіреттер кезінде төзімді болуға үйрету үшін үлкен сабыр, күш-қайрат жұмсап, күресу қажет. Ал бойсұну Аллаһтың бұйырғандарын орындау, тыйым салғандарынан аулақ болу және тағдырға сабырлық таныту арқылы көрініс табады. Демек, нағыз қайраткер — өз міндеттері мен тапсырмаларын атқару үшін осы айтылғандарды орындау мақсатында өз нәпсісімен күресетін адам.

Қайраткерліктің ең жақсы түрі бұзық ниеттегілерге қарсы сөз жүзіндегі және іс жүзіндегі күрес болып табылады,

¹ Бұл хадис жақсы иснадпен Анастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

өйткені Аллаһ жолында қайраткерлік таныту — діннің ең биік шоқысы.

Осы хадисте көрсетілгендердің барлығын іс-жүзіне асыратын адам өзінің діни міндеттерін толық орындаушы саналады. Өйткені ол тілімен де, қолымен де мұсылмандарға зиян тигізбесе, адамдар оған өз өмірлері мен дүние-мүліктерін сеніп тапсыра алса және ол Аллаһ тыйым салғандардан бас тартып, Аллаһқа бойсұну жолында өз нәпсісімен күресе білсе, онда әшкере не жасырын діни және дүниелік игіліктерден ол орындамаған, сондай-ақ жамандықтардан ол бас тартпаған ешнәрсе қалмайды. Ал сәттілік беруші бір Аллаһтың Өзі ғана.

ЖЕТІНШІ ХАДИС

Мұнафиқтың белгісі

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: أَرْبَعٌ مِنْ كُنْ فِيهِ كَانَ مُنَافِقًا خَالِصًا وَمَنْ كَانَتْ فِيهِ خَصَلَةٌ مِنْهُنَّ كَانَتْ فِيهِ خَصَلَةٌ مِنَ النَّفَاقِ حَتَّى يَدْعَهَا إِذَا أُوْتِمِنَ خَانَ وَإِذَا حَدَّثَ كَذَبَ وَإِذَا عَاهَدَ غَدَرَ وَإِذَا خَاصَمَ فَجَرَ.

Абдуллаһ ибн Амрден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Пайғамбар (ﷺ): *«Мына төрт (белгі) кімде болса, ол нағыз мұнафиқ. Ал кімде бұлардың бірі табылса, оны тастағанша, онда екіжүзділіктің бір сипаты болады: аманат етілсе — қиянат қылады; сөйлесе — жалған сөйлейді; келісімшарт түзсе — бұзады; біреумен дауласса — бұзық іс-әрекетке барады»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Екіжүзділік (мұнафиқтық) — жамандықтың негізі. Ол — жамандықты ішке бүгіп, сырт көзге жақсылықты ғана көрсету. Бұл айтылған сөзге сырттай мұсылман болғансып, өзінің күпірлігін жасыратын сенімдегі үлкен мұнафиқтық та жатады. Екіжүзділіктің бұл түрі адамды Ислам дінінен толығымен шығарады. Әрі мұндай пенде тозақтың ең төменгі қабатына тасталады. Аллаһ ондай мұнафиқтарды кәпірлік, имансыздық, дінді және дін ұстанушыларды келеке-мазақ етіп, масқаралау, Исламға қарсы дұшпандық әрекеттерге атсалысу үшін дін дұшпандарына көңіл бұру сияқты барлық жаман қасиеттермен сипаттаған. Мұндай адамдар барлық уақытта табылған, әсіресе материалистік, атеистік көзқарас пен бетімен кетушілік кең тараған біздің заманымызда олардың саны тым көбейіп отыр.

Хадисте айтылған, екіжүзділіктің екінші түріне келер болсақ, ол — іс-амалдағы мұнафиқтық¹. Бұл адамды біржолата діннен шығармаса да, күпірлікке алып баратын жол. Кімнің бойынан жоғарыда аталған екіжүзділіктің төрт белгісі табылса, ол адамда барлық жаман қасиеттер шоғырланады, әрі ол мұнафиқтардың сипатына енеді. Ал барлық игіліктің топтамасы болған шыншылдық, аманатқа қиянат қылмау, уәдені орындау және басқалардың құқығын бұзудан аулақ жүру мүміндердің негізгі сипаттары болып саналады. Бұл айтылған игі қасиеттердің біреуін жоғалтқан адам Ислам мен иман парыздарының бірін бұзған болады. Сонда бұлардың бәрін жоғалтқан адам туралы не айту мүмкін?

Хадисте айтылған жалған сөйлеу сипаты Аллаһқа және Оның елшісіне қатысты өтірік айтуды қамтиды. Кім Пайғамбарға (ﷺ) қатысты өтірік айтса, тозақтан өзіне орын дайындай берсін. Ал Аллаһ тағалаға қатысты жалған сөйлеуші туралы Құран Кәрімде: **«Аллаһқа жала жапқаннан кім залымырақ?»** — делінген (Саф, 7).

Сондай-ақ хадис жалпы және жеке сипаттағы уақиғаларға қатысты хабарларда көрініс табатын жалған сөйлеуді де қамтиды. Өтіріктің мұндай түрі адамды мұнафиқтардың басты сипаттарына ортақтас етеді. Бұл туралы Пайғамбар (ﷺ): **«Өтірік айтудан сақ болыңдар! Расында, өтірік күнәкарлыққа бастайды, ал күнәкарлық тозаққа бастайды. Кісі өтіріктің соңына түсіп, жалған сөйлей-сөйлей Аллаһтың құзырында барып тұрған өтірікші ретінде жазылады»**, — деген² (әл-Бұхари, Муслим).

Дүние-мүліктер, құқықтар мен құпия-сырлар сеніп тапсырылған жағдайда адам оларға қиянат қылып, аманатын

¹ Яғни, мұнафиқтарға тән іс-әрекет жасау.

² Хадис Абдуллаһ ибн Масғұдтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

орындамаса, оның иманы қайда? Мұсылманшылығының шынайы көрінісі қайда?

Сонымен бірге Аллаһпен не адамдармен арадағы келісімшартты бұзатын адам екіжүзділіктің ең сорақы сипаттарының біріне лайық болады. Бұл айтылған өтірікті дәлелдеу не ақиқатты теріске шығару мақсатында ыңғайлы сәтті пайдаланып, басқалардың дүние-мүлкі мен құқығына қол сұғудан қорықпайтындарға да қатысты. Бұл сорақы қасиеттер бойында жеткілікті иманы бар адамда болуы мүмкін емес деп тұжырымдауға әбден болады, өйткені иман мен бұл анайы қасиеттер бір орында сыйыспайды.

Дегенмен әһлус-сунна уәл-жамаға¹ негізі бойынша, бір мезгілде пенденің бойында жақсы әрі жаман қасиеттер, иман және күпірлік не мұнафиқтық сипаттары кездесуі мүмкін екенін және олардың ықпалымен істеген әрекеттеріне қарай сауап пен жазаға лайық болатынын да білгеніміз жөн. Бұл туралы көптеген Құран аяттары мен хадистерде айтылған, бізге соларға амал қылуымыз және түгелдей сенуіміз қажет. Сондай-ақ адам баласы иман аясынан шығарып жіберетін күпір амалдарына жатпайтын күнә істеген жағдайда, иман мен дін шеңберінде қала беретінін нақтылап келген аят-хадистерді теріске шығаратын хауариждер мазһабынан аулақ болуымыз керек. Хауариждер болса, үлкен күнәлар және күпірлік не мұнафиқтық сипаты санатына жататын бір іс істеген адам діннен шығып, тозақта мәңгі қалады деп есептейді. Бұл мазһабтың ұстанымдары Құран мен сүннет және бұрынғы өткен ғұламалардың бірауызды пікірі бойынша негізсіз әрі жалған саналады.

¹ «Әһлус-сунна уәл-жамаға» — Пайғамбарымыз ﷺ бен сахабалардың жолын ұстанушылар.

СЕГІЗІНШІ ХАДИС

«Аллаһты кім жаратқан» деген ойдан аулақ болудың қажеттігі

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَأْتِي الشَّيْطَانُ أَحَدَكُمْ فَيَقُولُ مَنْ خَلَقَ كَذَا مَنْ خَلَقَ كَذَا حَتَّى يَقُولَ مَنْ خَلَقَ رَبَّكَ إِذَا بَلَغَهُ فَلْيَسْتَعِذْ بِاللَّهِ وَلْيَتَنَّهُ. وَفِي لَفْظٍ: لَا يَزَالُ النَّاسُ يَتَسَاءَلُونَ حَتَّى يَقُولُونَ: مَنْ خَلَقَ اللَّهُ؟

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын):

«Пайғамбар ﷺ): «Сендердің біріңе шайтан келіп: «Мынаны кім жаратқан? Мынаны кім жаратқан?» — дей келе: «Раббыңды кім жаратқан?» — деп (сұрайды). (Кісі) осыған жеткенде, Аллаһтан пана сұрасын да, (бұл ойдан) тыйылсын», — деп айтты», — деген.

Басқа бір риуаятта Аллаһ елшісі ﷺ): «Адамдар сұрақ қоя-қоя: «Аллаһты кім жаратқан?» деп айтатын болады», — деген (Муслим).

Бұл хадисте шайтанның міндетті түрде ойша азғыратыны не адамдардың шайтандары мен атеистердің тілі арқылы осы жөнсіз сұрақты ортаға тастайтыны туралы айтылған. Бұл іс жүзінде де орын алып, осы жөнсіз сұрақты шайтан пайым-парасаттан жұрдай адамдардың жүрегіне тықпаласа, атеистер мұндай күмәнді ойларын үнемі алға тартып, себептер және өлемнің материалдық бөлшектері жайлы бесенеден белгілі боркемік сөздерін суыртпақтайды.

Бұл хадисте Пайғамбар ﷺ) мұндай сұраққа үш нәрсенің ондай ойдан тыйылудың, Аллаһтан шайтанға қарсы пана сұраудың және иманның көмегімен тойтарыс беруді нұсқайды.

1. Ондай сұраққа жауап іздеуден тыйылу. Аллаһ тағала адамдардың ақыл-ойын шектеулі етіп жаратқан, олар қанша тырысқанмен мұны ойлап шеше алмайды. Өйткені бұл мүмкін емес. Мүмкін емеске ұмтылу бос әурешілік әрі ақымақтық. Барлық жаратылыстың басы мен соңы болады және олар көптеген істерінде өздерін әрі өз бойларындағы қасиеттерді, элементтер мен құрамдас бөліктерді жаратқан Аллаһқа дейін жалғасып баруы мүмкін. Аллаһ тағала: **«Барлық нәрсенің ақыры Раббыңа (қайтады)»**, — деген (Нәжім, 42). Демек, ақыл-ойлар Аллаһ тағалаға жеткенде тоқтап, шырқау шегіне барады. Өйткені Аллаһ— Одан бұрын ештеңе болмаған Әуелгі және Одан кейін ештеңе болмайтын Соңғы. Аллаһтың әуелдігі— қанша заман, қаншама жағдай өзгермесін Оның әуелдік сипатының бастауы жоқ. Уақыттар мен жағдайларды және адам баласындағы күш-қуаттың бірі ақылдарды жаратқан— Аллаһ. Ендеше ақыл қалайша осы жөнсіз сұрақтың соңына түсуге ұмтылады?! Бұл жағдайда оған ондай ойдан тыйылып, тоқтау керек.

2. Аллаһтан шайтанға қарсы пана сұрау. Яғни, шайтанның адамдар Раббыларына деген имандарында күдікке түсіп, күмәндануы үшін жасаған азғыру әрекеттері мен ойларына қарсы Ұлылық Иесінен пана сұрау. Пенде көңіліне әлгіндей күдікті ойлар ұялаған жағдайда Аллаһтан пана сұрауы тиіс. Кімде-кім шын көңілден, осалдық танытпай пана сұраса, Аллаһ тағала оны құтқарып, одан шайтанды қуып шығады да, оның азғырулары жоғалады.

3. Иман. Бұл— Аллаһқа және Оның елшілеріне деген иманға қарсы келетін нәрселерден бас тарту. Аллаһ пен Оның елшілері болса, Жаратушы Иеміздің Одан бұрын ештеңе жоқ Әуелгі, жалғыздығы мен өткен және келер шақтығы мақлұқтарды жаратуында дара екендігін хабарлаған.

Осы бір қалтқысыз шынайы дұрыс иман өзіне қарсы келетін барлық күдік-күмәндарға тойтарыс береді. Өйткені ақиқат жалғанды жоққа шығарады, ал күдіктер сенімділікке қарсы келе алмайды.

Пайғамбар (ﷺ) айтқан осы үшеуі атеистердің тілдері арқылы адамзаттың санасын улап жатқан түрлі ойлар астындағы төркіні бір әлгіндей күмәннің көзін жояды. Осылай Аллаһ елшісі (ﷺ) жөнсіз тізбекті сұрақтарға нүкте қоятын жалған білімпаздыққа ұмтылудан тыйылуға, Аллаһтан осы күмәнді көңілге салатын шайтанға қарсы пана сұрауды және өзіне қарсы келетін негізсіз нәрселердің бәріне тойтарыс беретін дұрыс иманға бұйырды. Демек, ойдан тыйылу тікелей жамандықтың, пана сұрау жамандыққа апаратын себептің көзін жойып, иман және өзіне қарсы келетін нәрселердің бәріне тойтарыс беретін қалтқысыз дұрыс ақиданы ұстану арқылы ондай жөнсіз сұрақтың шырмауынан құтыла аламыз.

Сондай-ақ бұл үшеуі нәрсе иманға қарсы келетін барлық күдік-күмәндарды жоюдың себептері болып табылады. Күдік-күмән сияқты иманға қарсының барлығында осыларға көңіл бөлу керек. Сонда пенде оның негізсіздігін көрсететін дәлелдердің көмегімен және онсыз адасушылықтан басқа ештеңе жоқ ақиқатты нақтылау арқылы, сондай-ақ адамдардың имандарын шайқалтып, оларды түрлі күнәларға итермелеу үшін жүректерге күдік-күмән мен шақуаттар азғыруын салатын шайтанға қарсы Аллаһтан пана сұрау арқылы ондай күмәнға бірден тойтарыс береді. Сөйтіп сабырлылығы мен қалтқысыз сенімі себепті пенде шақуаттар мен күдік-күмәндар азғыруынан құтылады.

ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Жақсылық та, жамандық та тағдырдан екеніне иман келтіру

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: كُلُّ شَيْءٍ بِقَدَرٍ حَتَّى الْعَجْزُ وَالْكَيْسُ.

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Барлық нәрсе, тіпті әлсіздік пен зеректік те тағдыр себепті»**, — деп айтты», — деген (Муслим).

Бұл хадис иманның алты негізінің бірі тағдырға, оның жақсы-жаманына, ащы-тұщысына, жеке-жалпысына және өткені мен болашағына иман келтіру туралы айтқан. Бұл ұлы негіздің мәні Аллаһтың ілімі барлық нәрсені қамтитынын, Ол пенделерінің жақсы-жаман істері мен барлық жағдайларын алдын ала білгенін және оны Лаухул-Махфузға жазып қойғанын мойындауда жатыр. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Аллаһтың аспан мен жердегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Олардың (бәрі) Кітапта¹ жазулы. Бұл Аллаһқа оңай»**, — деген (Хаж, 70).

Сосын Аллаһ тағала болып өткен және болатын жайттардың барлығын, сондай-ақ барлық жаратылғандар мен оларға қатыстыны қамтитын Өз даналығы мен ерік-қалауына сәйкес бұл тағдырдағы істердің барлығын өз уақытында жүзеге асырады. Алайда Аллаһ пенделерді және олардың іс-амалдары мен сипаттарын жаратқанымен, оларға іс-әрекеттері өз таңдауларына сәйкес орын алатын

¹ Яғни, Лаухул-Махфузда.

қабілет пен ерік берді, бұл істерге оларды Аллаһ тағала мәжбүрлемейді. Аллаһ олардың қабілеті мен ерік-қалауын жаратты және Ол себептер мен себепкерді Жаратушы. Ал адамдардың сөздері мен амалдары Аллаһ тағала жаратқан өз қабілеттері мен ерік-қалауының нәтижесінде іске асады. Сол сияқты Аллаһ тағала олардың барлық сыртқы әрі ішкі қабілеттерін жаратқан, бірақ Ол барлық адамға ол не үшін жаратылса, соны оңайлатады.

Демек, кімде-кім жүзін Раббысына бұрса, Аллаһ тағала оған иманға деген махаббат дарытып, жүрегіне иманды әдемі көрсетіп, күпірлікті, күнәкарлық пен бойсұнбаушылықты жек көрінішті етеді және оны тура жолмен жүрушілердің қатарына қосады. Осылайша оған Аллаһтың жан-жақты нығметтері толыққанды бұйырады.

Ал кім жүзін Аллаһ тағаладан өзгеге бұрып, Оның дұшпаны шайтанға жақындаса, Аллаһ ол үшін бұл істерді оңайлатпай, керісінше ондай адамды оның өзі бет бұрғанға тапсырып, жәрдемсіз қалдырады және өз нәпсісінің билігіне тастайды. Нәтижеде ол адам адасып, жолдан таяды және Раббысының алдында өзін ақтауға ешбір уәж, дәлел таба алмайды. Өйткені Аллаһ оған тура жолды ұстана алатын барлық себептерді берсе де, ол тура жолдан гөрі адасуды артық санады, енді қалғанын тек қана өзінен көрсін. Аллаһ тағала: «(Аллаһ адам баласының) бір тобын тура жолға салды да, енді бір тобы адасуға тиіс болды. Өйткені олар Аллаһты қойып, шайтандарды дос етіп алды» (Ағраф, 30);

«Расында, сендерге Аллаһтан нұр және анық Кітап келді. Ол арқылы Аллаһ Өзінің разылығын табуға ұмтылғандарды есендік жолдарына бастайды және Өз нұсқауымен оларды қараңғылықтардан нұрға шығарып, тура жолға салады» (Мәйдә, 15-16), — деген.

Тағдыр пенденің барлық жағдайларын, оның іс-амалдары мен қасиеттерін, әлсіздігі мен зеректігін де қамтиды. Бұл екі сипат — бір-біріне қарама-қарсы ұғым. Әлсіздік мақрұм қалу мен зиян шегуге, ал зеректік Аллаһ тағалаға бойсұнуда ынта-жігер танытуға себеп болады. Бұл жерде әлсіздік дегенде, пенденің бойындағы дәрменсіздік емес, жалқаулығы және ерік-жігерінің жоқтығы сияқты айыптауға лайық қасиеттері туралы айтылған. Ендеше, **«Бақыттыларға бақыттылық амалдары оңайлатылады, ал бақытсыздарға бақытсыздық амалдары оңайлатылады»** (әл-Бұхари, Муслим) деген хадистің¹ мағынасы осыған саяды.

Бақытты адамдарға оларды бақытқа жеткізетін амалдарды істеу оңайлатылады, ал бұған олар талапшылдықтары мен сәттіліктері және Аллаһ тағаланың өздеріне көрсеткен мейірімі нәтижесінде жетеді. Талапшыл және әлсіз адам туралы Пайғамбар (ﷺ): **«Зерек — өз нәпсісін басқарып, өлімнен кейінгі (жағдайлар) үшін амал істейтін (адам), ал әлсіз — нәпсі қалауына еріп жүріп, Аллаһқа тілектерін айтатын (адам)»**, — деген (әт-Тирмизи, Ибн Мөжәһ және Ахмад).

¹ Хадис Әли ибн Әбу Талибтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

ОНЫНШЫ ХАДИС

Тура жолға шақырушының сауабы

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ دَعَا إِلَى هُدًى كَانَ لَهُ مِنَ الْأَجْرِ مِثْلُ أُجُورِ مَنْ تَبِعَهُ، لَا يَنْقُصُ ذَلِكَ مِنْ أُجُورِهِمْ شَيْئًا. وَمَنْ دَعَا إِلَى ضَلَالَةٍ كَانَ عَلَيْهِ مِنَ الْإِثْمِ مِثْلُ آثَامِ مَنْ تَبِعَهُ، لَا يَنْقُصُ ذَلِكَ مِنْ آثَامِهِمْ شَيْئًا.

Әбу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Тура жолға шақырушыға оған ілескендердің сауаптарындай сауап беріледі және бұл олардың сауаптарынан ештеңені кемітпейді, ал адасуға шақырушыға оған ілескендердің күнәларындай күнә артылады және бұл олардың күнәларынан ештеңені кемітпейді», — деп айтты», — дейді (Муслим).**

Осы және осыған ұқсас басқа хадистер, бір жағынан адамдарды тура жолға және игілікке шақыруға ынталандырып, ондай дағуатшының артықшылығы туралы айтса, екінші жағынан адасуға үндеуден сақтандырып, ондай адамның күнәсі мен жазасы өте үлкен болатынын ескертеді.

Тура жол дегеніміз — пайдалы білім және ізгі амалдар. Әрбір білім беруші немесе білім үйренушілерді оған жеткізетін жолға бағыттаушы адам тура жолға шақырушы саналады.

Сондай-ақ Аллаһ тағаланың құқына не адамдардың жалпы және жеке құқықтарына қатысты игі амалдарға үндеушілердің бәрі де тура жолға шақырушы санатына қосылады.

Дін үкімдеріне үйлесетін діни және дүниелік насихатты іске асырушы адамдар да, өз білімі мен амалдарында тура жолды ұстанып, басқаларға үлгі-өнеге көрсеткендер де тура жолға шақырушылар болып есептеледі.

Игі істер мен халыққа пайдалы қайырымдылық шараларында басқалардан озық жүретін адамдар да тура жолға шақырушылар сапынан табылады. Ал осыларға керісінше әрекет жасайтындар адасуға шақырушылар саналады.

Тура жолға шақырушылар — тақуалардың жетекші басшылары және мүміндердің ең жақсылары, ал адасуға шақырушылар — тозаққа шақыратындардың көсемдері.

Сонымен қатар игілік пен тақуалық істерінде басқаларға жәрдем беруші адамдар да тура жолға шақырушы, ал басқаларға күнәкарлық пен дұшпандықта жәрдем беруші адамдар адасуға шақырушы санатына жатады.

ОН БІРІНШІ ХАДИС

Дінді терең білу — игілік нышаны

عَنْ مُعَاوِيَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ يُرِدِ اللَّهُ بِهِ خَيْرًا

يُقَفِّهُهُ فِي الدِّينِ.

Муғауия (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһ кімге игілік қаласа, оны дін білгірі етеді», — деп айтты»,* — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис білімнің зор артықшылығын көрсетеді және онда пайдалы білімге ие болу пенде бақытының, сондай-ақ Аллаһ тағаланың оған игілік қалағанының нышаны екені айтылған.

Дінді түсіну дегеніміз — иман негіздерін, Ислам заңдары мен үкімдерін және ихсанның шынайы көріністерін білу. Дін осы айтылғандардың бәрін де қамтиды. Бұл туралы Пайғамбар (ﷺ) Жәбірейілдің (әләйһис сәләм) иман, Ислам және ихсан туралы сұрақтарына жауап берген хадисте айтылған. Онда Аллаһ елшісі (ﷺ) иманның алты негізі мен Исламның бес тірегін түсіндірген және ихсанға: *«Аллаһқа өзің Оны көріп тұрғандай, егер Оны көріп тұрғандай бола алмасаң, Ол сені көріп тұрғанын (есіңнен шығармай) құлшылық етуің»* (әл-Бұхари, Муслим) деп анықтама берген. Сонымен қатар осы айтылған мәселеге ақида негіздерін білу мен бұрынғы өткен ізгілердің бұған қатысты ұстанған жолымен танысу және оған сырттай әрі іштей амал қылу, сондай-ақ бұған қарсы мазһабтардан хабардар болып, олардың Құран мен сүннетке қарама-қайшы келетін тұстарын білу де кіреді.

Бұл мәселе фикһ негіздері мен тармақтарын, ғибадат пен қарым-қатынастарға және қылмыстарға қатысты үкімдерді т.с.с. білуді де қамтиды.

Сондай-ақ оған иманның хақиқи мән-мағыналары мен Аллаһқа қатысты нені ұстану керектігі және Құран мен сүннетке не нәрселердің сәйкес келетіні жөнінде білімнің болуы да кіреді.

Сол сияқты дінді түсінуге жәрдемдесетін араб тілінің салаларын¹ оқып-үйренуді де назардан тыс қалдырмайды.

Аллаһ кімге игілік қаласа, осы айтылғандарды білуді нәсіп етіп, соған сәтін салады.

Сонымен бірге бұл хадистің мағынасы жоғарыда аталған ғылымдардан түгелдей теріс айналған адамға Аллаһ тағала игілік қаламайтынын көрсетеді, бұл оның игі мұраттар мен бақытқа жеткізетін себептерден мақрұм қалғаны үшін.

¹ Бұл жерде «араб тілінің салалары» деп морфология, синтаксис, стилистика, поэтика, риторика және шешендік өнері ғылымдары туралы айтылған.

ОН ЕКІНШІ ХАДИС

Аллаһтың күшті мұсылманды жақсы көруі

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْمُؤْمِنُ الْقَوِيُّ خَيْرٌ، وَأَحَبُّ إِلَى اللَّهِ مِنَ الْمُؤْمِنِ الضَّعِيفِ. وَفِي كُلِّ خَيْرٍ. اِخْرَضَ عَلَى مَا يَنْفَعُكَ، وَاسْتَعْنَى بِاللَّهِ وَلَا تَعْجِزْ. وَإِنْ أَصَابَكَ شَيْءٌ فَلَا تَقُلْ: لَوْ أَنِّي فَعَلْتُ كَذَا، كَانَ كَذَا وَكَذَا، وَلَكِنْ قُلْ: قَدَّرَ اللَّهُ، وَمَا شَاءَ فَعَلَ، فَإِنْ لَوْ تَفْتَحُ عَمَلَ الشَّيْطَانِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Күшті мүмін әлсіз мүміннен жақсы және Аллаһқа сүйкімдірек, (дегенмен) әрқайсысында игілік бар. Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл, Аллаһтан көмек сұра, әлсіздік танытпа, ал егер бір нәрсеге ұшырасаң: «Егер былай еткенімде, былай, былай болар еді» деме, бірақ та: «Аллаһтың тағдыр еткені, Ол қалағанын істеді» деп айт. Өйткені «егер» (деу) шайтанның істеріне (жол) ашады», — деп айтты», — деген (Муслим).*

Бұл хадис аса маңызды негіздер мен көп мағыналы сөздерді қамтыған. Мәселен, Аллаһқа Өзі ұнататындарды және Өзі ұнататын амалдарды істеушілерді жақсы көру сипаты тән екені айтылған. Ал ол сипат Оның еркі мен қалауына байланысты. Сондай-ақ Аллаһтың жақсы көру дәрежесі әр түрлі болады, мысалы, Ол күшті мүмінді әлсіз мүмінге қарағанда көбірек жақсы көреді.

Сонымен қатар хадисте иман жүрек сенімдерін және сөздер мен іс-амалдарды қамтитыны айтылған. Әһлус-сунна уәл-жамаға осы пікірді ұстанады. Өйткені иман

жетпістен астам тармақтан тұрады, оның ең жоғарғысы — «Лә иләһә иллә Аллаһ» (Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ) деген сөз, ал ең төменгісі — жол бойында адамдарға залал тигізіп жатқан нәрселерді алып тастау¹. Сондай-ақ ар-ұят та иман бөліктерінің бірі. Сыртқы және ішкі амалдармен байланысты бұл бөліктердің барлығы иманның құрамына кіреді. Осыларды тиісті дәрежеде орындап, өзін пайдалы білім және ізгі амалдар көмегімен жетілдіруші, сондай-ақ ақиқат пен сабырды насихаттау арқылы басқаларды да кемелдікке жетелеуші адам — иманның жоғарғы сатысына жеткен күшті мүмін санатына жатады. Егер пенде мұндай дәрежеге жете алмаса, оның әлсіз мүмін болғаны. Аталмыш пікір бізден бұрын өткен ізгілердің иманның көбейетіні мен азаятыны туралы дәлелдеріне негізделген, ал бұл пенденің иманды танып білуі мен амалдарына байланысты. Бұл негізге Құран мен сүннет көптеген орындарда нұсқаған.

Күшті және әлсіз мүміндерді салыстыра келіп, біріншісіне артықшылық берген Пайғамбар (ﷺ) адамдар арасында әлсіздердің қадір-қасиеті еленбейді екен деген ой тууынан қауіптеніп: «...(дегенмен) **әрқайсысында игілік бар**», — деді. Бұлайша қауіптің алдын алу аса пайдалы. Сол үшін адамдарды немесе іс-амалдарды салыстырғанда біреуіне артықшылық берген адам оған не үшін артықшылық бергенін ескертуі және олардың арасындағы ортақ қадір-қасиетіде атап өту арқылы туындауы мүмкін түсінбеушіліктің алдын алуы қажет. Бұл артықшылықта төмен екені ай-

¹ Бұл туралы Муслим Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте айтылған. Онда Пайғамбарымыздың (ﷺ): «Иманның жетпістен астам бөліктері бар, оның ең жоғарғысы — Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығына күәлік беру, ал ең төменгісі — (адамдарға) залал (келтіретін затты) жолдан алып тастау», — дегені риуаят етілген.

тылғандардың елеусіз қалуына жол берілмейді. Сол сияқты жамандық пен жаман адамдардың дәрежелері және олардың айырмашылықтары туралы айтқанда да, жақсылық не жамандық себептерінен араларындағы ортақ нәрселерді ескертіп өту қажет. Бұл тәсіл Құран мен сүннетте көп қолданылған.

Біз қарастырып отырған хадисте мүміндер игілікте, Аллаһтың сүйіспеншілігінде және Оның дінін ұстануда бірі-бірінен артық екені атап өтілген. Аллаһ тағала да: **«Әркімнің істеген амалына қарай дәрежелері бар»**, — деп осы ойды нақтылайды (Ахқаф, 19).

Мұсылмандар үш топқа бөлінеді:

1. Игі істерде басқалардан озық болғандар. Олар — парыздар мен мустахаб амалдарды орындап, харам және мәкруһтерден әрі басы артық рұқсат етілген нәрселерден бас тартқан, бастаған амалдарын аяғына жеткізіп, кемелдіктің барлық сипаттарымен ерекшеленген адамдар.

2. Міндеттілерді орындап, тыйым салынғандардан бас тартумен шектелетін ортаңқол мұсылмандар.

3. Ізгі амалдар мен жаман амалдарды араластырып, өздеріне зұлымдық жасағандар¹.

Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Өзіңе пайда келтіретін іске ұмтыл да, Аллаһтан көмек сұра»**, — деп айтқан. Бұл — осы дүние мен мәңгілік өмір бақытын қамтыған көп мағыналы пайдалы сөз.

Пайдалы істер екі түрлі: діни және дүниелік істер. Пенде мұның екеуіне де мұқтаж.

Адамдардың күні жоқ тіршіліксіз,

Тіршіліктің құны жоқ құлшылықсыз.

¹ Яғни, күнә істеуші мұсылмандар.

Бақыт пен сәттілік негізі — Аллаһ тағаладан жәрдем тілей отырып, осы пайдалы істерге ұмтылу және оларға ынта-жігер таныту. Пенде қашан пайдалы істерге ұмтылып, ынта-жігер танытса, ол істердің барлық себептері мен жолдарын ұстанып, оларға қол жеткізу және аяқтау үшін Раббысынан жәрдем тілесе, бұл — оның кемелдігі әрі табысқа жетуі. Ал егер аталмыш үш әрекеттің біреуін істемесе, соған орайлас игіліктенде құр қалады. Кімде-кім жалқаулығы себепті пайдалы істерге ұмтылмаса, онда ешнәрсеге қол жеткізе алмайды. Жалқаулық — мақрұм қалу мен сәтсіздіктің басты себебі. Жалқау адам игілік пен қадір-құрметке жете алмайды және дін мен дүние пайдасынан құр қалады. Егер ол зиянды және кемелдікке апармайтын пайдасыз істерге ұмтылса, мұның соңы да мақрұм қалу мен игіліктен айрылуға және жамандық пен зиянды нәрсеге ұрынуға алып барады. Шаршап-қалжырау мен бақытсыздықтан басқа ештеңе әкелмейтін пайдасыз іс-әрекеттерге ұмтылушылар қаншама!

Пенде пайдалы жолдарды ұстанып, соған ұмтылып, ынта-жігерін жұмсаған жағдайда да, шын ықыласымен Аллаһтан пана сұрап, ойға алған ісінің орындалуы мен нәтижелі аяқталуы үшін жәрдем тілегенде ғана табысқа жете алады. Ол өз күш-қуатына сенбеуі тиіс, керісінше Раббысына іштей және сырттай толық арқа сүйеуі қажет. Сонда ғана оған қиындықтар оңайланып, діни және дүниелік істерде нәтижелі табыстарға жетеді. Әйтсе де ол мұндай жағдайларда өзі мақсат еткен істерді жақсы білуге, оларға қол жеткізу үшін күш-жігер жұмсауға мұқтаж ғана емес, мәжбүр болады.

Сайып келгенде діндегі барлық тиімді нәрселер пайдалы білім және ізгі амалдар болып екіге бөлінеді.

Пайдалы білім — жүрек пен жан дүниені тазартады, екі өмірде де бақытқа жеткізеді. Ол — Пайғамбар (ﷺ) әкелген хадис, тәпсір, фикһ ілімдері және оларды түсінуге жәрдемдесетін араб тілі салалары¹ сияқты ғылым салалары. Ал бұл ғылымдарды үйрену адам өмір сүріп жатқан уақыт пен ортаның жағдайына қарай анықталады және оларды анықтап-белгілеу жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Жалпылама айтқанда, білім іздеуші адам өзі оқып-үйренетін пәннің ықшамдалып, екшелген нұсқаларын жаттап алуға әрекет жасауы тиіс. Егер оны сөзбе-сөз жаттап алу мүмкін болмаса не қиынға соқса, онда оның мән-мағынасы жүрегіне орнығып қалуы үшін жиі-жиі қайталап пысықтау қажет. Сосын барып осы ғылым саласына қатысты басқа кітаптарға, яғни өзі оқып-білген негіздің түсіндірмелері мен тармақтарына ауысқаны жөн. Егер адам негіздерді жадына тоқып, оларды толық игерсе, онда осы пәнге байланысты барлық үлкенді-кішілі кітаптар қиынға соқпайды, ал оның негіздерін түсінбеген адам ол ғылым саласында ешқашан жетістікке жете алмайды.

Жоғарыда айтылғандарға Аллаһ тағаладан жәрдем сұрап ұмтылған адамға Аллаһ жәрдем беріп, білімі мен ұстанған жолын берекелі етеді.

Ал кім білім ізденуде осы айтылған тиімді тәсілдерді пайдаланбаса, тәжірибе көрсеткендей, оның уақыты зая кетіп, өзін тектен-текке азапқа салады. Алайда Аллаһ білім іздеушіні оқыту әдістерін жақсы білетін ұстазға кезіктірсе, онда оны білімге жеткізетін себептің де толық орындалғаны.

¹ 11-хадистің сілтемесіне қараңыз.

Енді, екінші мәселе, ізгі амалдар туралы айтар болсақ, ол Аллаһ тағалаға деген шын ықылас пен Пайғамбарға ﴿﴾ ілесуді қамтиды. Ізгі амалдар деп әуелі Аллаһқа тән кемел сипаттарға және пенделердің құлшылығы Оның құқы екендігіне берік сену, Одан ұлылығына сәйкес келмейтін нәрселердің бәрін аластау, Ол және Оның елшісі ﴿﴾ жеткізген болып өткен не болашақта болатын барлық хабарларды, елшілер, Кітаптар, періштелер, ақырет жағдайлары, жаннат пен тозақ, жарылқану мен жазалану жайлы т.с.с. уақиғаларды растау арқылы Аллаһ тағалаға жақын болуға ұмтылу екенін айтуымыз керек. Содан кейін пенде Аллаһ тағала Өз құлдарына міндеттеген Аллаһтың және адамдардың құқықтарына қатыстының барлығын орындауы, сонымен бірге оларды ерікті қосымша амалдармен, әсіресе белгілі бір уақыттарда орындалуына нұсқау берілген нәпілдермен¹ толықтыруға әрекет жасауы тиіс. Мұндай жағдайда ол осының бәрін орындап, соңына жеткізуі және мұны ешқандай қара бастың қамы сияқтыларды араластырмай шын ықыласпен атқаруы үшін Аллаһ тағаладан жәрдем сұрап жалбарынуы керек. Сондай-ақ пенде тыйым салынған харамдардан, әсіресе нәпсі жетелеп, құлауға бейім тұратын нәрселерден бас тарту арқылы Аллаһ тағалаға жақын болуға ұмтылуы لازم. Аллаһ тағала үшін мұндайлардан бас тарту нәтижесінде пенде Раббысына өзіне бұйырылғандарды орындау арқылы жақындағандай жақын бара алады. Қашан пенде амалдарында осы жолды ұстануға сәттілік тауып, бұл үшін Аллаһ тағаладан жәрдем өтінсе, табысқа жетеді. Ал оның кемелдігі болса, осы айтылған істерден

¹ Бұл жерде Пайғамбардың ﴿﴾ оқыған қосымша намаздары мен белгілі бір кезеңдерде тұтқан нәпіл оразалары туралы жеткен хабарлар меңзелген.

нені орындағанына, ал кемшіндігі нені орындамағанына қарай анықталады.

Пайдалы дүние істері туралы айтсақ, пенде міндетті түрде күнкөріс несібесін іздеп, өз жағдайына барынша сәйкес ең пайдалы дүниелік себептерді ұстануы тиіс, ал бұл адамдардың өзгешелігіне қарай әр түрлі сипатқа ие. Пенденің кәсібі мен тіршілік әрекетіндегі мақсаты — өз басы мен отбасына және қарамағындағыларға қатысты міндеттерді атқаруы және жұртқа алақан жаймауы, сондай-ақ зекет, садақа, жеке және жалпы қайырымдылық шараларына қаржы бөлу сияқты мал-дүние қажет ететін құлшылық түрлерін орындауға мүмкіндік алуы. Бұл мақсатта пенде тыйым салынған жаман кәсіптерден аулақ болып, жақсы, пайдалы кәсіптерге ұмтылуы қажет. Егер ол дүниелік іс-әрекеттерінде осы игі мақсаттарды көздеп, өз жағдайына сәйкес келеді деп ойлаған ең пайдалы жолды ұстанса, бұл іс-әрекеттері ол үшін Аллаһ тағалаға жақындау құралына айналады. Осы айтылғандар толық болуы үшін, пенде іс-әрекеттерінде өз күш-қуатына, зеректігіне, білімпаздығына және қажетті нәрселерді анықтай алуына және оларды пайдалана білу қабілетінің шеберлігіне сүйенбей, керісінше, Аллаһқа тәуекел етіп, Оның ең оңай, ең табысты әрі мақсатына жеткізер ең жақын жолды нұсқайтынына үміт артып, Раббысынан жәрдем тілеуі қажет. Сондай-ақ Аллаһ тағаладан өз ризық-несібесін берекелі етуін сұрауы керек. Ризық-несібенің негізінде тақуалық пен игі ниет жатса, бұл оған қатысты берекенің басы болып табылады. Сонымен қатар пенденің өз ризық-несібесін міндетті және мустахаб орындарға жұмсауға ден қоюы және Аллаһ тағала: **«Өзара бір-біріңе кеңшілік көрсетуді ұмытпаңдар»**, — деп айтқандай (Бақара, 237), адамдармен қарым-қатынастағы

қайырымдылықты есте ұстауы да ризық-несібенің берекесі. Яғни, жағдайы барларға жеңілдету¹, қиын жағдайдағыларға уақыт беру және мүмкіндігінше ірілі-ұсақты сауда-саттық істерінде жұмсақтық таныту қажет. Осылай ету арқылы пенде көп игіліктерге қол жеткізеді.

«Қай кәсіп жақсы және қадірлі» деген мәселеге келсек, ғұламалар бұған қатысты түрлі пікірлер айтқан. Біреулері егін шаруашылығы мен жер өңдеуді, біреулері сауда-саттықты, енді біреулері өнеркәсіп пен т.с.с. артық санаған және әрқайсысы өзіндік дәлелдер келтірген. Алайда бұл пікірталастардың бәріне осы хадис төрелік айтады. Өйткені Пайғамбар (ﷺ): **«Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл да, Аллаһтан көмек сұра»**, — деген. Бұдан шығар қорытынды — ең жақсы кәсіп жағдайлар мен адамдардың өзгешелігіне қарай анықталады. Мысалы, біреулерге жер өңдеу мен егін шаруашылығы, біреулерге сауда-саттық, енді біреулерге қолынан келетін өнеркәсіп түрі сай келеді. Бұл жерде бар мәселе әр адамның нендей іске қабілетті екендігіне байланысты. Яғни, не іс басқаларынан пайдалырақ болса, сонымен айналысқан жөн.

Осындай мағыналы да пайдалы сөздер айту қабілеті дарыған Пайғамбарға (ﷺ) Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Бұдан әрі Пайғамбар (ﷺ) әрбір адам бар күш-жігерін жұмсап, пайдалы нәрсеге ұмтылғаннан кейін Аллаһ тағаланың шешімі мен тағдыр еткеніне риза болуға үндейді. Яғни, пенде өзіне жағымсыз бір нәрсеге ұшыраса, оны өзі істемеген, бірақ істеген жағдайда пайда әкелуі мүмкін еді деп ойлаған әрекеттерге байланыстырмауы керек. Керісін-

¹ Бұл жерде жағдайы бар адам қарызын бірден бере алмағанда, оны бөліп төлеуді ұсынған жағдай туралы айтылған.

ше иманы арта түсуі және жүрегі тынышталып, жаны жай табуы үшін Аллаһтың шешімі мен тағдыр еткеніне ризашылық танытқаны жөн. Өйткені мұндай жағдайларда «егер» деп өкініш білдіру оның тағдырға қатысты иманын кемітіп, жазмышқа қарсылық танытуға апаратын шайтанның ісіне және жүректі әлсірететін уайым-қайғыға жол ашады. Ал мұндай жағдайға қатысты Пайғамбар (ﷺ) нұсқаған кеңес, жүрек тыныштығы әрі қанағатты сезіну мен жайлы өмір сүру үшін ең жақсы тәсіл болып табылады. Бұл — пайдалы істерге ұмтылу, оларға қол жеткізу үшін күш-жігер жұмсау, бұл істерге Аллаһ тағаладан жәрдем өтіну және Оған сол істерден өзіне жеңіл еткен нәрселер үшін шүкіршілік білдіріп, қолы жетпей нәсіп болмағандарына өкініш көрсетпеу.

Сондай-ақ «егер» деген сөзді қолдану мән-мағынасына қарай әртүрлі болатынын білгеніміз абзал. Егер ол бұйырмағанды қайтару мүмкін болмаған жағдайда қолданылса, жоғарыда айтып өткеніміздей пенде үшін шайтанның ісіне жол ашады. Бұл айтылғандар пенденің жамандыққа не күнәлі істерге көңілі тартқан жағдайларға да қатысты. Мұндай өкініш айыптауға лайық және ал осылай еткен адам ол күнәлі іске бармаса да, оны қалағаны үшін күнәкар болады.

Егер бұл сөз игілікті немесе пайдалы білім үйренуді қалағанда айтылса, онда мақтауға лайық болады. Өйткені іс-әрекеттерге мақсаттардың үкімі тиісті.

Аллаһ тағаладан жәрдем тілей отырып, пайдалы істерге ұмтылу әрі залалды іс-әрекетерден аулақ болу туралы Пайғамбарымыз (ﷺ) нұсқаған бұл негіз пенденің өз басына қатысты жекелеген және бүкіл үмбетке қатысты жалпылама істердің барлығын қамтыған. Демек, мұсылман үмбе-

тінің барлығы жұмылып, Аллаһ тағаладан жәрдем тілей отырып, жалпы халықтың игілігі үшін заман ағымымен шамаларына сай барлық рухани және материалдық мүмкіндіктерді пайдаланып, пайдалы істерге күш-қайрат жұмсауы әрі оған қарсы келетін барлық нәрселерге тойтарыс беруі қажет. Бұл ойдың мәнін әлі де аша түсуге болар еді, бірақ оның астарында не жатқаны айтпаса да белгілі.

Бұл хадисте Пайғамбар (ﷺ) тағдырға қатысты иманды және пайда әкелетін себептер арқылы іс-амал жасауды қатар атаған. Осы екі негізді ұстанудың қажеттігіне Құран мен сүннет көптеген орындарда нұсқау берген. Өйткені оларсыз дін де, мақсат етілген амалдар да толыққанды болмайды. Пайғамбардың (ﷺ): **«Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл»** деген сөзі ниет пен мақсатта, іс жүзінде және жоспарда дінге әрі дүниеге қатысты себептердің барлығын ұстануға және оларға ынта-жігер жұмсап, ұмтылуға бұйырады.

Пайғамбардың (ﷺ): **«Аллаһтан көмек сұра»** деген сөзі болса, тағдырға иман келтіруді нұсқап, пайдалы амалдарды жүзеге асыру және зиянды әрекеттердің тамырына балта шабу жолында табысқа жететініне Аллаһқа толық сенім арта отырып, Аллаһ тағаланың күш-құдіретіне мүлтіксіз арқа сүйеудің көрінісі ретінде Оған тәуекел етуді бұйырады. Аллаһ елшісінің (ﷺ) жолын ұстанушылар осы арқылы бағытын анықтап, діндері мен дүние тіршілігі істерінің бәрінде де Аллаһ тағалаға тәуекел етеді және қабілеті мен білім-білігіне жараса барлық пайдалы себептерге амал қылады. Ал жәрдем беруші тек Аллаһ тағаланың Өзі.

ОН ҮШІНШІ ХАДИС

Ислам ғимараты

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ:
 الْمُؤْمِنُ لِلْمُؤْمِنِ كَالْبُنْيَانِ يَشُدُّ بَعْضُهُ بَعْضًا - وَشَبَّكَ بَيْنَ أَصَابِعِهِ.

Әбу Мұса әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын):
 «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Мүмін мүмінге бір-бірін бекітіп тұрған ғимарат тәрізді», — деп саусақтарын тарақтап (көрсетті)», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл ұлы хадисте Пайғамбар (ﷺ) мұндай сипат мүміндерге тәп екенін хабарлаған. Оның бұл сөзі мүміндер осы негізді берік ұстанып, бір-біріне мейірімді, жанашыр, бір-бірін жақсы көретін және әрқайсысы өзі үшін қалағанды басқа мүмінге де тілейтін өзара бауырлар болуына, сондай-ақ осыған ұмтылуға үндейді. Сонымен қатар Пайғамбардың (ﷺ) сөзі жалпы мүміндердің мүддесіне сай келетін ортақ игіліктерге көңіл бөлуге шақырады. Өйткені ғимарат ірге тастардан, қабырға дуалдардан, шатырлардан, есіктер мен т.с.с. қажетті бөліктерден құралады және олардың әрқайсысы өз алдына емес, бір-бірімен бірігіп, біте қайнасып тұрады. Ендеше мұсылмандар да сондай болып, діндері мен оның заңдарына және оны ретке келтіріп, күшейтетін іс-амалдарға көңіл бөлулері әрі оған кедергі болып, қарсы келетін әрекеттерді жоюлары қажет.

Исламда парыздар екі түрлі болады:

1. Шарифат міндеттері жүктелген әрбір мұсылман орындауы тиіс және шамасы жетіп тұрған жағдайда одан

бас тартуға не оны бұзуға құқы жоқ жеке басқа қатысты парыздар (фурудул-айн);

2. Мұсылмандар қабілеттеріне қарай орындайтын, егер біреулері орындаған жағдайда басқалары үшін де жеткілікті болып табылатын парыздар (фурудул-кифая). Өйткені Аллаһ тағала: **«Мүміндер жапшай (жорыққа) аттануға тиіс емес. Олардың әрбір тобынан дінді үйренетін және қауымдарына қайтып барғанда сақтанулары үшін оларға ескертетін бір тобы болса болды»** (Тәубе, 122);

«Сендерден¹ жақсылыққа шақыратын және құпталғанға бұйырып, теріске шығарылғаннан қайтаратын бір үмбет болсын», — деген (Әли Имран, 104).

Аллаһ тағала мұсылмандарға игілік пен тақуалық үшін бір-біріне көмектесуді бұйырды, өйткені олардың мақсат-мұраттары ортақ. Ол мақсат — дін онсыз толық болмайтын мұсылмандардың діні мен дүние тіршілігіне қатысты игіліктерді жүзеге шығару. Сондай-ақ адамдардың әр тобы мүмкіндіктері мен уақыт және жағдай талабына сай өз мақсаттарын орындауға ұмтылуы тиіс. Алайда бұл нәрсе олар өзара кеңесіп, ортақ игілікті мүддені және бұған қалай жетуге болатынын қарастырғанда ғана іске асады. Бұл үшін барлық топтар пікір-кеңесте, сөз бен істе және кездесуі мүмкін түрлі кедергілер мен қарсылықтарды жоюда бір-біріне жәрдемдесуге міндетті. Өйткені олардың бір тобы білім үйренсе, бір тобы білім беруі, бірі өндіріс істерімен, бірі жер өңдеу, егін шаруашылығымен, сауда-саттықпен не түрлі кәсіп көздерімен не болмаса экономика әдістерімен, енді бірі Ислам мен мұсылмандардың мүддесіне сай

¹ Мұнда «сендерден» деген сөз араб тілінің қағидалары бойынша екі түрлі мағынаны білдіреді. Яғни, сендерден жақсылыққа шақыратын және құпталғанға бұйырып, теріске шығарылғаннан қайтаратын бір топ болсын немесе аталмыш істерді барлығың бірдей атқарыңдар деген мағынада.

істерді таразылап, олардың пайдалы не зиянды жақтарын анықтайтын саясат мәселелерімен айналысуы қажет.

Жалпылай айтқанда, барлық мұсылмандар бір-біріне жәрдемдесе, қолдау көрсете отырып, мақсатқа жету жолдары әр түрлі болса да, бір ғана мақсатты көздейтіндерін ескеріп, өздерінің дініне және дүние тіршілігіне қатысты игіліктерді жүзеге асыруға ұмтылуы қажет.

Пайғамбар ﷺ өз үмбетін қажетті бөліктері бірін-бірі бекітіп тұрған біртұтас ғимарат, бір ағзасы сырқаттанса, басқалары да мазасыздық пен ұйқысыздыққа душар болатын бір тән секілді болуға нұсқаған осы хадисті іс жүзіне асыру шексіз пайда әкелері даусыз. Сондықтан да шариғат көптеген үкім-нұсқауларда әрбір мұсылманды осы айтылғандарды күшейтуге, мүміндер арасында сүйіспеншілік тудыруға, пайдалы істерге қатысты өзара ынтымақ-бірлікті қалыптастыруға үндеп, бөлінушілік пен өзара жауласуға және сөз бірлігін жоғалтуға тыйым салған. Әрі мұны көңіл бөлініп, басымдық берілуі және мүмкіндігінше ұмтылыс-әрекет нысаны болуы тиіс дініміздің ұлы негіздерінің бірі деп санаған.

Сөзімізді қорыта келе, біз Аллаһ тағаладан мұсылмандар арасында ауызбіршілік негізін қалыптастырып, олардың жүректерін келісімге келтіруін және оларды өздеріне тосқауыл құрып, қастық жасаушыларға қарсы бір білектей жұмылдыруын сұраймыз. Расында, Ол — Жомарт!

ОН ТӨРТІНШІ ХАДИС

Игілікке ұмтылу

عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا أَتَاهُ سَائِلٌ أَوْ طَالِبٌ حَاجَةً، قَالَ: اشْفَعُوا فَلْتَوْجُرُوا، وَيَقْضِي اللَّهُ عَلَى لِسَانِ رَسُولِهِ مَا شَاءَ.

Әбу Мұсадан (Аллаһ оған разы болсын), Пайғамбар ﷺ алдына бір қайыршы немесе бір қажеттілікті сұраған (адам)¹ келсе: **«Ара түсіңдер², сауап аласыңдар! Ал Аллаһ Өз елшісі арқылы қалаған шешімін қабылдайды»**, — деп айтатын (әл-Бұхари, Муслим).

Үлкен негіз бен зор пайданы қамтыған бұл хадисте, пенде мақсаттарының жемісі мен нәтижесіне, олардың жарым-жартылай орындалғанына не мүлдем ештеңе шықпағанына қарамастан, игі істер жасауға ұмтылуы керектігі айтылған. Бұл патша не жоғары лауазымды кісілердің алдында мұқтаж адамдар үшін араға түсіп, олардың өтініш-тілектерін жеткізу сияқты іс-әрекеттер. Көптеген адамдар араға түсу мәселесінің қабылдануына күмәнданып, мұндай әрекеттен бас тартып жатады. Олар осылай өздерін Аллаһтың көп игілігінен және мұсылман бауырына қатысты жақсылықтан құр қалдырады. Сондықтан да Пайғамбар ﷺ сахабаларына Аллаһтың құзырындағы сауапқа ұмтылулары үшін

¹ Бұл жерде тек қайыр-садақа сұраушылар емес, беделді кісілердің алдында ара түсіп көмек көрсетуін өтінуге болатын жалпы мұқтаждықтары бар адамдар меңзелген. Әйтсе де Пайғамбарымыз ﷺ адамдар шариғат үкім не сай жазалануы (хадд) тиіс қылмыс істеген жағдайда ара түсуге тыйым саған. Өйткені мұндай жазалар бұлжытпай орындалуы тиіс.

² Бұл жерде тиісті адамның алдында біреу үшін игі ниетте араға түсіп, оның өтініш-тілегін қанағаттандыруды сұрау туралы айтылған.

өз алдында мұқтаждарға ара түсу арқылы жәрдемдесуді бұйырып: **«Ара түсіңдер, сауап аласыңдар»**, — деді. Аллаһ тағала игі ниеттегі ара түсуді жақсы көріп, оған разы болады. Ол Құран Кәрімде: **«Кімде-кім жақсы шапағатпен (біреуге) ара түссе, оған да осы (шапағаттан) үлес (яғни, сауап) бар»**, — деп айтқан (Ниса, 85).

Мұнда мұсылман әзір тұрған сауапқа ұмтылумен қатар, өз бауырына жақсылық жасауға тырысады және сол арқылы дін туысына жәрдем көрсетеді.

Сондай-ақ оның ара түсуі мұқтаж адамның тілегінің толық немесе жарым-жартылай қанағаттандырылуына себепші болуы мүмкін. Ал іске асуы да, аспауы да ықтимал игі істер не жақсылық жасауға ұмтылыс нәпсісін нақты игілікке дағдыландыру және қабылданары анық не мүмкін аралық өтініштер үшін дайындық болып табылады.

Ара түсу пайдаларының бірі — үмітсіздікті жоятын нәрселерге ұмтылу. Себебі ізденіс пен ұмтылыс қалаған мақсатқа жету жолындағы үмітті, ал бұған кері әрекет үмітсіздікті айғақтайды. Бұл хадисте адамдарды мүмкіндігінше игілік істеуге бағыттау керектігі нұсқалған. Сондай-ақ мұнда заңды құқықтарды қанағаттандыруға қатысты болмаса аралық өтініш-тілектің қабылдануы міндетті емес екені айтылған. Міндетті құқық болса, аралық өтінішсіз-ақ орындалып, қанағаттандырылуы тиіс, әйтсе де ол аралық өтініштермен нақтылана түседі.

Сонымен бірге хадистен өз үмбеті мүшелеріне игіліктің жан-жақты келуіне ұмтылған Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ жанашырлығын көруге болады. Бұл Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ қайырымдылығы мен жанашырлығының кемел көрінісін айғақтайтын мыңдаған үлгі-өнегелерінің бірі ғана. Өйткені Ислам үмбеті барлық игіліктер мен жалпы және жекелеген

пайдаларға тек оның араласуы мен нұсқауы арқылы жетті. Сол сияқты Пайғамбар (ﷺ) өз үмбетін жамандықтар мен жалпы және жекелеген зиянды істерге жан-жақты тойтарыс беруге бағыттады. Осылайша ол өзіне жүктелген аманатты толық жеткізді және оны өз дәрежесінде орындап, үмбетіне қажетті ақыл-кеңестер берді. Оған және оның отбасы мен сахабаларына Аллаһ тағаланың игілігі мен сәлемі болсын!

Ал Пайғамбардың (ﷺ): *«Ал Аллаһ Өз елшісі арқылы қалаған шешімін қабылдайды»* деген сөзін талдасақ, Аллаһ тағаланың шешімі екі түрлі:

Біріншісі: Жақсылық пен жамандық, бойсұну мен бағынбаушылық атаулыны ғана емес, барлық болған және болатындардың, өткендегі және болашақтағы уақиғаларды қамтитын тағдырлық¹ шешім².

Ал екіншісі: Бұдан тарлау шеңбердегі Аллаһ ұнатып, разы болатын нәрселерге қатысты діни тағдырлық шешім. Аллаһ тағаланың Пайғамбары арқылы қабылдайтын шешімі осы екінші түрге жатады. Өйткені Пайғамбар (ﷺ) құлшылықты толық орындап, елшіліктің мәртебелерін кемел көрініске жеткізген Аллаһтың пенде елшісі. Оның барлық сөздері мен істері, басшылығы және мінез-құлқының бәрі Раббысының жақсы көретіні бойынша Аллаһ тағалаға құлшылық жасаудың көрінісі болып есептеледі. Бұйырылмаған істердің өзінде, Пайғамбардың (ﷺ) есебінде рұқсат етілгендер санатында сауап-сыйлықсыз бір де біреуі жоқ болатын.

¹ «Тағдыр» (қадар) — алдын ала белгіленген жазмыштың уақыт пен кеңістікте іске асуы.

² «Шешім» (қада) болатын барлық нәрселерді анықтап, нақтылауды білдіреді.

Патша елші немесе пенде елші болуға таңдау еркі берілгенде, ең жоғары дәрежелердің бірі пенде елші болуды таңдаған¹ Аллаһ елшісінің ﴿ﷺ﴾ жағдайы, міне, осындай еді.

¹ Мұнда Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадистердің бірінің мазмұны меңзелген. Онда Әбу Һурайра: «(Бірде) Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ қасында отырған Жәбірейіл аспанға қарағанда, кенеттен бір періште түсті. Жәбірейіл: «Расында, дүние жаралғаннан осы сағатқа дейін бұл періште ешқашан аспандардан түскен емес!» — деді. Жерге түскен соң (періште): «Уа, Мұхаммед! Мені саған Раббың жіберді», — деді және: «Ол сені патша пайғамбар етуін қалайсың ба әлде пенде елші болуды ма?» — деп (сұрады). Жәбірейіл: «Раббыңның алдында құлдық ұр, ей, Мұхаммед!» — деді. Сонда Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: «Пенде елші (болған) жақсырақ», — деп жауап берді», — деген. Ахмад пен әл-Баззар келтірген бұл хадистің иснадын Әбу Яълә сенімді санаған.

ОН БЕСІНШІ ХАДИС

Адамдардың тиісті құқықтарын сақтау

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا: أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: أَنْزَلُوا النَّاسَ مَنَازِلَهُمْ.

Мұсылмандардың анасы Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Адамдарды өз орындарына қойыңдар»*, — деген (Әбу Дауд).

Бұл қандай дана хадис еді десеңізші! Ол Ислам үмбетін даналыққа, хикметке үндейді. Хикмет, даналық дегеніміз — әр нәрсені өз орнына қою. Аллаһ тағала жаратуда және тағдырларды белгілеуінде, заң-үкімдерінде және бұйрықтары мен тыйымдарында аса Дана. Сондықтан Ол пенделеріне де әр нәрседе даналық танытуды бұйырған. Сондай-ақ Пайғамбардың (ﷺ) да барлық бұйрықтары мен нұсқаулары даналық шеңберінде тұрады.

Бұл хадис — терең мағынаны аз сөзге сыйдырған Пайғамбарымыздың (ﷺ) шешендігінің көрінісі. Онда барлық қарым-қатынастарда, келіссөздерде және білім үйрену мен білім беруде адамдарды өз орындарына қоюға бұйрық бар.

Бұл тұрғыда адамдар екі түрлі болады:

1. Ата-ана, балалар, туған-туыстар, көршілер, жолдас-жоралар, ғалымдар және азды-көпті жақсылық жасаған кісілер сияқты арнайы құқықтары бар адамдар. Бұл адамдарды игілік көрсету, қатынасып тұру, жақсылық жасау, құрметтеу, адал болу, қолтығынан демеу тәрізді шарифат белгілеген және ғұрыпта қалыптасқан барлық құқықтарын орындау арқылы өз орындарына қоямыз. Олар басқалардан осы арнайы құқықтары себепті ерекшеленеді.

2. Арнайы құқықтары жоқ, бірақ ислами және адамгершілік құқықтары бар адамдар. Олардан сөзбен әрі іспен жайсыздықтар мен зиянды нәрселерді қайтаруың, өзің ұнатқан игіліктерді мұсылмандар үшін де ұнатуың және өзің ұнатпаған жамандықтарды басқа мұсылмандар үшін де ұнатпауың, бұл адамдардың ортақ құқықтары болып табылады. Керісінше, барлық адамдардан жайсыздықтарды қайтаруың және қолыңнан келгенше оларға жақсылық жасауың міндетті.

Бұл хадистен ұғынылатын ойлардың тағы бірі — адамдармен олардың дәрежелеріне қарай қарым-қатынас жасау керектігі. Яғни, үлкенге құрмет, кішіге ізет, мейірім көрсету, қатарласқа ол ұнататын, анаға және әйелге тиісті құқықтарына сай, еркін сөйлесіп, сенім артатын кісімен соған сәйкес мәміле жасау, патшалармен және билік басындағылармен шендеріне жараса жұмсақ сөйлесу қажет. Сол үшін де Аллаһ тағала Мұса мен Харунға: **«Екеуің перғауынға барындар, өйткені ол шектен шықты. Оған жұмсақ сөз сөйлендер, бәлкім үгіт алар не қорқар»**, — деген (Таһа, 43-44).

● Ендеше қарым-қатынастардың, құқықтардың бірнеше түрлерін мысалға келтірсек: Ғұламаларға қатысқанда құрмет-ізетпен, кішіпейілдікпен мәміле жасап, олардың пайдалы іліміне мұқтаждық көрсету және оларға жиі дұға қылу керек.

● Хадисте жастарды жұмсақтықпен әрі қызықтыру арқылы игілікке бұйырып, жамандықтан қайтару, оларды игілікке ынталандырып, бағыттау үшін қажетінше қаржы-қаражат жұмсау және оларға дерекілік көрсетуден аулақ болу керектігі айтылған. Сол себепті Пайғамбар (ﷺ): **«Балаларыңды жеті жастан намаз оқуға бұйырыңдар, ал онға келгенде (оқымаса) сабаңдар»**, — деген (Әбу Дауд).

Аллаһ елшісі (ﷺ) адамдарды өз орындарына қою ретінде жүректерін Исламға жібіткісі келген адамдарға осы тәсілді қолданып, оларға көп мал-дүниелер беретін, ал иманы орныққандарға бұлай істемейтін.

● Әйелдермен де, балалармен де жұмсақ, көңілдерін аулап сөйлесу керек.

● Діни және дүниелік немесе екеуіне де қатысты қызметтерді лайықтырақ адамдарға тапсыру да адамдарды өз орнына қоюға жатады. Сол үшін, әсіресе, билік басындағы қызметке тағайындағанда, шешім қабылдайтын кісілер оған лайық күш-қуатты, өжет, қайырымды, саясатты білетін, әділдік орнатуға, халықтың құқықтарын қанағаттандыруға, залымдар мен қылмыскерлерді ауыздықтауға және т.б. билік басындағының міндетіне кіретін қызметтерді атқаруға күші жететін адамды таңдау үшін ақыл-кеңес құруы қажет.

● Қазылыққа да шарифат заңдарын және болып жатқан оқиғаларды жақсы білетін, діндар, ақыл-парасатты әрі мақтаулы қасиеттерге ие адамды таңдау керек.

● Мешіттерге имам тағайындағанда да дұрыс құлшылық үкімдерін т.б. жақсы білетін кісіні таңдау қажет және бұл айтылғандардың барлық үлкенді-кішілі мансаптарға да қатысы бар. Өйткені Аллаһ тағала: **«Аллаһ сендерге аманаттарды өз иелеріне тапсыруды бұйырады»**, — деген (Ниса, 58).

● Билік мансапты орындар. Аманаттардың ең үлкені, сондықтан оған лайықты адамдарды тағайындау керек. Сондай-ақ әрбір қызметтің өз білгірі, өз маманы бар. Мұның бәрі осы хадистің мазмұнында астарланған.

● Хадистің мазмұны күнәкарлар мен қылмыскерге қандай шара қолдану керектігін де қамтиды. Мұндай жағдай-

да қылмыскерге шариғат қандай жаза белгілеген болса, оған сол жаза беріледі. Өйткені шариғат — барлық игіліктің көзі. Егер шариғат жаза белгілемеген қылмыс істелінсе, онда жағдайына қарай жауапқа тартылады. Олардың кейбіріне айыптау-сөгіс жеткілікті болса, кейбірін кесімді жаза ғана ауыздықтай алады.

● Садақа мен сыйлық та қарым-қатынас, құқықтарға жатады. Бір-екі құрма не бір-екі жұтым тамақ жеткілікті болатын кезбе қайыршыға ұсынылар садақа мен жағдайы нашарлап жоқшылыққа тап болған арлы кедейге көрсетілер жәрдем деңгейі бірдей емес. «Қорлыққа душар болған адамдардың қадірлісіне жандарың ашысын» деген нақыл сөз бар.

● Ықпалы, озық жағдайы, байлығы мен мұсылмандарға пайдасы бар кісілер де ондай мүмкіндікке ие емес басқа адамдардан ерекшеленеді.

Осы және осыған ұқсас істердің бәрі біз талдап отырған осынау шариғат пен ақыл құптаған терең мағыналы сөздің астарында жатыр. Мұсылмандар жақсы деп есептеген іс-әрекеттердің барлығы Аллаһтың құзырында да жақсы.

ОН АЛТЫНШЫ ХАДИС

Жаза не сауап адамның қылығына қарай болады

عَنْ أَبِي صِرْمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ ضَارَّ ضَارَّ اللَّهُ بِهِ، وَمَنْ شَاقَّ شَاقَّ اللَّهُ عَلَيْهِ.

Әбу Сирма (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Кім (біреуге) зиян жеткізсе, Аллаһ оған зиян жеткізеді және кім (біреуге) қиындатса, Аллаһ оған қиындатады», — деп айтты», — деген (Ахмад, Әбу Дауд, әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және басқалар).

Бұл хадис шариғаттың екі негізіне нұсқайды.

Біріншісі: Жаза мен сауап игі не жаман амалдардың түріне қарай болады. Бұл Аллаһ тағаланың мақтауға лайық даналығының көрінісі. Мәселен, Аллаһ Өзі ұнататын нәрселерді істеушілерді ұнатып, Өзі жек көретінді істеушілерді жек көреді. Кім мұсылманның жағдайын жеңілдетсе, Аллаһ оның жағдайын дүниеде және ақыретте жеңілдетеді, ал кім мүмінді бұл дүниедегі уайым-қайғылардың бірінен құтқарса, Аллаһ оны қиямет күнгі қайғы-қасіреттің бірінен құтқарады және пенде өз бауырына жәрдемдесуді тоқтатпайынша, Аллаһ тағала оған жәрдемдесуді тоқтатпайды. Сол сияқты Аллаһ тағала мұсылманға зиян тигізген адамға зиян келтіреді, оған қулық жасағанның өзін алдануға душар етеді, ал оған қиындатқанға қиындатады және осы негізге қатысы бар барлық жағдайлар осылай көрініс табады.

Екіншісі: Себепті және себепсіз зиян-зардапқа тыйым салу. Өйткені Пайғамбар (ﷺ): «(Себепсіз) *зиян* (жеткізуге) *де*, (жауап ретінде) *зиян* (жеткізуге)¹ *де* (рұқсат) *жоқ*»², — деген. Бұл зиян тигізудің барлық түрін қамтиды.

Зиян тигізу екі нәрсенің біріне: адамды пайда келтіретін істен айыруға немесе оған бір зиян келтіруге апарып соғады. Адамдарға зиян келтіру рұқсат етілмейтін заңсыз іс, керісінше, адам басқаларға зиян келтіруден және оларды ренжітуден бас тартуы тиіс. Осы хадиске қатысты жағдайлардан санамаласақ:

● Сауда-саттық істерінде алдау, алаяқтық жасау, сатылатын тауардың кемшіліктерін жасыру, түрлі қулық-сұмдықтарға бару, бағаны көтеру³, керуеннің алдынан шығып күтіп алу⁴, бауыры⁵ келісім жасап жатқан сату, сатып алу, жалға беру, жалға алу және сол сияқты басқа да барлық келісім түрлеріне килігіп, оның сыртынан келісім жасасу, сондай-ақ бауырының үстінен ол құда түскен әйелге құда түсу, қызметтерін өз дәрежесінде атқарып отырған адамдардың орнын иемденуге әрекет ету. Мұның барлығы да тыйым салынған зиян жеткізу болып табылады.

Аллаһ тағала мұндай келісімдердің ешқайсысына береке

¹ Бұл жерде адамдарға себепсіз және кек алу мақсатында өзіне келген залалдан көбірек зиян келтіруге ұмтылу туралы айтылған.

² Ғұламалар осы хадистегі «әд-дарару» және «әд-дирару» сөздері бірдей мағынаға ие ме әлде олардың арасында айырмашылық бар ма деген мәселеде бірдей пікірде емес. Олардың көпшілігі бұл екі сөздің арасында айырмашылық бар деп есептейді және бұл туралы да түрлі пікірлер айтады. Олардың ішіндегі көбірек көңіл аударуға тұрарлығы — «әд-дарару» өзіне зиян тигізбеген адамға залал келтіруді, ал «әд-дирару» бірінші болып заңсыз зиян келтірген адамға зиян көрсету дегенді білдіреді» деген пікір. Шарифатта осы екі жағдайда да зиян келтіруге тыйым салынған.

³ Бұлай етуге басқа біреуге зиян келтіру үшін істелгенде ғана тыйым салынады.

⁴ Бұл жерде керуенді қала сыртында оның тауарларын базарға түсірмес бұрын көтере сатып алып, сосын қайта сату үшін күтіп алу айтылған.

⁵ Яғни, діндегі бауыры.

дарытпайды, өйткені мұсылманға зиян келтіргенге Аллаһ зиян тигізеді, ал Аллаһ тағала зиян жеткізген адамнан игілік жоғалады және қолымен істегені мойнына ілініп, жазасы ретінде оған жамандық жетеді.

● Серіктестің серіктеске немесе көршінің көршіге сөзбен не іспен зиян келтіруі. Тікелей залал келтіруді айтпағанның өзінде, ешбір адамның өз мүлкіне, көршісіне жанама зиян жететіндей іс істеуіне де болмайды.

● Борыштының қарыз берген адамға зиян келтіруі және оған зиян тигізетін іс-әрекеттерге баруы. Қарыз берген адамның рұқсатынсыз борышты қарызын қоя тұрып, қайыр-садақа беруі, басқа қарыз берушілерден бөлектеп қарыз берушілердің біріне дүние-мүлкін кепілге қоюы, қайырымдылық қорына мал-мүлік өткізуі, қарыз берген адамға зияны тиетін жағдайда құл азат етуі немесе оның рұқсатынсыз өз қажетіне басы артық қаржы-қаражат жұмсауы дұрыс емес.

● Өсиеттермен зиян келтіру. Ол туралы Аллаһ тағала: «(Мұрагерлік үлес бөлісу) **жасалған өсиеттер мен қарыздар** (өтелгеннен) **кейін зиянсыз түрде** (жүргізілу керек)», — деген (Ниса, 12).

Бұл жерде өсиет иесінің мұрагерлердің біріне оған тиесіліден көбірек беруі немесе керісінше мирасқорды үлессіз қалдыруы және мұрагерлерге зиян тигізу мақсатында заңды мирасқорлар санатына кірмейтін адамға үлес беру жөнінде өсиет қалдыруы туралы айтылған.

● Көптеген жағдайларда ер кісінің өз әйелін зиянға батыруы да дұрыс емес. Мәселен, ажырасу кезінде әйелінен төлемақы алу үшін оған әдейі әділетсіздік жасауы¹ не зиян

¹ Бұл жерде ажырасу кезінде әйелінен белгілі бір сомада ақша не бір дүние-мүлік алуға бағытталған еркектің заңсыз әрекеті жайлы айтылған.

жеткізу мақсатында оны қайтарып алуы¹ немесе екі әйелінің біріне екіншісіне зиян тиетіндей көңілін бұруы, басқаша айтқанда, ол әйелін зайыптық құқықтарынан қағып, ажыраспаса да күйеусіз әйелдей күн кештіруі.

● Шешімдерде, куәліктер мен бөлісте және басқа істерде екі тараптың бірінің пайдасы үшін әділетсіздік жасау. Бұлардың бәрі зиян келтіру болып саналады, ал мұндай іс-әрекетке барғандар жазалануға және Аллаһ тағаланың оған зиян жеткізуіне лайық болады.

Бұлардың ең сорақысы—билік басындағы кісілердің алдында біреулерді жамандап, оларды жазалауға не дүние-мүлкін тартып алуға немесе тиесілі нәрселерінен айыруға еліктіру. Осылай ететін әрбір адам залым, ол бұл дүниеде және ақыретте жазаға душар болады.

● Бұл айтылғанға Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ жұқпалы ауруы бар адамның сау адамдармен жолығуына тыйым салғаны² да жатады. Өйткені ол зиянды нәтижеге апаруы мүмкін. Сондай-ақ Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ алапестер мен сол сияқты адамдардың көпшілік арасында болуына рұқсат етпеген³.

Осындай және осыған ұқсас барлық іс-амалдар туралы Аллаһ тағала: **«Сол бір мүміндер мен мүмін әйелдерді жазықсыз ренжіткендер, әлбетте, жала жауып, ашықтан ашық күнә жүктеп алады»**, — деген (Ахзаб, 58).

¹ Мұнда әйеліне басқа адамға күйеуге шығуға мүмкіндік бермеу үшін е кектің ажырасу уақытын әдейі созуы туралы сөз болған.

² Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾: «(Жұқпалы) ауру (адамды) ешқашан сау (адаммен) бір (жерге) орналастыруға болмайды», — деген сөзі риуаят етілген. Бұл сөз адамдарға да, хайуандарға да қатысты. Хадисті әл-Бұхари мен Муслим Әбу Нурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген.

³ Муслим Шарид ибн Суайдтың (Аллаһ оған разы болсын): «Сақиф тайпасы өкілдерінің арасында бір алапес (кісі) бар еді. Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ оған: «Біз сенің антыңды қабылдадық, енді кері қайта бер» деп айтуды бұйырды», — дегені туралы хадисті келтірген.

● Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ) мұсылманды әзілдеп болса да қорқытуға тыйым салған¹.

Бұған жұртты келеке етіп, қорлау, олардың ар-намысына тиетін сөздер айту, араларында араздық тудыратын іс-әрекеттер де жатады. Мұның бәрі жазаға душар ететін зиян жеткізу және қиындық тудырудың түрлері болып табылады.

Сонымен бұл хадисте мұсылмандарға зиян мен қиындық тигізген адамға Аллаһ тағала зиян жеткізіп, қиындық тудыратыны туралы айтылса, одан ұғынылар ой мұсылманды зиян-зардап пен қиындықтан құтқарған адамға Аллаһ тағала қарымта сый ретінде мейлінше игілікті нәсіп етіп, түрлі зиян-залал мен қиындықтардан арашалайды.

¹ Ахмадтың «Муснадында» Абдурахман ибн Әбу Ләйланың: «Аллаһ елшісі (ﷺ) сахабаларының бізге айтуынша, бірде олар Аллаһ елшісімен (ﷺ) бірге сапарда болғанда, олардың біреуі ұйықтап кетеді. Сонда екінші біреуі келіп, оның жебелерін алып қояды. Ұйқысынан оянған әлгі кісі (жебелері орнында жоқ екенін көріп) қорқып кетеді. Бұны көрген басқалары күле бастайды. Аллаһ елшісі (ﷺ) (олардан): «Не үшін күліп жатырсындар?» — деп сұрайды. Адамдар: «Біз жебелерін алып қойып едік, ол қорқып қалды. Сол үшін ғана», — деп жауап береді. Сонда (Пайғамбар (ﷺ)): «Мұсылман мұсылманды қорқытуына болмайды», — депті», — дегені туралы хадис келтірілген. Бұл хадистің иснады сенімді және оны Әбу Дауд те риуаят еткен.

ОН ЖЕТІНШІ ХАДИС

Бәрін қамтитын игі қасиеттер

عَنْ أَبِي ذَرِّ الْعَفْصَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: اتَّقِ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتَ. وَاتَّبِعِ السَّبِيَّةَ الْحَسَنَةَ تَمُحُّهَا، وَخَالِقِ النَّاسَ بِخُلُقِ حَسَنٍ.

Әбу Зарр әл-Ғифари (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Қай жерде болсаң да Аллаһтан қорық, жаман істің (артынша) оны жоятын жақсы іс істе және адамдарға жақсы мінез-құлықты бол», — деп айтты», — деген (Ахмад, әт-Тирмизи және әл-Хақим).**

Бұл ұлы хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ) Аллаһтың құқы мен пенделердің құқықтары туралы айтқан. Пенделері сақтауы тиіс Аллаһтың құқы — олардың Аллаһ тағаладан өз дәрежесінде қорқуы және тыйым салынғандардан бас тарту әрі міндетті нәрселерді орындау арқылы Оның ашуы мен азабынан сақтануы.

Бұл сөздер — Аллаһ тағаланың әуелгілер мен соңғыларға¹ деген өсиеті және «Аллаһқа құлшылық етіп, Одан қорқындар!» деген барлық пайғамбарлардың өз қауымдарына өсиеті.

Аллаһтан қорқуды айғақтайтын тақуалық қасиеттері туралы Аллаһ тағала: **«Жүздеріңді шығыс не батысқа бұрып (құлшылық қылуларың) игілік емес. Бірақ кім Аллаһқа, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, Пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарп қыл-**

¹ Яғни, адамдардың бөріне.

са әрі намазды толық орындап, зекет берсе, уәделерін орындаса, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, сол игілік. Міне, солар шыншылдар әрі солар тақуалар» (Бақара, 177);

«Раббыларыңның кешіріміне және тақуалар үшін әзірленген ені көктер мен жердей жаннатқа жарысыңдар. Олар (яғни, тақуалар) кеңшілік пен таршылықта (Аллаһ жолында) мал сарп қылатындар әрі олар ашуларын жеңушілер, адамдарға кешірім етушілер. Аллаһ жақсылық істеушілерді сүйеді», — деген (Әли Имран, 133-134).

Аллаһ тағала осылайша тақуаларды сипаттай келіп, олардың кәміл иманға ие екенін, сенімдері, сыртқы және ішкі іс-амалдары имандылыққа толық сәйкес келетінін, тән бөліктерімен әрі мал-дүниесімен ғибадат ететіндерін, мұқтаждық пен қайғы-қасіретте және қауіп-қатер кезінде де сабырлылық танытатындарын, адамдарға кешірім жасап, ренжітулеріне төзімділік көрсететіндерін, жұртқа жақсылық жасайтындарын, қандай да бір әдепсіздік не өзіне зұлымдық істесе, артынша Аллаһтан кешірім өтініп, тәубеге келетіндерін айтқан. Ал Пайғамбар (ﷺ) пендеге қай уақытта, қай жерде, қандай жағдайда болмасын тақуалықты ұстануды өсиет еткен, өйткені әркім тақуалыққа аса мұқтаж және қандай жағдайда болмасын онсыз табысқа жете алмайды.

Бірақ пенде тақуалыққа қатысты міндетті түрде қандай да бір кемшілік жіберіп алады. Пайғамбар (ﷺ) бұл кемшілікті жуып, жоятын амалдар істеуге, яғни, қандай да бір жамандық істеген соң, артынша бір жақсылық істеуге бұйырған. Мұнда жақсылық дегенде Аллаһ тағалаға жақындататын барлық істер туралы айтылған. Олардың ішінде жамандықтарды жоятын ең маңыздысы — шын

жүректен тәубеге келу, Аллаһ тағаладан кешірім өтіну, Оны еске алу, Оны жақсы көретінін, Одан қорқатынын әрі үміттенетінін көрсету, Оған және Оның кеңшілігіне үнемі үміт арту. Сондай-ақ бұларға шарифат белгілеген жамандықты жоятын кәффарат амалдары да жатады. Кәффарат амалдары мал-дүние не тән бөліктері көмегімен орындалуы мүмкін.

Жамандықтарды жоятын амалдарға жұртқа кешірімділік таныту, адамдарға және бүкіл жаратылыс иелеріне жақсылық жасау, қайғы-қасіретке ұшырағандарға дем беру, қиын жағдайға тап болғандардың ауыртпалығын жеңілдету және барлық зиян-зардап пен қиындықты жою да жатады. Аллаһ тағала: **«Шынында, жақсылықтар жамандықтарды жояды»**, — деп айтқан (Һуд, 114).

Пайғамбар (ﷺ) болса: **«(Күнделікті) бес (уақыт) намаз, жұма мен жұма, рамазан мен рамазан, (пенде) ұлкен күнәлардан аулақ болса, араларындағы (кіші күнәларды) жояды»**, — деген (Муслим, Ахмад және өт-Тирмизи).

Бойсұну амалдары арқылы Аллаһ тағаланың кешіріміне жетуге болатынын нұсқаған көптеген аяттар мен хадистер бар.

Аллаһ тағала ол арқылы күнәларды жоятын нәрселердің бірі — қайғы-қасіреттер. Мүмін қандай уайым-қайғыға, жайсыздыққа тап болмасын, тіпті, табанына тікен кірсе де Аллаһ тағала осы үшін оның күнәларын кешіреді. Мұнда қайғы-қасіреттер дегеніміз — жақсы көрген адамынан не затынан айрылу не денесіне, жүрегіне немесе мал-мүлкіне жайсыздық жету сияқты пенденің ісінен тыс болатын ішкі және сыртқы жағымсыздықтар. Міне, осы себепті Пайғамбар (ﷺ) үмбеттеріне бір жамандық істеп қойған жағдайда артынша оны жоятын жақсылық істеуге бұйырды.

Сонан кейін ол кісі ﴿٥﴾ Аллаһ тағаланың құқы туралы ескертіп, яғни, дін сенімдері мен оның ішкі және сыртқы амалдарын қамтитын тақуалықтан айнымауға өсиет етіп:

«...адамдарға жақсы мінез-құлықты бол», — деді.

Жақсы мінез-құлықтың басы — адамдарды ешқандай ренжітпеуің, олар тудырған реніштер мен жайсыздықтарды кешіруің және оларға сөзбен әрі іспен жақсылық істеуің. Жақсы мінез-құлықтың ең маңыздысы — адамдарға барынша жұмсақ болу, оларға сабырлылық таныту, мезі етпеу, жылы жүзді болу, сұхбаттастың көңілін аулап, баурап алар қоян-қолтық жылы сөзділік. Кейде әзіл-қалжың да пайдалы болуы мүмкін, бірақ, онымен тым әуестенудің қажеті жоқ, өйткені сөздегі әзіл тағамдағы тұз сияқты, жоқтығы да, көптігі де жақсы емес.

Сондай-ақ жақсы мінез-құлықтардың бірі — үлкен-кіші, ақылды-ақымақ, білімді-надан деген сияқты түрлі адамдардың әрқайсысымен дәрежесі мен жағдайына сай қарым-қатынас жасауың.

Демек, Аллаһ тағаладан шынайы түрде қорқатын және әлеуметтік деңгейлерінің әрқилылығына қарамастан адамдарға жақсы мінез-құлық танытатын адам бар игілікке қол жеткізеді. Өйткені ол Аллаһ тағаланың құқы мен адамдардың құқықтарын орнына қойып, Аллаһтың ғибадатын көркем орындаушылардан әрі пенделерге жақсылық жасаушылардан болды.

ОН СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Әділетсіздіктің салдары

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الظُّلْمُ ظُلُمَاتٌ يَوْمَ الْقِيَامَةِ.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Зұлымдық, қиямет күні қараңғы түнектер (болып қайтады)»**, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим және Ахмад).

Бұл хадисте зұлымдықтан сақтандыру және әділдікке ынталандыру бар. Шарифат бүкіл болмысынан әділ, ол әділдікке бұйырып, зұлымдыққа тыйым салады. Аллаһ тағала: **«Раббым әділдікті бұйырды»**, — деп айт (Аграф, 29);

«Негізінде Аллаһ әділдікті бұйырады» (Нахл, 90);

«Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне, соларға амандық бар және олар тура жолға түскендер», — деген (Әнғам, 82).

Иман және оның негіздері мен тармақтары, ішкі және сыртқы көріністерінің бәрі — әділдік, ал оның қарама-қарсы мағынасы — зұлымдық. Әділдіктің ең жоғарғы көрінісі және оның негізі — Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығын шын ықыласпен мойындау, Оның сипаттары мен көркем есімдеріне иман келтіру, дінде және Оған құлшылық етуде шын ықыласты болу. Ал Аллаһқа серік қосу зұлымдықтың ең үлкені саналады. Өйткені Аллаһ тағала: **«Расында, (Аллаһқа) серік қосу — зор зұлымдық»**, — деген (Лүқман, 13).

Әділдік дегеніміз — барлық нәрсені өз орнына қою және міндетті құқықтарды орындау, ал зұлымдық бұған

мүлде қарама-қарсы мағынада келеді. Құқықтардың ең үлкені әрі ең міндеттісі — пенделер сақтауы тиіс Аллаһтың құқықтары, яғни олардың Аллаһты танып біліп, Оған құлшылық етуі әрі Оған ешкімді және ешнәрсені серік қоспауы. Содан кейін иман негіздерін және намаз оқу, зекет беру, рамазанда ораза тұту, Аллаһтың қасиетті үйіне қажылық жасау, бір-біріне ақиқатты және сабырлылықты кеңес ету сияқты Ислам шарифаттарын орындау қажет. Ал бұлардың біреуін орындамаудың өзі зұлымдық болып саналады.

Сонымен бірге Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ иман келтіру, оны бөрінен артық жақсы көру, оған бойсұну, құрмет көрсету және оның бұйрықтары мен сөздерін барлық адамның бұйрықтары мен сөздерінен жоғары қою сияқты құқықтарын сақтау да әділдіктің көрінісі.

Пенденің мүміндерге өз жандарынан да артық, оларға бөрінен мейірімді әрі жанашыр болған және әрбір мұсылман тек сол арқылы игілікке жеткен Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ құқықтарының біреуін бұзуы — аса үлкен зұлымдық.

Ата-анаға игілік көрсету, туыстармен байланысты үзбеу және жолдас-жоралар мен қарым-қатынастағылардың бөрінің құқықтарын сақтау да әділдіктің, ал бұл айтылғандарды орындамау әділетсіздіктің көрінісі.

Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бір-бірінің құқығын сақтауы да әділдіктің көрінісі, ал мұны орындамаған — әділетсіз адам.

Адамдарға қатысты әділетсіздіктің түрі көп, бұларды қоштасу қажылығында Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾: *«Расында, сендердің қандарың¹, мал-дүниелерің және ар-намыс-*

¹ Басқаша айтқанда, өмірлерің.

тарың (бір-біріңе) **осы қаладағы¹, осы айдағы осы күндеріңнің қасиетіндей қасиетті²**»² (әл-Бұхари) деп айтқан сөздері қамтыған.

Қиямет күні әділетсіздіктің барлық түрі қараңғы түнектер болып, зұлымдық жасағандар өздерінің әділетсіздіктеріне жараса жазаланады. Ал зұлымдықтан жапа шеккендер әділетсіздердің игі амалдары есебінен еселерін қайтарып алады³, егер зұлымдық жасағандардың жақсылықтары болмаса немесе таусылып қалса⁴, онда жапа шеккендердің жамандықтарынан алынып, залымдық көрсеткендерге артылады. Ал әділдіктің бәрі қиямет күні нұр болып оралады. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Сол күні мүміндер мен мүмін әйелдердің нұрлары алдарында және оң жақтарында жүгіргенін көресің. «Сендердің бүгінгі сүйіншілерің — астарынан өзендер ағатын жаннаттар»** (деп айтылады)», — деген (Хадид, 12).

Аллаһ тағала әділетсіздікті Өзіне және пенделеріне харама еткен. Аллаһ Өзінің сөздері мен істерінде және жарылқауы мен жазалауында тура жолды ұстанады, Ол — Әділ. Ол пенделері үшін де әділдікке жеткізетін тура жолды айқындап берді. Сол жолдан тайған адам тозаққа апаратын зұлымдық жолына түседі.

¹ Бұл жерде Мекке мен оған ұласып жатқан аймақ туралы айтылған. Бұл аймақ қасиетті жер саналып, ол орындарда тек адамдарды ғана емес, барлық тіршілік иелерін өлтіруге не оларға залал келтіруге, сондай-ақ өсімдіктерге де зиян жеткізуге тыйым салынған. Бұл айтылған, әсіресе, қажылық маусымы кездеріне айрықша қатысты. Осылай Пайғамбарымыз (ﷺ) адамдардың өзара қарым-қатынаста бір-бірінің қауіпсіздігін сақтауы Исламның негізгі қағидаларының бірі екенін баса көрсеткен.

² Бұл туралы Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте баяндалған.

³ Бұл жерде әділетсіздердің есебіндегі игі амалдардан олар зұлымдық көрсеткен адамдарға жапа шеккен зұлымдықтарына жараса алып берілетіні туралы айтылған.

⁴ Яғни, зұлымдығына ұшыраған адаммен есептесуге жеткіліксіз болса.

Зұлымдықтың үш түрі бар:

1. Аллаһ тағала кешірмейтін зұлымдық, ол — Аллаһқа серік қосу. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Аллаһ Өзіне серік қосылуды кешірмейді»**, — деген (Ниса, 48).

2. Аллаһ тағала ескерусіз қалдырмайтын адамдардың бір-біріне жасаған зұлымдықтары. Мұндай жағдайда Аллаһтың әділдігінің кемел көрінісі ретінде адамдар бір-бірінен зұлымдықтарына жараса қысас, яғни кек алатын болады.

3. Аллаһтың ерік-қалауына байланысты зұлымдық, яғни адамдардың Аллаһ тағала алдындағы ширктен басқа күнәлары. Мұндай жағдайда Аллаһ тағала қаласа күнәлілерді жазалайды, мейірімі түссе кешіреді.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Шүкіршілік білдіру тәсілі

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: انظُرُوا إِلَى مَنْ أَسْفَلَ مِنْكُمْ، وَلَا تَنْظُرُوا إِلَى مَنْ فَوْقَكُمْ، فَهُوَ أَجْدَرُ أَنْ لَا تَزِدُوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Өздеріңнен төмен болғандарға қараңдар, өздеріңнен жоғарыға¹ қарамаңдар, бұл Аллаһтың нығметтерін қомсынбауларың үшін ең жақсы (тәсіл)»², — деп айтты», — деген (Муслим, Ахмад).*

Қандай пайдалы өсиет және не деген көңілге қонымды да шипалы сөздер десеңізші! Бұл сөздер пендені Аллаһқа Оның нығметтерін мойындау арқылы шүкіршілік білдіруге, олар туралы әңгімелеп, солардың көмегімен нығмет берушіге бойсұнуға және Оған алғыс-ризашылығын білдіруге септігі тиетін істердің бәрін істеуге ынталандырады. Расында, Аллаһқа шүкіршілік білдіру — құлшылықтың басы, игіліктің негізі және пенделердің ең әуелгі міндеті. Өйткені пенделерге нәсіп болған барлық нығмет — тек Аллаһтан. Барлық игіліктер мен жақсылықтарды Аллаһ жеткізіп, барлық кесірлер мен жамандықтарды Аллаһ қайтарады. Ендеше Ол пенделер шамалары жеткенше алғыстарын білдіруге әбден лайық. Сондықтан әр пенде шүкіршілік білдіруге жәрдемдесетін барлық тәсілдерді пайдалануы қажет.

¹ Жағдайы жоғары болғанға.

² Имам әл-Бұхари мағынасы жағынан осыған жақын хадисті келтірген. Онда Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Қайсыбірің өзіне қарағанда көбірек байлық әрі сұлулық берілген біреуді көрсе, онда өзінен төменге қарасын», — дегені риуаят етіледі.

Пайғамбар (ﷺ) осылай Аллаһ тағалаға ризашылық білдірудің кереметтей дауасын және ықпалды тәсіліне нұсқаған. Оның мән-мағынасы пенде әрдайым өзінен ақыл-парасаты, шыққан тегі, дүние-байлығы және басқа да нәсіп болған нығметтері төмен адамға назар аударуы керек. Бұған үнемі назар аудара жүру оны Раббысына жиі-жиі алғыс білдіріп, Оған мақтау-мадақ айтуға мәжбүрлейді. Өйткені ол мұндай жағдайда үнемі өзінен әр түрлі дәрежелерде төмен адамдарды көреді және олардың көбі денсаулық, байлық, ризық-несібе, түр-тұлға және мінез-құлық жағынан бұған нәсіп болғандарға тым болмаса біраз жақындауды армандайтынын түсінеді де, Аллаһ тағалаға: **«Мазан нығметтер берген және мені Өзі жаратқандардың көбінен әлдеқайда артық еткен Аллаһқа мақтау-мадақтар болсын»**¹ деп жиі мадақ айтады.

Ол көптеген ақыл-есінен айырылған не аш-жалаңаш, баспанасыз адамдарды көріп, өзінің ақыл-есі толықтығы және баспанасы барлығы, ризық-несібесінің жеткіліктілігі болғаны үшін Раббысына мадақ айтады.

Ол көптеген адамдардың түрлі науқасқа шалдыққанын, ал өзінің дені сау, делбезесі бүтін екенін аңғарады. Көптеген адамдардың діннен безіп, белшесінен күнәлар батпағына батып, бұдан да сорақы пөлеге душар болғанын, ал өзін Аллаһ ондай қасіреттерден аман сақтағанын біледі.

Ол көптеген адамдардың уайым шегіп, қайғыға батып жүргенін, азғыруларға түсіп, жүрегі тарылып жүргенін сезінеді, ал өзінің мұндай індеттен аман екенін, Аллаһ тағала оған жүрек тыныштығын сыйлағанын түсінеді. Тіпті ол ке-

¹ Бұл сөздер өт-Тирмизи Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадистің бір бөлігі.

дей болса да осы қанағатшылдық пен жан рақаты нығметімен көптеген бай адамдардан асып түседі.

Ал мұндай сынақтардың біріне ұшыраған адам болса, бұдан да ауыр қайғы-қасіретке түскен көптеген адамдарды көріп, өзінің жағдайын әлдеқайда жақсырақ еткені және басына түскен ауыртпалықты жеңілдеткені үшін Аллаһ тағалаға мақтау-мадақ айтады. Өйткені қандай жағымсыз жағдай болмасын өмірде одан да ауыр жағдай кездесетіні белгілі.

Пайғамбар (ﷺ) көрсеткен тура жолға түсу нәсіп болған адамның шүкіршілік сезімі күннен күнге арта, күннен күнге күшейе түседі, Аллаһ тағаланың оған деген нығметтері де бірінен кейін бірі ағылады. Ал керісінше болған жағдайда, өзінен саулығы, байлығы, ризық-несібесі мен басқа да сол сияқтылары артық адамдарға сұғын қадаушы жан міндетті түрде Аллаһ тағаланың нығметтерін қомсынып, шүкіршілік сезімінен айрылады. Аллаһ тағалаға деген шүкіршілік сезімін жоғалтқан адам өзіндегі бар нығметтен айрылып, ашу-ызаға ұшырайды, уайым-қайғыдан арылмай, қолындағы игілікке көңілі толмайды және Аллаһқа Раббы әрі Басқарушы ретінде наразылық білдіре бастайды, бұл — дін мен дүние залалы әрі түпсіз қасірет.

Кейбір адамдар Аллаһтың нығметтерінің көп екенін ойлап, Оның түрлі игіліктері жайлы, оларға Аллаһ тағаланың кеңшілігі мен мейірімі арқасында ғана жетуге болатыны және Оның басқа нығметтерін айтпаған күнде де бір нығметті түрінің өзін, оған шүкіршілік білдіруге күші жетпейтіні сияқты санап тауысуға да шамасы келмейтіні жайлы пікір жүгіртеді. Олар Аллаһтың нығметтерін толық мойындауға мәжбүр болып, Оған жиі мадақ айтады және Раббысынан Оның нығметтерінің бірін Оған ұнамайтын, Ол разы

болмайтын іске пайдалануға ұялады. Иман бөліктерінің ең жақсысының бірі болып табылатын Аллаһтан ұялу сезімі нәсіп етілген пенде өзін Раббысы тыйым салған жерінде көруінен не бұйырған жерінде таппауынан қысылады.

Шүкіршілік игіліктің тұтқасы әрі нышаны болып табылады. Пайғамбар (ﷺ) Мұғаз ибн Жәбәлға: **«Расында, мен сені жақсы көремін. Ешқашан әр (парыз) намаздан кейін: «Уа, Аллаһ! Сені есіме алуыма, Саған шүкіршілік етуіме және өз дәрежесінде құлшылық жасауыма жәрдем бере гөр!» деп айтуды ұмытпа»**, — деген (Ахмад, Ән-Нәсәи, Әбу Дауд және басқалар).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ): **«Уа, Аллаһ! Мені Өзіңе үнемі шүкір етуші әрі үнемі Өзіңді зікір етуші ете гөр!»** деген сөзді жиі қайталаған (Ахмад, өт-Тирмизи, Әл-Бәйһақи және өт-Тайалиси).

Аллаһ тағалаға шүкір етушілердің ең ұлысы Пайғамбар (ﷺ) Оның нығметтері үшін толық шүкіршілік білдіруге шамасы келмейтінін мойындап: **«Саған айтылар мадақтың есебіне жете алмаймын, Сен Өз-Өзіңді мадақтағаныңдайсың»¹**, — деген. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Хадисті Муслим, Әбу Дауд және басқа мухаддистер Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген. Бұл Пайғамбарымыз (ﷺ) сәждеде айтқан сөздердің бір бөлігі.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ХАДИС

Таһаратсыз намаз жоқ

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا يَقْبَلُ اللَّهُ صَلَاةَ أَحَدِكُمْ - إِذَا أَحَدَثَ - حَتَّى يَتَوَضَّأَ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ ел-шісі (ﷺ): «Аллаһ ешқайсыңның, таһараты бұзылған жағдайда (қайта) таһарат алмайынша намазын қабыл етпейді», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим, Әбу Дауд және әт-Тирмизи).

Бұл хадисте дәретсіз адам таһарат алмаса, оның намазы қабыл етілмейтіні, яғни дұрыс болмайтыны, сауап жазылмайтыны туралы айтылған. Ал одан ұғынылатын мағына — таһарат алған адамның намазы, ол басқа да барлық намаз шарттарын орындаған жағдайда қабыл болатынын білдіреді. Өйткені шариғат көптеген үкімдерді басқа да белгілі бір істермен байланыстырады, яғни барлық қажетті шарттар сақталып, кедергі келтіретін нәрселер жойылмайынша ол үкімдер толық орындалғанға жатпайды. Шариғаттың осы негізіне қатысты ғұламалардың пікірлерінде алшақтық жоқ. Өйткені көп мәселелерді қамтитын намаз сияқты құлшылық түрлерінің үкімдері ол туралы әңгімелеген көптеген Құран аяттары мен хадистерге сүйене отырып жинақталады, олардың бір орында келуі шарт емес. Фикһ ғалымдарының фикһ және үкімдер ғылымын қалыптастыруындағы, оларды реттеп, тармақтарға ажыратуындағы және көптекті нәрселерді басқаларға түсінікті

болу үшін біріктіруіндегі¹ басты себеп те осы. Бұл істе фикһ ғалымдарының сіңірген еңбектері орасан зор. Оларға Ислам мен мұсылмандар үшін атқарған қыруар істері үшін Аллаһ тағала игі сауаптарын жазғай!

Бұл негіз барлық орында басшылыққа алынады, яғни шарифат үкімдері қажетті шарттары түгелдей жинақталып, кедергілері жойылмайынша толық болмайды.

Біз қарастырып отырған хадис таһаратты бұзатын барлық нәрселерді қамтыған. Оларға адамның несеп жолдарынан бөлініп шығатын нәрселер, таһаратты бұзатын ұйқы², денеден шығатын басқа да таза емес нәрселер, ер кісінің әйелге шакуатпен жанасуы, жыныс мүшелерін шакуатпен ұстау т.с.с. жатады. Әйтсе де бұлардың кейбіріне қатысты өртүрлі пікірлер айтылған.

Сонымен осы аталған таһаратты бұзатын нәрселердің бірі болған жағдайда, шарифат талабына сай таһарат алмайынша адамның намазы дұрыс болмайды. Ол үшін рет-тәртібін сақтай отырып «Мәйдә» сүресінде айтылған дене бөліктерін жуу немесе дәлелді себептер бойынша суды пайдалану мүмкін болмаса не су жоқ кезде әйтпесе оны пайдалану зиян келтіретініне қауіп туған жағдайда топырақ-құмға тәяммум соғу арқылы тазалану қажет.

Бұл хадис әмбебаптығы себепті, егер адам ұмытуы не білмеуі салдарынан таһараты бұзылған қалпы намаз оқыса, оны қайта оқуы керектігіне дәлел ретінде жүреді. Бұған қатысты пікір алшақтықтары жоқ. Яғни, адам намазы және оның құрамындағы құлшылық әрекеттерді орындағаны

¹ Бұл жерде фикһ мамандарының түрлі нәрселер мен жағдайларға қатысты болған бір діни міндетті, мәселен, малдың түрлі тұқымынан зекет бергенде нені басшылыққа алу керектігін түсіндірулері туралы айтылған.

² Ханафилардың пікірінше, жантайып не шалқалап жатып ұйықтау және естен тану да таһаратты бұзады (Қараңыз: «Әл-Ихтияр» 1-том, 17-бет).

үшін сауап алатын болса да, міндетінен толық құтылу үшін оны қайталап оқуына тура келеді. Ал таһарат алғанымен денесінде не киімінде бір нәжіс барын ұмытқан адамның жағдайы басқаша өйткені сенімді дәлел көздері бойынша ол намазды қайта оқудың қажеті жоқ. Өйткені таһарат белгілі бір іс-әрекеттерді орындаған жағдайда ғана міндеттен құтылатын амалдарға жатады. Ал нәжістен тазалану тыйым салынғаннан аулақ болуға ұқсас амал, бұған қатысты адамда қандай да бір үзір-себеп болса, оны қайталау шарт емес.

ЖИЫРМА БІРІНШІ ХАДИС

Табиғи қасиеттер

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: عَشْرٌ مِنَ الْفِطْرَةِ: قَصُّ الشَّارِبِ، وَإِعْفَاءُ اللَّحْيَةِ، وَالسُّوَاكُ، وَاسْتِنْشَاقُ الْمَاءِ، وَقَصُّ الْأَظْفَارِ، وَغَسْلُ الْبِرَاجِمِ، وَتَنْفُؤُ الْإِبْطِ، وَحَلْقُ الْعَانَةِ، وَانْتِقَاصُ الْمَاءِ. قَالَ الرَّاوي: وَنَسِيتُ الْعَاشِرَةَ إِلَّا أَنْ تَكُونَ الْمَضْمُضَةَ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Он нәрсе фитраға (яғни, табиғи қасиеттерге) жатады: мұртты басу, сақалды өсіру, мисуак пайдалану, мұрынды сумен шаю, тырнақ алу, саусақ буындарын¹ жуу, қолтық (жүндерін) жулу², шаптың жүнін қыру және истинжа³»*, — деп айтты», — деген.

Хадисті риуаят етуші: *«Оныншысын ұмытып қалдым, бірақ ауызды шаю болса керек»*, — депті (Муслим).

Табиғи қасиет «фитра» дегеніміз — адамдардың Аллаһ тағала жаратқан табиғаты, Аллаһ тағала оларды сол табиғи қасиетке бейім еткен. Ол табиғи қасиет игілікті ұнатып, оны артық санауға және жамандықтан жиреніп, одан бас тартуға бейім. Аллаһ тағала оларды пәк, таза әрі игілік пен Аллаһқа қатысты шын ықыласты және Оған жақын болуды қабылдауға дайын етіп жаратты. Табиғи қасиетке қатысты заң-үкімдерін Аллаһ тағала екі түрге бөлген:

¹ Бұл жерде саусақ буындары ғана емес, оның аралары туралы да айтылған.

² Мұнда жулу шарт емес, оны кез келген тәсілмен алса болады.

³ Истинжа — екі несеп жолынан шыққан нәжістерді сумен жуып тазарту.

Біріншісі: Жүрек пен жан дүниені тазартады. Мұнда Аллаһқа иман келтіру және оған байланысты Аллаһтан қорқу, Оған үміт арту, Оны жақсы көріп, Оған жалбарыну туралы айтылған. Аллаһ тағала: «Ханиф түрде¹ және Аллаһ адамдарды соған бейім жаратқан табиғи қасиетке² сай жүзінді дінге бұр. Аллаһтың жаратуында өзгеріс болмайды. Міне, бұл түп-тура³ дін, бірақ, адамдардың көбі білмейді. Аллаһқа жалбарынған түрде Одан қорқа намазды орындаңдар әрі серік қосушылардан болмаңдар», — деген (Рум, 30-31).

Міне, осылар жан дүние мен жүректі тазалап жетілдіреді, жаман дерт-мерездерден арылтып, көркем мінез-құлықтармен әсемдейді және мұның барлығының түп-төркіні иман негіздері мен жүрек амалдарынан табылады.

Екіншісі: Сыртқы тазалық және барлық лас, былғаныш нәрселерден арылу. Біз қарастырып отырған хадисте осылар туралы айтылған. Бұлар Ислам дінінің қадір-қасиеті санатына жатады. Өйткені мұның бәрі дене бөліктерін таза

¹ Яғни, таухидтен айнымай.

² Табиғи қасиет — араб тіліндегі «фитра» сөзінің баламасы. Бұл сөздің негізгі әріптері — ф-т-р. Осы әріптерден «фатр» — жарату, жасап шығару деген түйық егістік шығады. Ал «фитра» сөзі — әу бастағы табиғи жаратылысты, болмысты білдіреді. Ибн әл-Әсир: «Бұл деген сөз — адам дүниеге келгенде белгілі бір қасиеттері және табиғи болмыс-бітімі бойынша дінді қабылдауға бейім болып туылады, ал егер оны өз-өзіне қалдырса, онда ол өз болмыс-бітіміне ілеседі, ал ауытқушылар адамдардың немесе қалыптасқан салт-дәстүрлердің әсері себепті ғана ауытқиды», — деген (Ибн әл-Әсир, «Ән-Нихая»: 3/457).

Ал Ибн Хажар (Аллаһ оған рақым етсін): «Адамдар «фитра» деген сөзді қалай түсіну керектігі туралы мәселеде түрлі пікірлерге келді, бірақ ең кең тараған пікір бойынша, фитра дегеніміз — Ислам», — десе, Ибн Әбул-Барр: «Бізден алдыңғылардың басым көпшілігі оны осылай түсінген, ал ілім иелері туралы айтар болсақ, олардың түсіндіруінше, Аллаһ тағаланың: «Аллаһ адамдарды соған бейім жаратқан табиғи қасиетке» дегенінде «табиғи қасиет» деп Исламды — Аллаһқа бойсұнуды айтқан», — дейді («Фатхул-Барр»: 3/248).

³ Яғни, дұрыс, ақиқат.

ұстауға және олардың сау-саламаттылығы мен қызметтерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ғұламалардың ортақ пікірі бойынша ауыз бен мұрынды шаю кіші және үлкен хәдәс¹ кезінде орындалуы міндетті нәрселер. Себебі лас нәрселер көбіне осы жерлерде жиналады, сондықтан оларды тазалап тұру қажет. Сондай-ақ ауызды тазалау үшін мисуакты² пайдаланған жөн. Ол туралы Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Мисуак ауызды тазалайды әрі Аллаһқа ұнамды болады»**, — деген³ (Ахмад, Ән-Нәсәи және әш-Шафиғи).

Міне осы себептен, таһарат алғанда, намаз оқитын кезде, ұйқыдан оянганда, тіс сарғая бастағанда, ауыздың дәмі бұзылғанда⁴ т.с.с. барлық уақытта шарифат мисуакты пайдалануды міндеттейді.

Үстіңгі ерін ашық тұруы үшін мұртты басу немесе бүтіндей алып тастау да тазалықты сақтау және мұрыннан шығатын нәрселерден сақтану шарасы. Өйткені мұрт өсіп, ерінді жауып қалатын болса, адамның ішкен-жеген тамағына тиюі мүмкін. Сондай-ақ тым өсіңкі мұрт кісі келбетін де ұсқынсыз етеді. Әйтсе де бұларға көңіл аудармайтын адамдарға ұзын мұрт ұнаса керек, сірә.

Сақалды Аллаһ тағала ер адамның қадір-құрметі әрі көркі еткен. Сақал өсірген кісілердің қартайғанда да келбетін жоғалтпауы да осы себепті. Сондықтан сақалды өсірген абзал.

¹ Кіші хәдәс — таһаратты бұзатын жағдайлар, ал үлкен хәдәс — жүніптік.

² Мия бұтағынан жасалатын таяқша, оның ұшын тістеп шайнайды да тісті және ауызды тазалауға пайдаланады.

³ Бұл хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

⁴ Бұл хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

Ал тырнақтарды алу, қолтық жүнін жұлу және саусақ араларын жуу туралы айтар болсақ, бұл жерлер де денедегі кір көп жиналатын орындар. Сондықтан бұларға қатысты тазалықты сақтау мен жағымсыз нәрселерді алып тастау қажеттігін ешкім теріске шығармайды. Бұл айтылғанның шап түктерін қырып алып тастауға да қатысы бар.

Екі несеп жолынан шыққан нәжістерді сумен не кесекпен тазалау міндетті әрі таһарат шарттарының біріне жатады.

Сонымен жоғарыда айтылғандардың барлығы адамның сырт-бейнесін жетілдіріп, тәнді таза ұстауға көмектесетінін әрі барлық зиянды және жиренішті нәрселерді жоятынын білдік, ал тазалық — иманнан.

Сөзімізді қорыта келе айтарымыз, адам бойындағы табиғи қасиет шарифаттың барлық ішкі және сыртқы жақтарын қамтиды. Өйткені ол ішкі дүниені жаман мінез-құлықтардан тазартып, түп-төркіні иман мен таухидке, Аллаһ тағалаға деген шын ықылас пен Оған мойын бұруға барып тірелетін көркем мінез-құлықтарды көркейтеді әрі денені де түрлі нәжістер мен кірлерден және оларға себеп болатын нәрселерден тазартады. Демек, бұл — тәндік әрі рухани тазалық. Сондықтан да Аллаһтың елшісі (ﷺ): **«Тазалық — иманның жартысы»**, — деген¹ (Муслим).

Ал Аллаһ тағала: **«Расында, Аллаһ тәубе етушілерді жақсы көреді әрі тазаланушыларды жақсы көреді»**, — деп айтқан (Бақара, 222).

Шарифаттың бүкіл болмысы тазарудан, даму мен жетілдіруден, қадір-қасиеті жоғары амалдарға шақыру мен пайдасыз істерден қайтарудан тұрады. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Хадис Әбу Мәлик әл-Ашъариден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ХАДИС

Судың тазалығы

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْمَاءُ طَهُورٌ لَا يَنْجَسُهُ شَيْءٌ.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «*Су таза, оны ешнәрсе ластай алмайды*», — деп айтты», — деген (Ахмад, Ән-Нәсәи, Әбу Дауд, әт-Тирмизи және басқалар).

Бұл сахих хадис бәрін қамтитын бір негізге нұсқайды. Ол негіздің мәні — су, яғни жер астынан шыққан немесе аспаннан жауған сулар табиғи қасиеттері сақталғанына немесе тұрған орнында не ағыс жолында өздігінен не болмаса қандай да бір таза нәрселер түсіп айтарлықтай өзгергеніне қарамастан таза қалпында қалады, оны тазалану үшін және де басқа мақсаттарға пайдалануға болады. Алайда түсі, дәмі мен иісі таза емес нәрсе түсуі себепті өзгерген су бұған жатпайды.

Барлық ғұламалар лас нәрсенің әсерінен өзгерген судың таза еместігіне қатысты бірдей пікірге келген. Имам Ахмад және басқа ғалымдар бұған дәлел ретінде Аллаһ тағаланың: «**Сендерге өлексе, қан, доңыз еті... харам етілді**» (Мәйдә, 3) деп басталатын аятын келтірген. Яғни, суда осы айтылғандардың сипаттары пайда болса, ол су таза емес саналады¹.

¹ Яғни, қан араласқан не шошқа еті немесе өлексе түскен суды таһарат үшін пайдалануға тыйым салынады.

Сонымен қатар осы және басқа да хадистер таза нәрсенің әсерінен өзгеріске ұшыраған судың таза екенін нұсқайды. Бұл орында түнгі ұйқыдан оянған адам қолын батырған су да таза қалпын сақтайды, бірақ, ұйқыдан тұрған адам қолын үш рет жумай тұрып ыдыстағы суға қолын батыруына тыйым салынған. Әйтсе де бұл хадисте мұндай суды пайдалануға тыйым салынғанына дәлел жоқ.

Демек, біз қарастырып отырған хадис судың таза және лас су болып екі түрге бөлінетінін көрсетеді. Лас су дегеніміз — қасиеттерінің бірі көп не аз дәрежеде таза емес нәрселер себепті өзгеріске ұшыраған су. Ал мұндай болмаса су таза саналады. Судың үшінші түрі, яғни таза да емес, лас та емес немесе таза, бірақ таһаратқа жарамсыз су туралы айтар болсақ, бұған қатысты шарифатта нақты дәлел жоқ, сондықтан ол су таза деп есептеледі.

Бұл жалпылама қағиданы Аллаһ тағаланың: «...**сонда су таба алмасаңдар, таза жерге тәяммум соғыңдар...**» деген сөзі нақтылай түседі (Мәидә, 6). Өйткені аяттағы «су» сөзі оның барлық түріне қатысты, бұдан таза емес нәрселер араласқан су ғана тысқары. Ғұламалардың ортақ пікірі осыны құптайды.

Сонымен бірге бұл хадис судың негізі таза екенін көрсетеді, ал егер көңілде су былғанды ма, жоқ па деген күдік туған жағдайда, былғанғанын анық білмесе, ол су таза болып саналады.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ХАДИС

Адамдардың айналасындағы жануарлар таза саналады

عَنْ أَبِي قَتَادَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي الْهَرَّةِ: إِنَّهَا لَيْسَتْ بِنَجَسٍ، إِنَّهَا مِنَ الطَّوَافِينِ عَلَيْكُمْ أَوْ الطَّوَافَاتِ.

Әбу Қатада (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ) мысық туралы: «Негізі, ол лас емес, өйткені ол сендердің айналасыңдағылардан», — деп айтты», — деген¹ (Мәлик, Ахмад, Ән-Нәсәи және басқалар).

Бұл хадис екі негізді қамтиды:

Біріншісі: «Қиындық жеңілдік әкеледі» деген қағида Ислам шарифатындағы негізгі бес қағиданың бірі. Осы негіздің жалпы қағидаларының бірі: сақтану қиынға соғатын нәрселер — таза, олардың ауызы, қолы не аяғы тиген заттарды жуудың қажеті жоқ. Өйткені Пайғамбар (ﷺ): «...Өйткені ол сендердің айналаңдағылардан», — деген. Пайғамбар (ﷺ) үлкен және кіші дәреттен кейін кесекпен тазалануға, аяқ киімге не киімнің етегіне тиген таза емес нәрсені сүртіп тазартуға рұқсат еткен және жол, көшелердің таза емес лай-балшығы киіміне аз мөлшерде тиген адамның намаз оқуына рұқсат беріп, жеңілдік жасаған. Сондай-ақ малды бауыздап қанын ағызған соң, оның еті мен қан тамырларында қалып қоятын қанға және аңшы иті тістеп аулаған нәрсеге т.с.с.

¹ әл-Хақим: «Бұл хадис сахих... және оны «әл-Муаттада» дәлел көзі ретінде пайдаланған Мәлик те сахих деп есептеген», — дейді.

рұқсат етілген. Оларды бір-бірімен байланыстырып тұрған бір ғана себеп бар, ол — қиындық¹.

Екіншісі: Мысық және одан тұрқы кіші тышқан сияқты ұсақ жануарлар тірі күйінде таза. Олар тиген тамақ, сусын түрлері, киім және басқалар лас саналмайды. Бұл тұрғыда ғалымдар жан-жануарларды бес топқа бөледі:

1. Тірі болсын, өлі болсын денесі де, ағза бөліктері де және олардан бөлінетін нәрселер де таза емес шошқа, ит және барлық жабайы жыртқыштар.

2. Тірі кезінде таза, бірақ өлген соң лас саналатын мысық және одан тұрқы кіші хайуандар, оларды азық үшін де, басқа мақсатта да союға болмайды.

3. Тірі кезінде де, өлгеннен кейін де таза саналатын, бірақ жеуге жарамсыз ағатын қаны жоқ шыбын-шіркейлер.

4. Тірі кезінде де, сойғаннан кейін де таза саналатын жеуге жарамды жануарлар мен үй малдары және т.с.с.

5. Тірі кезінде де, өлгеннен кейін де таза, сойылсын, сойылмасын жеуге рұқсат етілетін барлық су жануарлары мен шегіртке сияқтылар.

Пайғамбардың (ﷺ): «...**Өйткені ол сендердің айналаң-дағылардан**» деген сөзін көптеген ғұламалар жас сәбилер мен олардың сілекейлерінің, қандай да бір лас нәрсемен былғанған болса да таза екеніне, сол сияқты есектер мен қашырлардың сілекейлерінің, терлерінің және жүндерінің тазалығына да дәлел ретінде пайдаланған. Әйтсе де мысықтардан туындайтын қиындықтар есектер мен қашырлардан туындайтын қиындықтардан әлдеқайда артық емес пе?!

¹ Яғни, мұндай нәрселерден сақтанудың қиындығы.

Сондай-ақ бұған Пайғамбарымыз ﷺ мен оның сахабалары есек не қашырға мінгенде бұл нәрселерден сақтанбағандығын да дәлел етеді.

Ал Пайғамбардың ﷺ Хайбар¹ күні: **«Расында, Аллаһ және Оның елшісі сендерге есек етін (жеуге) тыйым салады, өйткені ол — ытылас»²** (әл-Бұхари, Муслим), — деп айтқанына келсек, бұл оның еті таза еместігін, оны жеу харам екенін ескерткен. Бірақ оның сілекейінің, бөлінген терінің және жүнінің таза еместігіне нұсқамаған және Аллаһ елшісі ﷺ бұл айтылғандардан сақтануға әрекет жасамаған.

Ал итке қатысты Аллаһ елшісі ﷺ оның аузы тиген ыдысты жеті рет жууды, оның біреуінде топырақты пайдалануды бұйырған³.

¹ Жер өңдеуші яһудилер орын тепкен Хайбар оазисі һижраның 7-жылы мұсылмандар қолына өткен.

² Бұл хадис Анас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

³ Бұл туралы Муслим келтірген хадисте айтылған. Онда Пайғамбарымыз ﷺ: «Біреуіңнің ыдысыңды ит жаласа, оны біріншісінде топырақты пайдаланып, жеті рет жуу арқылы тазартуға болады», — деген. Осы хадистегі топырақты бірінші жууда ғана пайдалану қажеттігін Ибн Хажар басқа риуаяттарға қарағанда дұрысырақ деп есептеген.

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ХАДИС

Діни парыздарды орындау күнәларды жуады

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الصَّلَاةُ النِّعْمَةُ، وَالْجُمُعَةُ إِلَى الْجُمُعَةِ، وَرَمَضَانَ إِلَى رَمَضَانَ مُكَفِّرَاتٌ مَا بَيْنَهُنَّ إِذَا اجْتَنَبَ الْكَبَائِرَ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «(Күнделікті) бес (уақыт) намаз, жұма мен жұма, рамазан мен рамазан, (пенде) үлкен күнәлардан аулақ болса, араларындағыны¹ жоюды», — деп айтты», — деген (Муслим).

Бұл хадис осы үш ұлы ғибадатқа артықша қадір-қасиет берген Аллаһ тағаланың ұлы кеңшілігі мен жомарттығын көрсетеді. Аталмыш ғибадаттар Аллаһтың құзырында жоғары мәртебеге ие және олардың жемістеріне сан жетпейді.

Мәселен, Аллаһ тағала бұл ғибадаттарды пенденің діні мен мұсылманшылығын кемелдендіруші, иманды арттырушы және оның шынар ағашының сусындар көзі етті. Ақиқатында Аллаһ мүміндердің жүрегіне иман көшетін олардың сенімдеріне сәйкес отырғызды және Өзінің мейірімі әрі кеңшілігі себепті парыздар мен сүннеттер белгіледі. Бұл парыздар мен сүннеттер Аллаһ тағаланың рұқсатымен барлық уақытта жемістерін беруі үшін осы иман дарағын сусындатып, жапырақ жайғызады және одан барлық зиянкестерді тазалайды.

Күнәлардың залал-зияны өте үлкен және олар иманның азаюына апарып соғатыны белгілі.

¹ Бұл жерде кіші күнәлар туралы айтылған.

Егер пенде ауыр күнәлар жасамаса, Аллаһ аталмыш үш парызды орындағаны үшін оның кіші күнәлары мен қателіктерін кешіреді. Аллаһ тағала: **«Шынында, жақсылықтар жамандықтарды жояды»**, — деген (Һуд, 114).

Сонымен қатар Аллаһ тағала Өз мейірімділігімен ауыр күнәларға бармауды кіші күнәларды жуу құралы, яғни олардың өтемі етті. Ұлы Аллаһ: **«Өздеріңе тыйым салынған нәрселердің үлкендерінен аулақ болсаңдар, жамандықтарыңды өшіріп, сендерді құрметті орынға кіргіземіз»**, — деп айтқан (Ниса, 31).

Ал үлкен күнәлар жасай қалған жағдайда, пенде міндетті түрде тәубеге келу керек.

Сонымен бұл хадисте Құранның қайсыбір аятында немесе Пайғамбардың (ﷺ) сүннетінде жақсы амалдар жамандықтарды жоятыны туралы нұсқау келсе, ол тек кіші күнәларға қатысты екенін аңғартады. Яғни, құлшылықтың осындай аса маңызды түрлері ауыр күнәларды жоя алмайтын болса, онда бұлардан дәрежесі төмен ғибадаттар туралы не айту мүмкін?

Хадисте күнәлардың үлкен және кіші болып екіге бөлінетіні көрсетілген.

Үлкен және кіші күнәлар арасындағы айырмашылықтар туралы өте көп айтылған, дегенмен, олардың арасындағы ең жақсы анықтама: бұл өмірде шарият жаза (хадд) белгілеген не ақыретте ол себепті жазаға тартылатыны немесе оны істеген адамға лағнет айтылатыны не болмаса Аллаһтың ашуына ұшырайтыны ескертілген күнәлар үлкен күнәға жатады, ал бұдан басқалары кіші күнәлар.

Сондай-ақ үлкен күнәлар— зина жасау не өсім көру немесе мерзімін ұзартқаны үшін үстеме пайыз алу және осыған ұқсас іс-әрекеттердің мақсатына қатысты тыйым

салынған күнәлар, ал кіші күнәларға ер кісі бөгде әйелмен оңаша қалғанда оған арам ойда көз салуы сияқты әлгіндей үлкен күнәларға апаруы мүмкін себептерге қатысты тыйым салынған күнәлар жатады. Аллаһ жақсы білуші.

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ХАДИС

Намаз, азан және имамдық

عَنْ مَالِكِ بْنِ الْحُوَيْرِثِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: صَلُّوا كَمَا رَأَيْتُمُونِي أُصَلِّي، وَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ فَلْيُؤَدِّنْ لَكُمْ أَحَدُكُمْ، وَلْيُؤَمِّمْكُمْ أَكْبَرُكُمْ.

Мәлик ибн әл-Хуайрис (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Намаздарыңды менің намаз оқып жатқанымды көргендерің бойынша оқыңдар. Намаз (уақыты) кіргенде араларыңдағы біреуің азан айттып, үлкендерің имамдыққа өтсін»*, — деп айтты», — деген¹ (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис үш сөйлемнен тұрады, олардың ең маңыздысы — алғашқысы.

1. *«Намаз (уақыты) кіргенде араларыңдағы біреуің азан айтсын»*. Мұнда азан шақырудың шарифатта бекітілгені және оған амал қылудың міндетті екені туралы ескертілген. Ол намаз уақыты кіргеннен кейін айтылады. Әйтсе де бұдан таң намазы тысқары. Өйткені Пайғамбар (ﷺ): *«Расында, Біләл түнде азан шақырады², сондықтан сендер Ибн Умму Мәтум³ азан айтқанша ішіп-жей беріңдер⁴. Ал ол өзіне «таң атты, таң атты» деп айтылмайынша азан шақырмайды⁵»*, — деген (әл-Бұхари).

¹ Муслимнің нұсқасында «Намаздарыңды менің намаз оқып жатқанымды көргендерің бойынша оқыңдар» деген сөз жоқ.

² Яғни, Біләл (Аллаһ оған разы болсын) таң намазына азанды оның уақыты кірмей тұрып шақыратын.

³ Бұл кісі туралы Құранның «Абаса» сүресінде де айтылған. Пайғамбар (ﷺ) Ибн Умму Мәтумді (Аллаһ оған разы болсын) құрметтеп, өзі жорыққа кеткенде оны қауым басшысы етіп қалдырып отырған.

⁴ Бұл жерде рамазан айындағы ауыз бекіту уақыты туралы айтылған.

⁵ Хадисті жеткізуші Ибн Шихаб әз-Зухри: «Ол соқыр кісі еді және өзіне «Таң атты, таң атты» деп айтылғанша азан айтпайтын», — деген.

Азан шақыру мұсылмандардың бәріне жекелей парыз емес, біреуі айтса жеткілікті болатын парыз кифая¹. Шариғаттың үкімі діни парыздарды орындауға міндетті әрбір адамға арналып, оған амал қылу талап етілсе, бұл барлық адамға жекелей парыз. Ал оны әйтеуір біреудің орындауы ғана талап етілген жағдайда, бұл парыз кифая болып саналады. Хадисте «біреуің азан айтсын» деп нұсқау берілген. Азанның сөздері бәріне белгілі².

Азаншы зор дауысты, сенімді, намаз уақыттарын жақсы біліп, анықтай алатын кісі болуы қажет. Өйткені уақыт азан шақырудағы ең өзекті мәселе.

Біз қарастырып отырған хадис тұрғылықты мекенде де, сапарда да азан шақырудың міндетті екенін көрсетеді. Ал иқама³ азанның жалғасы. Өйткені азан шақыру намаз уақытының кіргенін, иқама намазға тұруды білдіреді.

¹ Ханафи мазхабының өкілдері азан шақыруды «сунна муаккада» (бекітілген сүннет) деп есептейді (**Қараңыз: әл-Һидая, 1-том, 44-бет**).

² Азанның сөздері:

— Аллаһу әкбар (Аллаһ Ұлы) — төрт рет.

— Өшһәду әллә иләһә иллаллаһ (Аллаһтан өзге тәңір жоқтығына куәлік беремін) — екі рет.

— Өшһәду әннә Мұхаммәдән расулуллаһ (Мұхаммед — Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беремін) — 2 рет.

— Хаййә аләс-саләһ (Намазға асығындар) — 2 рет.

— Хаййә аләл-фәләх (Құтылуға асығындар) — 2 рет.

— Аллаһу әкбар — 2 рет.

— Лә иләһә иллаллаһ (Аллаһтан басқа тәңір жоқ) — 1 рет.

Сонымен қатар таң намазының азанында «Хаййә аләл-фәләх» деген сөзден кейін «Ас-саләту хайрум-минән-нәум» (Намаз ұйқыдан жақсы) деп екі рет айтылады.

³ «Иқама» — парыз намазына тұрудың басталғаны туралы хабарлау. Иқама айтудың Пайғамбарымыздан (ﷺ) екі үлгісі келген. Бір үлгі бойынша иқама азан секілді айтылады. Тек «Хаййә аләл-фәләх» деген сөзден кейін «Қад қамәтис-саләһ» (Намазға тұру басталды) деп екі рет айтылады. Екінші үлгі бойынша аздаң төрт реттен айтылатын сөздер иқамада екі рет, ал екі рет айтылатын сөздер бір рет айтылып, «Хаййә аләл-фәләхтан» кейін екі рет «Қад қамәтис-саләһ» қосылады.

Азанның қадір-қасиеті¹ мен сауабының көптігі² және азан шақырып жатқан адамның сөздерін қайталаудың мустахаб екені³ жайлы көптеген мәтіндер келген. Яғни, азанды естіген адам азан сөздерін қайталағаны, ал азаншы «Хаййә аләс-саләһ, хаййә аләл-фәләх!» дегенде, Аллаһ тағаладан Ол шақырған намазды өз дәрежесінде орындауға және Ол үндеген барлық игілікті қамтитын құтылуға қатысты жәрдем тілеп:

«Лә хаулә уә лә қууәтә иллә билләһ (Аллаһтан өзге күш те, қуат та жоқ)⁴!» деп айтқаны дұрыс⁵.

Сосын Пайғамбарға (ﷺ) салауат жолдап: «Аллаһумма, Рабба һазиһид-дауауатит-тәөммә, уас-салаатил-қа'има, әти

¹ Имам әл-Бұхари өзінің «Сахихында» азанның қадір-қасиеті жайында мынадай хадистер келтірген:

— Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын). Аллаһ елшісі (ﷺ): «Намазға азан айтылса, шайтан артынан дауыстап жел шығарып азанды естімеу үшін қаһады да, азан айтылып болған соң (қайта) келеді», — деп айтқан.

— Әбу Саьид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Азаншының даусы жеткен жерге дейін естіген жын мен адамзат және басқа нәрсе қиямет күні оған куә болады», — деп айтып жатқанын естідім», — деген.

² Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): «Егер адамдар азан айту мен (жамағат намазында) бірінші қатарда (тұруда) нендей (сауап) барын біліп, сосын оған жебе тартысу* арқылы ғана қол жеткізетін болса, жебе тартысар еді», — деген (әл-Бұхари).

* Жаһилият дәуірінде арабтарда ер кісілер арасында дау-дамай, талас-тартысты шешудің ең кең тараған түрі: әрқайсысы жебеге есімдерін жазып, оларды араластырып, сосын жебе суырысатын.

³ Әбу Саьид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): «Азан (даусын) естісәңдер, азаншының айтқанын қайталаңдар», — деген (әл-Бұхари).

⁴ Бұл сөз «Күш пен қуатты тек Аллаһ қана береді» деп тәржімалануы да мүмкін. Бұл сөздің түсіндірмесі Баззар келтірген төмендегі хадисте айтылған. Ибн Масғұд (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде) Аллаһ елшісінің (ﷺ) алдында болған кезімде (осы сөзді) айттым. Сонда ол менен: «Сен оның мағынасын білесің бе?» — деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі», — дедім. Ол: «Аллаһқа қарсы келуден Аллаһтың жәрдемімен ғана сақтану мүмкін және Аллаһқа бойсұнуда тек Ол ғана күш-қуат береді», — деді», — деген.

⁵ Әл-Бұхаридың «Сахихында» келген хадисте: (Азаншы): «Хаййә аләс-саләһ» деген кезде, (Муғауия (Аллаһ оған разы болсын)): «Лә хаулә уә лә қууәтә иллә билләһ» деп: «Пайғамбарларыңның (ﷺ) осылай деп айтқанын естігенмін», — деген.

Мухаммаданил-уәсиләтә уәл-фадила. Уабъашу мақаман махмуданил-ләзи уаъадтәһ (Уа, Аллах! Осы кемел шақыру мен оқылатын намаздың Раббысы! Мұхаммедке әл-Уәсила¹ мен жоғары дәрежені² бер және оны Өзің уәде еткен мақтаулы орынға³ жібер)!»⁴ деп дұға қылсын. Содан кейін өз игілігі үшін дұға жасасын. Өйткені азан шақырғаннан кейінгі уақыт дұға қабыл болатын сәттердің бірі.

2. **«...үлкендерің имамдыққа өтсін».** Мұнда екі кісі болса да біреуі имам болып намазды жамағатпен оқудың міндеттілігі туралы айтылған. Намазды олардың имамдыққа ең лайықтысы өткізу керек. Өйткені Имам Муслим Әбу Масғуд әл-Ансаридан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Адамдарға Аллаһтың Кітабынан ең көп оқитыны»⁵, (жаттаған) Құрандары шамалас болса, сүннетті ең жақсы білетіні, сүннеттегі (білімдері) де шамалас болса, бірінші хижрат жасағаны,⁶ егер хижратта да бірдей болса Исламға (бұрын) кіргені имамдыққа өтеді»,** — деген. Ал егер бұл тұрғыда да бір-бірімен шамалас болса, біз қарастырып отырған хадисте айтылғандай, жасы үлкені имамдық етеді. Өйткені шарифат жасы кішінің дәрежесі жоғары болмаған жағдайда, барлық реттілікті талап ететін істерде жасы үлкенді алға шығаруды нұсқайды.

¹ «Әл-Уәсилә» — тек Пайғамбарымызға (ﷺ) арналған жаннаттың ең жоғарғы сатысы.

² Мұнда Аллаһтың құлдарының ең абзалы Мұхаммед (ﷺ) қана иеленетін жоғары дәреже туралы айтылған.

³ Яғни, бұл орынды иемденген адам мақтауға өбден лайықты.

⁴ Бұл дұға имам әл-Бұхари Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте келген.

⁵ Бұл жерде Құранды ең көп жаттаған әрі оның үкімдерін бәрінен жақсы ұстанатын кісі туралы айтылған.

⁶ Яғни, Ислам үшін Меккеден Мәдинаға басқалардан бұрын қоныс аударғаны.

Бұған Пайғамбардың (ﷺ): «*Үлкенге, үлкенге*»¹ деген сөзі дәлел.

Жамағат намаздарында имамға үю қажет. Имам тәкбір айтқан соң тәкбір айтып, рукуғты, сәждені және олардан көтерілуді одан кейін жасау керек. Намаз қимылдарын имаммен қатар немесе одан бұрын жасауға тыйым салынады. Ал рукуғ пен сәждеде және олардан көтерілу кезінде имамнан озып кету намазды бұзатын харам іс саналады. Сондай-ақ жамағат намазында имамнан кейін көп кідіріп барып, ілесуге де тыйым салынған. Жамағат екеу не одан көп болса имамның арқа жағында сап түзегені абзал. Дегенмен имамның оң жағына не екі жағын ала тұруға да рұқсат етіледі. Егер имамнан бөлек бір ғана адам болса, ол имамның оң жағында тұрады. Әйел кісі ер адамның немесе ер адамдардың арқа жағында жалғыз өзі тұрады. Ал егер әйелдер бірнешеу болса, онда ер кісілер сияқты сап түзейді. Ер кісі себепсіз имамның не саптың арқа жағында жалғыз өзі тұрған жағдайда намазы бұзылады. Жамағат намазын өткізуші имам имамдықтың барлық талаптарын сақтап, намаздың әр іс-қимылына ауысардағы тәкбір сөздері мен рукуғтан көтерілердегі «сәмиәллаһу лимән хамидәһ» деген сөзді дауыстап айтуы, Құран сүрелері мен аяттарын дауыстап оқылатын орында дауыстап оқуы², іс-қимылдарда жамағаттан ілгері болуды бақылауда ұстауы және намазды аса созбай жеңіл аяқтауы қажет.

¹ Мұнда имам әл-Бұхари риуаят еткен көлемді хадиске сілтеме жасалған. Онда Сәһл ибн Хасманың (Аллаһ оған разы болсын) айтуынша, Пайғамбардың (ﷺ) алдына үш адам келіп, олардың ең жасы кішісі сөз бастағанда, Аллаһ елшісі (ﷺ): «Үлкенге (жол бер), үлкенге (жол бер)», — деген.

² Бұл жерде таң намазында және шам мен құптан намаздарының алғашқы екі ракағатында Құранды дауыстап оқу туралы айтылған.

3. **«Намаздарыңды менің намаз оқыт жатқанымды көргендерің бойынша оқыңдар».** Бұл Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ сөз жүзіндегі әрі іс жүзіндегі тағылымы. Сол сияқты ол кісі қажылық рәсімдерін орындап жатқан кезінде де адамдарға: **«(Қажылық) рәсімдеріңді менен алыңдар»**, — деп айтқан (Муслим, Ән-Нәсәи).

Бұл сөйлем Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ намаздағы барлық істегендерін, айтқандарын және оған қатысты бұйырғандарын қамтиды. Төменде бұларды жалпылама таратып рет-ретімен көрсетеміз¹:

1. Намаздың алдындағы барлық шарттарды толық орындау;

2. Оқитын намазға іштей ниет етіп, қыблаға қарап намазға тұру;

3. Екі қолды екі иықтың деңгейіне² көтеріп: «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айту;

4. Намазды бастайтын дұғалардың бірін оқу;

Бұған қатысты дұғалар Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ сүннетінде көптеп келген.

5. «Аъзузу билләһи минәш-шайтанир-ражим» деп айту;

6. «Бисмилләһир-Рахмәнир-Рахим» деп айту;

7. «Фатиха» сүресін оқу;

8. Таң намазында ұзындау, шам намазында қысқалау, ал қалған намаздарда орташа қосымша бір сүре (немесе сол мөлшердегі аяттарды) оқу;

¹ Бұл орында қаламгер намаз тәртібін өзі ұстанатын мазһабқа сай бергендіктен ханафи мазһабына қарағанда өзіндік айырмашылығы бар. Бұл мазһабтардың әрқайсысының өз дәлелі бар және бәрі де Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾: «Намаздарыңды менің намаз оқыт жатқанымды көргендерің бойынша оқыңдар» деген сөзіне амал қылған.

² Ханафи мазһабының өкілдері қолдарды құлақтың тұсына дейін көтеру керек деп есептейді (Қараңыз: Алауддин әс-Самарқанди, Тухфат әл-фуқаһа, 1-том, 126-бет).

9. Екі қолды екі иықтың деңгейіне көтере¹ тәкбір айтып, рукуғқа бару;

10. Рукуғқа «субхана раббиәл-азим» деп айту;

Бұл сөзді бір рет айту уәжіп², толық болу үшін кемінде үш рет не одан көп айту керек.

11. Екі қолды екі иықтың тұсына дейін көтере:

«Сәмиәллаһу лимән хамидәһ. Раббәнә уә ләкәл-хамд, хамдән кәсиран таййибән мубаракән фиһ» деп рукуғтан көтерілу; Имамға ұйығандар бұл дұғада «сәмиәллаһу лимән хамидәһ» деген сөздің орнына «Раббәнә уә ләкәл-хамд» деген сөзді айтады.

12. Тәкбір айтып, сәждеге бару;

Сәжде жеті дене мүшесі: екі аяқтың ұшы³, екі тізе, екі алақан және маңдай мен мұрын арқылы жасалады. Осыларды дұрыстап жерге тигізу қажет және ит жатысқа салып екі білекті жерге төсеу керек.

13. Сәждеде «субхана раббиәл-әлә» деп айту;

Мұны да рукуғтағы сияқты бір рет айту уәжіп, толық болу үшін кемінде үш рет не одан көп айту керек.

14. Тәкбір айта сәждеден көтеріліп, оң аяғын тік ұстаған халде сол аяғын төсеп, соның үстіне жамбасын басып отыру; Бұл жағдайда оң аяқтың башпайлары қыблаға қарап тұру керек.

15. Екі сәжденің арасында «Рабби-ғ-фир ли, уархамни, уәһдини, уәрзукни, уәжбурни» деп айту;

16. Әуелгідей екінші сәждеге барып, сосын тәкбір айта орнынан көтеріліп тік тұру;

¹ Ханафи мазһабын ұстанушылар қолды тек намаздың басында, ихрам тәкбірінде ғана көтереді (Қараңыз: Тухфат әл-фуқаһа, 1-том, 132-бет).

² Ханафи мазһабы бойынша бұл сөзді айту Пайғамбардың (ﷺ) өнегесі бойынша орындалатын сүннет амалдар қатарына жатады.

³ Екі аяқтың бармақтары қыблаға қаратылып, жерге тиіп тұрады.

Осымен намаздың бір ракағаты аяқталады, қалған ракағаттар да дәл осы тәртіпте оқылады.

17. Келесі ракағаттың екінші сәждесінен соң, әуелгі ракағаттың сәждесінен кейін отырған сияқты отырып: «Әттәхияту лилләһи уассалауәту уаттайибәт. Әссәләму әләйкә әйюһән-нәбию уә рахматуллаһи уә бәрақәтуһ. Әссәләму әләйнә уә әлә ибадилләһис-салиһиин. Әшһәдә ән лә иләһә илләллаһу, уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһ» (Мағынасы: Сәлемдесулер, дұғалар мен жақсылықтың барлығы Аллаһқа тән¹. О, Пайғамбар! Саған сәлем, Аллаһтың рақымы мен берекеті болсын! Бізге және Аллаһтың ізгі пенделеріне сәлем болғай! Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік беремін және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін) деген ташаһһуд сөздерін айту;

Бұл — бірінші ташаһһудқа отыру. Ал соңғы ташаһһудта болса, жамбасын жерге қойып отырып, сол аяғын оң аяғының астына сұғады².

Егер намаз екі ракағатты болса, ташаһһудтан кейін «Аллаһумма, салли әлә Мухаммәдин, уә әлә әли Мухаммәдин, кәмә салләйтә әлә Ибраһиммә уә әлә әли Ибраһим, иннәкә Хамидун Мәжид. Уә бәрик әлә Мухаммәдин, уә әлә әли Мухаммәдин, кәмә бәрактә әлә Ибраһиммә уә әлә әли Ибраһим, иннәкә Хамидун Мәжид. Аллаһумма, инни әузу бикә мин азаби жаһаннам, уә мин азабил-қабр, уә мин фитнәтил-махйа уәл-мәмәт, уә мин фитнәтил-мәсихид-дәжжәл» (Мағынасы: Уа, Аллаһ! Мұхаммедке және оның

¹ «Сәлемдесулер Аллаһқа тән» дегенде: бұл сөздер Аллаһ тағалаға құрмет ретінде айтылған.

² Ханафи мазһабының өкілдері барлық жағдайда оң аяқты тік ұстаған халде сол аяқты төсеп, соның үстіне жамбасты басып отыру керек деген пікірді ұстанады (Қараңыз Тухфат әл-фуқаһа, 1-том, 137-бет).

отбасына Ибраһимге және Ибраһимның отбасына салауат еткеніңдей салауат ет! Шын мәнінде, Сен мақтауға Лайық, аса Даңқтысың! Сондай-ақ Мұхаммедке және оның отбасына Ибраһимге және Ибраһимның отбасына береке бергеніңдей береке бер!¹ Шын мәнінде, Сен мақтауға Лайық, аса Даңқтысың! Уа, Аллах! Өзіңнен жаһаннам азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлімнің бүлігінен және мәсих-дәжжелдың бүлігінен пана сұраймын!) деп айтады және өзіне ұнаған дұғаларды жасап, сосын сәлем береді. Содан кейін Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ нұсқауы бойынша Аллаһты зікір етеді. Ал егер намаз үш не төрт ракағатты болса, ташаһһудтан кейін орнынан тұрып, «Фатиха» сүресінің жалғыз өзін ғана оқи отырып қалған ракағаттарды орындайды.

Намаз оқушы мұсылман әрбір сәжде мен руқуғты, әрбір қиям мен қағданы және олардағы еңкейіп, көтерілуді асықпай байыппен орындауы тиіс.

Іс жүзінде не сөз жүзінде болсын, тағылым не нұсқау түрінде болсын намазға қатысты Пайғамбардан ﴿ﷺ﴾ жеткен барлық хабар ол кісінің:

«Намаздарыңды менің намаз оқып жатқанымды көргендерің бойынша оқыңдар» деген сөзінің аясына кіреді. Мұсылмандар осыған бұйырылған. Істің міндеттілігі не мустахабтығы дәлел көзіне қарай ажыратылады.

Ал намаздың құрамдас бөліктеріне келсек, ұмыту не білмеу себепті де, әдейі де қалдырып кетуге болмайтын намаз бөліктері «намаз тіректері» деп аталады. Мысалы: ихрам тәкбірі (тәкбиратул-ихрам), «Фатиха» сүресін оқу, соңғы

¹ Бұл жерде «салли» (салауат ет) және «бәрик» (береке бер) деген сөздер әртүрлі мағынаға ие. «Салауат ет» деген — «Оны періштелер арасында мақта» дегенді білдірсе, ал «береке бер» деген сөз — «Оның дәрежесін жоғарылата бер және оған сый-құрмет көрсете түс» дегенді білдіреді.

ташаһһуд, сәлем беру, қиямда тұру, рукуғ, сәжде және олардан көтерілу сияқты іс-қимылдар.

Ұмыту себепті қалып қойса, сәһу сәждесі¹ міндетті болатын бірінші ташаһһудқа отыру, ихрам тәкбірінен басқа тәкбірлер, имам не жеке намаз оқушының «сәмиғаллаһу лимән хамидәһ», барлық намаз оқушының «Раббәнә уә ләкәл-хамд» және «субхана раббиәл-азим», «субхана раббиәл-әһлә», «Рабби-ғ-фир ли» сөздерін өз орындарында бір-бір реттен айтуы сияқты бөліктері «уәжіп» деп аталады².

Бұлардан басқалары намазды толықтыратын мустахаб амалдар, әсіресе, олар намаздың рухы әрі өзегі болып табылады. Бұларға намаздағы жүректің әзірлігі, онда оқылған Құран аяттарына ой жүгірту, қиям мен қағдада (отырыста), рукуғ пен сәждеде орындалатын қосымша амалдар және Аллаһқа бойсұнғандық танытып, Оған жан-тәнімен берілу жатады.

Сондай-ақ Аллаһ елшісі (ﷺ) намаз оқу барысында күлу, сөйлеу, қажетсіз артық қимылдар жасау сияқты әрекеттерге де тыйым салған. Өйткені намаз шарттары мен тіректері және уәжіптері орындалып, оны бұзатын нәрселерге жол бермегенде ғана толық болады. Намазды бұзатын нәрселердің түп-төркіні екі жағдайға; міндеттіні қалдырып кету мен сөйлеп қою сияқты тыйым салынған іске барып тіреледі.

¹ Жаңылысқан жағдайда намаздың соңында жасалатын сәжде.

² Ханафи мазһабында намаздың парыздарын біліп не білмей және уәжіптерін әдейі тастап кетсе намаз бұзылады. Ал уәжіптерді шатасып тастап кетсе, намаз соңында сәһу сәждесін жасайды. «Фатиха» сүресін оқу, сәлем беру ханафи мазһабында уәжіп. Бұл туралы толық мағұлматты фикһ кітаптарынан оқи аласыздар.

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ХАДИС

Аллаһ елшісінің ﷺ басқа Пайғамбарлардан артықшылығы

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: أُعْطِيتُ خَمْسًا لَمْ يُعْطَهُنَّ أَحَدٌ قَبْلِي: نُصِرْتُ بِالرُّعْبِ مَسِيرَةَ شَهْرٍ، وَجُعِلَتْ لِي الْأَرْضُ مَسْجِدًا وَطَهُورًا، فَأَيُّمَا رَجُلٍ مِنْ أُمَّتِي أَدْرَكْتَهُ الصَّلَاةَ فَلْيَصِلْ، وَأَحِلَّتْ لِي الْمَعَانِمُ وَلَمْ تَحِلَّ لِأَحَدٍ قَبْلِي، وَأُعْطِيتُ الشَّفَاعَةَ، وَكَانَ النَّبِيُّ يُبْعَثُ إِلَى قَوْمِهِ خَاصَّةً وَبُعِثْتُ إِلَى النَّاسِ عَامَّةً.

Жәбір ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Маған өзімнен бұрынғы (Пайғамбарлардан) ешкімге нәсіп болмаған бес (нәрсе) берілді: маған бір айлық жолшылықтағы (дұшпандарымның жүрегіне ұялайтын) қорқынышпен жәрдем берілді; жер беті мен үшін сәжде орны және тазаланатын нәрсе етілді¹, үмбетімнен қайбір кісіге намаз (уақыты) келсе, (сол жерде) намаз оқысын; маған бұрын ешкімге халал етілмеген (соғыста қолға түскен) олжа халал етілді; шапағат (ету құқығы) берілді² және (бұрын әрбір) Пайғамбар тек өз қауымына ғана жіберілетін, ал мен барша адамдарға жіберілдім»,* — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Пайғамбарымыз Мұхаммедке ﷺ басқа пайғамбарларға қарағанда көптеген артықшылықтар нәсіп болған. Барлық мақтаулы қасиеттің түп-төркіні пайдалы білімдер

¹ Бұл айтылған барлық мұсылмандарға да тән.

² Қиямет күні Аллаһтың алдында шапағат жасау туралы.

мен дұрыс танымдарға және ізгі амалдарға барып тіреледі. Біздің Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ бұл айтылғандар бойынша ең асқақ, ең абзал әрі ең кемел кісі еді. Сондықтан да Аллаһ тағала құрметті пайғамбарларды сөз ете отырып Пайғамбарымызға ﴿ﷺ﴾: **«Олар Аллаһ тура жолға салғандар. Ендеше солардың тура жолына ілес»**, — деген (Анғам, 90). Мұндағы тура жол — Пайғамбарлардың сыртқы және ішкі қадір-қасиеттері.

Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ өзіне бұйырылғанды толық орындап, барлық жаратылыстан жоғары болды. Аллаһ тағаланың оған Пайғамбарлардың ешқайсысына нәсіп етілмеген ерекше артықшылықтар беруі осының дәлелі. Олардың қатарында мұсылман үмбетіне бар жақсылықты, барлық береке мен пайданы сыйлаған біз қарастырып отырған хадистегі бес артықшылықты атауға болады.

Біріншісі: Пайғамбарымызға ﴿ﷺ﴾ бір айлық жолшылықтағы дұшпандарының жүрегіне ұялайтын қорқынышпен жәрдем берілді. Бұл — Тәңірінің жәрдемі және Аллаһ ол арқылы Өз елшісі мен оның тура жолына ілескен үмбетіне медет беретін аспан әскерлері. Аллаһ елшісінің ﴿ﷺ﴾ бір айлық не одан аз қашықтықтағы дұшпандары үрейде күн кешетін. Аллаһ тағала біреуге жеңіс жәрдемін қаласа, оның дұшпандарының жүрегіне қорқыныш салады. Ұлы Аллаһ: **«(Аллаһ) оларға қатысты ешбір дәлел түсірмеген (пұт-мүсіндерді) Оған ортақ қылғандары үшін көпірлердің жүрегіне үрей ұялатамыз»**, — деген (Әли Имран, 151).

Сондай-ақ Аллаһ мүміндердің жүрегіне күш-қуат, бекемдік, тыныштық әрі жайбарақаттық енгізеді, ал бұл — жеңістің ұлы бастамасы. Аллаһ тағала Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ бен мүміндерге үлкен жеңісті және Өзі нұсқаған ынтымақ-бірлік, сабырлылық, дұшпандық жасаушыларға қарсы шама-

лары жеткенше күш-қуат көздерін әзірлеу т.с.с. себептер арқылы жәрдем көрсететінін уәде етті әрі сол жеңіс жолында медет берді. Мұны Аллаһ тағала Пайғамбарымыздың ﴿﴾ және оның жолына ілескен әділетті халифалар мен ізгі патшалардың тұсында іске асырды. Олар қысқа уақыт ішінде ешкім қол жеткізбеген жеңіс пен зор күш-құдіретке ие болды.

Екіншісі: *«Жер беті мен үшін сәжде орны және тазаланатын нәрсе етілді»*. Пайғамбар ﴿﴾ бұл сөзін: *«Үмбетімнен қайбір кісіге намаз (уақыты) келсе, (сол жерде) намаз оқысын»*, — деп нақтылады. Шарифат тыйым салған орындардан басқа жер бетінің барлық бөлігі мұсылмандар үшін намаз оқуға рұқсат етілетін мешіт болып саналады. Тек шарифат мұсылманның денесі, киімі және намаз оқитын жері таза болуы шарт болғандықтан зиратта, моншада, түйе қотандарында, зорлықпен тартып алынған жерде және таза емес орындарда намаз оқуға тыйым салған¹.

Сол сияқты су табылмаған және оны пайдалану зиян келтіретін жағдайда, мейлі шаң-топырақ не басқа болсын, барлық таза жер қыртысына тәяммум соғуға рұқсат етілген. Бұл туралы осы хадисте анық нұсқау бар. Сонымен қатар Аллаһ тағала: *«...таза (жер) қыртысымен тәяммум қылып, сонымен беттерің мен қолдарыңды сипаңдар»*, — деген (Мәидә, 6). Мұнда топырақ, құм сияқты жер қыртысының барлық түрлері туралы айтылған.

Сонымен бірге бұл аятта бет пен екі қолға тәяммум жасау сумен таһарат алуды алмастыратыны көрсетілген. Ол арқылы кісі сумен таһарат алған кезінде орындай алатын

¹ Көптеген ғұламалар: тартып алған жерде оқылған намаз дұрыс, бірақ, жерді тартып алғаны үшін күнәкар саналады деп есептейді.

намаз оқу, Қағбаны тауап жасау, Құран Кәрімді ұстау т.с.с. барлық амалдарды жүзеге асыра алады. Өйткені шариғат суды пайдалану мүмкін болмаған жағдайда топырақ оның орнына жүретінін бекіткен. Бұл топырақпен тазаланған адам таһараты бұзылмаса, намаз уақытының кіруімен не шығуымен тәяммумы да бұзылмайтынын көрсетеді. Адам нәпіл ғибадатқа ниет етіп тәяммум соқса, ол судың таһараты сияқты парыз ғибадаттарға да жарай береді. Сайып келгенде, оның үкімі себепті жағдайлардың бәрінде де судың үкімінің орнына жүреді.

Үшіншісі: *«Маған бұрын ешкімге халал етілмеген (жорықтан түскен) олжа халал етілді»*. Бұл Пайғамбар (ﷺ) мен оның үмбетінің Аллаһ тағала алдындағы құрметтері, қадір-қасиеттері және кемел ықыластары себепті. Оларға Аллаһ тағала жорықтан түскен олжаны халал етті және жұмсаған күш-қайраттарының сауабынан ешнәрсені кемітпеді. Ислам үмбеті олжалар себепті көптеген ризық-несібелер мен игіліктерге және дін мен дүние істерінде қисапсыз жәрдемге ие болды. Ал бізден бұрынғы үмбеттерге Аллаһ жорықтан олжа иемденуге тыйым салған еді.

Төртіншісі: *«Маған шапағат (ету құқығы) берілді»*. Мұнда үлкен пайғамбарлардың өзінің батылы жетпейтін ұлы шапағат туралы айтылған. Ол үшін соңғы Пайғамбар Мұхаммед (ﷺ) өкілеттік алып, Аллаһ тағала Өз жаратқандарына оның шапағат етуіне рұқсат береді. Сөйтіп Пайғамбарымыз (ﷺ) онда өзін әуелгілер мен соңғылар және аспандар мен жер тұрғындары мадақтайтын мақтаулы орынға ие болады. Сондай-ақ бұл шапағаттан оның үмбеті де зор нәсіп алады. Пайғамбар (ﷺ) оларға өз алдына арнайы шапағат етеді. Ол кісі (ﷺ): *«Барлық пайғамбарлардың қолданып қойған өз дұғалары болған. Ал мен дұғамды*

қиямет күні үмбетіме шапағат ету үшін сақтап қойдым. Оған, Аллаһ қаласа, (үмбетімнен) Аллаһқа ешнәрсені серік қоспай өлгендер ие болады» (Муслим, Ахмад);

«Шын жүрегінен «Лә иләһә илләллаһ» деп айтқандар—қиямет күні менің шапағатым себепті ең бақытты болатын адамдар», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бесіншісі: *«(Бұрын әрбір) Пайғамбар тек өз қауымына ғана жіберілетін, ал мен барша адамдарға жіберілдім».* Бұл Аллаһ елшісі (ﷺ) шарифатының кемелдігі, жалпыға арналғандығы және барлық ізгіліктерді қамтитынына орайі Ислам шарифаты барлық уақытта, барлық орында жүреді және түзулік сол арқылы ғана толық көрініс табады. Ол адамзат үшін ұлы-ұлы негіздерді бекіткен, адамдар оларды ұстанудан таймаса, онда діндерінде де, дүние тіршіліктерінде де ешбір ауытқуға ұшырамайды.

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ХАДИС

Пайғамбардың ﷺ өсиеті

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: أَوْصَانِي خَلِيلِي بِثَلَاثٍ لَا أَدْعُهُنَّ حَتَّى أَمُوتَ: صَوْمِ ثَلَاثَةِ أَيَّامٍ مِنْ كُلِّ شَهْرٍ، وَصَلَاةِ الضُّحَى، وَنَوْمِ عَلَى وَتْرٍ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Ең сүйікті досым¹ маған үш нәрсені өсиет етті, оларды өлгенімше тастамаймын. (Олар): әр айда үш күн ораза тұту, дұха намазы² және үтір намазын оқып ұйықтау», — деген (Әл-Бұхари, Муслим).

Пайғамбардың ﷺ өз үмбетінің бір мүшесіне арнаған өсиеті, егер оның бір адамның жеке басына қатысты екеніне дәлел болмаса, үмбетінің барлығына тиесілі. Хадистегі үш өсиет Аллаһ елшісі ﷺ үзбей орындаған нәпіл намаздар мен оразаларды³ қамтыған.

Ай сайын үш күн ораза тұту жыл бойы ораза тұтқанға тең. Өйткені әрбір ізгі амал дәл сондай он амал болып жазылады. Яғни, бір айдағы үш күндік ораза бір айлық оразаға парапар. Шарифат жеңілдікке негізделген, онда кеңшілік басым. Ал әр айда үш күн ораза тұту Аллаһтан жеңілдік берілген адамдар үшін оңай. Ол адамдарға қиындық келтірмейді және басқа мақсаттарын орындауға да аса

¹ Яғни, Пайғамбар ﷺ.

² Яғни, күн найза бойы көтерілгеннен тал түске жетпеген кезге дейінгі аралықтағы уақыт. Осы уақытта Пайғамбар ﷺ рақағат саны екіден сегізге дейін қосымша «дұха» (сәске) намазын оқуды ұсынған.

³ Пайғамбарымыздың ﷺ осы қосымша намаздарды үзбей оқығандығы және ай сайын үш күн ораза тұтқаны жайлы көптеген хабарлар бар. Ал бұл оларды барлық мұсылмандардың да орындауы керектігін көрсетеді, өйткені, аталмыш намаздар мен оразаның адамға келтірет пайдасы орасан зор.

кедергі жасамайды әрі оның қадір-қасиеті орасан зор. Өйткені пенде Раббысы үшін ерікті түрде барынша пайдалы амалдарды орындаса, ондай амалдың қадір-қасиеті басқаларынан жоғары болады. Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ) шәууәл айының алты күнінде¹, Арафат күні², мухаррам айының тоғызыншы (тәсуъа) және оныншы (ашура) күндерінде³ және әр дүйсенбі мен бейсенбіде нәпіл ораза тұтуға үндегені белгілі.

Сәскедегі дұха намазының қадір-қасиеті туралы көптеген хадистерде келген. Бірақ ғұламалар оны үзбей оқу керек пе әлде ауық-ауық орындаған жөн бе деген мәселеде түрлі пікірлер білдірген. Дұрысы: осы және басқа да хадистер бойынша бұл намазды үзбей орындау үнемі түнгі намаз оқитындардан басқаларға мустахаб саналады. Дегенмен кей кездері орындамаса, оның айыбы жоқ. Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Таңның атуымен әрқайсыңның әрбір буыны⁴ садақа¹ беруі тиіс, әрбір тәсбих** («субхан Аллаһ»

¹ Муслим Әбу Айюбтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыздың (ﷺ): «Рамазанда ораза тұтқан соң шәууәлда да алты күн ораза ұстаған (адам) бір жыл ораза ұстаған сияқты (болады)», — дегені риуаят етілген.

² Арафат күні қажылық міндетін орындап жүргендерден басқалардың бәріне ораза тұту ұсынылады. Ол күнгі тұтылған ораза екі жылдық кіші күнеларды жуады. Аллаһ елшісі (ﷺ): «Арафат күнінің оразасы өткен және келесі жылдың күнеларына өтем болады», — деген (Муслим).

³ Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Рамазаннан кейінгі ең абзал ораза — Аллаһтың мухаррам айындағы (ораза), ал парыз намаздан кейінгі ең абзал намаз — түнгі намаз», — деп айтты», — деген (Муслим).

Сонымен қатар Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ) Ашурада өзі ораза тұтып және (басқаларға да) ораза ұстауды бұйырғанда, (сахабалар) оған: «О, Аллаһтың елшісі! Бұл яһудилер мен христиандардың ұлықтайтын күні ғой», — деді. Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһ қаласа, келесі жылы тоғызыншы күні де ораза тұтамыз», — деген еді. (бірақ) келесі жылы келмей тұрып Аллаһ елшісі (ﷺ) дүние салды», — деп риуаят еткен (Муслим).

⁴ Муслим келтірген осы хадистің басқа нұсқасында адам денесіндегі буындар саны 360-қа тең екені айтылған. Онда Пайғамбарымыз (ﷺ): «Адам үш жүз=

деп айту) — *садақа*², *әрбір тахмид* («әлхамду лилләһ» деп айту) — *садақа, әрбір тәһлил* («лә иләһә илләллаһ» деп айту) — *садақа, әрбір тәкбір* («Аллаһу әкбар» деп айту) — *садақа*, (шариғат) *құптағанға бұйыру* — *садақа*, (ол) *теріске шығарғаннан қайтару* — *садақа және мұның* (бәрін) *сәскедегі екі ракағат намаз алмастыра алады*», — деп хабарлаған (Муслим).

Ғұламалар: «Дұха намазының ракағат саны екіден сегізге дейінгі аралықта, оны күн көкжиектен найза бойы көтерілгеннен бастап, түс ауарға дейін оқуға болады», — деген.

Ал үтір намазы «бекітілген сүннетке» (сунна муаккада)³ жатады. Аллаһ елшісі (ﷺ) бұл намазды тұрғылықты кезінде де, сапарда да үзбей орындаған және басқаларды да оны оқуға үндеген⁴.

Үтір намазының ең аз ракағат саны біреу, ал қалаған адам намаздың соңында бір ғана немесе әр екі ракағаттан кейін сәлем бере он бірге дейінгі тақ санда оқуына болады.

=алпыс мүшеден (буыннан) жаратылған, оның әрқайсысы садақа беруі тиіс», — деген.

¹ Садақа — мұқтаждарға берілетін ерікті жәрдем, қаражат. Бұл үшін шариғат бойынша тиісті сауап жазылады.

² Мұнда және бұдан әрі адамның осындай әрбір амалына садақаға жазылатындай сауап берілетіні туралы айтылған.

³ Аллаһ елшісінің (ﷺ) үзбей орындаған нәпіл амалдары осылай аталады. Әйтсе де ханафи мазһабында үтір намазы уәжіп дәрежесінде және бір тәслимдік* үш ракағаттан тұрады. (Қараңыз: *Бөдәһи-с-санаһь*, 1-том, 271-272-беттер).

* «Тәслим» — намаздың соңындағы «Әссәләму әләйкум уә рахматуллаһ» (сендерге Аллаһтың сәлемі мен рақымы болсын) деп сәлем беру.

⁴ Аллаһ елшісінің (ﷺ) бұл намазды оқуға үндегеніне көптеген дәлелдер бар. Мысалы, Пайғамбар (ﷺ): «Үтірді таң атқанға дейін оқындар»; Ал Муслим Әбу Савид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген риуаятта: «Расында, Аллаһ сендерге тағы бір намазды қосты, оны құптан намазы мен таң намазының арасында оқындар, (ол) — үтір, үтір», — деген. Сондай-ақ бұл туралы Ахмад пен әт-Табарани келтірген хадисте де айтылған.

Үтір намазының уақыты құптан намазынан соң таң атқанға дейін, ал түнде тұруды қалаған адам үшін оны түннің соңғы бөлігінде оқыған абзал. Әйтпесе осы хадисте айтылғандай түннің бас кезінде оқиды.

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Ислам—жеңіл дін

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: إِنَّ الدِّينَ يُسْرٌ وَلَنْ يُشَادَّ الدِّينَ أَحَدًا إِلَّا غَلَبَهُ فَسَدِّدُوا وَقَارِبُوا وَأَبْشِرُوا وَاسْتَعِينُوا بِالْغَدْوَةِ وَالرَّوْحَةِ وَشَيْءٍ مِنَ الدَّلْجَةِ. وَفِي رِوَايَةٍ: وَالْقَصْدَ الْقَصْدَ تَبَلَّغُوا.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Ақиқатында, дін — жеңіл, бірақ кім дінді қиындатса, дін оны жеңеді¹. Ендеше қалыпты дұрыстықты ұстаңдар², жақын барыңдар³ және қуаныңдар⁴, сондай-ақ таңсәріде, кешке және түннің соңғы бөлігінде Аллаһтан жәрдем сұраңдар»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Басқа бір риуаятта Аллаһ елшісі (ﷺ): *«(Мақсаттарыңа) бірте-бірте жетесіңдер»*, — деп айтқан.

Бұл барлық игілік пен пайдалы өсиеттерді және әмбебап негіздерді қамтыған ұлы хадис! Аллаһ елшісі (ﷺ) ең алдымен осындай зор негізді нақтылап: *«Ақиқатында, дін — жеңіл»*, — деді. Яғни, мұсылмандарға ақида, көркем мінезқұлық пен іс-амал мәселелері оңайлатылған. Түп-төркіні

¹ Яғни, өзінің шамасы келмейтінге ұмтылып, әбден қалжырағанша күндіз-түні нәпіл намаз оқу немесе күнде ораза тұту нәтижесінде адам күш-қуатынан айрылып, міндетті амалдарын да орындауға да шамасы жетпейтін жағдайға тап болуы мүмкін.

² Яғни, үнемі орындауға шамаң келмейтін іске ұрынба, орташа қалыпты ұстан.

³ Өркез орындауға шамаң жететін өзіңе ыңғайлы межені табуға ұмтыл.

⁴ Аллаһтың уәде еткен сауабын аламыз деп қуаныңдар.

Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, ақырет күніне және тағдыр мен оның жақсы-жаманына иман келтіруге тірелетін мұсылмандар ақидасы — жүректер тыныш табатын, өзіне ілесушілерді ең ұлы, ең жақсы мақсатқа жеткізетін ақида. Бұл діннің көркем мінез-құлықтары — мінез-құлықтардың ең кемелі, ол үндейтін амалдар — дін мен дүниені әрі ақыреттегі адам жағдайын түзейтін ең игі амалдар. Ол амалдарды орындамау себепті барлық игілік зым-зия жоғалады. Бұл амалдарды орындау да жеңілдетілген, діни міндет жүктелген әрбір адам өзінің оларға шамасы жететінін, қиналмай орындай алатынын көреді. Ислами ақида мәселелері дұрыс әрі күрделі емес, әрбір парасатты және туа бітті қасиеттерін таза сақтаған адам оларды мойындайды, ал ол талап ететін міндет-парыздардың еш қиындығы жоқ.

Бес уақыт намаз. Ол әр тәулікте тиісті уақыттарына сәйкес бес рет қайталанады. Пенделеріне Жұмсақ, бәрінен Хабардар Аллаһ намазды жеңілдету үшін оны жамағатпен мешітте оқуды міндеттеді. Расында да, ғибадаттарды бірлікте жамағатпен орындау оларды ширата әрі оңайлата түседі. Жамағат намаздары дін игіліктері мен иманның түзелуіне септігін тигізеді және дүние-ақыретте Аллаһтың сауап-сыйлығына жеткізеді. Ол әрбір мүмін-мұсылманды бұдан ләззат алып, Аллаһ тағалаға мұны Өз пенделеріне міндеттегені үшін мадақ айтуға мәжбүрлейді. Не дегенмен, мұсылмандарға жамағат намаздарын айналып өту мүмкін емес қажеттілік.

Зекет. Ол тиісті мөлшерде дүние-мүлкі мен қаржысы жоқ кедейлерге міндетті емес. Оны діндері мен мұсылманшылықтарының кемелдігі, байлықтарының арта түсуі және мінез-құлықтарының жақсаруы үшін, сондай-

ақ өздері мен дүние-мүліктерін түрлі апаттардан сақтау, жамандықтардан тазарту, мұқтаждарға жәрдем беру және бүкіл қоғамның мүддесін қамтамасыз ету мақсатында тек бай адамдар ғана береді. Сондағы зекет мөлшері Аллаһ тағала оларға берген мал-дүние мен ризық-несібенің кішкентай бір бөлігі ғана.

Ораза. Мұсылмандарға әр жылы бір ай ораза тұту парыз етілген. Онда бәрі де бірдей күндізгі уақытта ішіп-жеу, жыныстық қатынас сияқты негізгі шақуат талаптарын қанағаттандырудан тыйылады, оның есесіне Аллаһ тағала оларға Өзінің кеңшілігі мен мейірімін сыйлап, діндері мен имандарын толықтайды, кемелдіктерін арттырады, мол-мол сауаптар жазып, бәрін қамтитын игілігіне бөлейді. Раббымыз түп-төркіні барлық игі істерді орындау мен теріске шығарылған әрекеттерден бас тартуға барып тірелетін тақуалыққа жетудің себепшісі қызметін атқаратын басқа да көптеген игіліктерді оразамен байланысты еткен.

Қажылық. Аллаһ оны мүмкіндігі барларға ғана өмірінде бір рет өтеуді парыз еткен. Қажылықты өтеуде діни және дүниелік пайдалар өте көп, оларды санап тауысу мүмкін емес. Аллаһ тағала қажылықтың діни әрі дүниелік пайдаларын ескертіп: **«Олар өздеріне тиесілі пайдаларды көрсін»**, — деген (Хаж, 28).

Негізінен Аллаһ пен Оның пенделерінің құқықтарын сақтауға саятын Исламның басқа заңдары да өте жеңіл. Аллаһ тағала: **«Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды, ауырлық қаламайды»**, — деген (Бақара, 185).

Исламда пенде ауру, сапарда жүру және т.б. әртүрлі кедергілерге тап болса, оған көп жеңілдіктер жасалып, кейбір парыз-міндеттерді орындауды тоқтатуға немесе

олардың бағзы бір сипаттары мен көріністерін тастауға рұқсат етіледі. Бұл жалпыға мәлім мәселе¹.

Егер мұсылман пенделер күндіз бен түнгі уақыттарда жүктелген намаз, ораза, садақа және т.с.с. әр түрлі парыз не нәпіл амалдарға назар аударып, оның бәрінде бүкіл жаратылыстың ең кемел тұлғасы әрі өнегесі Мұхаммедтен ﴿ﷺ﴾ үлгі алуды қаласа, олардың өзі үшін мүлдем қиындығы жоқ екенін және тіршілік істеріне еш кедергі жасамайтынын көреді. Керісінше, бұл амалдарды орындау арқылы құқық атаулының бәрін, атап айтқанда, Аллаһтың, өз жанының, отбасы мүшелері мен дос-жарандарының және тиісті құқығы бар барлық адамдардың құқықтарын оңай сақтай алады. Ал Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ жеткілікті санаған және ол үмбетіне нұсқау берген амалдарды қанағат тұтпай, өз-өзіне қиындатып, ғибадат істерінде шектен шығып кеткен адамнан дін үстем келеді де, ол әлсіреп, амал жасауды мүлдем тоқтатады. Міне, сондықтан Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: «...**бірақ кім дінді қиындатса, дін оны жеңеді**», — деді. Басқаша айтқанда, кімдекім дінді жеңуге тырысып², шектен шықса және орта межені ұстанбаса, дін одан үстем келеді де, ол адам шаршап, кері шегінеді. Осы себепті Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ бірқалыптылықты ұстануды бұйырып:

«(Мақсаттарыңа) **бірте-бірте жетесіңдер**», — деді.

Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ дұрыстықты ұстануды, жақын баруды, игілік туралы қуанышты хабар арқылы жан-дүниелерді күшейтуді және үміт үзбеуді өсиет етті. Дұрыстықты ұстану деген — жөн сөздер айтып, дұрыс амалдар істеу жә-

¹ Мәселен, ауру адамға барлық белгіленген іс-қимылдың кейбірін жасамай, олардан шамасы келетіндерді ғана орындауға, яғни, отырып не жатып намаз оқуға т.с.с. рұқсат етіледі.

² Мұнда шамасынан артық амал жасауға әрекеттену туралы айтылған.

не тура жолға ілесу, яғни, барлық мәселеде қай тұрғыдан болмасын дөп түсу дегенді білдіреді. Егер пенде жан-жақты дұрыстыққа жете алмаса, онда мүмкіндігінше Аллаһтан қорқып, мақсатына жақындай түссін. Яғни, туралыққа жете алмаған адам мақсатына жақындаумен шектелгені жөн. Мұның бәріне күші жетпеген кісі, олардан шамасы келгенін істесін.

Мұнда өте пайдалы бір негіз бар. Оған Аллаһ тағаланың: **«Шамаларың келгенше Аллаһтан қорқындар!»** — деген (Тағабун, 16) және Пайғамбардың (ﷺ): **«Мен сендерге бір істі бұйырған жағдайда, одан шамаларың жеткенін орындаңдар!»**¹ (өл-Бұхари, Муслим) деген сөздері дәлел болады. Аталмыш қағидаға негізделген мәселелер мұнымен шектелмейді. Келесі бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Жеңілдетіңдер, қиындатпаңдар және қуандырыңдар, жек көрсетпеңдер»**², — деген (өл-Бұхари).

Бұдан соң Пайғамбар (ﷺ) хадисті адамдарға өте пайдалы, олардың жандарына жеңіл бір өсиетпен тамамдап: **«... сондай-ақ таң сәріде, кешке және түннің соңғы бөлігінде Аллаһтан жәрдем сұраңдар»**, — деді. Бұл үш уақыт рухани сапардағы алыс-жақын қашықтықты үзіп, жолаушыны да, көлікті де қинамай мақсатқа оңай жеткізетін бірден-бір себеп. Ақырет сапарын бастан өткерудегі, тура жолды ұстанудағы және Аллаһқа көркем жол алып барудағы жалғыз себеп те — осы. Қашан амал жасаушы өз нәпсісін қолға алып, оны тиісті уақыттарда, яғни күндіздің басында әрі аяғында және түнінің бір мерзімінде, әсіресе соңғы бөлігінде игі де ізгі амалдар жасауға мәжбүрлесе, игілікке жә-

¹ Бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

² Хадисті Анас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген.

не басқа да ізгіліктерге кемел дәрежеде қол жеткізе алады. Сондай-ақ ол бақыт пен табысқа әрі құтылуға еш қиналмай абыржусыз жетіп, дүниелік және жеке басының мақсаттарын қоса іске асырады. Бұл мәңгілік бақыттың негізі болып табылатын осы дін арқылы Аллаһтың Өз пенделеріне көрсеткен рақымшылығының үлкен дәлелдерінің бірі. Аллаһ тағала бұл дінді Өз пенделеріне жүктеп, оны елшілері арқылы түсіндірді, оны жеңілдетіп, оларға жан-жақты көмек көрсетті, бұл дінді ұстанушыларға қамқорлық жасап, оларды түрлі кедергілер мен тосқауылдардан сақтады.

Сонымен бұл ұлы хадистен төмендегі қағидалар туындайды:

1. Адамдардың жағдайларына қарай шарифат үкімдерінің жаппай жеңілдетілуі.

2. Шарифат үкімдерін орындау барысында қиындықтың тууы жеңілдік жасалуына әкеледі.

3. **«Мен сендерге бір істі бұйырған жағдайда, одан шамаларың жеткенін орындаңдар!»**

4. Амал жасаушыларды ынталандырып, оларды өз амалдары себепті игілік пен сауапқа жететінімен қуанту.

5. Аллаһқа қарай ұмтылыс жасау тәсілдеріне қатысты бәрін қамтитын әмбебап өсиет. Бұл өсиет барлық нәрсені алмастыра алады, ал онсыз ештеңе мүмкін емес.

Қысқа да нұсқа әрі пайдалы өсиеттер айту қабілеті дарыған тұлға Пайғамбарымызға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Мұсылмандардың бір-біріндегі құқықтары

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: حَقُّ الْمُسْلِمِ عَلَى الْمُسْلِمِ سِتٌّ. قِيلَ: وَمَا هُنَّ يَا رَسُولَ اللَّهِ؟ قَالَ: إِذَا لَقَيْتَهُ فَسَلِّمْ عَلَيْهِ، وَإِذَا دَعَاكَ فَأَجِبْهُ، وَإِذَا اسْتَنْصَحَكَ فَانصَحْ لَهُ، وَإِذَا عَطَسَ فَحَمِدَ اللَّهَ فَشَمِّتْهُ، وَإِذَا مَرِضَ فَعُدُّهُ، وَإِذَا مَاتَ فَاتَّبِعْهُ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде) Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Мұсылманның мұсылмандағы ақысы ал-тау»*, — деді. *«Олар не нәрселер, Уа, Аллаһтың елшісі?»* — деп (сұрағанда), ол: *«Онымен жолықсаң сәлемдес, шақырса жауап қайтар, ақыл-кеңес сұраса кеңес бер, түшкіріп, «әлхамду лилләһ» десе «йархамукаллаһ» деп айт, ауырса көңілін сұра және дүние салса (ақтық сапарға) шығарып сал»*, — деп (жауап берді)», — деген (Муслим).

Мұсылмандарға қатысты осы алты құқықты орындаған адам бұдан басқа міндеттерді де орындауға пейілді болады, ал бұл міндеттер мен құқықтарды орындау Аллаһтың көп игіліктері мен зор сауабына жеткізеді.

1. *«Онымен жолықсаң сәлемдес»*. Расында, сәлем беру өзара сүйіспеншіліктің пайда болуына, сүйіспеншілік иманға, ал иман жаннатқа кіруге себепші болады. Аллаһ елшісінің (ﷺ): *«Жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етейін! Иманға келмей жаннатқа кірмейсіңдер, ал бір-біріңді жақсы көрмей (толық) иман келтірген*

болмайсыңдар. Сендерді оны істесеңдер, араларыңда сүйіспеншілік пайда болатын бір нәрсеге нұсқайын ба? Өзара сәлемді таратыңдар¹»² деген сөзі осыған дәлел (Мұслим).

Яғни, сәлем³ — Исламның артықшылықтарының бірі. Өйткені мұсылмандардың әрбірі өзімен жолыққан бауырына түрлі жамандықтан аман болуын және барлық игілікті әкелетін Аллаһтың мейірімі мен берекесін тілейді. Мұсылмандардың өзара кездескенде бір-біріне жылы шырай танытып, сәлем алмасуы олардың арасында дос пейілдік пен сүйіспеншілік орнауына және жатсыну мен оқшауланудың жойылуына септігін тигізеді.

Сонымен, сәлемдесу мұсылманның міндеті болып табылады. Ал сәлем алған кісі дәл сондай не одан да жақсы сәлемдесумен жауап қайтаруы тиіс. Адамдардың жақсысы — кездескенде бірінші сәлемдескені.

2. **«Шақырса қабыл ал».** Яғни, сені қонаққа шақырса, өзіне құрмет көрсетіп отырған бауырыңның көңілін қалдырмай, зәру себеп болмаса, шақырғанына баруың керек.

3. **«Ақыл-кеңес сұраса кеңес бер».** Яғни, мұсылман бауырың әлдебір іске қатысты ақыл-кеңес сұраса, өзіңе не қаласаң сол нәрсеге кеңес бер. Егер ол іс пайдалы болса, оны ынталандырып, зиянды болған жағдайда одан сақтандыр. Ал егер пайдасы да, зияны да болса, олардың аражігін ажыратып түсіндіріп бер. Егер сенен біреумен қарым-қатынасына не біреуді үйлендіру немесе өзінің үйленуіне қатысты

¹ Мұсылмандардың дәстүрлі сәлемдесуі «Әссәләму әләйкум» (Сендерге амандық болсын) деген сөзден тұрады. Яғни, Пайғамбарымыз (ﷺ) адамдарға өзара сәлемдесуді ғана емес, сонымен қатар, бейбітшілікті, тыныштықты сақтауды және оны мұсылман қауымында таратуды бұйырды.

² Бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

³ Сәлемнің мағынасы: қауіпсіздік, бейбітшілік, тыныштық т.с.с.

кеңес сұраса, ол жағдайды өз басыңнан өткеріп жатқандай шынайы ақыл-кеңес беруге тырыс. Мұндайда ешқандай жымысқылық жасаушы болма, өйткені мұсылмандарды алдаған адам олардың санатында емес, ал ақыл-кеңес беру міндетінен бас тартқаны өз алдына бөлек әңгіме.

Кеңес-насихат сөзсіз міндетті іс. Егер біреу пайдалы пікір есту үмігімен ақыл-кеңес өтінсе, оның міндеті одан сайын арта түседі. Міне, сондықтан да Пайғамбар (ﷺ) бұл мәселені жоғарыда аталған алты құқықтың бірі еткен. Бұл орайда **«Дін — насихат»** деген хадисті талдағанда жан-жақты түсінік берген болатынбыз¹.

4. **«Түшкірін, «әлхамду лилләһ» десе, «йархамукаллаһ» деп айт»**. Мұның себебі, түшкіру Аллаһтың нығметі, өйткені түшкірген кезде денеде тұрып қалған ауа шығып, адам жеңілденіп қалады. Пайғамбар (ﷺ) Аллаһтың осы нығметі үшін түшкірген адамға Аллаһқа мадақ айтуды, ал оның бауырына: «йархамукалләһ» (Аллаһ саған рақым етсін) деп тілек жолдауды міндеттеді және бұған жауап ретінде түшкірген адамның «Йаһдикумуллаһу уә йуслиху бәләкум» (Аллаһ сендерді тура жолға салып, істеріңді реттесін) деп айтуын бұйырды. Әйтсе де, түшкірген адам Аллаһқа мадақ айтпаса, «йархамукаллаһ» деген тілекке құқы жоқ, оны өзінен көрсін. Өйткені ол өзін екі игіліктен: Аллаһ тағалаға мадақ айту мен мұсылман бауырының дұғасы игілігінен құр қалдырады.

5. **«Ауырса көңілін сұра»**. Науқастың көңілін сұрау мұсылманның міндеттерінің бірі. Әсіресе ауырған адам туыс не дос-жаран т.с.с. болса, оның міндеттілігі арта түседі. Бұл ең игі амалдардың қатарына жатады. Сырқаттанып қалған

¹ Үшінші хадиске қараңыз.

мұсылман бауырының көңілін сұрай барған адамға Аллаһ тағаланың мейірімі төгіліп тұрады, ал ол науқастың қасына келіп отырса, мейірім құшағына оранады. Науқастың көңілін таңертең сұрап барған адамға сол күннің кешіне дейін, ал кешке барғанға таң атқанша періштелер игілік тілейді. Сырқат кісінің көңілін сұрай барған адам оған аурудан айығып кетуі үшін шипа тілеп, Аллаһқа дұға қылуы, оны сергітуге әрекет жасауы, әлі-ақ сауығып кететінін айтып көңілін аулауы және Аллаһқа жалбарынып тәубеге келуін ескертіп, пайдалы өсиеттер айтуы тиіс. Алайда науқас адам мұның жиі келіп, ұзақ уақыт бірге отырып мазасын алуын қаламаса, ұзақ отырып қалудың реті жоқ. Өйткені әр нәрсе өз жөнімен болғаны дұрыс.

6. «*Дүние салса* (ақтық сапарға) *шығарып сал*». Өйткені жаназа намазының ішінде болған адамға бір қират¹, ал жерлеуге қатысқанға екі қират сауап жазылады. Жаназаға қатысу — мұсылманның Аллаһ алдындағы және өлген адам мен оның туыстарының алдындағы міндеті.

¹ Қират: көлемді білдіретін сөз. Ол Ухуд тауындай үлкен деген мағынада.

ОТЫЗЫНШЫ ХАДИС

Ізгі амалдар сауабының үздіксіздігі

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: إِذَا مَرَضَ الْعَبْدُ أَوْ سَافَرَ كُتِبَ لَهُ مِثْلُ مَا كَانَ يَعْمَلُ مُقِيمًا صَحِيحًا.

Әбу Мұса Әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Пенде ауырса не сапарда болса, ол үшін тұрғылықты, дені сау кезінде істеп жүрген амалдарындай¹ (сауап) жазылады», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари).*

Пайғамбардың (ﷺ) бұл сөзі мүмін пенделерге деген Аллаһ тағаланың шексіз мейірімінің бірі болып табылады. Мұның мағынасы: адамдарға ауру не сапарда болуы әдетте үнемі үзбей істеп жүрген амалдарын орындауға мүмкіндік бермегенде де ол амалдар оған толығымен жазылады. Өйткені Аллаһ тағалаға аталмыш кедергілер болмағанда, ол адамның осы амалдарды міндетті түрде орындайтындығы аян. Сондықтан ниеттері үшін Аллаһ тағала оларға осы амалдарды шын мәнінде орындаған адамдар үшін берілетін сауапты жазу арқылы оларға ауырғаны, ауру кезінде сабырлық танытқаны және одан артық нәрсе, яғни тағдырына ризашылық білдіріп, Аллаһ тағалаға шүкіршілік айтқаны, Аллаһқа бойсұнып, бағынғаны үшін айрықша сый тарту етеді. Сапарда жүрген адам тұрғылықты кезде жасай бермеуі мүмкін, білім үйреткені, ақыл-кеңес бергені не

¹ Бұл жерде пенденің жайшылықта істеп жүрген, бірақ науқастануы не сапарда болуы себепті орындай алмай қалған игі амалдары туралы айтылған.

біреулерге діни және дүниелік істерде ненің пайда әкелетінін түсіндіргені сияқты амалдары үшін, әсіресе қажылық, умра немесе сондай игі мақсаттағы сапарлары үшін өз алдына сыйлық алады.

Бұл хадисте егер біреу Аллаһ тағалаға құлшылықты толық орындауды ниет еткенімен оны толық орындауына мүмкіндігі болмаса, оның амалдары толық саналады. Өйткені мүмкіндіктің болмауы ауру түрі сияқты ғибадат кемшіліктерінің орнын толтырады, мұның барлығын Аллаһ жақсы біледі.

Қандай да бір игі амал жасауды ниет еткен, бірақ одан да жақсырақ не соған ұқсас бір іспен айналысып, екеуін бірдей орындауға мүмкіндігі болмаған адам ниет еткенімен істей алмай қалған амалы үшін және оның орнына істеген амалы үшін де орасан зор сыйға ие болады. Аллаһ тағаланың мейірімі шексіз!

ОТЫЗ БІРІНШІ ХАДИС

Жаназаны тез жүргізу

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: أَسْرِعُوا بِالْجِنَازَةِ، فَإِنَّ تَكَّ صَالِحَةٌ فَخَيْرٌ تَقْدُمُونَهَا إِلَيْهِ، وَإِنْ تَكَّ سَوَى ذَلِكَ فَشَرٌّ تَضَعُونَهُ عَنْ رِقَابِكُمْ.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мәйітті апарарда асығыңдар, өйткені ол ізгі болса, оны жақсылыққа алып барасыңдар, егер ондай болмаса, мойындарыңнан жаманды (тез) түсіресіңдер»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис бірнеше негізгі және жанама мәселелерді қамтыған. Аллаһ елшісінің (ﷺ): *«Мәйітті апарарда асығыңдар...»* деген сөзі—оны жууды, кәбіндеуді, бейітке апаруды, көмуді және өлген кісіні ақтық сапарға шығарып салумен байланысты барлық істерді тез атқару керектігін білдіреді. Сол үшін де бұл шаралар кейбіреулер орындаса жеткілікті саналатын парыз кифая ретінде белгіленген. Дегенмен кешіктіру пайдалы болған жағдайларда асықпауға рұқсат етіледі. Мәселен, адам кенеттен өлген жағдайда, ол шын мәнінде өлді ме әлде бір ауру әсерінен есінен танып жатыр ма көз жеткізу үшін жерлеуді кідірте тұру қажет. Жаназа намазына адамдар көбірек жиналуы немесе өмірден өткен кісінің туған-туыстары марқұмды ақтық сапарға шығарып салу рәсімдеріне қатысуы үшін тоқтата тұруға болады. Ал Пайғамбардың (ﷺ) жаназаны тез жүргізу туралы айтқан сөзі дүниеден өткен адамның не тірілердің мүддесіне бағытталған. Яғни, марқұм жақсы адам болса, оны

табытта жатқанынан әлдеқайда жақсы, өзін күтіп тұрған игіліктерге тезірек жеткізу, ал егер жаман адам болса, одан тезірек құтылу үшін.

Ендеше мәйітті жерлеу рәсімдерін тездетуге бұйрық берілген болса, онда марқұмның мойнындағы қарыздар мен міндеттерін өтеуді¹ де жылдамдату қажет, өйткені дүниеден өткен адам бәрінен де осыған аса мұқтаж.

Пайғамбардың (ﷺ) бұл сөзі мұсылманды діндегі бауырына қатысты істерге, оның тірі кезінде де, дүниеден өткен соң да, көңіл бөлуге және оның діні мен дүние тіршілігіне пайда келтіретін нәрселерге асығуға үндейді. Аллаһ елшісі (ﷺ) жамандық атаулымен байланыстының бәрінен және Аллаһтың тыйымын сақтамай жүрген адамдардан, әсіресе, олармен тікелей араласуға тура келген жағдайларда алыс болуға, тезірек құтылуға нұсқайды.

Бұл хадис өлгеннен кейін қиямет күніне дейінгі кезеңде адамды барзах өмірінде рақат не азап күтетінін растайды. Бұған қатысты Пайғамбардың (ﷺ) көптеген сөздері бар. Бұл кезең марқұмды қабірге қойып, жерлеп болған кезден басталады. Сондықтан шарифат бойынша жерлеп болған соң, марқұмның қабірі басында біраз тұрып, оған дұға қылған, Аллаһ тағаладан оны кешіруін өтініп, оны бекем етуін² сұраған дұрыс.

Адамдар бұл хадистен барзах өміріндегі рақат не азапқа себеп болатын амалдар жайлы түсінгені абзал. Яғни, рақатқа ізгілік себеп болады, өйткені Пайғамбар (ﷺ): «...ол ізгі болса...», — деді. Ізгілік — Аллаһқа және

¹ Бұл жерде мәселен, марқұмға аманатқа тапсырылған нәрселерді иелеріне қайтару туралы айтылған.

² Яғни, екі періште келіп оның дініне қатысты сұрақ бергенде, Аллаһ тағаланың оған жәрдем беруін сұрап жалбарыну.

Оның елшісіне иман келтіру мен бойсұнуды және Олардың сөздеріне сенуді, бұйрықтарын орындау мен тыйым салғандарынан бас тартуды қамтитын көп мағыналы ұғым. Ал азаптың себепшісі — діннің ақиқаттығына күмәндану не тыйым салынған харамдарды істеу немесе парыз-міндеттерді орындамау түріндегі ізгілікпен сыйыспайтын нәрселер. Хадистер мен басқа да хабарларда келген себептердің барлығының түп-төркіні осыған тіреледі. Аллаһ тағаланың: **«Оған өтірік санап, жалтарған ең сорлы ғана кіреді»**, — дегені (Ләйл, 15-16) Құран мен сүннеттегі хабарларды жалған санап, екеуінде келген бұйрықтардан бет бұрғандар туралы айтылған.

ОТЫЗ ЕКІНШІ ХАДИС

Дүние-мүліктің қандай мөлшерінен зекет төленеді

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْاقٍ صَدَقَةٌ، وَلَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْسُقٍ صَدَقَةٌ.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «Пайғамбар (ﷺ): **Бес уқиядан¹ аз (күміске) зекет берілмейді, бестен аз түйеге зекет берілмейді және бес уасқтан² аз (өнімге) садақа берілмейді**», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис зекет төленуі тиіс дәнді дақылдар, құрма және малдың үш түлігі, ақша және сауда тауарлары сияқты дүние-мүліктің негізгі түрлерінің ең аз мөлшерін көрсетеді.

Дәнді дақылдар мен құрманың хадисте айтылған зекет төленуі тиіс ең аз мөлшері — бес уасққа тең, бұдан аз болса зекет алынбайды. Бір уасқ — Пайғамбар (ﷺ) заманындағы³ алпыс саъға⁴ тең. Демек, бес уасқ үш жүз саъға тең болады. Осыған орай егінінен немесе құрма бағынан бес не одан көп уасқ өнім жинаған адам суармалы жерден алынған өнімнің жиырмадан бір бөлігін, қолдан суарылмайтын жер өнімінің оннан бір бөлігін зекетке беруге міндетті.

¹ Уқия — 37-44 граммға тең салмақ өлшемі.

² Бір уасқ — 252-342 литр немесе 194,3 келі бидайға тең.

³ Өр мезгілде және түрлі мұсылман елдерінде салмақ, көлем және ұзындық өлшемдері бірдей аталғанымен бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін.

⁴ Бір саъ күріш есебімен 2,04 келіге тең.

Малдан алынатын зекетке келсек, малы бес түйеден аз адам мүлдем зекет төлемейді. Беске жетсе, зекетке бір қой беріледі, сол сияқты түйелерінің саны жиырма бестен кем болса, әр бес түйе үшін бір қой алынады. Егер түйе саны жиырма беске жетсе, бір жасар, отыз алтыға жетсе, екі жасар, қырық алтыға жетсе, үш жасар, алпыс бірге жетсе, төрт жасар бір ұрғашы түйе, жетпіс алтыға жетсе, екі жасар екі ұрғашы түйе, тоқсан бірге жетсе, үш жасар екі ұрғашы түйе беріледі.

Сиыр басы отызға жетсе, бір жасар ұрғашы не еркек бұзау, қырыққа жетсе, екі жасар бір тана беріледі. Одан асса, әрбір отыз сиырдан бір жасар бір бұзау және әрбір қырық басынан екі жасар бір тана алынады.

Қой саны қырыққа жеткенде, бір қой, жүз жиырма бірге жетсе, екі қой, екі жүз бірге жетсе, үш қой, одан асса, әр жүзден бір қой зекет береді және әр жүздіктен бір-бір қойдан алып болғаннан кейінгі қой саны жүзге толмай қалса, мысалы үш жүз елу қой болса, үш жүздің үстіндегі елу қойдан зекет төленбейді.

Сондай-ақ жылқы, есек, қашыр сияқты малдың басқа түрлерінен, егер олар сатуға арналған болмаса, зекет алынбайды¹.

Ал ақшаның мөлшеріне келер болсақ, оның зекеті бес уқия күміске жеткеннен бастап алынады. Мұндағы бір уқия — қырық дирхамға тең. Егер сома екі жүз дирхамға жетсе, қырықтан бірі² зекетке беріледі. Бұл айтылған сөз табыс табу мақсатымен алып-сатуға арналған тауарларға да қатысты. Олардың зекеті жыл аяғында ақшаға шағылып,

¹ Имам Әбу Ханифа мұндай малдардан зекет беру керек десе, Әбу Юсуф пен Мұхаммед ибн Хасан міндетті емес деп есептеген (Қараңыз: *әл-Һидая*, 1-том, 108-бет).

² Яғни, 2,5 пайызы. Демек, екі жүз дирхамның зекеті бес дирхам болады.

қырықтан бірі беріледі. Сол сияқты дөнді дақылдар мен құрмадан басқа барлық зекет түрлері жыл толған соң ажыратылады. Астық пен құрманың зекеті өнім жинап алынған соң беріледі. Өйткені Аллаһ тағала: **«Оның ақысын жиып алған күні беріңдер»**, — деген (Анғам, 141).

Зекет төленуі тиіс дүние-мүлік түрлері осылар. Ал зекет малы жұмсалатын орындарға қатысты Аллаһ тағала: **«Расында садақалар¹ Аллаһ тарапынан болған парыз ретінде пақырларға², міскіндерге³, оған қызмет етушілерге⁴, жүректері (Исламға) жібітілетіндерге⁵, құл азат етуге, қарыздарларға, Аллаһ жолына⁶ және жолда қалғандарға⁷ (беріледі)⁸. Аллаһ бәрін Білуші, аса Дана»**, — деген (Тәубе, 60).

¹ Бұл жерде парыз зекеттер туралы айтылған.

² Қолында ештеңесі немесе үйінде күндік азығы жоқтарға.

³ Тапқан-таянғаны өзіне және отбасына жетпейтін кембағалдарға.

⁴ Садақаны жинап, үлестірушілерге. Бұлар бай болса да зекеттен алуға ақысы бар.

⁵ Бұл жерде Пайғамбарымыз (ﷺ) дінге кіргендерін қалап, оларға Исламды жақсы көрсету мақсатында зекет малынан берген кәпірлер туралы айтылған. Әйтсе де, кейіннен Ислам діні күшейгеннен кейін, Әбу Бәкірдің (Аллаһ оған разы болсын) халифалығы тұсында сахабалардың бірауызды келісімімен бұл үкім мансұқ етіліп (үкімі жойылып), алынып тасталған.

⁶ Мұнда бәрінен бұрын, жорыққа қатысушылар туралы айтылған.

⁷ Яғни, еліне жете алмай қалған жолаушыларға.

⁸ Пітір садақасын да осы айтылғандарға беру керек.

ОТЫЗ ҮШІНШІ ХАДИС

Арлылық, қанағат және сабырлылық

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: وَمَنْ يَسْتَعْفِفْ يُعِفَّهُ اللَّهُ، وَمَنْ يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ، وَمَنْ يَتَصَبَّرْ يُصَبِّرْهُ اللَّهُ، وَمَا أُعْطِيَ أَحَدٌ عَطَاءً خَيْرًا وَأَوْسَعَ مِنَ الصَّبْرِ.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Кім (сұраудан) арланса, Аллаһ оның арын сақтайды¹, кім қанағат етсе², Аллаһ оны мұқтаждықтан құтқарады, ал кім сабырлылық танытса, Аллаһ оған сабыр береді. Ешкім сабырдан жақсы және (одан) үлкен сый алған емес», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Бұл хадис көп мағыналы әрі пайдалы төрт сөйлемнен тұрады.

Біріншісі: *«Кім (сұраудан) арланса, Аллаһ оның арын сақтайды».*

Екіншісі: *«Кім қанағат етсе, Аллаһ оны мұқтаждықтан құтқарады».*

Бұл екі сөйлем мағыналары жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты. Өйткені пенденің кемелдігі — оның үміт пен қорқудағы және адамдарға тәуелді болмай, тек қана Аллаһпен байланысын сақтаудағы шын ықыласында. Сондықтан мұсылман Аллаһ тағаланың нағыз құлы болуы

¹ Оған ешкімнен сұрамайтын жағдай қалыптастырады.

² Яғни, Аллаһтың өзіне бергеніне.

әрі адамдарға деген бағыныштылықтан құтылуы үшін осы кемелдікке ұмтылып, оған жеткізетін барлық себептерді пайдалануы қажет. Бұған нәпсіні бірін-бірі толықтыратын екі нәрсеге жүгіндіру арқылы жетуге болады:

1. Олардың қолындағыдан дәметпеу арқылы адамдарға тәуелді болудан бас тарту. Яғни, ешкімнен тікелей де, тұспалдап та¹ ешнәрсе өтінбеу. Сондықтан да Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ) маған бір нәрсе берген кезде: «Бұны менен гөрі мұқтажға бер» десем, ол: «Мұны ал, өзің ұмтылмай, сұрамай бұл мал-мүліктен бір нәрсе бұйырса, оны ал. Ал (ешнәрсе бұйырмаса), оған қатысты нәпсіңе жол берме», — дейтін», — деп айтқанын естідім», — деген (әл-Бұхари, Муслим және басқалар).*

Демек, адамдардың міндетсінуінен және оларға тәуелді болудан арланып, жүректің дәметуі мен ауызша өтініш айтудан бас тарту арлылыққа жету үшін ең ықпалды себеп болып табылады.

2. Аллаһтың бергенін қанағат тұтып, қажеттіні Оның Өзі жеткізетініне сенімді болу. Расында кім Аллаһ тағалаға тәуекел етсе, Аллаһ оған жеткілікті болады. Көзделген мақсат — осы. Ал арлылық — көзделген мақсатқа жетудің тәсілі. Яғни, кімде-кім адамдардың қолындағыға және олардан алатынына дәме артпаса, бұл міндетті түрде оның Аллаһпен байланысын әрі Оның кеңшілігі мен игілігіне үміт артып, дәмеленуін күшейте түседі және пенде өз Раббысы жайында жақсы ойлап, Оған сене бастайды. Ал Аллаһ тағала Өзін пенде қалай ойласа, оған қатысты Сондай бо-

¹ Мәселен, өзінің қиын жағдайын айтып шағыну немесе түр-әлпетімен мұқтаж екенін сездіру т.с.с.

лады. Егер пенде Аллаһ туралы жақсылық ойласа, жақсылық, егер басқаша ойласа, сол ойлағанын алады. Біз қарастырған бұл екі іс бірін-бірі күшейтіп, бекіте түседі. Сондықтан пенденің Аллаһпен байланысы күшейген сайын, оның адамдарға деген тәуелділігі әлсірей береді және керісінше.

Пайғамбар (ﷺ) Аллаһ тағалаға: **«Уа, Аллаһ! Өзіңнен тура жол мен тақуалық, арлылық пен бақ-дәулет сұраймын»**, — деп жалбарынып, дұға қылатын¹ (Муслим). Аллаһ елшісі (ﷺ) бұл дұғада игіліктің барлығын қамтыған, мұндағы «тура жол» — пайдалы білім, «тақуалық» — ізгі амалдар мен барлық тыйым салынғандардан бас тарту. Ал бұл діннің туралығы. Діннің туралығын жүректің туралығы мен тыныштығы толықтырады. Жүрек тыныштығы адамдарға алақан жаюға арлану және Аллаһтан басқа ешкімге мұқтаж болмау нәтижесінде жүзеге асады. Кімде-кім Аллаһтан басқа ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж болмаса, дүниесі аз болғанына қарамастан шын мәніндегі бай-дәулетті адам сол болмақ. Байлық дүние-мүліктің көптігімен өлшенбейді, нағыз байлық — жүрек байлығы. Осы арлылық пен жан байлығы арқылы пенде игілікті өмірге, дүниелік нығметтерге және Аллаһтың бергеніне қанағат етуге қол жеткізеді.

Үшіншісі: «...ал кім сабырлылық танытса, Аллаһ оған сабыр береді». Сонан соң Пайғамбар (ﷺ) егер Аллаһ тағала Өз пендесіне сабыр берсе, онда бұл ең жақсы, ең жомарт және ең ұлы сыйлық әрі пенденің барлық іс-амалында жәрдем болатынын білдірді. Аллаһ тағала: **«Сабыр және намазбен жәрдем тілендер»**, — деген (Бақара, 45). Бұл жерде

¹ Бұл хадис Абдуллаһ ибн Масғұдтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

барлық іс-амалдарда Аллаһтан сабыр мен намаз арқылы жәрдем тілеу туралы айтылған.

Ал сабырлылық туралы айтсақ, оны қалыптастыру үшін басқа да кез келген ұлағатты қасиеттерді орнықтырудағыдай, пенде өз нәпсісімен күресіп, осыған машықтандыруы қажет. Міне, сондықтан да Аллаһ елшісі (ﷺ) «...кім сабырлылық танытса...», — деді. Мұндағы «сабырлылық танытса» деген сөз сабырлы болу үшін өз нәпсісімен күресуге қатысты айтылған. Яғни, осылай еткен жағдайда Пайғамбар (ﷺ) айтқандай: **«Аллаһ оған сабыр береді»**, жәрдем көрсетеді. Шын мәнінде, сабыр — сыйлықтардың ең үлкені, өйткені ол пенденің барлық іс-амалдарына және кемелдік қасиеттеріне байланысты болып келеді. Пенде барлық жағдайда Аллаһқа бойсұну міндеттерін орындау, Аллаһқа қарсы келуден бас тарту жолында және өзіне қайғы-қасірет әкелген Аллаһтың жазмыштарына шыдамдылық танытып, наразылық білдірмеу үшін сабырға мұқтаж. Сондай-ақ Аллаһ тағала Өз игілігін көрсетіп, пендеге жаны сүйетін нәрселерді бұйыртқан кездерде Аллаһқа шүкіршілік етудің орнына еліре-есіріп, орынсыз масайрауға жол бермеу үшін де сабырлылық аса қажет-ақ. Ендеше адам баласы сабырға барлық уақытта мұқтаж және ол сабырлылық арқылы табысқа жете алады. Сондықтан Аллаһ тағала кімдердің жаннатқа лайықты екені туралы айта келіп:

«Олар Ғадын атты жаннатқа кіреді. Аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, олар да кіреді. Періштелер оларға әр есіктен кіріп: «Сабыр еткендерің үшін сендерге (Аллаһтың) сәлемі болсын! Соңғы жұрт қандай жақсы!» (— деп айтады)» (Рағыз, 23-24);

«Міне, солар сабыр еткендері себепті жоғары орындағы сыйлыққа бөленеді», — деген (Фурқан, 75).

Яғни, олар сабырлылығы себепті жаннатқа кіріп, оның игіліктерін көреді және онда жоғары дәрежелерге ие болады.

Пенде Аллаһ тағаладан немен аяқталары белгісіз сынақтардан сақтауын сұрауы керек, ал нендей бір жағдайларға тап бола қалса, сабыр сақтауы тиіс. Түрлі қиындықтар мен сынақтардан құтылуға әрекет жасау — өз-өзінен түсінікті табиғи нәрсе, бірақ адам баласы қандай да бір қайғы-қасіретке душар болса, сабырлық танытуы қажет, ал жәрдем беруші Аллаһ тағаланың Өзі ғана.

Аллаһ тағала кітабы және елшісі арқылы сабырлыларға жоғары дәрежелі үлкен сыйлықтар уәде етті. Қүдірет Иесі оларға барлық істерінде жәрдем көрсетуге, қамқорлық жасауға, сәттілік беруге, оларды туралыққа бағыттауға, жақсы көретініне, жүректері мен табандарын берік етуге, тыныштық, жайбарақаттық сыйлауға, олар үшін бойсұну міндеттерін жеңілдетуге, оларды қарсы келуден сақтауға әрі игіліктері мен мейірім-шапағаты және қиын-қыстау сағаттарда тура жол сілтеу арқылы оларға кеңшілік көрсететініне уәде берді. Аллаһ тағала оларды пәни дүниеде әрі ақыретте ең жоғары орындарға көтереді. Сондай-ақ Жомарт Аллаһ оларға Өз қолдауын, олар үшін жеңілдік жолын оңайлатып, қиындық жолын аулақтататынын, оларды бақытқа, табысқа және есендікке жеткізетінін, сыйлықтарын есепсіз беретінін, олардың айрылып қалғандарын осы дүниенің өзінде-ақ әлдеқайда көп әрі артық етіп қайтаратынын және бастан кешкен қиындықтары үшін берілер сыйлықтың нешеме есе көп болатынын уәде етті. Демек, сабырлық — бастамасы

ауыр, аяқталуы жеңіл де жағымды болатын қасиет. Бұл туралы ақын:

«Сабырлылық затынан ащы дәмді сезерсің,
Бірақ ақыр соңында балдан тәтті жемістерін терерсің», —
деген.

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ХАДИС

Садақа, кешірім және кішіпейілдіктің әсері

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَا نَقَصَتْ صَدَقَةٌ مِنْ مَالٍ، وَمَا زَادَ اللَّهُ عَبْدًا بِعَفْوٍ إِلَّا عِزًّا. وَمَا تَوَاضَعَ أَحَدٌ لِلَّهِ إِلَّا رَفَعَهُ اللَّهُ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Садақа мал-дүниені кемітпейді¹, Аллаһ кешірімшіл құлына ізет-құрметтен басқа ешнәрсе үстемейді², ал біреу Аллаһ үшін кішіпейілдік танытса, Аллаһ оны тек қана жоғарылатады», — деп айтты», — деген (Муслим).*

Бұл хадис садақа мен кешірімшіл болудың және кішіпейілдіктің қадір-қасиеті әрі бұлардың дүние мен ақыретте беретін жемістері туралы баяндаған. Ол садақа мал-дүниені азайтады, кешірімшіл болу ізет-құрметпен, ал кішіпейілдік кісілікпен сыйыспайды деген түсініктің қате әрі жалған екенін дәлелдейді.

Садақа мал-дүниені кемітпейді, тіпті, бір жағынан азайтады деп түспалдағанның өзінде де, екінші бір жақтардан оны көбейте түсетінін ұмытпау керек. Өйткені садақа дүние-байлыққа береке дарытады, одан түрлі зиян-залалды аулақтатып, оның өсуіне себін тигізеді және садақа берген адамның басқаларға нәсіп болмайтын артықша ризық-несібе алуына мүмкіндігін ашады. Ендеше дүние-байлық-

¹ Яғни, кедей-міскінге жәрдем көрсетуші адам Аллаһтың игілігіне қол жеткізіп, осы дүниеде-ақ жұмсағанының қарымтасын алады не мәңгілік өмірде Аллаһ тағаланың сыйына ие болады.

² Бұл жерде мұндай адам бұл дүниеде абырой-даңққа бөленетіні не ақыретте жоғары дәреже иемденетіні туралы айтылған.

тың азғантай ғана бөлігінің кемігені осындай ұлы жемістермен салыстыруға тұра ма?

Аллаһ үшін берілген садақа дүние-байлықты ешуақытта кемітпейтініне Аллаһ елшісінің ﴿ﷺ﴾ сөзі ғана емес, жалпыға белгілі нәтижелер де дәлел болады. Одан бөлек Аллаһ тағала садақа берушіге мол сый-сауап өрі игілік пен жоғары дәреже өзірлеген.

Ал сөзімен не іс-әрекетімен жамандық жасаған адамдардың кінәсін кешіре білу туралы айтсақ, ол адамның абыройын төмендетеді деп ойлау қате пікір. Керісінше, кешіре білу адамның абыройын асырады, өйткені өз қарсыласы не дұшпанына күші жете тұра ізеттілік көрсету Аллаһ алдында да, адамдардың ортасында да жоғары мәртебеге жеткізеді. Кешірімшіл жан адамдарда игі әсер қалдырып, олардың мақтауына ие болады, дұшпандары досқа айналады, жұрт оған жақсы көзқараста қарап, оған қарсыласына қарсы сөзбен де, іспен де жәрдем көрсетеді. Ал Аллаһ тағала оған іс-әрекетіне сай қатынас жасап, Өз пенделерін кешірген адамға кешірім жасайды.

Сол сияқты Аллаһқа және Оның құлдарына кішіпейілдік танытқан адамның да Аллаһ тағала дәрежелерін көтереді. Бұл туралы Құран Кәрімде: **«Аллаһ сендерден иман келтіргендердің және білім берілгендердің дәрежелерін көтереді»** деп айтылған (Мужәдәлә, 11).

Кішіпейілділік — білім мен иманның ең басты жемістерінің бірі. Өйткені ол ақиқатқа толық бағынуды және Аллаһ пен Оның елшісінің бұйрықтарына бойсұнуды білдіреді. Бұл бұйрықтарды орындау мен тыйым салынғандардан қашықтауды білдіріп қана қоймай, Аллаһтың пенделеріне, олардың үлкен-кішісіне, беделді-қарапайымына бірдей кішіпейілдік танытуды да қамтиды. Кішіпейілділіктің қа-

рама-қарсысы — тәкаппарлық, ол өзгелердің құқына қырын қарау мен адамдарды кемсітуде көрініс табады.

Садақа, кешірімділік және кішіпейілділік, міне, бұл үш қасиет игілік істеушілердің¹ сипаттарына жетуде алғышарт ретінде жүреді. Өйткені садақа беруші адам өз байлығымен мұқтаждардың қажетін өтеу арқылы, ал кешірімшіл жан адамдардың жамандықтарын кешіру арқылы, кішіпейіл кісі болса, жұрттың қылығына төзімділік танытып, барлық адамдарға көркем мінез-құлық көрсету арқылы игілік істейді. Халыққа көркем мінез-құлықтары және жақсылықтарымен кеңпейілдік танытқан мұндай кісілердің Аллаһ дәрежелерін көтереді, олар пенделердің арасында беделді мәртебеге ие болады және Аллаһ тағала оларға көптеген сыйлықтар өзірлеген.

Пайғамбардың (ﷺ): *«...ал біреу Аллаһ үшін кішіпейілдік танытса...»* деген сөзі пенде кішіпейілдігінде ізгі мақсат пен Аллаһ үшін шын ықылас таныту қажеттігін көрсетеді. Өйткені көп адамдар өздерінің дүниелік мүддесіне жету мақсатында билігі мен байлығы барлардың алдында ғана немесе сырт көзге рия үшін кішіпейіл көрінеді. Бірақ мұның бәрі де жарамсыз мақсаттар, пендеге Аллаһқа жақындық әрі Оның сауабын іздеген және адамдарға жақсылық жасауға бағытталған шын ықыласты кішіпейілдік қана пайда бере алады. Игіліктің кемелдігі мен тыныс-тіршілігі — Аллаһқа деген шын ықылас.

¹ «Игілік істеушілер» араб тіліндегі «мухсинуна» деген сөздің баламасы. Бұл сөз «игілік істеу», «жақсылық жасау» мағынасындағы «ахсана» деген етістіктен алынған. Бұл етістіктен туындаған тағы бір «шын ықылас», «адалдық» мағынасындағы «ихсан» сөзі — игі істерді сырт көзге рия үшін істеуге қарама-қарсы ұғым. Омар ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен белгілі хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Ихсан дегеніміз — Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық етуін, ал егер Оны көріп тұрғандай бола алмасаң, Ол сені көріп тұрғанын (есінде ұста)», — деген.

ОТЫЗ БЕСІНШІ ХАДИС

Оразаның сыйлығы

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: كُلُّ عَمَلٍ ابْنِ آدَمَ يُضَاعَفُ، الْحَسَنَةُ بِعَشْرِ أَمْثَالِهَا إِلَى سَبْعِمِائَةِ ضِعْفٍ. قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: إِلَّا الصَّوْمَ، فَإِنَّهُ لِي وَأَنَا أَجْزِي بِهِ، يَدْعُ شَهْوَتَهُ وَطَعَامَهُ مِنْ أَجْلِي. لِلصَّائِمِ فَرْحَتَانِ فَرْحَةٌ عِنْدَ فِطْرِهِ، وَفَرْحَةٌ عِنْدَ لِقَاءِ رَبِّهِ. وَلِخُلُوفٍ فَمِ الصَّائِمِ أَطْيَبُ عِنْدَ اللَّهِ مِنْ رِيحِ الْمِسْكِ.

وَفِي رِوَايَةٍ: وَالصَّيَامُ جُنَّةٌ وَإِذَا كَانَ يَوْمٌ صَوْمٍ أَحَدِكُمْ فَلَا يَزِفْتُ وَلَا يَضْحَبُ فَإِنْ سَابَهُ أَحَدٌ أَوْ قَاتَلَهُ فَلْيَقُلْ إِنِّي امْرُؤٌ صَائِمٌ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Адам баласының барлық амалы еселенеді, жақсы амал дәл сондай оннан жеті жүз есеге дейін (көбейеді)¹. Аллаһ тағала: «Оразадан басқа... Ол Мен үшін және оның сыйын Өзім беремін², (өйткені пенде) Мен үшін шақуат қалауы мен тамағынан тыйылады³», — деді. Ораза тұтушы бөленетін екі қуаныш бар: аузын ашқан кездегі қуаныш және Раббысымен жолыққан кездегі қуаныш. Ораза тұтушының аузының иісі Аллаһтың алдында мисктің иісінен де жағымдырақ», — деп айтты», — деген.

¹ Яғни, адамға істеген әрбір игі амалы үшін ең кемі дәл сондай он амалдың сауабы жазылады және оның әрқайсысы үшін Аллаһ тағаладан тиісті сыйлығын алады.

² Құлшылық-ғибадаттың кез келген түрін Аллаһ үшін орындау керек, ал оразаның жөні бөлек, өйткені, мұнда пенденің шын мәнінде ораза тұтқан-тұтпағаны Аллаһқа ғана аян. Сондықтан, ол үшін Аллаһ Өзіне ғана белгілі айрықша марапат өзірлейді.

³ Бұл жерде ораза тұтушыға тыйым салынған шақуат қалауын қанағаттандыру, ішіп-жеу ғана емес, бейауыздық, әдепсіздік сияқты бұзықтықтың барлық түрі туралы айтылған.

Басқа бір риуаятта Пайғамбар (ﷺ): «*Ораза — қалқан¹, қайсыбіріңнің ораза тұтатын күні болса, онда арсыздық істемесін², айғай-шу шывармасын³, ал егер біреу оны балағаттаса немесе оған соқтықса: «Мен ораза тұтқан адаммын», — десін», — деп айтқан (әл-Бұхари, Муслим).*

Бұл хадистің маңызы өте үлкен. Әуелі Пайғамбар (ﷺ) жалпы ізгі амалдар туралы, сонан соң оразаны, оның артықшылығы мен ерекшелігін, ол үшін дүние-ақыретте қандай сый күтіп тұрғанын айрықша бөліп айтқан. Сонымен бірге, ораза тұтудың мән-мағынасы неде екенін және ораза тұтқан адам неден сақтануы тиіс екенін түсіндірген. Бұлардың бәрі осы хадисте қамтылған.

Хадисте жалпылама қағида түсіндіріледі, ол барлық әшкере-жасырын сөздер мен амалдар, мейлі Аллаһтың құқына қатысты болсын, мейлі пенделердің құқына қатысты болсын, ең кемі оннан жеті жүз есеге, ал кейбіреулері одан да көп есеге көбейетінін көрсетеді. Бұл Аллаһ тағаланың Өз пенделеріне көрсететін кеңшілігі мен мейірім-шапағатының қаншалықты ұлы екенін айғақтайды. Өйткені әрбір қылмыс, әрбір күнә үшін бір ғана жаза жазылады және Аллаһ тағаланың кешірімі бәрінен үстем тұрады.

Әрбір қайырлы іс үшін берілетін сый-сауап ең кемі он есе және белгілі бір себептер ықпалымен одан да артық көбеюі мүмкін. Олардың қатарына игі амал жасаушы адам иманының күштілігі, ықыласының кемелдігі жатады. Яғни, иманы мен ықыласы қаншалықты күшті болса, іс-амалының сауабы да соншалықты артады.

¹ Тозақ отынан қорғайтын қалқан, пана болады.

² Бұзық іс-әрекеттер жасамасын.

³ Надандар секілді айғайламасын, ешкіммен жанжалдаспасын.

Сондай-ақ олардың қатарына амалдардың маңыздылық дәрежесінің үлкен болуы да кіреді. Бұған мысал ретінде, білім жолына немесе жалпы мақсаттағы діни шараларға¹ жұмсалған қаржы-қаражатты, көркемдігі, қуаттылығы және түрлі кедергілерге тойтарыс беруі себепті үлкен дәрежеге ие болған іс-амалдарды атауға болады. Мұндай амалдар туралы Пайғамбардың (ﷺ) үнгірге қамалып қалған адамдар²

¹ Мұнда мешіт салуға немесе басқа да көпшілікке пайдасы тиетін жол салу, канал қазу, кедейлерге көмек көрсету т.с.с. істерге қаржы жұмсау туралы айтылған.

² Бұл жерде имам әл-Бұхари Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадиске сілтеме жасалған. Ол: «Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Сендердің алдарында өмір сүргендерден үш адам жолға шығады да, бір үнгірге түнемек болып, ішіне кіргенде, таудан дәу тас құлап, үнгірдің (аузын) жауып қалады. Сонда олар: «Расында, бұл тастан сендерді қайырлы істеріңді* айтып Аллаһқа дұға қылуларың ғана құтқара алады», — дейді. Сөйтіп олардың арасындағы бір кісі: «О, Аллаһ! Менің жастары келген қарт ата-анам бар еді. Олардан бұрын отбасыма да, құлдарыма да кешкі сүтті ішкізбейтімін. Бір күні бір нәрсе іздеп алысқа кеттім де, кешке олар ұйықтағанға дейін оралмадым. Кешке (ішетін) сүттерін сауып (өкелсем), екеуі ұйықтап қалған екен. Сүтті олардан бұрын отбасыма да, құлдарыма бергім келмей, ыдысты қолыма ұстаған күйім таң атқанша олардың оянганын күтіп отырдым. Сосын екеуі оянып, сүттерін ішті. О, Аллаһ! Егер соны Өзіңнің дидарыңды іздеп** істеген болсам, бізді басымызға түскен мына тастан құтқара гөр», — деді. Сол кезде (тас олар үнгірден) шыға алмайтындай боп аздап ашылады», — дегенін естідім.

Пайғамбар (ﷺ): «(Сосын) басқа бірі: «О, Аллаһ! Менің бір көкемнің қызы болатын, ол мен үшін адамдардың ең сүйіктісі еді. Оны айналдырған едім, қарсылық жасады. Сөйтіп бір құрғақшылық жылы келгенде, ол менен (жәрдем сұрап) келді де, оған дегеніме көнуі үшін жүз жиырма динар ұсындым. Ол болса келісті. Сөйтіп қолым жеткенде, ол: «Бұзуға хақың болмаған (бұл) мөрді бұзғаныңды жөн санамаймын», — деді. Сонда мен үшін адамдардың ең сүйіктісі боп тұрса да, оған жақындасудан қысылып, кетіп қалдым және берген алтынымды да алмадым. О, Аллаһ! Егер соны Өзіңнің дидарыңды іздеп істеген болсам, бізді басымызға түскеннен құтқара гөр», — дейді. Сол кезде (тас) олар шыға алмайтындай боп (біраз) ашылады», — деді.

Пайғамбар (ﷺ): «(Сосын) үшіншісі: «О, Аллаһ! Мен бірнеше мөрдігер жалдап, ақыларын берген едім. Тек бір кісі ғана өзіне тиесіліні (менде) қалдырып*** кетті. Ал мен оның ақысын айналымға салып, одан көп мал-дүние пайда болды. Біраз уақыттан соң ол келіп: «Ей, Аллаһтың құлы! Маған ақымды бер», — деді. Мен оған: «Сен көріп тұрған (мына) түйе, сиыр, қой мен құлдың бәрі сенің ақыңнан», — дедім. Ал ол: «Ей, Аллаһтың құлы! Мені келеке етіп тұрсың ба?» — деді. «Сені келеке етіп тұрған жоқпын», — дедім. Сонда ол одан ешнәрсе қалдырмай, бәрін алып айдап кетті. О, Аллаһ! Егер соны Өзіңнің дидарыңды іздеп істеген болсам, бізді басымызға түскеннен құтқара гөр», — дейді. Сол кезде (тас) ашылып, олар шығып кетеді», — деді», — деген.

және итке су бергені үшін Аллаһ тағала бір жезөкше әйелге кешірім жасағаны¹ жайында әңгімелеген хадистерінде айтылған. Бұл айтылған сөз басқа да амалдарға себепші қызметін атқаратын, адамдар одан үлгі алатын не оған серіктес болатын, аса қат зәруліктердің алдын алатын немесе үлкен игіліктерге жеткізетін және уақыт не орынның² немесе амал істеушінің Аллаһ алдындағы қадір-қасиетіне байланысты еселі сый алатын іс-амалдарға да қатысты.

Сый-сауаптың көбеюіне әсер ететін қозғаушы күштердің ықпалы барлық игі істерге бірдей.

Хадисте оразаның жоғарыда айтылғандардан тысқары екені баяндалған. Бұған қосымша Пайғамбарымыз (ﷺ) ораза үшін берілетін сауап барлық амалдарға ортақ аталмыш еселену жолымен емес, тек Аллаһ тағаланың кеңшілігі мен жомарттығына байланысты берілетінін ескерткен. Ол сыйлықтардың қандай болатынын айтып жеткізу де, сипаттау да мүмкін емес. Аллаһ ораза тұтқандарды көз көрмеген, құлақ естімеген және адамзаттың қаперіне келмеген нәрселермен марапаттайды.

Бұл хадисте басқа амалдардың ішінде ораза не үшін ерекше сипатқа ие болғаны туралыда нұсқау бар. Себебі, ораза тұтқан адам табиғатынан нәпсісі жақсы көре-

=*Яғни, тек Аллаһтың ризалығы үшін істелген амалдарыңды.

**Яғни, ата-ананы құрметтеуге қатысты бұйрығыңды шын ықыласыммен орындап, ақыретте өзінің дидарыңды көру бақытына бөленуімді үміт етіп.

***Бұл жерде мердігердің еңбек ақысын бұл адамға уақытша сақтай тұруы үшін қалдырғаны туралы айтылған.

¹ Мұнда имам әл-Бұхари Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадистің мазмұны меңзелген. Онда Аллаһ елшісі (ﷺ): «Бір жеңіл жүрісті әйелге кешірім жасалды. Ол құдық басында тілін салақтатып, шөлден өлгелі жатқан бір иттің қасынан өтіп бара жатқанда, мәсісін шешіп, орамалына байлап, (итке) су алып (ішкізіпті) және сол үшін оған кешірім жасалды», — деген.

² Мұнда, мысалы, мың айдан қайырлы қадір түнінде немесе Меккенің харам аймағы сияқты қасиетті орындарда істелген т.с.с. игі амалдар меңзелген.

тін, аса қажет нәрселердің бәрінен бас тартып, басқа бір нәрсені олардан артық көреді. Яғни, нәпсі қалауларынан Аллаһқа деген сүйіспеншілігін жоғары қойып, Аллаһ үшін олардан бас тартады және мұның шынтуайтын Аллаһтан басқа ешкім біле алмайды. Сөйтіп оның Аллаһқа деген сүйіспеншілігі алдыңғы орынға өтіп, барлық нәпсі құштарлықтарынан үстем келеді, ал Аллаһтың ризалығы мен сыйлығына ұмтылуы нәпсі қалауларын қанағаттандырудан бұрын тұрады. Міне, осы себепті Аллаһ тағала ораза тұтушының сауабын ерекше сипатта беретінін ескерткен¹. Есепсіз сыйлығы барлық жаратылысқа төгіліп тұрған, ол сыйлықтардан Өзіне жақын пенделерге ең кемел үлес беріп, олар Өз алдындағы қаперге кіріп-шықпайтын нәрселерге жетуі үшін барлық мүмкіндіктерді жасаған аса Мейірімді, Рақымды, Жомарт әрі Игілікті Аллаһ тағала Өз мойнына алған сауап-сыйлықтар туралы не ойлайсың?! Ендеше, Ол шын ықыласпен ораза тұтқандарға нендей марапат көрсететінін қиялыңа келтіре аласың ба?!

Айтып жеткісіз сезім... Аллаһ тағала Өзі үшін арнап алып, оған берілетін сыйлықты тек қана Өзінің кеңшілігі мен мейіріміне байланысты еткен амал себепті ораза тұтушының жүрегі қуанғаннан ұшып кетуге әзір! Бұл Аллаһтың кеңшілігі, оны қалаған пендесіне нәсіп етеді. Аллаһ — ұлы кеңшілік Иесі.

Бұл хадис пенде екі нәрседен бас тартқанда ғана тұтқан оразасы көміл болатынын көрсетеді.

Бірінші: Ішіп-жеу, жыныстық қарым-қатынас т.с.с. оразаны анық бұзатын нәрселер.

¹ Яғни, басқа кез келген ізгі амал үшін оннан жеті жүзге дейінгі игі амалдың сауабы жазылады, ал ораза ұстаған адамға Аллаһ әлдеқайда көп сыйлық үде еткен.

Екінші: Оразаның сауабын кемітетін амалдар. Яғни, ораза тұтушы арсыздықтан, айғай-шудан, харам істер мен харам сөздерден, барлық күнә атаулыдан, адамдар арасында жек көру сезімін тудыратын барлық дау-жанжалдан аулақ болуы тиіс. Сол үшін де Аллаһ елшісі (ﷺ): *«...арсыздық істемесін...»*, — деп, ораза тұтқан адамның ешқандай жаман сөз айтпауын, *«...айғай-шу шығармасын»*, — деп, дау-жанжал, ерегіс тудыратын сөзге килікпеуін бұйырды. Аллаһ елшісінің (ﷺ): *«Кімде-кім өтірік сөз бен оған амал қылудан тыйылмаса, Аллаһқа оның жеп-ішуден тыйылуының қажеті жоқ¹»²* деген сөздері де осыған үндеседі (Әл-Бұхари).

Кімде-кім осы екі қажетті шартты орындап, оразаны бұзатын және барлық тыйым салынған нәрселерден аулақ болса, онда ораза тұтушыларға берілетін сауапты толығымен алады, ал мұны істемеген адамның обалы өзіне.

Сонан соң Пайғамбар (ﷺ) ораза тұтқан адамға біреу жанжал шығарғысы келіп не балағаттап соқтықса: *«Мен ораамын»* деп айту керектігін нұсқады. Бұдан шығар пайда, соқтыққан адамға: *«Біліп қой, мен де сенің айтқаныңа қарсы жауап қайтара аламын, бірақ мен ораамын. Сондықтан оразамды құрметтеп, оның кемелдігін бұзғым келмейді және Аллаһ пен Оның елшісінің бұйрығына бойсұнамын! Біле-білсең, ораза мені салғыласудан қайтарып, сабыр сақтауға үндейді. Сен маған не істесең де менің бұл әрекетім сенің ісіңнен жақсы әрі жоғары!»* деген мағынамен астасып жатыр.

¹ Бұл сөздерді тікелей мағынасында қабылдамау керек, онсыз да Аллаһ тағала ешнәрсеге мұқтаж емес. Бұл жерде мұндай жағдайда оның оразасын Аллаһтың қабыл етпейтіні туралы айтылған.

² Бұл хадис Әбу Һурайран (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

Сондай-ақ бұл хадис ораза және басқа да барлық игі амалдарға өз дәрежесінде көңіл бөлуге, оларды аяғына жеткізуге және олардың сауабын кемітетіндерден аулақ болуды нұсқайды және амалдардың қажетті шарттары мен оларға зиян келтіретін нәрселерді кездестірген жағдайда не істеу керектігін ескертеді.

Пайғамбардың (ﷺ): **«Ораза — қалқан»** деген сөзінен ораза пенде оның көмегімен бұл дүниеде күнәлардан сақтанып, өзін игілікке машықтандыратын және ақыретте азаптан қорғанатын құрал іспеттес дегені аңғарылады.

Бұл — оразаның пайдаларына қатысты шарифаттың ең басты даналықтарының бірі. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Сендерге өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгені сияқты ораза парыз етілді. Бәлкім тақуалық қыларсыңдар»**, — деген (Бақара, 183).

Ораза — болмысынан қорғаныш құралы әрі тақуалыққа жеткізетін қозғаушы күш. Бұл оразаның мән-мағынасы мен пайдаларын бір жерге шоғырландыратын ұғым. Өйткені ораза тыйым салынған харам нәрселерден қайтарады не сақтайды және адамды көптеген бойсұну амалдарына ынталандырады.

Аллаһ елшісінің (ﷺ): **«Ораза тұтушы бөленетін екі қуаныш бар: аузын ашқан кездегі қуаныш және Раббысымен жолыққан кездегі қуаныш»** деген сөзінде осы дүниедегі және мәңгілік өмірдегі қос бірдей сыйлық туралы айтылған.

Ораза тұтқан кісі бұл дүниедегі сыйлығын ауыз ашқан кезінде алады. Ол оразасын аяғына жеткізуге Аллаһ тағала мүмкіндік беріп, игілікке бөлегені үшін және күні бойы тыйылған көңіл тілегін қанағаттандыра алатынына қуанады.

Ал мәңгілік өмірдегі сыйлығын айтсақ, ол Раббысымен жолығып, Оның разылығы мен жомарттығына шомған сәттегі шексіз қуанышы болмақ. Ораза тұтқан пенденің бұл дүниедегі қуанышы оның ақыреттегі қуанышының үлгісі іспеттес, Аллаһ тағала ораза тұтушыға екеуін де сыйлайды.

Сондай-ақ бұл хадисте ауыз ашар мезгіл жақындап, ораза тұтқан адам ауыз ашу қуанышына кенелсе, бұл күн бойы көңіл қалауын тұншықтырып қиындық тартқаны үшін өтем болатыны және бұл оған жаңа күш-қайрат дарытып, игі амалдарға әрі қарай мақсат қоюға жетелейтіні меңзелген.

Енді, Аллаһ елшісінің **ﷺ**: **«Ораза тұтушының аузының иісі Аллаһтың алдында мисктің иісінен де жағымдырақ»** деген сөзіне келер болсақ, мұнда асқазанында тамақ қалмаған адамның аузынан шығатын иіс туралы айтылған. Бұл иіс басқа адамдарға жағымсыз болғанмен, Аллаһ үшін мисктің иісінен де жағымды. Себебі ол иіс Аллаһ тағалаға құлшылық ету мен Оған жақындай түсу әрекеті нәтижесінде пайда болған. Құлшылық нәтижесінде орын алатын барлық қиындықтар мен жағымсыз нәрселерді Аллаһ жақсы көреді, ал мүмін кісі Аллаһ жақсы көрген нәрселерді әрдайым жоғары қояды.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ ХАДИС

Аллаһқа жақын болғандардың қасиеттері

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى قَالَ: مَنْ عَادَى لِي وَلِيًّا فَقَدْ آذَنْتُهُ بِالْحَرْبِ، وَمَا تَقَرَّبَ إِلَيَّ عَبْدِي بِشَيْءٍ أَحَبَّ إِلَيَّ مِنَّمَا افْتَرَضْتُ عَلَيْهِ، وَمَا يَزَالُ عَبْدِي يَتَقَرَّبُ إِلَيَّ بِالتَّوَالِفِ حَتَّىٰ أَحِبَّهُ، فَإِذَا أَحَبَبْتُهُ كُنْتُ سَمْعَهُ الَّذِي يَسْمَعُ بِهِ وَبَصَرَهُ الَّذِي يُبْصِرُ بِهِ وَيَدَهُ الَّتِي يَبْتَطِشُ بِهَا وَرِجْلَهُ الَّتِي يَمْشِي بِهَا، وَإِن سَأَلَنِي لِأَعْيُنِيهِ وَلَتِنِ اسْتَعَاذَنِي لِأَعْيُنِيهِ، وَمَا تَرَدَّدْتُ عَنْ شَيْءٍ أَنَا فَاعِلُهُ تَرَدَّدِي عَنْ نَفْسِ الْمُؤْمِنِ يَكْرَهُ الْمَوْتَ وَأَنَا أَكْرَهُ مَسَاءَتَهُ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі
 ﴿ﷺ﴾: «Расында, Аллаһ тағала: «Кімде-кім Маған жақын¹

¹ «Жақын» (уәли) деген сөздің астарында өзінің тақуалығымен, барлық діни міндеттерін мүлтіксіз орындауымен және мұнан да басқа көптеген игі істерді атқаруымен ерекшеленетін адам мензеледі. Бұл сөз араб тілінің үш түбірлі (yaу, lәм және йа) сөзінен тұрады. Осы түбірден туындаған өзге етістіктер де «жақын болу», «басқару», «дос пейілді қатынас ұстану», «көмек қолын созу» т.б. мағыналарды білдіреді. «Уәли» аталатын адам үнемі Аллаһқа ғибадат етіп, Оған бойсұнудан шет қалмайды және Оған бағынбаушылыққа жол бермейді. Сонымен қатар, бұл сөз осы түбірден туындайтын ырықсыз етіс есімшесі мағынасын беріп: «Мұндай пендені Аллаһ тағала, Өзі белгілеген шектерден шықпай, бұйрықтары мен тыйымдарына бойсұнғаны үшін әрдайым қорғап, қамқорлығына алады» деген мағынаны да қамтуы мүмкін. Әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахихында»: «Уәли» (дос) сөзі «адуу» (дұшпан) сөзінің, ал «уиләя» (дос пейілді қатынас ұстану) сөзі «адауа» (қастасу, жауласу) сөзінің антонимі. Дос пейілді қатынастың негізінде—сүйіспеншілік пен жақын болуға тырысу, ал қастасудың негізінде—жек көру мен аулақ болу жатыр» деп айтылған.

Ибн Хажар «Фатхул-Бәриде»: «Аллаһқа жақынның астарында Аллаһ жайлы білімі бар, Оған бойсұнудан шықпайтын, Аллаһқа ғибадат етуде шынайылық танытқан пенде жатыр. Аллаһ тағала: «Біліп қойындар! Расында, Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды. Сондай иман келтіріп, тақуа болғандар; оларға дүние тіршілігінде және ақыретте қуаныш бар. Аллаһтың сөздері өзгермейді. Міне, осы зор табыс», — деді (Юнус, 62-64)», — деп жазған.

(адамға) *дұшпандық қылса, міндетті түрде оған соғыс жариялаймын! Пендем Маған Өзім оған парыз еткеннен артық Мен үшін ең сүйікті нәрсемен жақындаған емес. Сондай-ақ пендем нәпілдер¹ арқылы оны жақсы көргенімше Маған жақындап келе береді. Ал Мен оны жақсы көрсем, ол үшін еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын² және ол Менен тілесе, міндетті түрде (сұрағанын) тарту етемін, пана сұраса, міндетті түрде пана беремін. Мені Өзім істейтін ешнәрсе өлімді қаламайтын мүміннің жанын алуға қатысты қобалжсығанымдай қобалжытпайды³, (Өйткені) Мен оның қаламағанын істегім келмейді», — деп айтты», — деді».*

Бұл ұлы хадис — Аллаһқа жақын болғандардың сипаттары, олардың қадір-қасиеттері мен иемденетін орындары туралы баяндаған хадистердің ең жақсысы.

Енді осы бір ұлы хадисті талдасақ:

● Аллаһ Өзіне жақын болғандарға дұшпандық көрсету Оның Өзіне дұшпандық көрсетумен және Оған қарсы со-

¹ Мұнда тақуа адамның ерікті түрде жасайтын қосымша ғибадаттары: нәпіл намаздары мен оразалары т.с.с. айтылған.

² Бұл сөздердің мағынасы: «Аллаһ тағала мұндай пендесіне жоғарыда аталған дене мүшелері арқылы жүзеге асатын істерде Өзі жәрдем береді, яғни, оны Өзі ұнататын іс-амалдарға бағыттап, Өзі жек көретін әрекеттерден, мәселен, бос сөз тыңдаудан, тыйым салынған нәрселерге қараудан т.с.с. аулақ қылады дегенге саяды.

³ Ибн әс-Салах: «Мұнда «қобалжу» дегенде, бәріне белгілі қобалжу туралы емес, өз еркінен тыс нәрсені істеген қобалжуды жанның жай-күйі айтылған. Бұл жағдайда ол: «Аллаһ Өзінің сүйіспеншілігі себепті мүмін пендесінің жанын алу арқылы ол қаламаған нәрсені істегісі келмейді. Өйткені, бұл жарық дүниеде өлім аз ғана адамдарды есептемегенде, бәрі үшін үлкен қайғы-қасірет болып табылады. Әйтсе де Аллаһ Өзінің жазмышы мен өлімді алдын ала белгілеуі себепті бәрібір мұны істейді, өйткені әрбір адам баласы ажал дәмін татуы тиіс» деген мағынаны аңдатады. Сондай-ақ бұл хадисте Аллаһ мұны пендесін төмендетуді қалағандықтан емес, керісінше оны жоғарылатуды қалағандықтан істейтіні жайлы меңзелген, неге дегенде, өлім — құрмет пен игілік мекеніне өту жолы болып табылады», — деген.

ғысқа кіріскенмен бірдей екенін хабарлады. Аллаһпен жауласатын және Оған қарсы соғыс бастайтын адам әрдайым жеңіледі, ал Ол қауіпсіздігін қорғауға уәде берген кісі жеңіп шығады. Өйткені Аллаһқа жақын болған адамдар Оған ұнайтын нәрселердің бәрін орындағаны үшін Аллаһ тағала оларды жақсы көреді, оларды қажеттінің бәрімен қамтамасыз етеді және уайым-қайғыларынан құтқарады.

● Ол Өзіне жақын болғандардың кемел сипаттары туралы айтты. Олар ең алдымен намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылықты өтеу, шарифат құптағанға шақырып, ол теріске шығарғаннан қайтару сияқты діни парыздарды орындау және Аллаһтың құқықтары мен Оның пенделерінің міндетті құқықтарын сақтау арқылы, сондай-ақ қосымша нәпіл амалдар жасау арқылы Аллаһқа жақын болуға ұмтылады. Себебі шарифатта әрбір парыз амалға сәйкесетін, олардың кемшіліктері мен сауабын толықтыратын үлкен қадір-қасиетке ие нәпіл амалдар заңдастырылған.

● Аллаһқа жақын болғандар парыз амалдармен қатар нәпілдерді де орындағаны үшін Аллаһ тағаланың қамқорлығына бөленеді. Аллаһ тағала оларға Өзінің ризашылығына жеткізетін барлық жолдарды оңайлатады және оларға сәттілік беріп, барлық іс-әрекеттерінде туралық дарытады. Нәтижесінде, олардың әрбір есту, көру, ұстау және жүру әрекеті Аллаһ үшін, Оған бойсұну үшін болады.

● Аллаһ тағала Өзіне жақын болғандардың барлық іс-әрекеттеріне туралық дарытып қана қоймай, олардың дұғатілегін қабыл етеді. Олар тілек қылса, діндері мен дүниелік пайдаларын қанағаттандырады, жамандықтардан пана сұраса, қорғайды.

● Аллаһ тағала оларға барлық жағдайларда мейірімділігін аямайды. Егер Ол пенделеріне өлімді тағдыр

етпегенде, өлім дәмінен Оған жақын болғандар сөзсіз құтылар еді, өйткені олар қиындығы мен аса ауырлығы себепті өлімді жек көреді. Аллаһ тағала оларға ұнамайтынды істегісі келмейді, бірақ тағдыр еткені үшін олардың жанын алады.

● Бұл хадисте Аллаһқа жақын болғандардың сипаттары мен түрлі қадір-қасиеттері және олар адамдар өзара жарысқа түсетіндердің ең ұлығы болып табылатын Аллаһтың сүйіспеншілігіне қол жеткізетіні туралы, Аллаһ тағаланың олармен бірге екендігі, оларға жәрдем көрсететіні, қолдап-қуаттайтыны, туралыққа бағыттайтыны және дұға-тілектерін қабыл ететіні жайында айтылған.

● Бұл хадис Аллаһ Өзіне жақын болғандарды шын мәнінде жақсы көретінін, Оның сүйіспеншілігі олардың дәрежелеріне қарай бір-бірінен ерекшеленетінін көрсетеді.

Пайғамбар (ﷺ) Аллаһқа жақындарды парыздарды және көптеген нәпіл амалдарды орындайтын адамдар ретінде сипаттаған. Бұл Аллаһ тағаланың оларды иман және тақуалық қасиетімен сипаттаған сөзіне сәйкес келеді: **«Естеріңде болсын! Расында, Аллаһқа жақындарға қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды. Олар иман келтіріп, тақуалық қылғандар»** (Юнус, 62-63).

Иман ақида сенімдерін¹ және жүрек² пен дене бөліктері³ амалдарын, ал тақуалық барлық тыйым салынған нәрселерден бас тартуды қамтитындықтан әрбір иман келтірген тақуа адам Аллаһқа жақын.

¹ Бұл жерде ақида талаптары, яғни, Аллаһтың кітабына, Оның періштелері мен елшілеріне, тағдырға, Аллаһтың есім-сипаттарына және Қиямет күнінің күмәнсіздігіне сену туралы айтылған.

² Мұнда барлық діни амалдарды шын ықыласпен орындау меңзелген.

³ Яғни, адам тәнінің күш-қайратын талап ететін намаз, қажылық рәсімдерін және де басқа діни міндеттерді орындау.

Бұл хадис ұлы негізге нұсқайды. Ол негіз нәпіл амалдарға қарағанда міндетті парыздарға басымдық берілетінін және Аллаһ парыз етілген амалдарды көбірек жақсы көретінін, олар үшін сый-сауаптың молырақ берілетінін көрсетеді. Өйткені Аллаһ тағала: **«Пендем Маған Өзім оған парыз еткеннен артық Мен үшін ең сүйікті нәрсемен жақындаған емес»**, — деп айтты.

Бұдан егер адам екі амалдың бірін таңдау қажеттігіне тап болғанда, қашанда парыз амалдарды нәпілдерден бұрын қоюы керек деген қорытынды шығады.

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ХАДИС

Сауда келісіміндегі шындық жемістері

عَنْ حَكِيمِ بْنِ حِزَامٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْبَيْعَانِ بِالْخِيَارِ مَا لَمْ يَتَفَرَّقَا، فَإِنْ صَدَقَا وَبَيَّنَّا بُورِكَ لَهُمَا فِي بَيْعِهِمَا، وَإِنْ كَتَمَا وَكَذَبَا مُحِقَّتْ بَرَكَةُ بَيْعِهِمَا.

Хақим ибн Хизам (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Сатушы мен сатып алушы айрылысқанша ерікті¹, егер екеуі де шынын, ашығын айтса², саудалары берекелі болады, ал егер жасырып, жалған айтса, саудаларының берекесі жойылады³», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис пайдалы және зиянды сауда-саттық келісімдерін түсіндірудегі негіз болып табылады, өйткені сауда-саттық түрлерінде төреші — шындық пен адалдық.

Сауда ісінде шыншылдық танытып, тауардың барлық қасиеттері мен кемшіліктерін түсіндіріп айтса, Аллаһ пен Оның елшісінің бұйрығына бағынғаны, күнәдан таза болғаны және береке дарығаны үшін бұл сауда дүние тіршілігінде пайдаға асады әрі мәңгілік өмірде сый-сауапқа жетіп, жазадан құтылуға себепкер болады.

Егер өтірік айтып, затының кемшіліктерін не сапалық қасиеттерін жасыратын болса, ол күнә жасаумен қатар,

¹ Яғни, сатушы сатқан затын қайтарып алуға және алушы сатып алған затын қайтарып беруге құқылы.

² Сатушы тауарының сапасы мен кемшілігін көрсетіп, ал алушы сатып алу шарты мен ақшасын төлеу мерзімін бүкпесіз ашық айтса.

³ Яғни, тапқан пайдалары түбінде зиянға айналады.

саудасының берекесін де жоғалтады. Берекесі кеткен сауда ісімен айналысушы адам дүниеде де, ақыретте де зиянға ұшырайды.

Осы хадис көрсеткен негіз арқылы сауда ісінде алаяқтық жасауға, тауардың кемшіліктерін жасыруға, жымысқылық көрсетуге, таразыдан жеуге, көлем мен ұзындық өлшемдерін кемітуге және осы секілді басқа да кесепатқа баруға тыйым салынады. Өйткені бұлар өтірік айту және шындықты жасырудың бір келбеті. Сол сияқты бағаны жорға көтеруге¹, сауда-саттық келісімінде алдауға және бір елді мекенге тауар сатуға не сатып алуға келе жатқан адамдарды жолдан тосып алып келісім жасауға², сондай-ақ тауарды бағалауда, оның сапалық қасиеттерін баяндауда т.с.с. жағдайларда өтірік айтуға да тыйым салынады.

Мұндағы ортақ қағида: мұсылман бауырың не басқа бір адам сауда-саттық келісімінің саған ұнамайтын мәнжайы туралы айтпаса, онда бұл жалғандық, жасыру және жымысқылық болып табылады.

Бұл айтылғандар сауда-саттықтың барлық түріне, жалға алу мен жалға беру келісімдеріне, серіктестікке, айырбас шарттарына және олардың мерзімдері мен құжаттарына да қатысты. Осының бәрінде де пенде шындық пен адалдықты ұстануға міндетті және оған өтірік айту мен бір нәрсені жасырып қалуға рұқсат етілмейді.

¹ Бұл жерде біреудің сатып алу ниеті болмаса да, сатушымен алдын ала келісімі бойынша сатып алушы бір бағамен сатып алмақ боп тұрғанда, ол затты одан жоғарырақ бағаға сатып алатынын жариялау арқылы бағаны көтеру туралы айтылған.

² Мұнда әлі базарға түсіп үлгермеген, тауарлардың қалыпты бағасын білмейтін адамдармен сауда-саттық келісін жасау әрекеті туралы айтылған.

Сонымен қатар бұл хадис сауда-саттық істерінде таңдау еркі барын нақтылайды, яғни, сауда-саттық жасаушылардың қайсысы болмасын саудаласу орнынан кетпей тұрып келісімшарт жасауға не одан бас тартуға ерікті. Ал қос тарап сауда орнынан кеткеннен кейін жасасқан келісімдері күшіне еніп, орындалуы міндетті саналады. Бұдан кейін олардың екеуі де келісімшартты бұзуға негіз болатын келісімнің қандай да бір шарты бұзылғаны немесе жасырып қалған кемшіліктің табылуы не алдау орын алғаны не болмаса тауардың құнын шығаруда қиындықтар туындауы сияқты келелі себептер туындамаса, таңдау құқығынан айырылады.

Таңдау еркін берудің даналығы түрлі сауда-саттық келісімдері жиі жасалып, көбіне адамдар сатып алғаны не сатқаны үшін өкініп жатады. Міне, сондықтан шарият адамдарға келісім жасағаны дұрыс па, жоқ па тұрғысынан ойлануға мүмкіндік беру үшін таңдау еркін ұсынды. Аллаһ жақсы білуші.

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Қауіп-қатері бар сауда келісімдеріне қатысты Тыйым

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: نَهَى رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ بَيْعِ الْحَصَاةِ،
وَعَنْ بَيْعِ الْغَرَرِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі **﴿﴾** тас лақтыру арқылы жасалатын сауда-саттыққа¹ және қауіп-қатері бар сауда келісіміне² тыйым салды», — деген (Муслим).

Бұл хадисте барлық қауіпті әрі күдікті сауда түрлері қамтылған. Мұндай сауда-саттық келісімдері құмар ойындарының үкіміне, құмар ойындары болса бәс тігудің үкіміне кіреді. Бұдан ат, түйе немесе садақ ату жарыстарында бәс тігу ғана тысқары.

Қауіп-қатері бар сауда келісімдері түрлерін атасақ:

- Мұндай сауда-саттық түрлеріне тартып алынған мүлікті, таба алмайтын нәрсені немесе біреулер борыштар болып қалған заттарды, әсіресе қарыздар қиын жағдайда қалып, төлеу мерзімін кешіктірген кездерде сату сияқты қатерлі, залалды сауда келісімдері жатады.

¹ Бұл жерде, мәселен, мына жерден саған лақтырылған тас түскен жерге дейін саттым деген сияқты шартпен жасалатын сауда келісімдері туралы айтылған.

² Қауіп-қатері (ғарар) бар сауда келісімі жоқ затты, беймәлім, таба алмайтын нәрсені, толық иеленбеген тауарды, көп су қосылған иіс суды, малдың желініндегі сүтті, жатырдағы төлді, белгісіз мөлшердегі азық-түлікті, әйтеуір бір киімді не әйтеуір бір қойды және осыған ұқсас нәрселерді сатуды қамтиды.

● Сол сияқты бұған үйдегі не дүкендегі немесе басқа орындағы сатып алушы көрмеген, білмейтін бір мүлікті сату немесе «Мына тасты лақтыр, қай затқа тисе, соны пәлен теңгеге ала ғой», «Мына тасты лақтыр, ол жеткен аралыққа дейінгі жерді саған пәлен теңгеге беремін» деген тәрізді тас лақтыру жолымен жасалатын сауда келісімдері, шарифатта мунәбәзә¹ және муләмәсә² деп аталатын сауда түрлері немесе малдың жатырындағы төлдерін сату т.с.с. беймәлім, нақты емес сауда-саттық шаралары да кіреді.

● Ғұламалар тауар мен оның құнын міндетті түрде білу шарт деп есептеген. Олар сауда-саттық жасаушы адам ақыл-есі бүтіндігін, балиғат жасына жеткен болуын шарт санайды, өйткені тым жас немесе оң-солын танымайтын адаммен сауда келісімін жасау сөзсіз алдауға және зиян шегуге алып барады, ал бұл қауіп-қатері бар сауда-саттық түріне жатады.

● Ғалымдардың пікірінше, тауар құнының түгелдей не бір бөлігінің кейін төленетін уақытын немесе келісімшарт бойынша тауар кейінірек жеткізілетін жағдайда нақты мерзімін анықтап алу да сауда келісімінің қажетті шарты болып табылады. Өйткені мерзімі беймәлім сауда-саттық келісімі қауіп-қатері бар сауда түріне жатады.

● Сауда ісіндегі алаяқтық пен жымысқылықтың барлық түрі қауіп-қатері бар сауда-саттыққа жатады, ал алаяқтық

¹ «Мунәбәзә» — сатушының сауда-саттық жасамай тұрып алушыға тауарды тастап кетуі, бұдан кейін алушы міндетті түрде оны сатып алуға тиіс болатын. Мұндай жағдайда сатып алушының тауарды ұстап көруіне де, анықтап тексеруіне де мүмкіндік берілмейді.

² «Муләмәсә» — анықтап қарап және жақсылап тексермей, ұстап көріп қана сауда-саттық жасау. Сауда-саттықтың бұл түрлері Арабияда жәһилият дәуірінде кең тараған еді және оның арты үлкен дау-жанжалға ұласатын.

тәсілдері туралы айтар болсақ, оларды санап тауысу мүмкін емес, бұл бөріне жақсы мәлім.

● Сауда-саттықтың мұндай түрлеріне тыйым салудағы шариғаттың даналығы— ондай келісімдер қауіп-қатердің туындауына және адамдар арасында дау-жанжал, дұшпандықтың пайда болуына апарып соғады. Яғни, мұндай сауда жасаушылардың біреуі екіншісін алдап, оған зиян келтіруі мүмкін.

● Қауіп-қатер бар сауда-саттық түріне екі тарап бірдей келісім білдірген жағдайда да тыйым салынады. Өйткені оның бөрібір қатері бар және әлбетте ондай сауда істеріне екі тараптың біріне қатысты алдау не алдамшы сипаттағы бір нәрсе араласады.

Негізінде, қауіп-қатері бар сауда-саттық әлі туылмаған не келісімді жасқа жетпеген төлді, таба алмайтын нәрсені, қашып кеткен құлды т.с.с. сату сияқты қолда жоқ нәрсені не болмаса түр-түсі, сипаты мүлдем белгісіз тауарларды пұлдау болып табылады.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Татуласу түрлері

عَنْ عَمْرِو بْنِ عَوْفٍ الْمُزَنِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: الصُّلْحُ جَائِزٌ بَيْنَ الْمُسْلِمِينَ، إِلَّا صُلْحًا حَرَّمَ حَلَالًا، أَوْ أَحَلَّ حَرَامًا. وَالْمُسْلِمُونَ عَلَى شُرُوطِهِمْ، إِلَّا شَرْطًا حَرَّمَ حَلَالًا، أَوْ أَحَلَّ حَرَامًا.

Амр ибн Ауф әл-Музанниден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар ﷺ:

«Мұсылмандар арасындағы татуластық дұрыс саналады, тек харамды халалға, халалды харамға шығарған татуластық болмаса болды. Сондай-ақ мұсылмандардың келісімшарттары да (дұрыс саналады), тек харамды халалға, халалды харамға шығарған шарт болмаса болды», — деген (әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ).

Бұл хадис шәрифте Аллаһ елшісі ﷺ татуластық пен шарттардың түрлерін, олардың жарамдысы мен жарамсызын білімнің әр алуан түрлерін қамтитын сөзбен баяндаған. Ол білімнің жекелеген мәселелерін анық бір ұғынықты шекте санап тауысу мүмкін емес.

Аллаһ елшісі ﷺ негізінде халалды харамға, харамды халалға шығармаса, ымыраға келудің дұрыс саналатынын айтты. Бұл бәрін қамтитын сөз, оған татуластықтың барлық түрі кіреді. Татуластық игі шара, өйткені ол дау-жанжалды тоқтатып, жүректердің тазалығы мен ар-намыстың кіршіксіздігін қамтамасыз етеді.

Бұл хадисте айтылған татуластық пен ымыраның түрлерінен келтірсек:

● Адам өз қарызын не міндет-парызын мойындап, оның бір бөлігін беру немесе басқа да жолмен келісімге бару арқылы дүние-мүлікке қатысты ымыраға келу мәселелері.

● Біреу алашақ қарызын даулағанда қарыздар мойындамай, бірақ кейін екеуі ымыра танытып, қарызын беретін не кешетін немесе екеуіне де пайдалы басқа бір шешім тауып, келісімге келуі. Мұның бәрі рұқсат етілген татуластық түріне кіреді.

● Қандай да бір құқықтар кімге тиісті екені белгісіз болған жағдайда ымыраға келу. Мысалы, екі адам ұзақ уақыт іскерлік қарым-қатынаста болуы себепті олардың тиісті құқын немесе оның мөлшерін анықтау қиынға соққан жағдайда екі жақтың өзара ымыраға келіп, мәселені әділ шешуге тырысуын атауға болады.

Мұндай жағдайда ең дұрысы екі жақ өзара дауласудан бас тартуы немесе мирасқа, қайырымдылық қорына, өсиетке қатысты немесе қарыз, борыш сияқты басқа да мал-мүлікке бірге иелік етуі, содан кейін барып өздері әділдікпен дұрыстыққа ең жақын санаған шешім бойынша ымыраға келуі керек.

● Ерлі-зайыптылардың қаржы-қаражат, киім-кешек, үй-жай және сол сияқты ерлі-зайыптық құқықтарына байланысты өзара ымыраға келуі. Мұндайда жағдай талап еткенде олардың бірі өз құқықтарының қалғанынан айрылмау не некені сақтап қалу үшін немесе пайдасы жоқтығын түсініп не басқа бір мақсат себепті құқықтарының бірінен бас тартқаны жөн. Аллаһ тағала ерлі-зайыптылардың құқықтары жөнінде:

«Олардың өзара бір ымыраға келулерінде екеуіне де күнә жоқ. Ымыраға келген жақсы», — деген (Ниса, 128).

● Кісі өлтіргені не жарымжан еткені үшін кек алу¹ мәселесінде кісі қанын не зақымын құн төлемімен алмастыруға келісіп, ымыраға келуі немесе соттың жағдай талабына орай, екі жаққа бірдей пайдалы шешімді қарастыра отырып дауласушыларды татуластыр.

Мұның бәрі Аллаһ елшісінің (ﷺ): **«Мұсылмандар арасындағы татуластық дұрыс саналады»** деген сөзінде қамтылған.

Бірақ татуласу келісімі халалды харамға, харамды халалға шығаратын болса, онда біз талдап отырған хадистегі нұсқауға сай ондай келісімдер жарамсыз саналады. Мысалы, басы азат адамды құлдыққа жегуді, тыйым салынған некеге рұқсат етуді² немесе зұлымдық араласқан татуластық келісімін атауға болады. Сол себепті Аллаһ тағала татуластыру әрекетіне шек қойып: **«...олардың арасын әділдікпен татуластырып, туралық істеңдер. Расында, Аллаһ туралық істеушілерді жақсы көреді»**, — деген (Хужурат, 9).

Сондай-ақ одан құтылу үшін күйеуі қасақана қысым көрсеткен әйел немесе өзінің келісімінсіз кісі ақысының зиянына бағытталған татуластыру шарасы сияқты мәжбүрлікпен, зорлықпен іске асқан ымыралар да тыйым салынған әрі дұрыс емес татуластық санатына жатады.

Ал шарттарға тоқталсақ, хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ) харамды халалға, халалды харамға шығармаса, мұсылмандар арасындағы шарттардың дұрыс екенін айтты. Бұл — үлкен

¹ Бұл жерде қысас, яғни кісі өлтіргеннен не біреудің дене мүшесіне зақым келтіргеннен кек алуға мүмкіндік беретін жазалар туралы айтылған.

² Мәселен қазының шариғат үкімін бұзып, араларында үш рет талақ орын алған ерлі-зайыптылардың, әйел басқа күйеуге тиіп шықпай тұрып, некелесуіне рұқсат беруі.

бір негіз. Өйткені шарттар дегеніміз — келісімге отырушы тараптардың бірінің екіншісіне қоятын өз мүддесіне бағытталған талаптары. Келісімге отырушы адамның шарт қоюына рұқсат етіледі және екінші тарап бұл шарттармен келісіп, мойындаса, оларды орындауға міндетті.

Дұрыс шарттардың бірнеше түрлерін мысалға келтірелік:

- Сатып алушы сатып алатын затының белгілі бір талаптарға сай болуы туралы, мәселен, аттың жүйрік, сауын малының сүтті немесе тұйғын құстың аңға жарамды келуі шарт деген сияқты талаптар қоюға құқылы.

- Сатып алушы сатып алынған заттың құнын немесе оның бір бөлігін белгілі бір мерзім ішінде төлеу туралы, ал сатушы болса сол затты белгілі бір уақыт аралығында пайдалануына шарт қоя алады. Мәселен, Жәбир ибн Абдуллаһ әл-Ансари (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ түйесін Мәдинаға жеткенше міне тұру шартымен сатқан болатын¹.

- Белгілі бір мерзім аралығында тұрғын үйді не дүкенді немесе ыдыс-аяқты пайдалана тұруға т.с.с. шарттар қоюға болады. Кепілдік шарттары да дұрыс әрі қажетті шарттар болып табылады.

- Серіктестердің қандай да бір мүлікті бірлесіп пайдалануға қатысты қоятын шарттары да дұрыс саналады. Тек харамды халалға шығаратын немесе керісінше залалы бар келісімге қатысы болмаса болды.

- Қайырымдылық қорына салынған мүліктер мен өсиеттерге қатысты шарттар да харам нәрсе араласпаса дұрыс саналады.

¹ Бұл туралы әл-Бұхари жеткізген хадистердің бірінде айтылған.

● Ерлі-зайыптылар арасындағы, мәселен, әйелдің үйге не өмір сүретін елге немесе белгілі бір қаражат алуына қатысты және осыған ұқсас шарттарына да рұқсат етіледі әрі бұл тұрғыда ол шарттарды орындау міндеті ең бастапқы орында тұрады.

ҚЫРҚЫНШЫ ХАДИС

Қарызды қайтару және оны төлеуді тиісінше талап ету

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَطْلُ الْغَنِيِّ ظُلْمٌ،
فَإِذَا أَتَيْعَ أَحَدُكُمْ عَلَى مَلِيٍّ فَلْيَتَيْعْ.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын). Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Бай адамның қарызды созуы зұлымдық. Егер біреуіңнің қарызы бай адамға аударылса, келіссін¹»**, — деген.

Бұл хадисте қарызды төлеуді не оны қайтаруды талап етуді жақсы орындау² жайлы бұйрық бар және бұл бұйрыққа қарсының бәріне тыйым салынған.

Пайғамбардың (ﷺ): **«Бай адамның қарызды созуы зұлымдық»** деген сөзі қарызды төлеу кезінде жасанды кедергілер жасау зұлымдықтың көрінісі екенін білдіреді. Өйткені ол мұндай жағдайда әділдікті сақтау міндетін орындаудан бас тартады. Әрі мүмкіндігі бар адам қарыз иесін талап етуге, қайта-қайта келуге не шағымдануға мәжбүр етпей алған қарызын тез қайтаруы тиіс. Қарызын төлеуге мүмкіндігі бола тұра бұлай еткен адам залым саналады.

Бұл жерде «бай адам» деп қарызды қайтаруға мүмкіндігі жетерлік дүние-мүлкі бар адам туралы айтылған.

¹ Ибн Хажар «Фатхул-Бәриде» осы хадисті түсіндіре келіп, бай адамның қарызды төлеу мерзімін созуы зұлымдық саналатындықтан, қарыз берген адамға қарыздың бай адамға аударылуы ұсынылса, келісім бергені жөн, өйткені, одан қарызды қайтарып алу оңай екенін айтқан.

² Яғни, шарият үкімдеріне сәйкес амал қылу.

Сондай-ақ бұл хадистен ұғынылатын ой — қиын жағдайда қалған адамға қарызды кешіктіруде күнә жоқ, Аллаһ тағала мұндайда қарыз иесіне борыштының жағдайы жақсарғанша күте тұруды міндеттеген.

Бұл хадистен мал-мүлікке қатысты зұлымдық нақақтан біреудің мал-мүлкін тартып алумен ғана шектелмей, керісінше, кісі мүлкіне не оның кез келген құқына қол сұғып, озбырлық жасаудың бәрін қамтитынын түсінуге болады.

Демек, біреудің мал-мүлкін тартып не ұрлап алған, басқаға тиесіліні не оның бір бөлігін беруден бас тартқан, біреуден өзінің тікелей де, жанама да құқы жоқ нәрсені даулаған, қарызын төлеу мерзімін түлкібұлаңға салып, созып жүріп алған немесе беруі тиісті нәрсенің мөлшерін не сапасын кеміткен адамдардың барлығы жағдайларына сәйкес залым саналады және зұлымдықтары қиямет күні өздері үшін қараңғы түнектер болып оралады.

Пайғамбарымыз ﷺ хадисте қарызды тиісінше қайтару туралы ескертті. Яғни, қарыз берген адам борыштыға жақсылықпен, мазаламай, қиындыққа душар етпей мәміле жасауы және қарыздар адам бұған залал келтірмейтін, шығынға ұшыратпайтын қандай да бір ұсыныс жасаса, қарсылық білдірмеуі қажет. Егер борышты кісі төлеуі тиіс қарызын қарсылықсыз, уақытында төлейтін бір бай адамға аударса, қарыз берген адам келісуі керек. Өйткені бұл қарыздың жақсы төленуіне себепші әрі кеңпейілділіктің көрінісі болады. Сондықтан да Аллаһ тағала төмендегі аятында екі жағдайды ескертіп: **«Біреуге бауыры тараптан бір нәрсеге кешірім жасалса, ол жақсылықпен¹ келісіп, оған дұрыс төлеуі (қажет)»**, — деген (Бақара, 178).

¹ Яғни, шарифат құптайтын амалға сәйкес. Бұл жерде қиын жағдайда қалған борыштының халін түсініп, оған қосымша уақыт беру туралы айтылған.

Яғни, өзіне қандай да бір нәрсе тиесілі болған адам борыштыға шарифат және әдет-ғұрып пен ақыл-парасат құптаған жағдайға сәйкес мәміле жасауы, ал борышты кісі мойнындағы қарызын дұрыс төлеуі тиіс.

Аллаһ елшісі (ﷺ) осындай тамаша қасиеттерге ие адамдар үшін Аллаһ тағалаға дұға қылып: **«Сатуда, сатып алуда, қарызын төлеуде және қарызды талап етуде кеңпейілділік жасаған пендеге Аллаһ рақым етсін!»** — деген (әл-Бұхари, ибн Мәжәһ).

Демек, өзара қарым-қатынастарда, қарызды төлеу не талап ету мәселелерінде кеңпейілділік көрсеткен адам, осы қабыл етілуі күмәнсіз берекелі дұғаға лайықтылығы үшін барлық діни әрі дүниелік игіліктерден үміт етуіне болады.

Мұны кез келген адам өз көзімен көре алады. Аталмыш қасиетке ие саудагерге Аллаһ міндетті түрде мол ризық-несібе беріп, береке дарытқанын, ал өзімен қарым-қатынас жасағандарға қиындық тудыратын адамдарды керісінше жағдайға душар еткенін көресің. Өйткені жарылқау не жаза амалға сәйкес іске асады, сондықтан жеңілдіктің өтемі — жеңілдік болмақ.

Бай адамның борышты төлеуді созбалаңға салуы зұлымдық саналады екен, онда қарыз берген адам арызданған жағдайда, оны қарызын төлеуге мәжбүр ету қажет. Егер ол төлеуден тіпті бас тартатса, қашан төлегенше не қарыз иесі кешіргенше, тәрбиелік шара ретінде жазаға тарту керек. Ал егер ол қарыз берген адамның үстеме айыппұл талап етуіне себепкер болса, оның мүлкін алғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті, өйткені бұған өзі себепкер болды, ал бұлай ету заңсыз болып табылады. Сол сияқты біреудің әділетсіз айыппұл төлеуіне себепкер болған кез келген кісі жеткізген зиянының орнын толтыруы тиіс.

Бұл хадис қарызды аудару мәселелеріне қатысты негіз болып табылады. Яғни, біреудің қарызы бай адамға аударылса, оның бас тартпауы қажет.

Сондай-ақ бұдан егер қарызды кедей адамға аудармақ болса, онда залалы үшін онымен келіспеу керек деген қорытынды шығады.

Аударуға болатын қарыздарға: келісімшарт арқылы бекітілген несиелер, сатылған заттардың құны сияқты қарыздар жатады.

Егер қарыз бай адамға аударылса, онда қарызын аударған адам жауапкершіліктен құтылып, оны қарыз аударылған адам төлеуі тиіс. Аллаһ жақсы білуші.

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ХАДИС

Алған мүлікті несіне қайтару керек

عَنْ سَمُرَةَ بْنِ جُنْدُبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: عَلَى الْيَدِ مَا أَخَذْتُ، حَتَّى تُؤَدِّيَهُ.

Самура ибн Жундуб (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Қолдың алғаны қайтарып бергенше мойнында болады», — деп айтты», — деген (Әбу Дауд, әт-Тирмизи және Ибн Мәжәһ).**

Бұл хадисте кісінің басқаларға тиесілі мал-мүлікті тартып алу тәрізді харам жолмен немесе кепілге не жалға алу сияқты рұқсат етілген жолмен алған нәрселері туралы айтылған.

Мұнда тартып алу дегеніміз — біреудің мал-мүлкін оның келісімінсіз зорлықпен заңсыз иемдену, бұл — зұлымдық пен тыйым салынған харам істердің ең үлкені. Өйткені Аллаһ елшісі (ﷺ): «(Біреудің) **жерінің бір сүйемдей мөлшерін тартып алған** (адамның мойнына) **қиямет күні ол жеті** (қат) **жерден оралады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).**

Біреудің қандай да бір нәрсесін тартып алған адам оны құнынан бірнеше есе асырып айыппұл төлеп не өзіне әлдебір залал келетін болса да қайтарып беруі керек. Өйткені ол өз басына өзі залал келтірді. Тартып алынған затты кемітіп не азайтып қойса, оның кеміп қалған өтемін және қолында тұрған мерзім үшін кіре ақысын қоса төлеп қайтарып беру қажет, ал егер бүлдіріп не құртып қойса, орнын толтырады.

Біреудің мүлкін иесінің келісімі бойынша жалға, кепілге немесе пайдалана тұру үшін алған жағдайлар туралы айтсақ, мұнда мүліктің иесі өзі сеніп тапсырғандықтан алған адамға ешқандай кінә тағылмайды, тек оны мерзімі келгенде иесіне қайтарып берсе болды. Егер қолындағы мүлік мұның кінәсіз өздігінен бүлініп не жарамай қалса төлемейді, бірақ абайлап ұстамауы не шектен тыс пайдалануы себепті бүлінсе, орнын толтыру керек.

Сұрап алған затты да пайдаланып болған соң не иесі сұраған кезде қайтарып беру қажет. Өйткені бір затты сұрап ала тұру міндетті емес, рұқсат етілген келісім түріне жатады. Ал егер сұрап алынған зат бүлініп не жарамай қалса, бірақ ол сұрап алған адамның абайлап ұстамауы не шектен тыс пайдалануы себепті болмаған жағдайда, кейбір ғалымдар, мәселен имам Ахмадтың мазһабы бойынша орнын толтыру керек, ал базбір ғұламалар басқа аманат заттары сияқты төлемейді деген пікір білдірген. Ал кейбіреулері бүлінген жағдайда төлеу шартымен алса төлейді де, ондай келісім болмаса орнын толтырмайды деп талдау жасаған және бұл ең жақсы пікір болып табылады.

Ал егер кісі ақыл-есі дұрыс емес адамның не кішкентай жас баланың қолындағы заттың қауіпсіздігіне алаңдап алып қойғанда, әлгі зат мұның қолында бүлініп қалса, бірақ ол абайлап ұстамауы не шектен тыс пайдалануы себепті болмаған жағдайда, ниеті игі болғандықтан оның ешқандай жазығы жоқ деп есептеледі.

Ал егер бір нәрсені тауып алған жағдайда, алуға рұқсат етілетін зат болса, оны өзінде қалдырып, толық бір жыл бойы иесі іздестіріледі. Затты түстеп-таныған иесі шықпаса, ол тауып алған адамға қалады. Бірақ кейін иесі табылып, заттың түр-түсін дәл сипаттап берсе, оны әлі қолында болса

иесіне тапсыруы, ал жаратып не құртып қойған жағдайда төлеуі тиіс. Әйтсе де тауып алынған заттың жарамсыздануы иесін іздестіріп жүрген жыл ішінде орын алса, ол абайлап ұстамауы не шектен тыс пайдалануы себепті болмаған жағдайда оны төлемейді. Өйткені мұндай кезде ол тауып алған адамның әлі мүлкіне айналмағандықтан, жалпы аманат заттардың үкіміне кіреді. Аллаһ жақсы білуші.

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ ХАДИС

Сатып алуға қатысты құқық басымдығы туралы үкімдер

عَنْ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: جَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الشُّفْعَةَ فِي كُلِّ مَالٍ لَمْ يُفْسَمْ، فَإِذَا وَقَعَتِ الْحُدُودُ وَصُرِّفَتِ الطَّرِيقُ فَلَا شُفْعَةَ.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ) әр-бір бөлінбейтін дүние-мүлікті (сатып алу) құқығын (серіктеске) берді¹, алайда, шектері² белгіленіп, жолдары ажыратылса, онда (серіктесте сатып алуға қатысты) құқық (басымдылығы) жоқ», — деген (әл-Бұхари).

Бұл хадис сатып алу құқының басымдығына, бұл құқық тиісті болатын және бұған жатпайтын меншік түрлеріне қатысты барлық үкімдерге негіз болып табылады.

Сатып алу құқының басымдығы серіктесіп пайдаланатын дүние-мүліктерге ғана қатысты. Мұндай меншік екі түрлі болады: жылжымалы және жылжымайтын мүлік.

Бұл хадис сатып алу құқының басымдығы жылжымайтын мүлікке қатысты екенін, ал жылжымалы дүние-мүліктерге бұл құқық қолданылмайтынын көрсеткен. Демек біреу ортақ меншіктегі мал, үй жабдықтары және де басқа жылжымалы дүние-мүліктерден өз үлесін сататын болса, оның серіктесіне сатып алуға қатысты ешқандай құқық басымдығы берілмейді.

¹ Бұл жерде қандай да бір дүние-мүлікті серіктесіп пайдаланушылардың біріндегі сатып алу құқының басымдығы туралы айтылған.

² Мұнда ортақ иеліктегі жер телімінің шекаралары меңзелген.

Жылжымайтын мүлік туралы айтар болсақ, егер ол бөліп алынса, шекаралары белгіленіп, жолдары ажыратылса және серіктестердің әрқайсысы өз үлесін айырып алса, онда хадисте айтылғандай, сатып алуға қатысты құқық басымдылығы мәселесі көтерілмейді, себебі мұндай жағдайда серіктестер көршілерге айналады, ал көрші көршісінің мүлкін сатып алуға қатысты құқық басымдығына ие емес.

Егер шекаралары мен жолдары белгіленбеген жағдайда, серіктестердің бірі өз үлесін сатуды қаласа, онда оның серіктесі немесе серіктестері сатып алуға қатысты құқық басымдылығын пайдаланып, ол үлесті келісімде көрсетілген бағаға сатып ала алады. Серіктестердің әрқайсысы сатуға қойылған үлестің өз мүлкіне тиесілі бөлігін талап етуге құқылы.

Бұл хадистің мәтіні бөлінетін және бөлінбейтін жылжымайтын мүліктің арасында ешқандай айырмашылық жоқ екенін көрсеткен. Өйткені сатып алуға қатысты құқық басымдығын берудегі даналықтың өзі серіктестердің ешқайсысына мүліктің аталмыш екі түріне де байланысты зиян келтірмеу болып табылады, бұл жалпы негіздегі хадис.

Енді осы екі түрдің арасын ажыратуға дәлел ретінде қолданылатын пікірлер туралы айтсақ, олар осал сипатта келген.

Екеуара ортақ жол, құдық және сол сияқты мүлік түрлеріне байланысты көршінің көрші алдындағы сатып алуға қатысты құқық басымдығы туралы ғұламалар пікірі өртүрлі. Олардың кейбіреулері мұндай жағдайда сатып алуға қатысты құқық басымдығын міндетті санап, бұл тұрғыда аталмыш ортақтастық басқа меншіктердегі серіктестікке ұқсас, ал бұл нәрседі зиян жеткізу басқа меншік серіктестігінде зиян жеткізу сияқты деген және бұған

қатысты дәлелдері де көп. Кейбіреулері, мәселен имам Ахмад мазһабындағылар, көршілердің бір-бірі алдында мүлікті сатып алуға қатысты құқық басымдығы жоқ деп есептеген. Ал кейбіреулері, мәселен имам Әбу Ханифа мазһабы, көрші көршісінің кез келге мүлкін сатып алуға қатысты құқық басымдығын пайдалана алады деген пікір білдірген және мұны дұрыстыққа жақын санаған.

Пайғамбар (ﷺ) мұндай құқықты серіктеске берген, құқығын пайдалану-пайдаланбауды ол адамның өзі шешеді. Бұл құқық адам өзі бас тартқан немесе оны шариғат үкімдері бойынша мұндай құқықтан қағуға нақты дәлел келген жағдайда ғана айыруға болатын міндетті құқықтар санатына жатады.

Ал біреуге бұл құқықты пайдалануы үшін қажетті мүмкіндік бермей, оны тез арада пайдалануын ұсынатын шарттар туралы айтсақ, бұл ешқандай негізсіз сөз.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ ХАДИС

Серіктеске қиянат жасамау

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَقُولُ اللَّهُ تَعَالَى:
أَنَا ثَالِثُ الشَّرِيكَيْنِ، مَا لَمْ يَخُنْ أَحَدُهُمَا صَاحِبَهُ. فَإِنْ خَانَ خَرَجَتْ مِنْ بَيْنِهِمَا.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһ тағала: «Мен екі серіктестің, біреуі серігіне қиянат жасамайынша үшіншісімін. Ал егер (біреуі серігіне) қиянат жасаса, онда араларынан шығып кетемін», — деп айтты», — деді», — деген (Әбу Дауд).

Бұл хадис жалпылама тұрғыда серіктестер келісімге отыратын іскерлік, саудагерлік, келіссөздік т.с.с. серіктестіктің барлық түріне рұқсат етілетінін көрсетеді. Бұлардың біріне тыйым салмақ болған адам оның тыйымына қатысты нақты дәлел келтірмейінше ол осы хадистің мазмұны бойынша рұқсат етілген болып табылады. Өйткені негізінде барлық қарым-қатынастарға рұқсат етіледі.

Шыншылдық пен аманатшылдыққа негізделген серіктестіктердің артықшылығы мен берекесін нақтылайтын бұл хадис бойынша Аллаһ тағала Өзімен бірге болған адамның ризығына береке дарытып, оған ризық-несібеге қол жеткізетін жолдарды жеңілдетеді. Сонда оның ризығы өзі ойламаған жерден келіп тұрады және оған Аллаһ жәрдем көрсетіп, туралыққа бағыттайды.

Мұның себебі ондай серіктестер бір-бірлеріне жоспарлары мен істерінде демеу көрсетіп, кейде жеке-дара шамалары келмейтін істерді өзара бірлесіп, күш-қуат әрі қаражат жинақтай отырып атқаруы мүмкін.

Сондай-ақ серіктестіктер аймаққа, жұмыс саласына байланысты бөлімдерге ажыратылып, кеңейтілуі мүмкін. Көбіне бұл жүйе іскерлердің жұмысын жеңілдетіп, біреуі демалысқа шыққанда не басқа істерімен айналысқанда немесе науқастанып қалғанда, істі серіктесі жүргізіп отырғандықтан жұмысына алаңдамауына мүмкіндік береді.

Бұл айтылғанның бәрі арада шыншылдық пен аманатшылдық үстемдік құрғанда ғана іске асады. Егер серіктестікке қиянат араласып, олардың бірі не екеуі де серіктесіне қиянат ойласа, өз мүмкіндіктерін бір-бірінен жасырса, Аллаһ тағала ондай серіктестердің арасынан шығып кетеді. Нәтижесінде олардың істерінің берекесі жоғалады. Бұл хадистің растығын өмір тәжірибесінің өзі көрсетіп жүр. Аллаһ жақсы білуші.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ХАДИС

Ізгі амалдардың бұл дүниедегі және ақыреттегі сауабы

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: إِذَا مَاتَ الْعَبْدُ انْقَطَعَ عَمَلُهُ إِلَّا مِنْ ثَلَاثٍ: صَدَقَةٍ جَارِيَةٍ، أَوْ عِلْمٍ يُنْتَفَعُ بِهِ، أَوْ وَلَدٍ صَالِحٍ يَدْعُو لَهُ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Пенде дүние салған соң оның (мына) үшеуден басқа (барлық) амалы тоқтайды¹: (сауабы) үзілмейтін садақа², (жұрт) пайдаланатын білім³ немесе ол үшін дұға қылатын ізгі перзент», — деп айтты», — деген (Муслим, Ахмад).

Аллаһ бұл дүниені іс-амалдар жасайтын мекен етті. Мұнда пенделер жарылқау не жазалау мекені болып табылатын мәңгілік ақырет өмірі үшін игіліктер немесе жамандықтар жинайды. Демек, мәңгілік өмір үшін өздерін бақытқа бөлейтін нәрселерді жинамаған бейғамдар бұл дүниеден өткен соң өкінішке түседі, бірақ ол кезде бәрі кеш болады. Пенде өлім құшқаннан кейін игі амалдарын бір мысқалға болсын көбейте алмайды, сол сияқты жаман амалдарын да азайтуға мүмкіндігі жоқ. Бұрын істегендерінің нәтижесі болып табылатын аталмыш үшеуінен басқаның бәрі тоқтайды.

¹ Яғни, адамның өз амалдары үшін сыйлық алуы тоқтайды.

² Бұл жерде марқұм кедейлерге таратып беруді немесе қайырымдылық қорына салуды өсиет еткен дүние-мүліктер туралы айтылған.

³ Мұнда кісінің өзі жазған не өсиет еткен кітаптары немесе ұстаз ретінде басқаларға берген білімі т.б. туралы айтылған.

1. Сауабы үзілмейтін, яғни пайда әкелуі жалғаса беретін садақа. Бұл жерде қайырымдылық қоры ретінде өсиет етіліп, одан түсетін табыстан адамдар пайдаланатын жылжымайтын мүліктер, қолданылатын ыдыс-аяқтар, мінуге не басқа да мақсаттарға пайдаланылатын малдар, халық пайдасына қызмет ететін жинақтар мен Құран кітаптары немесе пайдаланылатын мешіттер, медреселер, үй-жайлар т.с.с. туралы айтылған.

Осыларға үлес қосқан пенде үшін бұлар пайдаланылып тұрғанда олардың сауабы үздіксіз беріліп тұрады. Бұл қайырымдылық қорына, әсіресе білім алу, ғибадат жасау сияқты діни мақсаттағы істерге көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық шараларына қаражат бөлудің ең ұлы артықшылықтарының бірі болып табылады.

Сондықтан да ғұламалар қайырымдылық қорына өсиет етілген дүние-мүліктің игі мақсатқа пайдаланылуын қажетті шарт ретінде көрсеткен.

2. Пенде дүниеден өткеннен кейін де халық пайдасына қызмет ететін білім. Мұнда оның ғылымға құштар шәкірттерге берген, халыққа таратқан білімі немесе пайдалы ғылым салаларында жазып қалдырған кітаптары туралы айтылған.

Пенде осылай тікелей не жазбаша таратқан білімі үшін сауап алуын жалғастыра береді. Расында да, басқаларды тура жолға бастаған қаншама ғұламалар жүздеген жылдар бұрын дүниеден өтіп кеткенімен, олардың кітаптары пайдаланылып, шәкірттерінің игі жемісі жалғасын тауып келе жатыр. Бұл да болса Аллаһтың кеңшілігі.

3. Ізгі перзент. Мұнда кісінің өз перзенттері және ұлы не қызы жағынан болған немерелері туралы айтылған. Ата-анаға перзенттің ізгілігі мен дұғасының пайдасы зор, өйт-

кені ол Аллаһ тағаладан әрдайым ата-анасының кешірілуін, мейірімге бөленуін, дәрежелері көтерілуін және сый-сауапқа кенелуін өтінеді.

Біз қарастырып отырған хадисте айтылғандар Аллаһ тағаланың: **«Рас, Біз өліктерді тірілтеміз әрі олардың бұрын істегені мен артында қалдырған нәрселерін жазамыз»**, — деген сөзінің мазмұнында келген (Ясин, 12).

Мұндағы «олардың бұрын істегені» деген сөз олардың өздері істеген жақсы не жаман амалдарын көрсетеді. Ал «артында қалдырған нәрселері» олардың іс-амалдарының нәтижесі себепті басқалар істеген не пайдаланған нәрселерді білдіреді.

Пенденің өзіне сауабы тиіп тұратын іс-амалдарының нәтижесі үшеу:

Бірінші: Оның түрткісі, шақыруы және нұсқаулары себепті басқалар істеген амалдар.

Екінші: Игілікте оған ілесуі нәтижесінде басқалар қандай да бір пайда алған істер.

Үшінші: Басқалардың, яғни өз перзенттерінің немесе тәлім-тәрбие берген, тура жол көрсеткен рухани перзенттерінің, туыстары мен жақын достарының немесе жалпы мұсылмандардың бұған бағыштап жасаған амалдары, мұның атынан берген садақалары, ол үшін жасаған дұға-тілектері. Мұндай жағдайларда ол амалдардың нәтижесі пенденің дін тұрғысында жеткен дәрежесіне, басқаларға жасаған не себепші болған жақсылықтарына және Аллаһ тағала Өз пенделерінің жүректеріне оны жақсы көруді қаншалықты дарытқанына байланысты жүзеге асады. Өйткені осы жақсы көру сезімі оған бұл үшін адамдардың дұға қылуы, кешірім өтінуі сияқты көптеген пайдалар әкеледі.

Мұның барлығы осы хадис шәрифте айтылған.

Кейде пендеге бір нәрсе арқылы бірнеше пайда жетуі мүмкін. Мәселен, әкесі білім алуына көңіл бөлген әрі ізгі, әрі білімді перзент немесе пайдаланатын адамдарға қайырымдылық қоры ретінде қалдырылған не сыйға тартылған кітаптар сияқты.

Сондай-ақ бұл хадисті неке құруға үндеуде дәлел ретінде пайдалануға болады. Өйткені неке дүниеге игі перзенттер әкелудің және ізгі әйелмен шаңырақ көтеріп, жұбайына оған әрі ол арқылы басқаларға пайда әкелетін тәлім берудің негізі болып табылады. Аллаһ жақсы білуші.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ ХАДИС

Ешкімге тиесілі емес нәрсені иелену мүмкіндігі

عَنْ أَسْمَرَ بْنِ مُضَرَّسٍ: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَنْ سَبَقَ إِلَى مَا لَمْ يَسْبِقْ إِلَيْهِ مُسْلِمٌ فَهُوَ لَهُ.

Әсмәр ибн Мударристен жеткен хадисте Аллаһ елшісі **﴿ﷺ﴾**: *«Кім ешбір мұсылман иеленбеген нәрсені бірінші иеленсе, ол соныкі»*, — деген (Әбу Дауд).

Бұл хадисте ешкімнің иелігіне жатпайтын, ешкімге тиесілі емес барлық рұқсат етілген нәрселерді иелену мүмкіндігі туралы айтылған.

Мәселен, бос жатқан жерді жандандыру. Яғни, кім бірінші иеленіп, оған су жеткізсе немесе ғимарат тұрғызса, ол жер соның меншігі болып табылады, бірақ игермей тұрып, оған иелік етуге рұқсат етілмейді. Әйтсе де біреуге басшы не оның орынбасары өңделмей бос жатқан жерді жер телімі ретінде ажыратқан жағдайда бұл оған құқылырақ саналады, бірақ толық иелік ете алмайды. Егер бір жерді игеруге талапкер шықса, оған бұл жерді абаттандырасың, болмаса оны жайына қалдыр деп шарт қою керек.

Құрлық не теңіз жануарларын бірінші боп аулап алу, жасырын жатқан жер асты қазыналарын пайдалануға шығару және бірінші боп отынды не шөпті немесе иесі керек етпей шығарып тастаған қалдықтарды жинап алу да осыған жатады.

Мешіттердегі, медреселердегі, базарлардағы және аула-лардағы орынға бірінші болып орналасу да осы тұрғыда

қарастырылады. Егер бұл орындар белгілі бір бақылаушының нұсқауы астында болса, онда соның нұсқауына жүгіну қажет.

Сонымен иесі жоқ рұқсат етілген нәрсені бірінші болып иеленген адам оған құқылырақ саналады. Бұл тұрғыда оның иелігі иеленген шамасына байланысты болады.

Сол сияқты жұмыс беруші мына шаруаны атқарғанға пәлендей ақы төлеймін деп тапсырыс берген жұмыстарды істеуге оған бірінші боп сұранған адам құқылы саналады.

Бұл айтылғандар әлдебір затты бірінші тауып алған адамға да қатысты. Мұның барлығы біз қарастырған хадистің мазмұнында қамтылған. Аллаһ жақсы білуші.

ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ ХАДИС

Мирасқа қатысты үкімдер

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَلْحَقُوا
الْفَرَائِضَ بِأَهْلِهَا. فَمَا بَقِيَ فَهُوَ لِأَوْلَى رَجُلٍ ذَكَرٍ.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Мирастарды оған құқылы (адамдарға) үлестіріңдер, ал қалғаны (марқұмның) ең жақын ер туысына тиесілі», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).**

ҚЫРЫҚ ЖЕТІНШІ ХАДИС

Заңды мұрагер үшін өсиет жазылмайды¹

عَنْ أَبِي أُمَامَةَ الْبَاهِلِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ:
 إِنَّ اللَّهَ قَدْ أَعْطَى كُلَّ ذِي حَقٍّ حَقَّهُ، فَلَا وَصِيَّةَ لِرِوَاثٍ.

Әбу Умәмә Әл-Бәһили (Аллаһ оған разы болсын):
 «Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Расында, Аллаһ әрбір құқылының құқы (белгілеп) берді, сондықтан мұрагер үшін өсиет (жазылмайды)²», — деп айтқанын естідім», — деген³ (Әбу Дауд, Ахмад, өт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және басқалар).

Жоғарыда келген екі хадис мирастар мен өсиеттерге қатысты үкімдердің үлкен бөлігін қамтиды. Расында, Аллаһ тағала мирасқа қатысты үкімдерді егжей-тегжейлі, толық әрі анық баяндап, әрбір құқылыға тиістіні белгілеп берген. Ал Аллаһ елшісі (ﷺ) мирастарды әке жағынан келетін туыстарға басымдық бере отырып, оған құқылы адамдарға үлестіріп беруді бұйырды және қалғаны ең жақын ер туысқа тиесілі екенін ескертті. Мұндағы ер туысқа тікелей не жамағайын ер туыстар, тікелей ер туыстардан тарағандар және марқұмның қамқорлығында болғандар жатады.

¹ Шарифатта өсиет пен мирастың айырмашылығы бар. Мирас — марқұмның байлығының мұрагерлерге тиесілі бөлігі. Шарифатта мұрагер саналатын адамға өсиет қалдыруға және мұраның үштен бір бөлігінен артығын өсиет етуге болмайды.

² Бұл жерде мұрагерлік құқығы Құранда көрсетілген мирасқорлар үшін арнайы өсиет жазылмайтыны туралы айтылған.

³ Бұл хадистің иснады хасан (жақсы).

шаттық сыйлайтын сөздер¹ де жақсы сөздер қатарына жатады.

Аллаһ тағаланы зікір ету, Оған мадақ айту және Оның үкімдері мен заңдарын әңгіме ету де жақсы сөздер санатынан табылады.

Демек, Аллаһ тағалаға жақындататын және пенделерге пайдасы тиетін сөздердің бәрі жақсы сөздер құрамына кіреді. Аллаһ тағала: **«Жақсы сөз Аллаһқа қарай көтеріледі, ал ізгі амал оны көтереді»** (Фатыр, 10);

«Ал мәңгі қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында сауап бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы», — деген (Кәһф, 46).

Мұнда Аллаһқа жақындататын және адамдарға пайдасы тиетін барлық сөздер мен амалдар туралы айтылған. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Мұнда тәубеге келіп, Аллаһқа және Оның елшісіне (ﷺ) бойсұнғандарға көрсетілетін Аллаһ тағаланың мейірімін хабарлайтын сөздер туралы айтылған.

үкімге сәйкес бөлу мүмкін болмай қалса¹, қарыздар адамның қарыздарына түгел жетпейтін мал-мүлкі ортаға салынған жағдайда қарыз сомалары шегерілетіні² сияқты, мұрагерлік үлестің мөлшері кемітіледі. Әділдік осыған саяды. Барлығын толық қанағаттандыру мүмкін емес нәрсеге бірнеше адамдар бірдей құқылы саналса және олардың ешқайсысы басымдылық беру құқына ие болмаса, олардың құқықтарына қарай үлестерін кеміту керек. Бұл сыйлыққа, өсиеттерге, қайырымдылық қорына бөлінген дүние-мүліктерге және басқаларға қатысты. Сол сияқты үстеме де олардың мүліктері мен құқықтарына қарай тиесілі болады.

Бұл хадис бойынша Құранда көрсетілген мұрагерлер болмаса, мирасқа қалған дүние-мүліктің бәрі жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша әке жағынан келетін туыстарға тиесілі болады.

Егер марқұмның әке жағынан туыстары табылмай, тек Құранда көрсетілген мұрагерлері ғана болса, қалған дүние-мүлік те оларға үлес мөлшеріне қарай бөлініп беріледі. Бұл кейбір жағдайларда олардың үлес мөлшері кемітілетіні сияқты іске асады. Өйткені мирас үлестерін белгілеудің даналығы — артығы әкенің туыстарына қалуы үшін. Егер әке жағынан туыстар табылмаса, онда мирас алуға басқа үміткерлердің шықпауы себепті бәрі мұрагерлікке құқылы адамдарға бөлініп беріледі.

¹ Бұған мынадай жағдай мысал бола алады. Мәселен, марқұм әйелдің мұрагерлері күйеуі және екі әпке-сіңлісі болса, онда күйеуі жартысын, ал әпке-сіңлілерінің әрқайсысы үштен бірін алуы тиіс. Бірақ бұл бүтін есепке тура келмегендіктен, олардың әрқайсысының мұрагерлік үлесі тиісінше кемітіледі.

² Бұл жерде бірнеше адамға қарыз кісінің қолындағы мүлкі ортаға салынып, қарыз иелеріне бөлінгенде оның дүние-мүлкі қарыздарға түгел жетпейтін жағдай туралы айтылған. Мұндай кезде қарыз иелері қарыздарының сомасына қарай тиісінше мөлшерде кемірек ақша алады.

Сондай-ақ бұл хадис шарифат бойынша мұрагерлер қатарына жатпайтын адамға өсиет бойынша мал-мүлік қалдырудың рұқсат етілгендігін көрсетеді. Бірақ бұлай ету өсиет қалдырушы бай адам болып, өз мұрагерлерін жеткілікті дәрежеде қамтамасыз еткен жағдайда құпталады. Егер өсиет қалдырушы кедей кісі болып, мұрагерлері кедейліктері себепті барлық мұраға мұқтаж не сандары көп болса, оның басқаларға өсиеті бойынша дүние-мүлік ажыратпай, барлық мүлкін мұрагерлеріне қалдырғаны жөн.

Мұрагерлік құқы Құранда көрсетілген адамдарға өсиет бойынша мал-мүлік қалдыру туралы айтар болсақ, бұл хадиске орай оған тыйым салынған. Себебі Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Расында, Аллаһ әрбір құқылының құқын (белгілеп) берді, сондықтан, мұрагер үшін өсиет (жазылмайды)»**, — деген.

Пайғамбардың (ﷺ) тыйымымен санаспай, мұндай өсиет жазған адам Аллаһ тағала белгілеген шекарадан аттап, заңды мұрагерлердің бірін басқаларынан артық көрген саналады. Ғұламалардың ортақ пікірінше, бұлай ету өсиет бойынша ма, сыйға тарту түрінде ме немесе мұрагерлердің біріне қайырымдылық ретінде дүние-мүлкінің үштен бірін¹ беру арқылы бола ма — бөрібір деп есептеледі.

Алайда бөгде адамға немесе діни мақсаттарға өсиет бойынша дүние-мүлік қалдыруға рұқсат етіледі, бірақ бұл мұраға қалдырылған мал-мүліктің үштен бірінен аспауы тиіс. Егер үштен бірінен асып кетсе, ол өсиетті орындау үшін мұрагерлердің келісімі талап етіледі.

¹ Бұл жерде өсиет жазушының шарифат бойынша заңды мұрагерлерінен басқа біреуге мұраға қалдыруына рұқсат етілетін оның дүние-мүлкінің үштен бір бөлігі туралы айтылған.

ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Аллаһ тағаланың Өзі жақсы көретін істерде пендеге жәрдемдесуі

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: ثَلَاثَةٌ حَقَّ عَلَى اللَّهِ عَوْنُهُمْ: الْمَكَاتِبُ يُرِيدُ الْأَدَاءَ، وَالْمُتَزَوِّجُ يُرِيدُ الْعَفَافَ، وَالْمُجَاهِدُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын):

«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Үш (адамға) жәрдем беруді Аллаһ міндетіне алған: (құнын) төлеуді қалайтын өз-өзін азат етуші құлға, абыройын сақтауды қалайтын үйленушіге және Аллаһ жолындағы қайраткерге», — деп айтты», — деген (Әбу Дауд, өт-Тирмизи және Ахмад).

Аллаһ тағала Өзі жақсы көретін орындарға қаржы-қаражат жұмсаушыларға ақыреттік қарымта сый уәде еткен және бұл сый-сауап Аллаһ ұнатқан істер үшін ғана беріледі. Күнәкарлық, рұқсат етілген амалдарда шектен шығып, ысырапқа жол беру сияқты Аллаһ ұнатпайтын орындарға, қаржы-қаражат жұмсаушылар үшін қарымта сыйға Аллаһ тағала кепілдік бермейді, керісінше олар айыпты болады.

Осы хадисте айтылған үш нәрсе Аллаһ тағала жақсы көретін ең жақсы істердің қатарына жатады.

Аллаһ жолында білім-ғылым т.с.с. арқылы қайраткерлік көрсету діннің ең биік шыңы болып табылады. Бұл жолға қаржы-қаражат жұмсаған адам қарымта сый алып, Аллаһ тағаладан жәрдем көреді, ісі оңайлатылады.

Өз-өзін азат етуді қалайтын құл туралы Аллаһ тағала: **«Қолдарындағы құл-күндерден өз-өзін азат етуді қалайтындармен, егер оларда қайыр барын білсеңдер, өз-өзін азат ету келісімін жасаңдар»** (Нұр, 33) деген. Бұл арқылы Аллаһ тағала қожайындарға діндері мен дүние тіршіліктерінде туралықты ұстанған құл-күндерге, олар өтініш жасаған жағдайда азаттық беру келісімін түзуді бұйырды. Өз құнын төлеп, басын азат етуді қалаған, еркіндікке, діні мен дүние тіршілігіндегі бостандыққа асыққан құлға Аллаһ жәрдемдесіп, істерін жеңілдетеді әрі оған өзі ойламаған жерден ризық-несібе береді.

Мұндай жағдайда қожайын құлдың өз-өзін азат ету құнын бөлшектеп төлеп бітуі тиіс уақытты белгілегенде жеңілдік жасауы және құнының төрттен бірін өтеп болған соң оған азат ету құны ақшасынан беріп тұруы керек.

Аллаһ тағала өз-өзін азат етуші құлдардың құқына қатысты олардың қожайындары мен басқа да мұсылмандарға: **«Оларға Аллаһтың өздеріңе берген мал-дүниесінен беріндер»**, — деп бұйырған (Тәубе, 60). Сол үшін Аллаһ: **«... құл азат етуге...»** (Нұр, 33), — деп құлдарға зекет малынан үлес белгіледі. Бұл Аллаһ тағаланың құлдарға көрсеткен жәрдемі.

Сондай-ақ Пайғамбардың (ﷺ) бұдан да ауқымды мағынадағы: **«Кімде-кім адамдардың мал-дүниесін қайтарып беру ниетімен алса, оның (қарызын) Аллаһ қайтарады¹, ал кімде-кім жаратып жіберу ниетімен² алса, оны Аллаһ шығынға ұшыратады»**, — деген сөзі риуаят етілген (өл-Бұхари).

¹ Аллаһ тағала ол адамға қарызын қайтара алатындай жағдай жасайды.

² Яғни, қайтармай қоюды мақсат етіп.

Ал неке жайлы тоқталсақ, оған Аллаһ тағала да, Оның елшісі де бұйырған және Аллаһ тағаланың жәрдемі, Аллаһ пен Оның елшісінің бұйрығына бойсұну сияқты көптеген пайдаларды некемен байланысты еткен әрі ол барлық Пайғамбарлардың сүннетіне жатады.

Некеде абыройды сақтау, көзді тыю, ұрпақ өрбіту және әйел-балаларға қаржы-қаражат жұмсау сияқты пайдалар бар. Пенде отбасына сауап үмітімен ішім-жемге, киім-кешекке және басқа да қажеттіліктерге қаржы-қаражат жұмсаса, Аллаһтың алдында марапат пен жақсылықтарға қол жеткізеді. Пенде үшін некенің тұла бойы тұнған игілік және толассыз жақсылықтар.

Аллаһ тағаланың нығметтерін еске алу, Оған ғибадат жасаумен айналысу және ерлі-зайыптылардың бір-біріне діндері мен дүниелік істерінде жәрдем көрсетуі де үйленудің пайдаларына жатады. Аллаһ тағала: **«Әйелдерден өздеріңе ұнағандарына үйленіңдер»**, — десе (Ниса, 3), Пайғамбар (ﷺ): **«Әйелге төрт нәрсе үшін үйленеді: байлығы, тегі, сұлулығы және діні үшін, ендеше діндарына үйлен, қолың шаңға батқыр¹!»** — деген (әл-Бұхари).

Яғни, діндар әйел тұрмыс-тіршіліктің, үй мен балалардың және ер-азамат жүрегінің жайбарақат, тыныш қалыпқа түсуінің себепшісі. Егер діндарлықпен қоса басқа да қасиеттерге ие әйел табылып жатса, нұр үстіне нұр, болмаса діндарлық мақсаттағы ең ұлы қасиет болып табылады. Аллаһ тағала: **«Ізгі әйелдер—(Аллаһқа) бойсұнушы, Аллаһ сақтауды (бұйырған) жасырын нәрселерді² сақтаушылар»**, — деген (Ниса, 34).

¹ Мұнда бұл одағай сөз «әйтпесе ұтыласың» деген мағынада баяндауыш қызметін атқарып тұр.

² Яғни, күйеулері сыртта жүргенде олардың құпия-сырларын, мал-мүліктері мен ар-намыстарын сақтаушылық.

Әйел Аллаһтың құқы мен күйеуінің құқын сақтауы және күйеуінің құқын барлық адамдардың құқынан жоғары қоюы тиіс болса, ер кісі әйелін туралыққа бағыттауға ұмтылуы әрі араларында үйлесімділік орнататын барлық себептерді істеуге міндетті. Өйткені ерлі-зайыптылар арасындағы үйлесімділік — ең басты мақсат. Сондықтан да, Пайғамбар (ﷺ) айттырмақ болған әйелге қарауды ұсынған. Сірә, бұл үйленбек адамның ісі саналылыққа негізделуі үшін болса керек. Аллаһ жақсы білуші.

ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Некелесуге тыйым салатын сүт бауырлық дәрежелері

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الرِّضَاعَةُ تُحَرِّمُ مَا تُحَرِّمُ الْوِلَادَةَ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Жатыр жағынан (үйленуге) тыйым салынатындар емшектестік жағынан да тыйым салынады», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).**

Мұнда Құран үкімі және ғұламалардың ортақ пікірі бойынша, ер кісіге тегі жағынан үйленуге тыйым салына-тын адамдар—әке-шеше жағынан болған аналары, әже-лері, қыздары және ұл-қызынан тараған немере, шөбере қыздары, барлық әпке-қарындастары, аға-інілері мен әпке-қарындастарының қыздары және олардан тараған қыздар, сондай-ақ немере және нағашы әпкелер.

Осы жеті тыйым емшектес туыстықта да сүт емізген әйел мен оның күйеуі жағынан болған әйелдерге қатыс-ты. Бірақ бұл үкім емізуші ана нәрестені екі жастан аспай тұрып, өз сүтімен бес не одан көп рет емізген жағдайда күшіне енеді.

Бір әйелдің сүтін емген баланың туыстары туралы айт-сақ, бұл тыйым тек оның үрім-бұтағына ғана қатысты, ал оның туған ата-анасына да, тікелей не жамағайын туыста-рына да аталмыш үкімнің қатысы жоқ.

Ер адамға екі апалы-сіңліні немесе бір әйелді немере не нағашы әпкесімен бір мезгілде некесінде ұстауға тыйым салынады. Бұл үкім емшектес туыстықта да күшін сақтайды.

Сонымен қатар ер кісі жұбайымен ерлі-зайыптық қатынасқа түскен соң, оған әйелінің аналары және әжелерімен, әйелінің қыздары және олардан тараған қыздармен, әкелерінің және аталарының әйелдерімен, ұлдарының және ұл-қыздарынан тараған немере, шөберелерінің әйелдерімен үйленуге тыйым салынады. Бұл айтылғандар емшектес туыстыққа да қатысты.

ЕЛУІНШІ ХАДИС

Әйелмен жақсы қарым-қатынаста болу

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا يَفْرُكُ مُؤْمِنٌ مُؤْمِنَةً، إِنْ كَرِهَ مِنْهَا خُلُقًا رَضِيَ مِنْهَا آخَرَ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын):

«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Мүмін кісі мүмін әйелді жек көрмесін, оның мінез-құлқының бірін ұнатпаса, басқасына разы болады», — деп айтты», — деген (Муслим).

Пайғамбардың (ﷺ) ерлі-зайыптылар ара-қатынасына қатысты бұл өсиеті ер кісіні өз әйелімен жақсы қарым-қатынас ұстануға итермелейтін басты себептерге жатады. Аллаһ елшісі (ﷺ) мүмін кісінің әйеліне нашар қарым-қатынас жасауына тыйым салды, ал бір нәрсеге тыйым салу — оның қарама-қарсысына бұйрық ретінде жүреді. Пайғамбар (ﷺ) ер кісі әйелінің өзіне ұнамайтын мінез-құлықтарына қарсы оның жақсы және ұнамды мінез-құлықтарына көңіл аударуын бұйырады. Расында, егер күйеуі әйелінің жақсы мінез-құлықтары мен өзі ұнататын қасиеттеріне назар аударып, сосын оны жақтырмауға және нашар қатынас жасауға итермелейтін себептерге қараса, ондай жағымсыз нәрселердің бір-екеуі ғана, ал өзіне ұнайтын қасиеттердің әлдеқайда көп екенін көреді. Сөйтіп ер адам әділетті болса, әйелінің кемшіліктеріне кешіріммен қарайды, өйткені бұл кемшіліктер әйелдің жақсы қасиеттерінің тасасында қалып қояды.

Осы себепті жақсы қарым-қатынас жалғасын тауып, міндетті және мустахаб құқықтар орындалады, тіпті күйеуде әйелдің бойынан ұнатпай қалған әрекетін не мінезін түзеуге ұмтылыс пайда болуы мүмкін.

Егер кімде-кім жақсы қасиеттерді елемей, болмашы жамандықтарды термелесе, онда ерлі-зайыптылардың арасында әділетсіздік орнайды. Ондай адамның отбасылық бақытқа кенелуі екіталай.

Бұл тұрғыда адамдар үш топқа бөлінеді:

1. Олардың ең жақсысы — көркем мінез-құлықтар мен жақсы қасиеттерге көңіл аударып, кемшіліктердің ешқайсысын елемей, кешіріп жіберетіндер.

2. Мәселеге керісінше қарап, жақсы қасиеттерді мүлдем көрмей, үнемі тек кемшіліктерді көретін, тіпті, күдік-күмәндар мен теріс пайымдаулар нәтижесінде оларды, өзіміз куә болып жүргендей, асыра үлкейтіп, пілден піл, түймеден түйе жасайтын, иманы әлсіз, пайым-парасаты таяз, өмірде жолы болмаған нашар мінезді адамдар.

3. Жақсыны да, жаманды да байқайтын және оларды бір-бірімен салыстыра отырып, әйеліне соған сәйкес қатынас жасайтын адамдар. Мұндай адам әділетті саналғанмен, кемелдіктен мақрұм қалады.

Пайғамбар (ﷺ) нұсқаған бұл әдеп адамдардың бәріне қатысты, өйткені оның діни әрі дүниелік пайдасы көп. Мұны істеген адам жүрек тыныштығына жете отырып, міндетті әрі мустахаб құқықтарды орындауға мүмкіндік алады, өйткені адамдардың кемшіліксіз болуы мүмкін емес. Сондықтан парасатты адам өз кемшіліктерін түгендеп, араласатын адамдарының әрдайым мұның көңілінен шығатын әрекет жасамайтынына өзін көндіктірсе жеткілікті. Сонда оған көргендігі мен көркем мінез-

құлқын сақтап қалу және адамдарға игі жақсылық істеу жеңіл түседі, ал сәттілік беруші Аллаһтың Өзі.

ЕЛУ БІРІНШІ ХАДИС

Билікке ұмтылуға қатысты тыйым

عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ سَمُرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَا عَبْدَ الرَّحْمَنِ بْنِ سَمُرَةَ، لَا تَسْأَلِ الْإِمَارَةَ، فَإِنَّكَ إِنْ أُوْتِيَتْهَا عَنْ مَسْأَلَةٍ وَكَلْتِ إِلَيْهَا، وَإِنْ أُوْتِيَتْهَا مِنْ غَيْرِ مَسْأَلَةٍ أُعْنِتَ عَلَيْهَا. وَإِذَا حَلَفْتَ عَلَى يَمِينٍ فَرَأَيْتَ غَيْرَهَا خَيْرًا مِنْهَا فَكْفَرْ عَنْ يَمِينِكَ وَأَتِ الْذِي هُوَ خَيْرٌ.

Абдуррахман ибн Самура (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде) *Пайғамбар* (ﷺ): «*Ей, Абдуррахман ибн Самура! Әкімшілікті сұрама, егер (билік) саған (өз) тілегің бойынша берілсе, оның (жауапкершілігі бір) саған жүктеледі¹, ал егер (өз) тілегіңсіз берілсе, онда (Аллаһтан) бұл (істе) медет табасың. Сондай-ақ бір ант ішкеннен кейін одан жақсы басқа бір нәрсені көрсең, онда антыңды (бұзғаның үшін) кәффарат жасап, сол жақсы нәрсені істе*», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадисте екі ұлы нұсқау бар:

Біріншісі: Пенде билікке не басқа да халықты басқару істеріне сұранбауы, ұмтылмауы тиіс. Керісінше, Аллаһ тағаладан оның сынағынан аман сақтауын өтіну қажет. Өйтөкені пенде билік өзі үшін қайырлы бола ма әлде кесірлі бола ма және оны атқара ала ма, жоқ па білмейді.

¹ Яғни, Аллаһтың көмегіңсіз қаласың.

Адам билік сұрап, оған ұмтылған жағдайда өз бетіне қалдырылады, ал пенде қашан өз бетіне қалдырылса, Аллаһ оған сәттілік бермейді, істеріне туралық салмайды және оған жәрдем көрсетпейді. Адамның билікке ұмтылуы сақтанатын екі нәрсені айғақтайды:

1. Дүниеге және басшылыққа ұмтылу. Неге дегенде, адамды Аллаһқа тиесілі мал-мүлікке қатысты күмәнді әрекеттерге баруға¹ және жұрттан жоғары болуға ашкөзділік итермелейді.

2. Мұнда адамның өз күшіне сүйенуі мен Аллаһтан жәрдем сұраудан қол үзуінің көрінісі бар. Сондықтан Пайғамбар (ﷺ): «...оның (жауапкершілігі бір) саған жүктеледі», — деген.

Кімде-кім шамам келмейді деп ойлап, билікке ұмтылмаса, бірақ оған өз өтінішінсіз билік берілсе, ол адамға Аллаһ көмектеседі және оны өз бетіне қалдырмайды. Өйткені ол сынаққа өзі басын сұққан жоқ, ал кімге сынақ өз ықтиярынан тыс келсе, Аллаһ оның жүгін жеңілдетіп, өз міндеттерін атқаруына сәтін салады. Бұл кезде пенденің Аллаһқа деген тәуекелі артады, ал ол Аллаһқа тәуекел етіп, себебін істесе, мол табысқа жетеді.

Аллаһ елшісінің (ﷺ): «...онда (Аллаһтан) бұл (істе) **медет табасың**», — деген сөзі билік және бұл дүниедегі басқа да басшылық қызметтер: дін мен дүние тіршілігі істерін қамтитынын көрсетеді. Өйткені кез келген биліктің мақсаты — адамдардың діни және дүниелік істерін тәртіпке келтіру.

¹ Бұл жерде зекет және қайырымдылық қорына салынған дүние-мүліктер т.б. қаржы көздерін дұрыс пайдаланбау туралы айтылған.

Билік әрдайым бұйрық-тыйымдармен, халықты өздерінің міндеттерін орындауға мәжбүрлеумен, тыйым салынған нәрселерді жоюмен және адамдардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етумен, сол сияқты саясат және қайраткерлік істерімен де байланысты. Сол себепті, билік Аллаһқа шын ықылас танытып, міндеттерін атқарған адамдар үшін ең жақсы құлшылықтың біріне айналады да, керісінше жағдайда, ол пенде үшін ең қауіпті қатердің бірі болады.

Мінеки, билік ісі көптеген міндеттермен байланысты болғандықтан қабілетіне қарай жүктелетін міндеттер (фард кифая) қатарына жатады.

Аллаһ тағаланың: **«Мені жер қазыналарының басшысы қыл»** (Юсуф, 55), — деген сөзіндегі, Юсуф Пайғамбардың (әләйһис сәләм) Мысыр патшасынан қазына басшысы билігін талап еткені жайлы сұраса, оған Аллаһ тағаланың: **«Өйткені мен (оларды) сақтауды жақсы білемін»** (Юсуф, 55), — деген сөзі жауап болады. Юсуф Пайғамбар бұл басшылық қызметті халық игілігі үшін, оны өзінен басқа ешкім атқара алмайтындықтан талап етті. Өйткені қазыналарды толық сақтау, оның барлық саласына байланысты білім, оларды өндіру мен жұмсаудағы шеберлік және мүлтіксіз әділдікті қамтамасыз ету қабілеті Юсуфтың ғана қолынан келетін. Патша оны жақын адамдарынан етіп, дәрежесін жоғарылатқан соң, Юсуф Пайғамбар да жоғары мәртебесіне сай оған және қол астындағы халыққа шын ықыласты ақыл-кеңес беруді міндетіне алды. Ал бұл оның билігіне байланысты еді.

Сол үшін ол қазына басшысы қызметіне тағайындалған соң, егін шаруашылығын дамытуға бел шеше кірісіп, жеті жыл бойы Мысыр жерінің түкпір-түкпірінде егін егуге жарайтын бірде-бір орынға тұқым себілмей қалған жоқ.

Юсуф жинап алынған астықты ғажап түрде сақтап, кейін құрғақшылық жылдары, адамдар азық-түлікке мұқтаж болғанда халыққа өлшеммен әділ таратып отырды және мұқтаждарға қиындық тудыруынан қауіптеніп көпестердің астық сатып алуына тыйым салды. Осының нәтижесінде, ол адамдарға сансыз игі пайдалар келгені белгілі.

Екіншісі: Аллаһ елшісінің (ﷺ): *«Сондай-ақ, бір ант ішкеннен кейін одан жақсы басқа бір нәрсені көрсең, онда антыңды (бұзғаның үшін) кәффарат (өтем амалын) жасап, сол жақсы нәрсені істе»*, — деген сөзі.

Мұнда екі жағдай туралы айтылған:

1. Кімде-кім парыз не сүннетке сәйкес істі орындамауға ант берсе, онда ол антын бұзып, антын бұзғаны үшін өтем амалын жасап, орындамауға ант берген сол парыз не сүннет нәрсені істеуі тиіс.

2. Харам не мәкруһ істі орындауға ант берген адамға одан бас тартып, антын бұзғаны үшін өтем амалын жасауы бұйырылған.

Анттың бұл түрлерін Пайғамбардың (ﷺ): *«...сол жақсы нәрсені істе»*, — деген сөзі қамтыған, өйткені кез келген бұйрықты орындау және тыйым салынғаннан бас тарту игілік құрамына жатады.

Аллаһ тағаланың: *«Аллаһ атымен берген анттарыңды өздеріңді игілік істеуден, тақуалық қылудан және адамдар арасын жарастырудан тосатын себеп қылмандар»*, — деген сөзінің мағынасы да осыған саяды (Бақара, 224).

Яғни, антты игіліктен, тақуалықтан және адамдарды татуластырудан бас тарту үшін сылтау етпеңдер. Мұндай істерді орындамауға ант ішсеңдер, анттарыңды бұзғандарың үшін өтем амалдарын жасап, игілік, тақуалық және адамдарды татуластыру шараларын істеңдер.

Бұл хадистен шығар қорытынды: жоғарыда аталғандардан басқа жағдайларда берген антты сақтаған жақсы. Алайда бұйырылған істі орындауға немесе тыйым салынғаннан бас тартуға ант берген адам антын бұзбауы тиіс. Егер ант рұқсат етілген (мубах) нәрсеге қатысты болса, онда адамға екі істің бірін таңдау құқы беріледі, бірақ антын орындағаны абзал.

Негізінде, кәффарат өтем амалдары алдағы уақытта бір нәрсені істеуге бағытталған ант бұзылған жағдайда ғана міндетті болады. Мұндайда кісі құл азат ету не он міскінді тамақтандыру немесе киіндірудің бірін таңдай алады, ал бұлардың ешқайсысына мүмкіндігі болмаған адам үш күн ораза тұтады.

Егер болып өткен нәрсеге байланысты антқа немесе адамның әңгіме барысындағы «Жоқ, Аллаһпен ант етемін», «Әрине солай, Аллаһпен ант етемін» деген сөздері сияқты жай анттарға өтем амалдары талап етілмейді. Аллаһ жақсы білуші.

ЕЛУ ЕКІНШІ ХАДИС

Бойсұну нәзірін орындау міндеті

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا: عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَنْ نَذَرَ أَنْ يُطِيعَ اللَّهَ فَلْيُطِعْهُ، وَمَنْ نَذَرَ أَنْ يَعْصِيَهُ فَلَا يَعْصِهِ.

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Кімде-кім Аллаһқа бойсұнуға нәзір етсе¹, бойсұнсын, ал кімде-кім Оған бойсұнбауға нәзір етсе, бойсұнбауға жол бермесін»**, — деген (әл-Бұхари).

Нәзір дегеніміз — пенденің Аллаһқа бойсұну ретінде өзін бір нәрсеге міндеттеуі. Ол «Аллаһ үшін былай етуім керек» не «Мынанша күн ораза тұтуға нәзір еттім» немесе «Осынша садақа беруге нәзір еттім» деген сияқты себепсіз де, болмаса оны іздеген адамы келген не бір ауру адам сауыққан немесе қалаған нәрсесіне қолын жеткізген не жағымсыз нәрсесінен айыққан жағдайға байланыстыру сияқты себепті де болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ол қашан тілегіне жетсе, нәзірін орындауы міндетті саналады.

Бұл хадис Аллаһқа бойсұнуға бағытталған діни міндеттердің бәрін қамтыған. Демек, Аллаһқа бойсұнудағы уәжіп не мустахаб нәрсеге нәзір еткен адам нәзірін орындауға міндетті. Мұндай жағдайда оның орнына өтем амалдарын пайдалану мүмкін емес, керісінше Пайғамбардың (ﷺ) осы хадистегі бұйрығына орай аталмыш нәзірдің орын-

¹ Бұл жерде Аллаһқа ұнамды бір нәрсені орындауға қатысты нәзір туралы айтылған.

далуы бекітілген. Сондай-ақ Аллаһ тағала: **«Олар¹ нәзірді орындайды»** (Инсан, 7), — деген сөзінде нәзірін орындаушыларға мақтау айтқан.

Нәзір атаудың ұнамсыздығына Пайғамбардың (ﷺ) нәзір етуге тыйым салған: **«Ол жақсылық әкелмейді. Бар болғаны оның көмегімен сараңнан (мал-дүние) шығарылды»**, — деген мына сөздері айғақ болады (әл-Бұхари, Муслим).

Бойсұнбауға қатысты нәзір туралы айтар болсақ, пенде нәзір еткеніне қарамастан Аллаһқа бойсұнбаудан бас тартуға міндетті.

Ал бойсұнбау нәзірі, рұқсат етілген нәзір, дау-жанжал не ашу-ыза нәзірі сияқты нәзірдің қалған түрлері туралы сөз қозғасақ, олардың үкімі антты бұзған жағдайдағы үкіммен бірдей. Ендеше, мән-мағына тұрғысында анттармен ұқсастығы себепті нәзірлер үшін де өтем амалдары талап етіледі. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Яғни, ізгілер.

ЕЛУ ҮШІНШІ ХАДИС

Мұсылмандар бір қол іспеттес

عَنْ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْمُسْلِمُونَ تَتَكَافَأُ دِمَاؤُهُمْ، وَيَسْعَى بِدِمَتِهِمْ أَدْنَاهُمْ، وَيَرُدُّ عَلَيْهِمْ أَقْصَاهُمْ، وَهُمْ يَدُّ عَلَى مَنْ سِوَاهُمْ. أَلَا، لَا يُقْتَلُ مُسْلِمٌ بِكَافِرٍ، وَلَا ذُو عَهْدٍ فِي عَهْدِهِ.

Әли (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Мұсылмандардың қандары тең дәрежелі. Олардың (біреуді) қорғауына жақындағылары ұмтылып, оларға алыстағылары да жауап береді. Олар өзгелерге қарсы бір қол (іспеттес). Естеріңде болсын! Ешбір мұсылман кәпір үшін және ешбір келісім астындағы (адам) келісім кезінде өлтірілмейді», — деп айтты», — деген (Әбу Дауд, Ән-Нәсәи және Ибн Мәжәһ).

Бұл хадис Аллаһ тағаланың: «Шын мәнінде мүміндер туыс» (Хужурат, 10) және Пайғамбардың (ﷺ): «(Бір-біріңе) бауыр болыңдар, (ей,) Аллаһтың құлдары!» — деген сөздерінің түсіндірмесі іспетті.

Мүміндер бір-бірлерін жақсы көруі, өзара тізе біріктіріп, бір-бірін жек көрмеуі, дұшпан тұтпауы тиіс. Бәрі де дін мен дүние тіршілігінің туралығына жеткізетін ортақ мүдделеріне ұмтылуы, беделді адам қарапайым кісіге төкаппарлық көрсетпеуі, бір-бірін кемсітпеуі керек. Олардың қандары тең дәрежелі, өйткені қысас, яғни кек алуда адамдардың дінде тең болуы шарт саналады. Осы хадисте айтылғандай, мұсылман кісі кәпір үшін өлтірілмейді.

Қалған сипаттарда мұсылмандардың бәрі тең дәрежелі саналады. Кімде-кім әдейі қастықпен біреуді өлтірсе не тәніне зақым келтірсе, құн иелері одан қысас алуға құқылы, бірақ оның ағзасының сиқын бұзып жараламауы шарт. Мұндай жағдайларда үлкен мен кішінің, еркек пен әйелдің, ғалым мен наданның, беделді мен қарапайымның және кемел мен кемшінің арасында айырмашылық болмайды.

Пайғамбардың **﴿ﷺ﴾**: **«Олардың (біреуді) қорғауына жақындағылары ұмтылады»**, — деген сөзі — мұсылмандардың біреуді қорғауына алу мәселесі ортақ екенін білдіреді. Яғни, бір мұсылманның қорғауына енген кәпірге қалған мұсылмандардың тиіспеуі міндетті. Өйткені Аллаһ тағала: **«Мүшріктердің бірі сенен қорғауыңды өтінсе, Аллаһтың сөзін естігеніне дейін оған қорған бол да, сосын оны қауіпсіз жерге жеткізіп сал»**, — деген (Тәубе, 6). Мұнда беделді басшы кісі мен қарапайым адамдардың біреуді қорғауына алуында ешқандай айырма жоқ.

«Оларға алыстағылары да жауап береді» деген сөзі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты айтылған. Сол сияқты өзара жұмыла, мақсат біріктіре атқарған іске де, оны кімдер тындырғанына қарамастан бәрі ортақтасады.

«Олар өзгелерге қарсы бір қол (іспеттес)» деген сөзі — жер-жердегі мұсылмандардың бәрі бас біріктіріп, сөзде әрі істе, өзара жәрдемдесуде, экономикалық және әлеуметтік мәселелерде бір жұдырықтай жұмылуы тиіс екенін көрсетеді.

Мұсылмандар Аллаһ тағала мәртебелерін өсіріп, мерейлерін үстем етуі әрі иман талаптарын жүзеге шығаруларына қозғау салуы үшін осы міндеттерді шамалары жеткенінше орындаулары қажет. Аллаһ тағаладан бұл жолда оларға сәттілік беруін тілейміз.

Ал **«Ешбір келісім астындағы (адам) келісім кезінде (өлтірілмейді)»** деген сөзі мұсылмандардың қарамағындағы, қорғауындағы не бейбіт келісіндегі ешбір адамды өлтіруге рұқсат етілмейтінін меңзеген. Пайғамбардың (ﷺ): **«Ешбір мұсылман кәпір үшін өлтірілмейді»** деген сөзін адамдар дұрыс түсінбей, мұсылманнан басқаны өлтіруге рұқсат етіледі екен деп ойлап қалмаулары үшін хадис осы сөзбен нақтыланған. Аллаһ жақсы білуші.

ЕЛУ ТӨРТІНШІ ХАДИС

Өз кәсібі бойынша білікті маман болу қажеттігі

عَنْ عَمْرِو بْنِ شُعَيْبٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَدِّهِ: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَنْ تَطَبَّبَ وَلَمْ يُعْلَمْ مِنْهُ طِبٌّ، فَهُوَ ضَامِنٌ.

Амр ибн Шуъайб әкесінен, әкесі оның атасынан¹ естіген хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Емші ретінде белгілі болмаған (адам) емдеу ісімен айналысса, (бәрін дұрыс орындайтынына) кепілдік беруі керек»**, — деген (Әбу Дәуд, Ән-Нәсәи).

Бұл хадистің мәтіні мен мағынасы қандай да бір кәсіппен айналысу, ол емшілік пе әлде басқа ма, оны жақсы меңгерген адамға ғана рұқсат етілетінін көрсетеді. Керісінше жағдайда мұндай іске бой ұрған адам күнә жасайды. Біліктілігі жетіспестен ем-дом жасаған адам емделушінің өліміне не қандай да бір ағзасынан айырылуына т.б. келтірген зиян-залалына жауап беруі тиіс. Тиісті дәрежеде меңгермеген кәсіп үшін алынған ақша иесіне қайтарылуы керек, өйткені тапсырыс беруші кісі ақшаны ол адам алдап, өз ісін жетік меңгермесе де жақсы білетініне сендіргені үшін төлеген болатын. Мұндай іс-амалдар жымьсықылық пен алдау әрекеттеріне жатады. Пайғамбар (ﷺ): **«Бізді алдаған бізден емес»**, — деген (Муслим).

Бұл айтылған өзінің кәсіпті жақсы меңгергеніне басқаларды сендіріп, алдайтын құрылысшыға, ағаш не те-

¹ Бұл жерде Амр ибн Шуъайбтың атасы Амр ибн Ас (Аллаһ оған разы болсын) туралы айтылған.

мір ұстасына, тігіншіге және басқа кәсіптермен айналысушылардың барлығына қатысты.

Бұл хадистен шығар тұжырым: білікті дәрігер немесе кез келген маман иесі өзіне тапсырылған істі адал атқару барысында тапсырыс берушіге қандай да бір залал келген жағдайда жауап бермейді. Өйткені ол тапсырыс берушінің өзінен не оның жақын туысынан рұқсат алады.

Сондай-ақ бұл хадис дәрігерлік мамандық шарифат бойынша да, сана тұрғысында да пайдалы әрі қажетті ғылымдар қатарына жататынына дәлел ретінде жүреді. Аллаһ жақсы білуші.

ЕЛУ БЕСІНШІ ХАДИС

Қылмысы анықталмағандарға кешірім жасау

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: اذْرَأُوا الْحُدُودَ عَنِ الْمُسْلِمِينَ مَا اسْتَطَعْتُمْ، فَإِنْ كَانَ لَهُ مَخْرَجٌ، فَخَلُّوا سَبِيلَهُ. فَإِنَّ الْإِمَامَ أَنْ يُحْطَى فِي الْعَفْوِ، خَيْرٌ مِنْ أَنْ يُحْطَى فِي الْعُقُوبَةِ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Жазаларды мұсылмандардан шамаларың жеткенше шеттетіңдер. Егер ол үшін шығар жол болса, оны босатыңдар. Өйткені басшының кешірімде қателік жіберуі жазаға қатысты жаңсақтық істеуінен жақсырақ»*, — деп айтты», — деген (әт-Тирмизи).

Бұл хадис күдік-күмәндар пайда болғанда жазалардың орындалмайтынын көрсетеді. Яғни, қылмыс жасады деп айыпталған адамның ісіне қатысты, ол жазаға лайық істі істеді ме жоқ па, қасақана істеді ме әлде білместікпен бе, уәж-себебі бар ма жоқ па деген сияқты т.б. күмәндар туындап, мән-жайы анықталмаса, ол жазадан босатылады. Өйткені қылмыстың себебі нақты анықталған жоқ.

Бір іске қатысты екілену пайда болған жағдайда, оны істеген адамнан жазаны алып тастауда жаңсақтық жасау жазығы жоқ кісіні жазаға тартуда қателік жіберуге қарағанда жеңілірек. Себебі Аллаһ тағаланың рақымы ашуынан озық тұрады, ал Оның шарифаты жеңілдікке негізделген.

Негізінде кінәсіз адамдардың өмірлеріне, төндеріне және мал-мүліктеріне, бұлардан бір нәрсеге рұқсат ететін жайт анықталмайынша, қол сұғуға тыйым салынады.

Жазалар тақырыбында ғұламалар осы негізге қатысты көптеген мысалдар айтқан, олардың басым көпшілігі біз қарастырып отырған хадиске сәйкес келеді.

Сондай-ақ бұл хадис мынадай бір негізді нақтылайды: екі бірдей анық не ықтимал зиянды нәрсе қатар келгенде, зиянды салдар азырақ болу үшін олардың залалы үлкенінің алдын алу керек. Аллаһ жақсы білуші.

ЕЛУ АЛТЫНШЫ ХАДИС

Аллаһқа бойсұнбау саналатын нәрселерге бағынбау керек

عَنْ عَلِيٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ : قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ : لَا طَاعَةَ فِي مَعْصِيَةٍ .
 إِنَّمَا الطَّاعَةُ فِي الْمَعْرُوفِ .

Әли (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Аллаһқа бойсұнбау** (саналатын нәрселерге) **бағынбау керек, тек** (шариғат) **құптаған** (нәрсеге) **бағыну қажет»**, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис шариғат бағынуға бұйырған билік басындағыларға, ата-анаға, еріне және басқалар сияқты бойсұну міндетті тұлғаларға қатысты шектеу қояды. Яғни, бұл аталғандардың әрқайсысына жағдайларына сәйкес, шариғат құптағанның барлығында бойсұну қажет. Сонымен бірге шариғат адамдарға бұйырғанның көпшілігі ата-анаға құрмет көрсету, туыстармен қатынасты үзбеу, әділдікті ұстану және жалпы халыққа жақсылық жасау сияқты қалыптасқан әдет-ғұрыптарға барып тіреледі. Бұл айтылғандар бойсұну міндетті болған адамдарға бағынуға да қатысты.

Алайда, мұның бәрі жоғарыда айтылған шектеуге байланысты келеді. Аталмыш адамдардың бірі Аллаһқа бойсұнбауға жататын тыйым салынған харам нәрсені істеуге немесе міндетті парыз нәрсені орындаудан бас тартуға бұйырса, оған бағынуға болмайды. Мәселен, олардың біреуі жазықсыз адамды өлтіруге, не таяқтауға, не оның дүниесіне

мүлкін тартып алуға, міндетті қажылықты, не міндетті ғибадаттың бірін¹ өтеуден бас тартуға немесе қарым-қатынас жасау міндетті адамдармен қатынасты үзуге бұйырған жағдайда, оларға бағынбау керек. Өйткені Жаратқанға бойсұнуды жаратылғандарға бағынудан жоғары қою қажет.

Бұл хадистен ұғынылатын ой: аталмыш адамдарға қатысты міндетті бойсұну мен қосымша нәпіл ғибадаттардың бірі қатар келсе, оларға бағыну бірінші кезекке қойылады. Өйткені нәпілді қоя тұру Аллаһқа бойсұнбауға жатпайды. Мәселен, күйеуі әйелін нәпіл ораза ұстаудан не нәпіл қажылық жасаудан² қайтарса немесе билік басындағы адам мустахаб нәрсені қоя тұруға мәжбүрлейтін әкімшілік істерінің бірін атқаруға бұйрық берсе, онда міндетті істі бірінші орындау қажет³.

Пайғамбардың (ﷺ): «...*тек* (шариғат) *құптаған* (нәрсеге) *бағыну қажет*» деген сөзі жоғарыда айтылғандарды және олардың адам қабілеті мен мүмкіндігіне байланыстылығын қамтиды. Өйткені шариғат негіздерінің бірі міндеттерді орындауды мүмкіндіктермен байланыстырады. Бұған қатысты Абдуллаһ ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісіне (ﷺ) оны тыңдауға және бойсұнуға ант бергенімізде, ол бізге: «Шамаларың жететін нәрседе», — деді», — деп жеткізген хадисі бар.

¹ Мәселен рамазан айында ораза тұту, парыз намаздарды орындау т.с.с. туралы айтылған.

² Мұнда бір реттен артық қосымша жасамақ болған қажылық туралы айтылған.

³ Яғни, шариғат міндеті бойынша күйеуіне және билеушіге бағынады.

ЕЛУ ЖЕТІНШІ ХАДИС

Өздігінше шешім іздеудің¹ сыйлығы

عَنْ عَمْرِو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: أَنَّهُ سَمِعَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: إِذَا حَكَمَ الْحَاكِمُ فَاجْتَهَدَ ثُمَّ أَصَابَ فَلَهُ أَجْرَانِ، وَإِذَا حَكَمَ فَاجْتَهَدَ ثُمَّ أَخْطَأَ فَلَهُ أَجْرٌ.

Амр ибн Ас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Егер қазы өздігінше ізденіп² шешім шығарса және (шешімі) дұрыс болса³, оған екі сауап, ал өздігінше ізденіп шешім шығарса және (шешімі) қате болса бір сауап (жазылады)», — дегенін естіген (әл-Бұхари және Муслим).

Бұл жерде қазы (хаким) сөзі үкім шығаруға мүмкіндігі бар білім қорына ие адамды білдіреді. Ғұламалар қазылық етуші адамның қажетті шарттарын көрсетіп, бұл мәселеде кейбіреулері тым тереңдеп кеткен, ал кейбіреулері пәтуа⁴ шығаруға жарайтын білімі болуын жеткілікті санаумен шектелген және бұл дұрысырақ саналады.

Бұл хадисте білімсіз надан адам шешім шығарып, дұрыс шешім қабылдаса да, әділетсіздік жасап, күнә істейтіні туралы айтылған. Өйткені ондай адамға қажетті білімі болмағандықтан үкім шығаруға мүлдем рұқсат етілмейді.

¹ Бұл жерде ижтиһад, яғни Құран мен сүннетте тікелей нұсқау келмеген мәселелерге өз бетінше шешім іздеу туралы айтылған.

² Яғни, шешім шығару барысында өзіндегі бар білімді пайдаланып.

³ Басқаша айтқанда, Аллаһ тағала мен Оның елшісінің (ﷺ) шешіміне сай келсе.

⁴ «Пәтуа» — шариғаттың қандай да бір үкімін түсіндіру және іс жүзінде қолдану немесе қандай да бір мәселеге шариғат тұрғысынан түсініктеме беру үшін жасалатын діни-құқықтық тұжырым.

Сонымен қатар хадисте қазы міндетті түрде өз бетінше ізденіп, мәселенің шешімін таба білуі тиіс екені көрсетілген. Ол екі түрлі болады:

1. Төрелікке жүгінген мәселені шарифат үкімдерімен үйлестіре білу қабілетін талап ететін ижтиһад, яғни ізденіс.

2. Тиісті заң талаптарын жақын мен досқа, жат пен қасқа бірдей қарап қолдану ижтиһады. Яғни, қазы төрелікке жүгінгендердің ешқайсысына көңілі бұрмауы, сезім әсеріне ермеуі қажет. Солай еткенде ол барлық жағдайда сауап алады; дұрыс шешім қабылдаса екі есе, ал қателессе бір сауап иеленеді. Және де оның жіберген қателігі кешіріледі, өйткені бұл қателік оның мүмкіндігінен тыс орын алды, басқа жағдайлар сияқты әділдік те адамның шама-шарқына байланысты.

Ижтиһад жасай білетін қазы мен көңіл қалауының әсеріне берілетін адамның арасындағы айырмашылық: ақиқатты іздеуші кісі игі мақсат пен ижтиһадты басшылыққа ала отырып, өзіне бұйырылғанды орындайды. Ол сырт көріністе өзі дәлел тапқан нәрселерге сүйенуге бұйырылған. Көңіл қалауының жетегінде кететін адам білімсіз сөйлеп, ақиқатты табуға ұмтылмайды әрі өз қалауын іске асыруға тырысады.

Бұл хадис парасаттылық қасиетіне ие қазының қадір-қасиетін, ол шығарған әрбір үкімі үшін сауап алатынын айғақтайды.

Міне, сондықтан қазылық ісі қабілетке орай атқарылатын аса маңызды парыз кифаялардың қатарына жатады. Өйткені дау-дамай, келіспеушілік немесе күмәнді жайттар туындаған жағдайдың бәрінде адамдар қазыға жүгінеді.

Демек, қазы осы арқылы мойнынан жауапкершілік түсіп, игілік пен ұлы сауапқа қол жеткізетін ижтиһадты іске асыру үшін көп күш-қайрат жұмсауы тиіс. Аллаһ жақсы білуші.

ЕЛУ СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Сот ісін жүргізу негіздері

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَوْ يُعْطَى النَّاسُ بِدَعْوَاهُمْ، لَادَّعَى رِجَالٌ دِمَاءَ قَوْمٍ وَأَمْوَالَهُمْ. وَلَكِنَّ الْيَمِينَ عَلَى الْمُدْعَى عَلَيْهِ. وَفِي لَفْظٍ عِنْدَ النَّبِيِّ: الْبَيِّنَةُ عَلَى الْمُدْعَى، وَالْيَمِينَ عَلَى مَنْ أَنْكَرَ.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Егер адамдарға олардың талап етуі¹ негізінде (ғана) берілсе², онда бір кісілер (басқа) адамдардың қандары мен дүние-мүліктерін даулар еді³. Алайда айыпталушы (өзінің кінәсіз екенін дәлелдеу үшін) ант беруі тиіс⁴», — деп айтты», — деген (Муслим).

Әл-Бәйһақидың риуаятында Пайғамбар (ﷺ): «Даулаушы дәлел келтіруі, ал (айыпты) теріске шығарушы ант беруі керек», — деп айтқан.

Бұл хадистің маңызы өте үлкен. Ол сот ісін жүргізудегі және үкім шығарудағы ең басты негіздердің бірі саналады. Өйткені қазылық үкім біреу басқа біреудегі құқығын талап

¹ Дәлелсіз жалаң сөздері мен талаптары негізінде. «Талап ету» (дауа) сөзі «дуъа» (өтініш) деген сөзден туындаған; фикһ терминдерінің бірі ретінде «дауа» сөзі істі қазының қарауына өткізетін және бір нәрсеге қатысты басымдық құқығын алу немесе басқа біреуді құқығынан айыру мақсатындағы талап-тілекті білдіреді.

² Оларға талап еткен және өздеріне заң бойынша тиесілі деп жариялаған нәрселері берілетін болса.

³ Бұл құқылы болмаса да басқа біреулерді өмірі мен дүние-мүлкінен айыруға әрекет жасайтын адамдар міндетті түрде табылатынын білдіреді.

⁴ Мұнда сотқа арызданушы өз пайдасына дәлел келтіре алмаған жағдай туралы айтылған. Ислам шарияты бойынша мұндай жағдайда кінәсіздігін дәлелдеу үшін айыпталушының ант ішуі жеткілікті.

еткенде, ол теріске шығарып, кінәсіздігін жариялап, адамдар арасында талас-тартыс туындаған жағдайда қажет.

Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ осындай дау-дамайларды шешіп, ақиқатты жалғаннан ажыратып беретін негізді түсіндірген.

Яғни, біреу басқа біреудегі қандай да бір мүлікті не қарызды немесе құқықты талап еткенде, ол мұны теріске шығарса, теріске шығарушының сөзі негізге алынады.

Мұндай жағдайда арызданушы адам өз құқын айғақтайтын дәлел келтірсе, мәселе оның пайдасына шешіледі, егер дәлел әкеле алмаса, қарсы тараптың ант беруі ғана қалады.

Сондай-ақ бір кісі өз мойнындағы біреудің ақысынан құтылғанын жариялағанда, құқық иесі мұны теріске шығарып, оның мойнында әлі де ақысы қалғанын айтқан жағдайда, біреудің ақысынан құтылғанын жариялап отырған адам мұны дәлелдей алмаса, үкім оның мойнында әлі де болса қарсы жақтың ақысы бар екеніне бағытталады, өйткені негіз осы. Алайда құқық иесі әлі де болса ақысы қалғанына ант беруі тиіс.

Кемшіліктерге, шарттарға, мезгілдер мен құжаттарға қатысты талаптардың бәрі де осы тұрғыда қарастырылады.

Қазылар барлық қазылық мәселелерін шешуде осы хадисті пайдаланады, өйткені ақиқатты дәлел анықтайды. Ал дәлелдер құқықтарға байланысты айырмашылыққа ие¹, бұларды ғұламалар егжей-тегжейлі түсіндіріп кеткен, Аллаһ оларға рақым етсін!

Бұл хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ қазылық үкімді әрі әмбебап Ислам шариғатының даналығын түсіндірген. Бұл пенделердің діндегі және дүние тіршілігіндегі игілігінің

¹ Бұл жерде әр жағдайда өзіне тән дәлел негізі қолданылатыны туралы айтылған. Мәселен зина жасалғанын дәлелдеу үшін төрт, ал басқа жағдайларда екі куә қажет.

көзі. Егер адамдардың дәлелсіз жалаң арыз-шағымдары қанағаттандырылатын болса, онда міндетті түрде зұлымдық пен бұзықтық көбейіп, ұждансыз біреулер басқалардың өмірі мен дүние-мүліктеріне қол сұғар еді.

Ислам шариғаты арқылы адамзат игілікке жетеді. Бұған көз жеткізгің келсе, Исламның әмбебап шариғаттарының қайсысын болмасын өз қарама-қарсысымен¹ салыстыр, сонда олардың айырмашылығы жер мен көктей екенін, оларды аса Дана, бәрін Білуші, пенделеріне ерекше Рақымды Тәңір заңдастырғанын, олардың даналықты, әділдікті, рақымдылықты, жәбірленушіге көмек көрсетуді және залымды ауыздықтауды қамтитынын көресің.

Кейбір зерттеушілер шариғат антты сотқа жүгінушілердің ең салмақты дәлелі еткен, мұны зерттеп көрген адам түсіне алады деген. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Бұл жерде адамдардың өздері бекіткен кез келген тыйымдар мен заңдар туралы айтылған.

ЕЛУ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Куәліктің маңызын төмендететін нәрселер

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا تَجُوزُ شَهَادَةُ خَائِنٍ وَلَا خَائِنَةٍ، وَلَا مَجْلُودٍ حَدًّا وَلَا مَجْلُودَةٍ، وَلَا ذِي عِمْرٍ عَلَى أَخِيهِ، وَلَا مُجْرَبٍ شَهَادَةَ، وَلَا الْقَانِعِ أَهْلَ الْبَيْتِ لَهُمْ، وَلَا ظَنِينٍ فِي وِلَاءٍ وَلَا قَرَابَةٍ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Қиянатшыл еркек пен қиянатшыл әйелдің, жаза түрінде дүре соғылған еркек пен дүре соғылған әйелдің, өз бауырын жек көрушінің, бұрын жалған куәлік бергені әшкереленгеннің, олардың отбасына¹ бір нәрседі міндеттінің, жақындығы не туыстығы (болуы мүмкін деп) жорамалданғанның куәлігі жүрмейді», — деп айтты», — деген (өт-Тирмизи, Әл-Бәйһақи және әд-Даракутни).*

Бұл хадисте куәліктің маңызын төмендететін амалдар туралы айтылған.

Мұның себебі Аллаһ тағала куәға тек әділ және адамдар разы болатын кісілерді тартуды бұйырған.

Ғұламалар адамдар арасындағы құқықтарға куәлік беруші әділдігімен танылған кісі болуы керектігін шарт санаған және әділдік қасиеттерін атап көрсеткен.

Кейбіреулері ол қасиеттерді Аллаһ тағаланың: «...өздерің разы болған айғақтардан...» (Бақара, 282), — деген сөзі астында қарастырып: «Адамдар сөзі мен куәлігіне сенім білдіріп, разы болатын кез келген адамның куәлігі

¹ Яғни, ісі қаралып жатқан адамдардың отбасына.

кабылданады», — деген. Әрі бұл ең жақсы анықтама, адамдарға бұдан басқаны іздеудің қажеті аз.

Куәліктің маңызын төмендететін нәрселердің түп төркіні айыптаулар мен күмөндарға барып тіреледі.

Кейбір адамдардың куәліктері барлық куәлік талап ететін жағдайларда мүлдем қабылданбайды. Мәселен, қиянатшыл еркек пен қиянатшыл әйел және жазаға тартылған, басқаша айтқанда, тәубеге келу жазадан құтқара алмайтын ауыр күнә істеген адамдар осылардың қатарына жатады. Өйткені ондай адамдар қиянаты мен күнәкарлығы себепті әділдігін жоғалтады және куәліктері қабылданбайды.

Сондай-ақ әділ болғанмен бойынан бұра тартушылыққа жол беріп, ақиқатқа қарсы куәлік беру қаупі бар сипат табылған кейбір адамдар болуы мүмкін. Олардың қатарына жауапқа тартылған адамдардың тікелей не жамағайын туыстары, азат еткен құлдары¹, ол отбасына тәуелді адамдар және ерлі-зайыптылар жатады. Міне, осылардың жауапқа тартылушылардың пайдасына берген куәліктері қабылданбайды. Өйткені бұл күмәнді, бірақ, бұлардың оларға қарсы куәліктерін қабылдауға рұқсат етіледі.

¹ Арабшасы «мәуәли» («мәулә» сөзінің көпше түрі). Бұл сөз басқа адамның қарамағындағы, көбіне азат етілген құлдарға қатысты қолданылады. Мұндай құлдар азат етілгеннен кейін де бұрынғы қожайындары және олардың мұрагерлерімен белгілі бір тәуелділікке негізделген қарым-қатынасты сақтап отырған. Олардың мойнына қожайындарына жәрдемдесу не қорғау сияқты адамгершілік міндеттер жүктелген, сондай-ақ олар үйлену үшін бұрынғы қожаларынан рұқсат сұрауға тиіс болды өрі мәуленің тікелей мұрагері болмаған жағдайда оның дүние-мүлкі бұрынғы қожайынына қалады.

Жүрегінде бауырына қарсы жек көрушілік орын алған бұларға қарама-қарсы сипаттағы адамдар да болуы мүмкін. Мұндай адам жауапқа тартылушының пайдасына куәлік берсе куәлігі қабылданып, егер қарсы айғақ болса куәлігі қабылданбайды. Өйткені дұшпандық әрдайым қарсы адамға залал келтіруге итермелейді. Аллаһ жақсы білуші.

АЛПЫСЫНШЫ ХАДИС

Хайуандарды немен сою керектігі

عَنْ رَافِعِ بْنِ خَدِيجٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: كُنَّا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِبَدْيِ الْحُلَيْفَةِ، فَأَصَابَ النَّاسَ جُوعٌ فَأَصَابُوا إِبِلًا وَغَنَمًا. وَكَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي أُخْرِيَّاتِ الْقَوْمِ، فَعَجَلُوا وَذَبَحُوا وَنَصَبُوا الْقُدُورَ، فَأَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بِالْقُدُورِ فَأُكْفِتَتْ، ثُمَّ قَسَمَ فَعَدَلَ عَشْرَةَ مِنَ الْقَنَمِ بَعِيرٍ، فَنَدَّ مِنْهَا بَعِيرٌ فَطَلَبُوهُ فَأَعْيَاهُمْ، وَكَانَ فِي الْقَوْمِ خَيْلٌ بِسِيرَةٍ فَأَهْوَى رَجُلٌ مِنْهُمْ بِسَهْمٍ فَحَبَسَهُ اللَّهُ. ثُمَّ قَالَ: إِنَّ لِهَذِهِ الْبَهَائِمِ أَوَايِدَ كَأَوَايِدِ الْوَحْشِ، فَمَا عَلَيْكُمْ مِنْهَا فَأَصْنَعُوا بِهِ هَكَذَا. قُلْتُ: إِنَّا نَرْجُو أَوْ نَخَافُ الْعُدُوَّ غَدًا وَلَيْسَتْ مَعَنَا مُدَى، أَفَتَذْبَحُ بِالْقَصَبِ. قَالَ: مَا أَنَهَرَ الدَّمَ وَذَكَرَ اسْمَ اللَّهِ عَلَيْهِ فَكُلُوهُ، لَيْسَ السِّنُّ وَالظُّفْرُ، وَسَأُحَدِّثُكُمْ عَنْ ذَلِكَ أَمَا السِّنُّ فَعِظْمٌ وَأَمَا الظُّفْرُ فُمَدَى الْحَبِشَةِ.

Рафий ибн Хадиж (Аллаһ оған разы болсын): «Зулху-ләйфада Пайғамбармен ﴿ﷺ﴾ бірге едік, адамдар аштыққа ұшырап, түйелер мен қойларға¹ қол сала бастады. Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ адамдардың соңғы легінде еді. Олар асығыстап (малдарды) сойып, қазандарды асты. Сосын Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ (келді де) бұйрық беріп, қазандар аударылып тасталды². Содан кейін ол (әскери олжаны) бөліске салып, әр он қойды бір түйеге балады. Сол кезде олардың арасынан бір түйе қашып кетіп, қуған (адамдарды әбден) шаршатты, (ол кезде) адамдарда ат аз еді. Сөйтіп (болмаған соң) бір

¹ Бұл жерде соғыста олжаға түскен түйелер мен қойлар туралы айтылған.

² Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ сахабалардың олжаны бөліспей жатып, малдарды соя бастағанына ренжіген еді.

кісі (түйені) садақпен атты да, оны Аллаһ тоқтатты. Сосын (Пайғамбар ﷺ): **«Расында, жыртқыш аңдардың жабайылары сияқты үй жануарларының да жабайылары болады. Олардың бірі өздеріңе бағынбаса, осылай етіңдер¹»**, — деді. Мен: **«Расында, ертең дұшпанға (кезігерміз) деп ойлаймыз (немесе қауіптенеміз), ал жанымызда пышағымыз жоқ, (оны) қамыспен² бауыздаймыз ба?»** — дедім. Сонда (Пайғамбар ﷺ): **«Қан шығаратынның (бәрімен бауыздауларыңа болады) және оған Аллаһтың есімі аталып (сойылған малдың етін) жеңдер, (бірақ жануарларды) тіспен және тырнақпен (бауыздамаңдар), сендерге ол жайлы айтып берейін; тіс — сүйек³, ал тырнақ — эфиоптардың пышағы⁴»**, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Пайғамбардың ﷺ: **«...Қан шығаратынның (бәрімен бауыздауларыңа болады)»** деп басталған сөздері темір, мыс, қола, қамыс, ағаш, үшкір майда тастар немесе т.с.с. қан шығаруға болатын заттардың бәрін қамтыған. Бұл айтылған сөз атылған оқ-дәрі сияқты денені тесіп кіретін нәрселерге де қатысты, өйткені бұлар хайуаннан салмағы себепті емес, денесін тесіп кіруі арқылы қан шығарады.

Бұл «бисмилләһ» деп айтқан жағдайда садақпен не аңға салуға машықтандырылған иттің немесе құстың көмегімен аулап алынған хайуандарға да қатысты.

Малдың бауыздайтын жері — алқымы мен өңеші, мал сойғанда осыларды кесу жеткілікті, бұған қоса мойындағы күре тамырларды кесу тіптен жақсы.

¹ Атып алыңдар.

² Ұзынынан жарылған қамыстың өткір шеттерімен.

³ Малды тіспен дұрыстап бауыздау мүмкін емес.

⁴ Пайғамбардың ﷺ айтпағы, эфиоптар көпір еді, ал мұсылмандар көпірлерге еліктемеу керек.

Аңшылық туралы айтсақ, жағдайға қарай аңның кез келген жерін жаралау оның еті жеуге жарамды болуы үшін жеткілікті.

Қашып кеткен түйені, сиырды немесе қойды қуып жету мүмкін болмаса, ондай мал, қарастырылып отырған хадисте айтылғандай, тағы аңмен бірдей саналып, денесінің кез келген жерінен жаралау жеткілікті болады, ал ол жараланғаннан кейін тірідей қолға түссе, бауыздау керек.

Сонымен мұндағы үкім себепке байланысты, егер хайуанға, тіпті үй жануары болса да жету мүмкін болмаса, ол жабайы аңмен бірдей саналады. Ал тірідей қолға түсірген хайуанды, тіпті ол тағы болса да міндетті түрде бауыздау қажет.

Пайғамбар (ﷺ) тіспен бауыздауға тыйым салып, оның себебін тіс сүйек екенімен түсіндірді. Сүйек қан шығаруға жараса да, оның барлық түрімен хайуанды бауыздауға болмайтынын нұсқады.

Бұл тұрғыда оның себебі, ол әрі тіс әрі сүйек болғаны үшін деген де пікірлер айтылған, әйтсе де мұнда нұсқау тіске қатысты болғандықтан, осы біріншісі дұрыс саналады.

Сол сияқты хайуанды не құсты немесе т.б. жануарларды тырнақпен де бауыздауға рұқсат етілмейді.

Демек, мал союдың шарттары: мұсылман не кітап иесі¹ Аллаһтың есімін айта отырып, бауыздау тиіс жерден қан шығаруы қажет.

Ал аңшылыққа келсек, ол кеңірек ауқымда. Жоғарыда айтқанымыздай, алдын ала «бисмилләһ» айтқан жағдайда кез келген жерінен жаралаған, машықтандырылған ит не құс салу көмегімен ауланған аң еті жеуге жарамды саналады. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Яғни, яһуди не христиан.

АЛПЫС БІРІНШІ ХАДИС

Малды жақсы тәсілмен (ихсан¹) бауыздау

عَنْ شَدَّادِ بْنِ أَوْسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: إِنَّ اللَّهَ كَتَبَ الْإِحْسَانَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ. فَإِذَا قَتَلْتُمْ فَأَحْسِنُوا الْقِتْلَةَ، وَإِذَا ذَبَحْتُمْ فَأَحْسِنُوا الذَّبْحَةَ، وَلِجِدِّ أَحَدِكُمْ شَفْرَتَهُ، وَلِزِيحِ ذَبِيحَتَهُ.

Шаддад ибн Аус (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Ақиқатында, Аллаһ барлық нәрсені жақсылап орындауға бұйырған, егер өлтіру (керек болса) жақсы тәсілмен өлтіріңдер, мал соятын болсаңдар да жақсы тәсілмен бауыздаңдар, әрқайсың пышағын (жақсылап) қайрап, сойылатын малды азаптан құтқарсын»*, — деген (Муслим).

Ихсан екі түрлі болады: Жаратушыға құлшылық жасаудағы ихсан — Оны көріп тұрғандай, егер Оны көріп тұрғандай бола алмасаң, Ол сені көріп тұрғанын есте ұстап ғибадат ету. Бұл Аллаһ тағаланың құқықтарын шын ықыласпен толық орындауға тырысуды білдіреді. Сондай-ақ ихсан ұғымы барлық жаратылыс иелерінің құқықтарына қатысты да қолданылады.

Міндетті саналатын ихсанның негізі — барлық адамдардың тиісті құқықтарын сақтау, мәселен, ата-анаға жақсы қарау, туыстармен қарым-қатынасты үзбеу және барлық арақатынаста әділдік таныту сияқты. Яғни, өзіңе тиістіні

¹ «Ихсан» сөзі жақсы орындау, жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету т.с.с. ұғымдарды білдіреді. Бұл термин көп мағыналығы себепті қазақ тілінде мәтін мәніне сәйкес тәржімаланады.

түгел алатының сияқты өз мойнындағы құқықтарды да толық орындауың. Аллаһ тағала: «**Аллаһқа құлшылық қылыңдар да Оған ешнәрсені ортақ қоспаңдар. Сондай-ақ ата-анаға, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көрші мен жат көршіге, жанындағы жолдасқа¹, жолға қалғандарға және қол астындағыларға² жақсылық (ихсан) жасаңдар**»,— деген (Ниса, 36). Аллаһ тағала аталмыш адамдардың бәріне ихсан көрсетуді бұйырды.

Бұл бұйрық барлық адамдарға және жануарларға, тіпті оларды өлтіретін жағдайда да ихсан көрсетуді қамтиды. Сондықтан да Аллаһ елшісі (ﷺ): «...**егер өлтіру** (керек болса) **жақсы тәсілмен өлтіріңдер**»,— деген.

Пайғамбардың (ﷺ): «...**мал соятын болсаңдар да жақсы тәсілмен бауыздаңдар**» деген сөзі сою тәсіліне қатысты айтылған, сондықтан да мұны нақтылай түсіп: «...**әрқайсың пышағын (жақсылап) қайрап, сойылатын малды азаптан құтқарсын**»,— деді. Егер пенде өлтірілуі тиіс адамға және сойылатын хайуанға да ихсан көрсетуге бұйырылса, онда басқа жағдайларға қатысты не айтуға болады?

Адам баласына бұйырылған ихсан екі түрлі:

Біріншісі: Міндетті ихсан. Ол әділдік танытуың мен өз мойнындағы адамдарға тиісті құқықтарды орындауыңда көрініс табады.

Екіншісі: Мустахаб ихсан. Бұл пенденің міндетті ихсанға қосымша біреуге қол жәрдемін ұсынуы, қаржылай көмек көрсетуі, білім беруі және діни не дүниелік игілікке бағыт-бағдар сілтеуі сияқты басқаларға пайда келтіруге ұмтылған

¹ Мәселен өзіңмен жол-сапарлас не бірге жұмыс істейтін немесе бірге оқитын т.с.с. адамға.

² Яғни, қызметшілеріңе.

әрекеттерін білдіреді. Шарифат құптағанның бәрі — садақа, ал адамдар жүрегіне қуаныш ұялатқан және олардан аздықтөпті жағымсыз нәрселерді кетірген істердің бәрі — садақа әрі ихсан саналады.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Бір кісі (жол) жүріп бара жатып қатты шөлдеген соң, бір құдыққа түсіп, одан (су) ішеді. Сосын сыртқа шықса, бір ит тілі салақтап, шөлдегеннен дымқыл топырақты жеп жатыр екен. (Кісі): «Мынаған мен душар болған (нәрсе) душар болған екен», — деп мәсісіне (су) толтырады да, оны аузымен тістеп, жоғары шығып итке ішкізеді. Сонда Аллаһ оған алғыс айтып, оны кешірді»,** — дейді. (Адамдар): **«Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге хайуандарға қатысты да сауап бар ма?»**, — деп (сұрағанда), ол: **«Әрбір бауыры ыстық¹ (нәрседе) сауап бар»,** — деген (әл-Бұхари).

Демек, кез келген тірі жанға пайда келтіруге бағытталған іс-әрекеттің бәрі ихсанға жатады. Бірақ ол ихсан көрсетілгендердің, олардың құқықтары мен мәртебелерінің, ихсанның өзінің әрі оның орны мен пайдасының, ихсан көрсетуші адамның иманы мен ықыласының және бұған түрткі болған себептің дәрежесіне қарай ерекшеленеді.

Ихсанның ең ұлы түрінің бірі — тілімен не ісімен жамандық істеген адамға жақсылық жасау. Аллаһ тағала: **«(Жамандыққа) ең жақсы жолмен жауап қайтар. Сонда араларыңда дұшпандық бар біреу жақын достай болып кетеді. Бұл (қасиет) сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ оған үлесі зор болғандар ғана ие болады»,** — деген (Фуссилат, 34-35).

¹ Яғни, тірі.

Ихсан жолын ұстанушы адамның сыйын Аллаһ тағала ең көркем түрде береді. Қарымтасыз сыйлықтар Иесі: **«Ихсанның ихсаннан басқа сыйлығы бар ма?»** (Рахман, 60);

«Ихсан істегендерге жақсылық әрі артығы да¹ бар» (Юнус, 26);

«Бұл дүниеде ихсан істегендерге жақсылық бар» (Зумәр, 10);

«Аллаһтың рақымы ихсан істеушілерге бек жақын», — деген (Ағраф, 56).

Бұл жерде Аллаһтың ғибадатында әрі Оның пенделеріне ихсан көрсетушілер туралы айтылған.

Аллаһ тағала Өз пенделеріне ихсан санатындағы әділдікті міндеттеп, оларды бір-біріне барынша кеңпейіл болуға үндеген. Кеңшілігі мол Аллаһ қарым-қатынастарға байланысты:

«Араларыңда кеңпейілдікті ұмытпаңдар», — деген (Бақара, 237).

Яғни, арақатынастарыңда дарқандық пен ихсанға орын беріндер, құқықтарда артық кетпендер, керісінше жеңілдетіндер, қиындатпаңдар, сатуда және сатып алуда, қарызды қайтаруда және оның төленуін талап етуде кеңпейілдік көрсетіндер. Өзін осы жақсылыққа жүгіндіре алған пенде мол игілік пен зор ихсанға қол жеткізеді. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Мұнда бұл адамдарға жаннатта Аллаһ тағаланың дидарына қарау мүмкіндігі берілетіні туралы айтылған.

АЛПЫС ЕКІНШІ ХАДИС

Тыйым салынған ет түрлері

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: حَرَّمَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ خَيْبَرَ الْحُمُرَ الْإِنْسِيَّةَ، وَالْحَوْمَ الْبِغَالِ، وَكُلَّ ذِي نَابٍ مِنَ السَّبَاعِ، وَكُلَّ ذِي مِخْلَبٍ مِنَ الطَّيْرِ.

Жәбір ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Хайбар күні¹ Аллаһ елшісі ﷺ үй есектері мен қашырлардың және сойдақ тісі бар жыртқыш аңдар мен шеңгел тырнағы бар құстардың еттерін (жеуге) тыйым салды», — деген (өт-Тирмизи, Ахмад).

Негізі барлық тағам түрлері халал саналады. Өйткені Аллаһ Өз пенделері үшін дәнді дақылдар, жемістер мен түрлі өсімдіктер сияқты жер өнімдерін және тірі болсын, өлі болсын теңіз жануарларының етін азық етуге рұқсат берген.

Құрлық жануарларына келсек, олардан Аллаһ тағала малдың сегіз түріне, аулап алынған жабайы аң-құстардың жеуге жарамдысына рұқсат еткен. Олардан тек жеуге жарамсыздарына ғана тыйым салып, бұл үшін шек, үкім белгілеген. Пайғамбарымыз ﷺ кейде бағзы бір харам нәрселерді ескертіп отырған, мәселен осы хадистегі үй есектері мен қашырлардың етіне тыйым салғаны сияқты. Сондай-ақ Пайғамбардың ﷺ: «**Өйткені ол — лас**», — деп айтқаны риуаят етіледі² (әл-Бұхари, Муслим). Әйтсе де құландардың еті халал саналады.

¹ Мұнда һижраның 7 жылы Хайбар оазисін қолға алған күн туралы айтылған.

² Бұл хадис Анастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

Пайғамбар (ﷺ) қасқыр, арыстан, жолбарыс, түлкі, ит т.с.с. сойдақ тісі бар жыртқыш аңдар мен тырнағының көмегімен аң аулайтын қаршыға, сұңқар тәрізді шеңгел тырнақты құстардың етін жеуге тыйым салды.

Сонымен қатар өлтіруге тыйым салынған сауысқан және өлтіру бұйырылған қарға т.б. аң-құстардың еттері харам саналады. Бұл тыйым жылан, шаян, тышқан және түрлі зиянкестер сияқты таза емес жәндіктерге және етін жеуге рұқсат етілген хайуандардың арам өлгендері мен шарифат үкіміне сай сойылмағандарына да қатысты. Аллаһ жақсы білуші.

АЛПЫС ҮШІНШІ ХАДИС

Еркектердің әйелдерге, әйелдердің еркектерге еліктеуіне қатысты тыйым

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: لَعَنَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْمُتَشَبِّهِينَ مِنَ الرِّجَالِ بِالنِّسَاءِ، وَالْمُتَشَبِّهَاتِ مِنَ النِّسَاءِ بِالرِّجَالِ.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ) әйелдерге еліктейтін еркектер мен еркектерге еліктейтін әйелдерге лағынет айтты», — деген (әл-Бұхари).

Негізінде адамдардың барлық әдеттегі істеріне рұқсат етілген, олардан Аллаһ және Оның елшісі тыйым салғандар ғана харам саналады. Бұлар біреуден тартып алынған және пайдалану еркектерге де, әйелдерге де бірдей тыйым салынған нәрселер сияқты болмысы бойынша немесе екі жыныстың біріне ғана рұқсат етілгені үшін харам саналған. Мәселен, шарифат әйелдерге алтын әшекейлер тағып, жібек киім киюге рұқсат еткенмен, еркектерге оған тыйым салған.

Шарифаттағы еркектердің әйелдерге, әйелдердің еркектерге еліктеуіне қатысты тыйым киімді, сөйлеу мәнерін және басқа да барлық жағдайларды қамтиды.

Бұл жағдайлар үшке бөлінеді:

1. Еркектерге де, әйелдерге де ортақ киім түрлері т.с.с. Бұлар екі жынысқа да рұқсат етіледі, себебі олар негізінен халал саналады және мұнда ешқандай еліктеу жоқ.

2. Әйелдерге рұқсат етілмейтін, тек еркектерге тиісті нәрселер.

3. Еркектерге рұқсат етілмейтін, тек әйелдерге тиісті нәрселер.

Мұнда екі жыныстың бір-біріне еліктеуіне қатысты тыйымның даналығы—Аллаһ тағала дәреже тұрғысында еркектерді әйелдерден артық етіп жаратып, әйелдерді олардың қамқорлығына тапсырды және еркектерге айрықша күш-қабілет дарытып, шариғат істерінде ерекшелендірді. Осы ерекшелікті жүзеге шығару және еркектердің әйелдерден артықшылығын нақтылау шариғат әрі ақыл-парасат талабы. Еркектердің әйелдерге еліктеуі олардың осы биік дәрежесін төмендетеді, ал әйелдердің еркектерге еліктеуі бұл ерекшелікті жоғалтады.

Еркектердің сөйлеу мәнерінде, киінуде және басқа сол сияқты нәрселерде әйелдерге еліктеуі еркектердің әйел мінезді қызтекеге айналуы мен әдеп-ахлақтың бұзылуына себеп болады. Әйел мінезді еркектердің қарама-қарсы жыныс өкілдерімен араласуға ұмтылуы сақтану тиіс жайттардың орын алуына апарып соғуы мүмкін. Ендеше еркекшора әйелдерге қағысты да осыны алға тартуға болады.

Еркектер мен әйелдердің өздеріне тән мәртебелерін сақтаудағы және олардың әрқайсысын Аллаһ тағала белгілеген өз орындарына қоюдағы шариғаттың мән-мағынасы ақыл-парасат тұрғысынан да құпталады.

Мұндай еліктеу мен адамдардың өздеріне лайықты орынды иеленуге көңіл бөлмеуіндегі зиян-зардаптың қаншалықты үлкен екеніне көз жеткізгіңіз келсе, қазіргі кездегі еркектер мен әйелдердің әдепсіздіктен жұрдай қарым-қатынастарына назар аударыңыз. Бұл әдепсіздіктің пайда болуымен діни сипаттағы қызғаныш, ер кісіге тән қасиет пен қадір тұтар мінез-құлық ережелері жоғалып, олардың орнын мүлдем жат, тағылық сұрқай қылықтар басып отыр.

Осыған ұқсас не одан да сорақысы — мұсылмандардың өз іс-әрекеттерінде дінсіздерге еліктеуі. Бұл туралы Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Қандай да бір қауымға еліктеуші (адам) солардың санатында»**, — деген (Ахмад). Өйткені сырт бейнелік еліктеу ішкі дүниедегі еліктеуге үндейді, ал шарифаттың мақсаты жамандыққа апаратын амалдардың бәріне жан-жақты нүкте қою.

АЛПЫС ТӨРТІНШІ ХАДИС

Әр аурудың шипасы бар

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَا أَنْزَلَ اللَّهُ دَاءً إِلَّا أَنْزَلَ لَهُ شِفَاءً.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһ қандай ауру түсірсе, міндетті түрде оның шипасын да түсірді», — деп айтты»,* — деген (әл-Бұхари).

Мұндағы «түсіру» деген сөз — тағдыр ету, белгілеу мағынасында қолданылған.

Бұл хадисте жазмыш пен тағдырдың және себептердің бар екені нақтыланған.

Бұдан бұрынғы хадистердің бірін талдағанымызда, бұл ұлы негіз Құран және сүннетпен нақтыланатынын әрі оны ақыл-парасат пен адамның табиғи болмысы құптайтынын айтқанбыз. Адамдарға діни және дүниелік істерде пайда не залал келтіретін нәрсенің бәрі Аллаһтың жазмышы мен тағдыры себепті. Аллаһ тағала оның бәрін алдын ала білген, оларды Оның қаламы жазған, ерік-қалауы іске асырған және Ол пенделерге оларды пайда не зиянға жеткізетін себептерді жеңілдеткен. Осылай әркім діни және дүниелік істердің пайда не зиянынан өзі жаратылған нәрсеге жеңілдік табады. Аллаһ тағала жолын ең жеңіл, Өзінің разылығына ең жақын әрі діни әрі дүниелік мүддедегі ең игі істерге жеңілдеткен адам бақытқа, керісінше жағдайда бақытсыздыққа душар болады.

Бұл хадистің жалпы мағынасы барлық ішкі және сыртқы ауруларға қарсы тұрып, олардың пайда болмағанының алдын алатын, ал пайда болғандарынан біржола айықтыратын немесе жеңілдететін дәрі-дәрмектердің бар екенін көрсетеді.

Сондай-ақ бұл хадисте жүрек-жан ауруларын емдеу тәсілдерін үйрену сияқты ағзаларды емдеуді де үйренуге ынталандыру бар және бұл пайдалы нәрселер қатарына жатады.

Медицинаның барлық негіздері мен талдаулары осы хадистің түсіндірмесі болып табылады. Өйткені Аллаһ елшісі (ﷺ) кез келген аурудың емі бар екенін хабарлады. Сондықтан біз оларды зерттеп үйренуге, содан кейін бұл білімді іс жүзінде қолдануға ұмтылуымыз қажет.

Бұрын адамдар өкпе құрты ауруы (туберкулез) және сол сияқты кейбір ауруларды емі жоқ науқастар деп есептеп келген. Бірақ медицинаның дамуы мен осы ғылым саласындағы жаңа жетістіктер арқасында адамдар бұл хадистің ақиқаттығына және оның әмбебаптығына көз жеткізді.

Медицина негіздерінің бірі—дұрыс тамақтану. Яғни, кісі тамаққа тәбеті ашылмай және алдыңғы жеген асын толық сіңіріп алмай тұрып тамақ жемегені абзал, қай елде тұратыны мен жеке басының ерекшеліктеріне және белгілі бір жағдайларға байланысты мүмкіндігінше ең құнарлы тағамдармен ауқаттануы тиіс. Адам жеген тамағын қорыта алмай, өзіне зиян келетін дәрежеде асқазанын толтыра қарпымауы керек. Ол асқорыту жұмысына жағдай жасауға тырысуы қажет. Мұның өлшемі Аллаһ тағаланың: «... **жендер, ішіндер, (бірақ) ысырап етпендер**»,— деген сөзі болуы тиіс (Ағраф, 31).

Барлық ауруларға қарсы мөлшері не түрі немесе уақыты бойынша диетаны пайдалануға болады. Ең жақсысы әрі зиянсызы, мүмкін болса аурудан дәрі-дәрмек көмегінсіз айығу, егер дәрі қабылдауға мәжбүр болса, оны білетін адамның не тәжірибелі дәрігердің кеңесімен қажет мөлшерде ғана қолдану қажет.

Таза ауа, дене мен киімнің тазалығы және жағымсыз иістердің болмауы деннің саулығына септігі тиетін ең жақсы тәсіл. Қалыпты межедегі дене шынықтыру да бұлшық еттерді, жүйкені және сіңірлерді нығайтуға, артық заттардан құтылуға және сіңуі қиын тамақтарды қорытуға жәрдемдеседі.

Медицинаның қыр-сыры дәрігерлерге белгілі, бірақ біз айтқан ережелер әрбір адамға қажет.

Пайғамбар (ﷺ): *«Шипа үш (нәрседе): бал ішуде, қан алдыруда және күйдіруде, (бірақ) мен үмбетімді күйдіруден қайтарамын¹»²* (әл-Бұхари);

«Қара зиреде өлімнен басқа барлық дертке шипа бар»³ (әл-Бұхари);

«Мына үнді ладанын пайдаланыңдар, өйткені онда жеті (түрлі дертке) шипа бар: тамағы ауырған оның түтінін жұтады, ал өкпе қабы қабынған (плеврит) оны аузына салады»⁴ (әл-Бұхари);

«Ысытпа жаһаннам ыстығынан, оны сумен салқындатыңдар»⁵ (әл-Бұхари, Муслим);

¹ Мұнда міндетті тыйым емес, күйдірудің мәкруһ екені туралы айтылған.

² Хадис Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен.

³ Хадис Әбу Һурайран (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

⁴ Хадис Умму Қайс бинт Михсаннан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

⁵ Хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

«Көз тию рас...көз тиюден ғұсыл құйыну талап етілсе, ғұсыл құйыныңдар»¹, — деген (Муслим).

Сондай-ақ Аллаһ елшісі (ﷺ) көз тигенде, улы жәндік шаққанда және терідегі жараға дем салуға рұқсат берген², жаман дәрілерді пайдалануға тыйым салған³ және аяқ ауырғанда оны қынамен бояуды бұйырған⁴.

¹ Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен бұл хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): «Көз тию ақиқат, егер тағдырдан бұрын бір нәрсе бой көрсетсе, ол көз тию болар еді*». Сондықтан көз тиюден ғұсыл құйыну талап етілсе, ғұсыл құйыныңдар**», — деген.

*Бұл сөзді тікелей мағынасында түсінбеу керек, оның мәні көз тию өте қатты әсер етеді дегенге саяды.

**Мұнда бір кісі өзіне басқа бір адамның көзі тиді деп есептесе және өзге адамдарға зиян жеткізбеуі үшін оның ғұсыл құйынуын өтінсе, ол адам ғұсыл құйынудан бас тартпауы керек, сосын көз тиген адам да ғұсыл құйынуы тиіс.

² Бұл Муслим Анас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте айтылған.

³ Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен бұл хадисті Ахмад, Әбу Дәуд, әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және әл-Хаким риуаят еткен. Әл-Хаким мен әз-Заһаби мұны сахих деп есептеген.

⁴ Бұл хабарды әл-Хатиб өзінің «Тарихында» Пайғамбардың (ﷺ) Сәлмә есімді азат етілген құлының сөзіне сілтеме жасай отырып келтірген.

АЛҒЫС БЕСІНШІ ХАДИС

Түс көру және онымен байланысты нәрселер

عَنْ أَبِي قَتَادَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الرُّؤْيَا الْحَسَنَةُ مِنَ اللَّهِ، وَالْحُلْمُ مِنَ الشَّيْطَانِ. فَإِذَا رَأَى أَحَدُكُمْ مَا يُحِبُّ فَلَا يُحَدِّثُ بِهِ إِلَّا مَنْ يُحِبُّ. وَإِذَا رَأَى مَا يَكْرَهُ فَلْيَتَوَعَّذْ بِاللَّهِ مِنْ شَرِّهَا وَمِنْ شَرِّ الشَّيْطَانِ، وَلْيَنْفِلْ ثَلَاثًا، وَلَا يُحَدِّثْ بِهَا أَحَدًا، فَإِنَّهَا لَنْ تَضُرَّهُ.

Әбу Қатада (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісі (ﷺ): «*Ігі түс¹ Аллаһтан, ал шым-шытырық түс шайтаннан. Біреуің өзіне ұнайтын түс көрсе, оны өзі жақсы көргенінен басқаға айтпасын, ал өзіне ұнамайтын (түс) көрсе, оның жамандығы мен шайтанның кесірінен Аллаһтан пана сұрап, үш рет түкірсін және оны ешкімге айтпасын, сонда ол оған ешқандай зиян келтірмейді*», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим және басқалар).

Хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) шайтанның араласуы мен азғыруынан таза игі түс Аллаһтан екенін хабарлаған. Адам ұйықтағанда рухы тәнінен ажырап шығып, осы арқылы көптеген мағлұматтар алуға мүмкіндікке жететін бір дерексіз халге және Аллаһ көкейіне салатын нәрсені қабылдау үшін нәзік күйге енеді. Мұны оған періште түсінде жеткізеді де, адамға оянғанында бұрын білмеген нәрселері айқын болады, не бұрын назар аудармаған жайттарды есіне

¹ Бұл жерде түс көру туралы да, ояу адамның көретін нәрселері жайлы да айтылған болуы мүмкін.

түсіреді, не білуі, не істеуі өзіне пайда әкелетін нәрселерді түйсінеді, не өзі мүлдем көңіл аудармаған діни және дүниелік залалдардан сақтанады, не болмаса үгіт алып, өзі бұрын істеп жүрген не қатысы бар іс-амалдардан бас тартады немесе шарифат үкімдеріне жүгіндіре отырып, кейбір жекелеген мәселелерге көңіл бөледі.

Бұл істердің бәрі пайғамбарлықтың қырық алтыдан бір бөлігі болып табылатын игі түстердің нышаны, ал пайғамбарлыққа қатысты нәрселерде ешқандай жалған болуы мүмкін емес. Аллаһ тағаланың: **«Сол уақытта Аллаһ саған оларды түсінде аз көрсеткен еді. Егер оларды көп көрсеткенде, әлбетте, сәтсіздікке түсіп, (бұл) іске қатысты тартысар едіңдер. Бірақ Аллаһ аман сақтады. Расында, Ол көңілдегілердің бәрін Білуші»**, — (Әнфәл, 43) деген сөзіндегі Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ көрген түсіне назар аударып көрші! Осы түс арқылы қаншама пайда келіп, қаншама залалдың алды алынды!

Сол сияқты Аллаһ тағаланың: **«Шынында Аллаһ, пайғамбарының түсін ақиқатпен растады¹. Аллаһ қаласа, Харам мешітіне бейбіт түрде шаштарыңды алдырып не қысқартып қорықпастан кіресіңдер. (Аллаһ) сендердің білмеген нәрселеріңді білді. Сондықтан мұнан өзге жақын бір жеңіс етті»** (Фатх, 27), — қаншама имандар артып, қаншама сенім кемеліне жетті! Бұл түс көру Аллаһтың ұлы мұғжизаларының бірі болды.

Мысыр патшасының түс көруі мен Юсуф пайғамбардың оны дәл жорып бергенін есіне ал. Осы түсті жорыған соң

¹ Ыжраның 6 жылы умра жасауға аттанар бұрын Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ түсінде өзі мен сахабалары шаштарын алдырғанын не қысқартқанын көріп, мұны сахабаларына айтқанды. Сонда сахабалар қуанып, оны Меккеге кіретіндеріне жорыған болатын.

Аллаһ оған оның шарасын амалға асыруды тапсырды. Нәтижеде көптеген игіліктерге қол жетіп, көптеген залал-зардаптар мен мұқтаждықтардың алды алынды, сондай-ақ осы арқылы Аллаһ Юсуфты пенделер арасында жоғары дәрежелерге жеткізді.

Абдуллаһ ибн Зәйд пен Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) түстерінде азан мен иқаматты көргеніне назар аударшы! Бұл Исламның ең басты рәміздерінің бірі саналатын осы ұлы рәміздің шарифатта заңдастырылуына себеп болды.

Пайғамбарлардың, Аллаһқа жақын жандар мен ізгілердің және де жалпы мүміндер мен басқа адамдардың көрген түстері есепсіз пайда әкеліп, игі жемістер бергені белгілі жайттар. Мұндай түстер Аллаһ тағаланың Өз пенделеріне дарытқан игіліктері санатында, сондай-ақ олар мүмін-мұсылмандар үшін қуанышты хабарлар, бейғамдар мен теріс айналушылар үшін ескертулер, қасарысушылар үшін дәлел болып табылады.

Ал шым-шытырық мәнсіз түстер шайтанның адам рухына килігуі және оны азғыруы мен үрейлендіруі, көңіліне уайым-қайғы немесе масайрау мен төкапшарлық салатын не болмаса жамандыққа, бұзықтық пен зиянды мақсатқа итермелейтін істерді ұялатуы нәтижесінде пайда болады.

Пайғамбарымыз (ﷺ) мұндай жағдайда пендеге ондай түстің кесірінің алдын алатын себептерді жасауын бұйырып, оны ешкімге айтпауды ескертті. Бұлай ету ондай түсті түншықтырып, қалтарыста қалдырады. Сонымен бірге Пайғамбар (ﷺ) сол жаққа үш рет түкіруді және малғұн шайтанға қарсы Аллаһтан пана сұрауды бұйырды. Солай еткенде пенде жүрегі Аллаһ елшісінің (ﷺ) сөзін растауы және ол нұсқаған себептер жемісін беретініне артқан сені-

мі нәтижесінде көрген түсінің залал келтірмейтініне иланып, алаңдамайтын болады.

Игі түстерге қайта оралсақ, ол үшін Аллаһқа мадақ айтып, Одан осы түстің орындалуын сұрау керек және түсінде көргенін қуанышына ортақтасып, дұға арнауы үшін өзі жақсы көретін әрі өзін жақсы көретін жанға айтқан жөн. Әйтсе де, көрген түсті жақсы көрмейтін адамға айтудың қажеті жоқ. Ондай адам түсті өз сезім-қалауына сай жорып, шатастырып жіберуі немесе қызғаныш-күндеуі себепті мұны игіліктен қағуға әрекеттенуі мүмкін.

Сондықтан да Юсуф пайғамбар бала кезінде күн мен айдың және он бір аспан денесінің түсінде өзіне иіліп сәжде жасап тұрғанын көріп, оны әкесіне айтқанда, Яғқуб (әләйһис сәләм): **«Ей, балақайым! Түсінді бауырларыңа айтпа! Саған бір айлакерлік жасап жүрер. Расында, шайтан адам баласына анық дұшпан»**, — деген (Юсуф, 5).

Сол үшін игілікті дұшпандардан, мұны оларға айтудан анық бір пайда бағамдалмаған жағдайда, мүмкіндігінше жасырған жақсы.

Кейде пенде шыншыл түсті, Абдуллаһ ибн Зәйд пен Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) түстерінде азанды көргені сияқты сыртқы бейнесінде, кейде Мысыр патшасының көрген түсі сияқты, саналық не сезімдік жайттарға көңіл аударуы үшін ұқсас сипаттағы түйсікті мысалдар түрінде көруі мүмкін. Бұл түс көрушінің, уақыттың, әдет-ғұрыптың және жағдайлардың ерекшелігіне байланысты әр түрлі болады.

АЛТЫС АЛТЫНШЫ ХАДИС

Исламды өз дәрежесінде ұстану

عَنْ عَلِيِّ بْنِ الْحُسَيْنِ رَحِمَهُ اللَّهُ تَعَالَى قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مِنْ أَحْسَنِ إِسْلَامٍ الْمَرْءُ تَرَكَهُ مَا لَا يَغْنِيهِ.

Әли ибн әл-Хусайн (Аллаһ оған рақым етсін): «Аллаһ елшісі (ﷺ):

«Адамның Исламды жақсы ұстану (белгісінің) бірі — өзіне қатысы жоқ нәрселерден бас тартуы», — деп айтты», — деген¹.

Ислам негізінен иман және ихсан ұғымдарын қамтиды әрі ол діннің сыртқы және ішкі шарият заңдары болып табылады. Хадистің мағынасы көрсеткендей, Исламға қатысты адамдар оны жақсы ұстанушы және олқы ұстанушы болып екі топқа бөлінеді.

Ислам талаптарын сырттай әрі іштей орындайтын адам — оны жақсы ұстанушы саналады. Аллаһ тағала: **«Жақсылық істеуші болып, жүзін Аллаһқа тапсырған және таза Ибраһимнің дініне ілескен (адамнан) дінде кім жақсырақ екен? Аллаһ Ибраһимді жақын дос тұтқан», — деген (Ниса, 125).**

Мұндай Исламды жақсы ұстанушы адам өзі тастауы міндетті күнәлар мен жаман істерден және өзі тастауы тиіс ешқандай пайдасы жоқ, игіліктен мақрұм ететін мәкруһтер мен басы артық рұқсат етілгендерден бас тарту сияқты жеке басына қатысы бар нәрселермен айналысады.

¹ Бұл хадисті Ибн Мәжәһ пен әт-Тирмизи Әбу Нурайрандан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген.

Пайғамбардың (ﷺ): *«Адамның Исламды жақсы ұстану (белгісінің) бірі — өзіне қатысы жоқ нәрселерден бас тартуы»* деген сөзі біз айтқандардың бәрін қамтиды.

Сондай-ақ бұл хадистен ұғынылатын ой — өзіне қатысы жоқпен айналысушы адам Исламды нашар ұстанушы саналады. Бұған харам не мәкруһ ретінде тыйым салынған сөздер мен іс-амалдар жатады.

АЛПЫС ЖЕТІНШІ ХАДИС

Балаларға жақсы тәрбие беру

عَنْ عَمْرِو بْنِ الْعَاصِ: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَا نَحَلَ وَالِدٌ وَلَدَهُ مِنْ نَحْلٍ أَفْضَلَ مِنْ آدَبٍ حَسَنٍ.

Амр ибн әл-Астан жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Ешбір әке баласына көркем әдептен артық сыйлық берген емес»**, — деген (әт-Тирмизи).

Жақсылық жасауымызға адамдардың ең құқылысы — перзенттеріміз. Өйткені олар — Аллаһ тағаланың бізге берген аманаты, Раббымыз олардың тәніне де, жанына да жақсы тәрбие беруімізді өсиет еткен. Осы тұрғыда балаларымызға жасаған әрбір үлкенді-кішілі істеріміз — мойнымыздағы міндетті орындауымыз әрі бізді Аллаһқа жақындататын ең жақсы әрекеттердің бірі саналады. Ендеше, осы үшін ынта-жігер жұмсап, оның сауабын Аллаһтан үміт етуіміз керек. Сол сияқты балаларымызды тамақтандырсақ, киіндірсек және олардың дене тәрбиесімен айналыссақ, өз міндетімізді орындаған саналып, сауап аламыз. Осыған ұқсас, бәлкім бұдан үлкені — олардың жандарын, ішкі дүниелерін пайдалы білімдер мен ақиқат танымдар арқылы тәрбиелеу, оларды мақтаулы мінез-құлық қасиеттеріне баулу және бұларға қарама-қарсы нәрселерден сақтандыру.

Хадистегі «сыйлық» (нахл) деген сөз жақсылық жасауды да білдіреді. Балаларды көркем әдептерге баулу олар үшін бұл дүниеде де, ақырет өмірінде де алтын-күміс, түрлі

дүниелік бұйымдарды сыйға тартудан әлдеқайда жақсы. Өйткені көркем әдептер мен мақтаулы мінез-құлықтар арқылы олардың мәртебесі көтеріліп, бақытқа кенеледі, өз мойындарындағы Аллаһтың және пенделердің құқықтарын орындайды, түрлі залал-зардаптардан сақтанады әрі ата-аналарына мүлтіксіз игі перзент болады.

Балаларға көңіл бөлмеудің залалы өте зор, қауіп де басым. Перзенттерімізді игі жемістерін үміт ететін бау-бақшаға теңесек, бұл жас бақтарға, балғын дарақтарға көңіл бөлмеген, қорымаған, суармаған, зиянкестерден тазартпаған және өсіп-өркендеп, қанат жаюына қажеттіні жасамаған жағдайда, олардан жеміс күту асқан ақымақтық әрі надандық. Ендеше, бауырыңның бір бөлшегі, жүрегіңнің жемісі, жаныңның бір нұсқасы, өлі-тірінде орныңды басушы, бақытыңның нысаны, табыстары мен жетістіктері өзіңе көп игілік әкелетін перзенттеріңді қалайша назардан тыс қалдырмақсың?!

«Мұны ақыл иелерінен басқалар түсінбейді» (Әли Иман, 7).

АЛПЫС СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Жолдас таңдай білу

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَثَلُ الْجَلِيسِ الصَّالِحِ وَالشُّوْءِ كَمَثَلِ الْمِسْكِ وَنَافِخِ الْكَبِيرِ، فَحَامِلِ الْمِسْكِ إِمَّا أَنْ يُحْدِثَكَ وَإِمَّا أَنْ تَبْتَاعَ مِنْهُ وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ مِنْهُ رِيحًا طَيِّبَةً، وَنَافِخِ الْكَبِيرِ إِمَّا أَنْ يُحْرِقَ ثِيَابَكَ وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ رِيحًا خَبِيثَةً.

Әбу Мұса Әл-Әшғариден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Расында, жақсы және жаман жолдастың мысалы, миск сатушы және (ұстаның) көрігін ұрлеушіге ұқсайды. Миск сатушы саған (иіс суынан) сыйлауы не сен одан сатып алуың мүмкін немесе одан хош иіс сезесің. Ал көрік ұрлеуші не сенің киіміңді күйдіреді не одан сасық иіс сезесің»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис ізгі достар таңдау және нашар жолдастардан сақтану керектігін көрсетеді.

Пайғамбар (ﷺ) жақсы жолдаспен араласу барлық жағдайда адамға игілік пен пайда әкелетінін түсіндіре отырып, осы екі мысалды келтіреді. Жақсы дос миск сатушыға ұқсайды, одан сыйлық ретінде не тауарын сатып алу арқылы пайда табасың, тым болмағанда, онымен бірге отырған кезінде мисктің жұпар иісі жаныңа жағымды сезім сыйлайды.

Пенденің жақсы жолдастан табатын игілігі мисктің жұпарынан әлдеқайда артық. Өйткені ол дініңе және дүние тіршілігіңе пайдасы тиетін нәрсені үйретуі, адал кеңес беруі,

зиян-зардаптан сақтандыруы, Аллаһқа бойсұнуға, ата-анаға жақсылық жасауға, туыстармен арақатынасты үзбеуге үндеуі, кемшіліктеріңді көрсетуі немесе сөзімен, ісімен не жүріс-тұрысымен көркем мінез-құлықтарға үгіттеуі мүмкін. Адам баласы жолдасынан және сұхбаттастарынан үлгі-өнеге алуға бейім келеді, олардың табиғаттары мен жандүниелері біріккен жасақ тәрізді, бір-бірін жақсылыққа не жамандыққа бастайды.

Жақсы жолдастың ескерусіз қалдыруға болмайтын, тигізер ең аз пайдасы—араларындағы достықтың құрметі, игілікте онымен жарысу және зұлымдықтан үстем келу үшін, оның себебімен өзіңді жамандықтар мен күнәлардан аулақ ұстайсың және мұны жолдасың өзіңді көзіңше де, сыртыңнан да қорғауы әрі оның сүйіспеншілігі мен дұғасының тірі кезінде де, өмірден өткеннен кейін де пайдасы тиюі үшін жалғастыра бересің.

Аталмыш жамандықтардан кісі өз бетінше қорғана алмайды. Жақсы жолдас оны пайдасы тиетін адамдармен байланыстыруы немесе пайда әкелетін іс-амалдарға нұсқауы мүмкін.

Жақсы жолдастан келер пайдаларды санап бітіру мүмкін емес, бірақ кісіге өзінің жолдасына қарап бағаланатынын және жақсы көрген досынан үлгі алатынын есінде ұстауы әбден жеткілікті.

Ал жаман адамдармен достасу біз айтқандардың бәріне кереғар сипатта. Олар өздерімен достасқандар мен араласқандарға әр тараптан зиян жеткізеді. Мұндай жолдастардың әсерімен саналы түрде не аңдамай қаншама адамдар құрдымға кеткен.

Сондықтан Аллаһ тағаланың мүмін пендеге жақсы адамдармен жолдас болуға сәттілік беруі—оған жасаған ең

ұлы игіліктерінің бірі. Ал оны жаман адамдарға жолдас етіп сынауы Аллаһтың пендені жазалауының бір түрі.

Жақсы адамдармен жолдас болу пендені ең биік шыңдарға жеткізеді, ал жаман кісілермен жанасу оны ең терең шыңырауға құлатады.

Жақсы адамдармен достасу оған пайдалы білімдер мен мақтаулы мінез-құлықтарға ие болып, ізгі амалдар істеуіне түрткі жасаса, жаман жолдастар мұның бәрінен құр алақан қалдырады. Аллаһ тағала: **«Ол күні әр залым өз қолын шайнап: «Әттеген-ай! Елшімен бірге жол тұтқан болсам еді! Маған нендей өкініш! Әттең! Пәленшені дос етіп алмағанымда еді! Негізінде, ескертпе (Құран) келгеннен кейін, ол мені адастырды», — дейді. Негізінде шайтан адам баласы үшін опасыз болады», — деген (Фурқан, 27-29).**

Құрандағы бұл аяттың мағынасы өте терең. Ол адамның өміріндегі достарының оған қалай әсер ететінін білдіреді. Жақсы адамдармен достасу оған пайдалы білімдер мен мақтаулы мінез-құлықтарға ие болып, ізгі амалдар істеуіне түрткі жасаса, жаман жолдастар мұның бәрінен құр алақан қалдырады. Аллаһ тағала: «Ол күні әр залым өз қолын шайнап: «Әттеген-ай! Елшімен бірге жол тұтқан болсам еді! Маған нендей өкініш! Әттең! Пәленшені дос етіп алмағанымда еді! Негізінде, ескертпе (Құран) келгеннен кейін, ол мені адастырды», — дейді. Негізінде шайтан адам баласы үшін опасыз болады», — деген (Фурқан, 27-29).

Құрандағы бұл аяттың мағынасы өте терең. Ол адамның өміріндегі достарының оған қалай әсер ететінін білдіреді. Жақсы адамдармен достасу оған пайдалы білімдер мен мақтаулы мінез-құлықтарға ие болып, ізгі амалдар істеуіне түрткі жасаса, жаман жолдастар мұның бәрінен құр алақан қалдырады. Аллаһ тағала: «Ол күні әр залым өз қолын шайнап: «Әттеген-ай! Елшімен бірге жол тұтқан болсам еді! Маған нендей өкініш! Әттең! Пәленшені дос етіп алмағанымда еді! Негізінде, ескертпе (Құран) келгеннен кейін, ол мені адастырды», — дейді. Негізінде шайтан адам баласы үшін опасыз болады», — деген (Фурқан, 27-29).

АЛТЫС ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Мұсылманның қырағылығы

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا يُلْدَغُ الْمُؤْمِنُ

مِنْ جُحْرِ وَاحِدٍ مَرَّتَيْنِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* (ﷺ): *«Мүмінді бір іннен екі рет шақпайды»*, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Пайғамбар (ﷺ) мүмін-мұсылманның сақтығы мен қырағылығын сипаттау үшін және оны өзіне зиянды жаман қылықтарды істеуден иманы қайтаратынын түсіндіру мақсатында осы мысалды келтірген. Мүмін-мұсылман қашан бір жамандық істеп қойса, артынша өкініш білдіреді де, дереу тәубеге келіп, Аллаһ тағалаға қайтады.

Мүміннің өзін күнәға апарған істен алдағы уақытта барынша сақтануы оның тәубесін толықтайды. Бұл бір кезде қолын інге тыққанда жылан шағып алған, соны кейін есінде ұстап інге қайта қолын салмайтын адамның жағдайына ұқсайды.

Иман адамды Аллаһқа бойсұну амалдарына жетелейтіні, соған қызықтыратыны және мұндай амалдарды қолдан шығарып алғанда өкіндіретіні сияқты, жамандықтар істеуден қайтарады, егер істей қалған жағдайда одан дереу бас тартуға және оған қайта оралмауға мәжбүрлейді.

Бұл хадис мүмінді барлық істерде сақ әрі қырағы болуға үндейді. Бұған қажетті нәрселер қатарына орындау тиіс пайдалы және сақтану тиіс зиянды себептерді танып білу жатады.

Себептердің бәрін есте ұстау қажет. Аллаһ тағала мүмін-мұсылмандарды шайтан әдемі көрсеткен күнәларға қайта оралудан сақтандырып: **«Егер мүмін болсаңдар, Аллаһ мұндайды ешқашан қайталамауларыңа насихат етеді»**, — деген (Нұр, 17).

Сондықтан да жамандықтың ащы дәмін татқандар тәубеге келген соң оны тіптен жек көріп, одан басқаларды сақтандыруда және өзі сақтануда бұрынғыдан да қатты табандылық танытады. Өйткені олар күнәнің жиренішті нәтижелерін өз басынан өткеру арқылы танып білді.

Бұл хадистің түсіндірмесін «Сабырлылық Аллаһтан, асығыстық шайтаннан, сүрінбей ес кірмес, көрмей-білмей дана болмас» деп қорытындылағымыз келеді. Дұрысын Аллаһ жақсы білуші.

ЖЕТПІСІНШІ ХАДИС

Ақыл, тақуалық және абырой өлшемдері

عَنْ أَبِي ذَرِّ الْعِفَّارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَا أَبَا ذَرٍّ، لَا عَقْلَ كَالْتَدْبِيرِ، وَلَا وَرَعَ كَالْكَفِّ، وَلَا حَسَبَ كَحُسْنِ الْخُلُقِ.

Әбу Зарр әл-Ғифари (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Ей, Әбу Зарр! Жоспар (күрудай) ақыл жоқ, тыйылудай тақуалық жоқ және көркем мінез-құлық-тай абырой жоқ», — деп айтты», — деген (әл-Бәйһақи).

Бұл хадис әрбірінің астары терең білімді ішіне бүккен үш сөйлемнен тұрады.

Мұнда бірінші сөйлем ақылды және оның нәтижелері мен нышандарын түсіндіруге бағытталған. Құран мен сүннеттегі мақтаулы ақыл — пендеге Аллаһ тарту еткен қабілет әрі игілік. Пенде бұл қабілет арқылы пайдалы нәрселерді, білімдер мен таным-түсініктерді ұғынады және зиянды, жаман істерден тыйылады. Ол адам баласы үшін діні мен дүние тіршілігінің барлық жағдайында айналып өту мүмкін емес зәрулік. Өйткені пенде ол арқылы пайдалы нәрсе мен оған апаратын жолды және зиянды жайттар мен одан құтылу тәсілдерін танып біледі. Ал ақыл болса нәтижелерімен танылады.

Пайғамбар (ﷺ) хадисте адам ақылының игі нәтижелерін түсіндіріп: «Жоспар (күрудай) ақыл жоқ», — деген. Яғни, мұнда пенденің діні мен дүние тіршілігі істеріндегі жоспары туралы айтылған.

Пенденің дін істеріндегі жоспары — оның ардақты Пайғамбарымыз (ﷺ) әдеп-ахлақ, туралық және өнегелік тұрғысында ұстанған тура жолды танып білуге, сосын оны Пайғамбардың (ﷺ): *«Таңертең және кешке әрі түннің бір бөлігінде жәрдем тілеңдер. (Мақсатқа) бірте-бірте жетесіңдер»*, — деген бұйрығына сәйкес жүйелі түрде жүріс-тұрысына енгізуге ұмтылуы.

Бұл хадистің баяны мен Аллаһ елшісі (ﷺ) нұсқаған жолдың түсіндірмесін бұдан бұрын айтқанбыз. Бұл Аллаһқа және Оның сый-құрметі мекеніне оңай әрі қиындықсыз жеткізетін өте жеңіл жол. Оны ұстанған пенде жан тыныштықтары мен дүниелік істерінде ешнәрседен құр қалмайды, керісінше, дүние мен ақырет игілігіне, бақытына және салауатты өмір салтына қол жеткізеді.

Қашан пенде шарифаттың осы өлшемі арқылы діни жағдайларын жоспарласа, діні мен ақылын кемелдендіреді. Өйткені ақылдан талап етілетін нәрсе — оның пендені ең жақын әрі жеңіл жолмен мақтаулы нәтижелерге жеткізуі.

Ал тұрмыс-тіршілік жоспарына келсек, ақылды адам ризығын мақсат-мұратына жетуде ең пайдалы әрі тиімді екені анық болған тәсіл көмегімен іздейді. Себептерге қатысты соқыр әрекетке бармайды, бейғамдыққа салынбайды, қайта өзі үшін ризық-несібе есігі ашылған қандай да бір себеп тапса, соны ұстанып, оған табандылық танытады және талап-тілегін жақсы жолға салады. Мұнда өмір тәжірибесі көрсеткен игі береке бар.

Содан кейін пенде тапқан мал-дүниесін дұрыс жұмсауды жоспарлап, харам не пайдасыз орындарға қаржы-қаражат жұмсамайды және рұқсат етілген нәрселерде басы артық ысырапқа да жол бермейді, тиынға тісін сындырып сараңдық та танытпайды. Мұндағы өлшем Аллаһ тағала-

ның игі жақсыларды мақтап: **«Олар мал сарп қылғанда ысырап та жасамай, сарандық та істемей, осының орта межесін ұстанады»**, — деген сөзі (Фурқан, 67).

Ризық-несібе табудағы, оны жұмсап-жаратудағы және сақтаудағы дұрыс жоспар адам ақылының кемелдігі мен парасаттылығына айғақ болады. Ал мұның қарама-қарсысы оның ақылындағы кемшілдік пен таяздықтың нышаны.

Екінші сөйлем: **«Тыйылудай тақуалық жоқ»**.

Бұл тақуалықты түгелдей қамтитын анықтама. Мұнда Пайғамбар (ﷺ) шынайы тақуалық нәпсіні, жүрек пен тілді және барлық дене мүшелерін тыйым салынған зиянды істерден тыя білу екенін түсіндірген. Ғұламалардың тақуалық түсіндірмесі тақырыбында айтқан барлық сөздерінің түп төркіні осы қысқа да нұсқа анықтамаға тіреледі.

Жүрегін күдік-күмәндардан, тыйым салынған шақуаттардан, өшпенділік пен ыза-кектен және басқа да жаман қасиеттерден, тілін өсек-өтірік, балағат, шайпау, күнәлі әрі азар сөздерден, харам әңгімелерден, әуреті мен жанарын харамнан, құлқынын харамды азық қылудан, дене мүшелерін күнәлі әрекеттерден сақтаған адам — шынайы тақуалықтың көрінісін жүзеге асырған адам.

Кімде-кім бұл айтылғандардан біреуінде олқылық жіберсе, оның тақуалық сипаты істеген қылығына жараса кемиді. Сондықтан Ибн Тәймия: «Тақуалық — ақыретте зиянынан қауіптенген нәрседен бас тарту», — деп айтқан.

Үшінші сөйлем: **«Көркем мінез-құлықтай абырой жоқ»**.

Себебі абырой — халық алдындағы жоғары мәртебені білдіреді. Абыройлы адамның өзіне сай беделі болады. Бұл екі түрлі сипатқа ие:

1. Адамның ата-тегіне, отбасының беделіне байланысты абырой. Бұл да мақтаулы қасиет. Өйткені мұндай адам

өз абыройына сай іс жасауы, арзымас құндылықтардан жоғары тұруы және жақсы қасиеттерді бойына жинауы мүмкін.

2. Ізгі пенденің сипаты әрі көркі және дүние мен діндегі игілік саналатын шынайы абыройы. Ол дарқан пейіл сыпайылықты, сабырлылық пен кешірімділікті, жақсылық пен игілікке ұмтылуды, түрткі мен ренжітуге төзімділік танытуды және түрлі әлеуметтік деңгейдегі адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауды қамтитын көркем мінез-құлықтан тұрады.

Бұл тұрғыда көркем мінез-құлықты екіге бөлуге болады:

Біріншісі: Аллаһқа қатысты көркем мінез. Бұл Аллаһ тағаланың шарифатқа және тағдырға байланысты үкімдерін ризашылықпен қабылдап, оларға қарсылықсыз бойсунуда, Аллаһқа көрсеткен игіліктері үшін шүкіршілік білдіруде және Оның жанға батқан жазмыштарына нала қылмай сабырлылық танытуда көрініс табады.

Екіншісі: Адамдарға қатысты көркем мінез. Ол кеңпейілдіктің, ренжітулерге сабыр қылудың және басқаларға азар беруден тыйылудың көрінісі. Аллаһ тағала:

«Кешірімділікті ұстан, дұрыстықты бұйыр және нандандардан бет бұр» (Ағраф, 199);

«Жақсылық пен жамандық тең емес. (Жамандықты) ең жақсы (жолмен) қайтар¹. Сонда араларыңда дұшпандық бар біреу жақын достай болып кетеді. Бұл (қасиет) сабырлылық танытқандарға ғана нәсіп болады әрі оны несібесі зор болғандар ғана иеленеді», — деген (Фуссилат, 34-35).

¹ Яғни, жамандыққа жақсылық қыл. Қазақтың «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген мақалы осыған саяды.

Демек, Аллаһқа және адамдарға қатысты көркем мінез-құлық ұстанған адам игілік пен табысқа жетеді. Аллаһ жақсы білуші.

ЖЕТПІС БІРІНШІ ХАДИС

Ашулануға қатысты тыйым

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَجُلًا قَالَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَوْصِنِي. قَالَ: لَا تَغْضَبْ. فَرَدَّدَ مَرَارًا قَالَ: لَا تَغْضَبْ.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте (Бірде) бір кісі Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾: «Маған кеңес бер», — деп (өтінген). (Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾): «*Ашуланба*», — дейді. (Әлгі адам сұрағын) бірнеше рет қайталайды. (Бірақ Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ әр жолы): «*Ашуланба*», — деуден (танбаған) (әл-Бұхари).

Бұл адам Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ аталмыш ақыл-кеңесі жекелеген мәселеге қатысты шығар деп ойлап, бәрін қамтитын әмбебап сипаттағы сөз естігісі келіп, сұрағын қайта қойған. Бірақ Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ бірнеше рет сол жауапты қайтарған соң барып, ол адам мұның бәрін қамтитын терең мағыналы сөз екенін түсінген. Бұл шын мәнінде де осылай. Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾: «*Ашуланба*» деген сөзінде екі үлкен бұйрық бар.

Біріншісі: Мақсатқа жеткізетін себептерді істеуге, жақсы мінез-құлықты, жұмсақтық пен сабырлылықты ұстануға және нәпсіні сөзімен не ісімен зәбір көрсетіп, ренжіткен адамның қылығына төзімділік танытуға дағдыландыруға қатысты бұйрық. Егер пенде осы қасиетке қол жеткізе алса, өзінің көркем мінез-құлқы көмегімен бойындағы ашу-ызаны жеңіп, оны жуастықпен және сабырлылықпен қарсы алады және мұның игі нәтижеге жеткізетінін түсінеді.

Қандай бір нәрсеге қатысты бұйрық онсыз бұйрық нысаны толық саналмайтын нәрсені істеуге бағытталады. Ал, қандай бір нәрсеге қатысты тыйым оған қарама-қарсыны және тыйым салынғаннан аулақ болуға жәрдемдесетін себептерді істеуге бағытталған бұйрық болып табылады. Біз қарастырып отырған бұйрық осыған жатады.

Екіншісі: Ашу-ызаны іске асырмауға қатысты бұйрық. Адам баласы көбіне ашуын тежей алмағанмен, оны іске асырмауға шамасы келеді. Яғни, кісі ашуланғанда, оның себебінен туындайтын тыйым салынған сөздер мен істерден тыйылуы қажет.

Егер адам ашу-ызаның зиянды нәтижелеріне жол бермей, өз-өзін ұстай алса, ол мүлдем ашуланбағандай болады. Осы арқылы пенде ақыл әрі жүрек қуатының кемелдігіне жетеді. Бұл туралы Пайғамбар (ﷺ): **«Палуан күшті емес, ашу-ыза кезінде өзін ұстай алған (адам) ғана күшті!»** — деген¹ (әл-Бұхари, Муслим).

Сезім қалауы күші мен ашу-ыза күші өзіне жаман әсерлер әкелуіне пенденің жол бермеуі және осы екі күшті діни және дүниелік істерде пайда әкелетін нәрселерге қол жеткізуге әрі оларға залал келтіретін нәрселерге тойтарыс беруге бағыттауы — оның күш-қуатының кемелдігінің айғағы.

Адамдардың ең жақсысы — сезімі мен көңіл қалауы Аллаһ елшісі (ﷺ) өзімен әкелген нәрсеге ілескен, ал ашу-ызасын ақиқаттың жалғанды жеңуіне бағыттаған адам. Сезімі мен ашу-ызасының ықпалына жығылатын адам — адамдардың ең жаманы. Аллаһтан өзге күш те, қуат та жоқ.

¹ Бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) келіп жеткен.

ЖЕТПІС ЕКІНШІ ХАДИС

Тәкаппарлыққа қатысты тыйым

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: لَا يَدْخُلُ الْجَنَّةَ مَنْ كَانَ فِي قَلْبِهِ مِثْقَالُ ذَرَّةٍ مِنْ كِبَرٍ. قَالَ رَجُلٌ: إِنَّ الرَّجُلَ يُحِبُّ أَنْ يَكُونَ تَوْبُهُ حَسَنًا، وَنَعْلُهُ حَسَنَةً. قَالَ: إِنَّ اللَّهَ جَمِيلٌ يُحِبُّ الْجَمَالَ. الْكِبَرُ بَطْرُ الْحَقِّ وَغَمْطُ النَّاسِ.

Абдуллаһ ибн Масғұдан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жүрегінде тозаңның салмағындай тәкаппарлық бар болған (адам) жаннатқа кірмейді»*, — деген. (Сонда) бір кісі: *«Бірақ адам киімі мен аяқ киімі әдемі болуын жақсы көреді ғой?»* — деп (сұрағанда, Пайғамбар (ﷺ)):

«Расында, Аллаһ сұлу, сұлулықты ұнатады, ал тәкаппарлық — ақиқатты теріске шығару және адамдарды менсінбеу», — деп айтқан (Муслим).

Аллаһ тағала тозақ оты тәкаппарлардың орны екенін айтқан. Ал бұл хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жүрегінде тозаңның салмағындай тәкаппарлық бар (адам) жаннатқа кірмейді»*, — деп, тәкаппарлық адамды тозаққа итермелеп, жаннатқа кіруіне кедергі жасайтынын нұсқаған.

Пайғамбардың (ﷺ) барлығын қамтитын түсіндірмесі арқылы бұл ұғымның мағынасы айдан-анық сипатқа енеді. Ол тәкаппарлықтың екі түрлі болатынын көрсетті.

Біріншісі: Ақиқатқа қатысты тәкаппарлық. Бұл ақиқатты теріске шығару мен оны қабылдамау түрінде көрініс табады. Демек, ақиқатты жоққа шығарушы әрбір адам оны теріске шығаруына жарай тәкаппарлық жасаған саналады.

Өйткені Аллаһ пенделерге онымен Өз елшілерін жіберіп, Кітаптарын түсірген ақиқатқа бағынуды парыз еткен.

Елшілерге бағынудан мүлдем бас тартқан тәкаппарлар көпір болып, тозақта мәңгі қалады. Өйткені оларға елшілер арқылы аят-айғақтармен нақтыланған ақиқат келді, бірақ олардың жүректерінде тәкаппарлық басым түсіп, оны мойындамай, теріске шығарады. Аллаһ тағала: **«Өздеріне бір дәлел келмесе де Аллаһтың аяттарына байланысты тартысқандардың көкіректерінде өздері әсте жете алмайтын бір тәкаппарлық бар»**, — деген (Ғафыр, 56).

Өз көзқарастары мен көңіл қалауларына сәйкес келмейтін кейбір ақиқатқа бағынғысы келмейтін тәкаппарлар, көпір саналмаса да, тәкаппарлықтары себепті өздеріне шарифат келгеннен кейін анықталған ақиқатты қабылдаудан бас тартқандарына сай жазаға лайық болады. Осы себепті ғұламалар Аллаһ елшісінің ﴿ﷺ﴾ сүннетін білген адамға, кім екеніне қарамастан біреудің сөзі үшін ол сүннеттен ауытқуына рұқсат етілмейді деген ортақ пікірге келген.

Сондықтан да білім іздеуші адам Аллаһтың және Оның елшісінің ﴿ﷺ﴾ сөзін кез келген адамның сөзінен жоғары қоюға, Аллаһ тағала мен Оның елшісінің ﴿ﷺ﴾ сөздері өзі сүйенетін әрі ұстанатын негіз болуына, Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ тура жолымен жүруге, мақсат-мұратын танып, білуге ұмтылуға және осыған сырттай әрі іштей ілесуге берік шешім қабылдауы тиіс.

Қашан пенде осы маңызды амалды іске асыра алса, игілікке, қол жеткізіп, қателіктері кешіріледі. Өйткені оның негізгі мақсаты — шарифат үкімдеріне ілесу. Ол шама-шарқы жеткенше дәлел табуға тырысып, ақиқатты танып білуге ұмтылған жағдайда жіберген қателіктері үшін ақтала алады, өйткені бұл адам ақиқатқа бағынды.

Екіншісі: Адамдарға қатысты төкаппарлық. Бұл адамдарды менсінбей, кемсітуде көрініс береді. Мұндай төкаппарлық адамның өз-өзіне сүйсінуі мен басқалардан өзін жоғары санауы нәтижесінде пайда болады. Адамның өз-өзіне сүйсінуі жұртқа төкаппарлық көрсетуге және оларды кісі санатына алмай, кекетіп-мұқатып, сөзімен әрі ісімен кемсітуге апарып соғады. Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Жамандықтан кісіге өзінің мұсылман бауырын кемсітуі жеткілікті»**, — деген¹ (Мұслим).

Хадисте аталған кісі бұл да ескерту жасалған төкаппарлыққа жата ма деген қорқынышпен: **«Бірақ адам киімі мен аяқ киімі әдемі болуын жақсы көреді ғой?»** — деп сұрағанда, Пайғамбар (ﷺ) адам ақиқатқа бағынған және адамдарға кішіпейілдік танытқан жағдайда, мұның төкаппарлыққа жатпайтынын, керісінше, Аллаһ жақсы көретін сұлулық саналатынын түсіндірді. Өйткені Аллаһ тағала болмысында, есім-сипаттарында және іс-амалдарында өте сұлу әрі Ол сыртқы және ішкі сұлулықты жақсы көреді.

Сыртқы сұлулық дегеніміз — тәннің, киімнің, үй-жайдың т.с.с. нәрселердің тазалығы. Ал ішкі сұлулық — бойға жоғары мінез-құлықтар мен мақтаулы қасиеттерді жинақтау.

Сондықтан да Пайғамбар (ﷺ) Аллаһ тағалаға: **«Уа, Аллаһ! Мені ең жақсы амалдар мен мінез-құлықтарға бастай ғөр, олардың ең жақсысына Сен ғана бастайсың! Сондай-ақ менен жаман амалдар мен мінез-құлықтарды аулақтат, олардың жаманынан Сен ғана аулақтатасың!»** — деп дұға қылатын (Мұслим). Аллаһ жақсы білуші.

¹ Бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

ЖЕТПІС ҮШІНШІ ХАДИС

Мұсылманның жетістігі

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: قَدْ أَفْلَحَ مَنْ أَسْلَمَ، وَرَزِقَ كِفَافًا، وَقَنَعَهُ اللَّهُ بِمَا آتَاهُ.

Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі ﷺ: **«Исламды қабылдаған, жеткілікті ризық берілген және Аллаһ оны берген (несібесімен) қанағаттандырған (адам) табысқа жетеді»**, — деген (Муслим).

Осылай, Пайғамбар ﷺ аталмыш үш қасиет бойынан табылған адамның табысқа жететінін ескертті.

«Табыс» (фалах) сөзі — қалаған нәрсеге қол жеткізу мен қауіпті нәрседен құтылу деген мағынада.

Хадисте бұл сөз аталмыш үш қасиет дін мен дүние тіршілігінің игіліктерін қамтитыны себепті қолданылған. Расында, егер пенде Аллаһтың дара діні, сый-сауапқа жету мен жазадан құтылудағы табыс негізі саналатын Ислам жолына түссе және оған жұртқа алақан жаймауы үшін жеткілікті ризық берілсе, сосын Аллаһ нығметін толықтап, оны Өзі берген несібеге қанағаттандырса, басқаша айтқанда, ол өзіне бөлінген ризыққа қанағат, тоқмейілдік танытып, нәпсісі бұдан артығын дәмеппейтін, емексімейтін болса, онда мұндай адам екі өмірдің де игілігіне жетеді.

Егер адамда бұл қасиеттер мүлдем не біреуі болмаса, бұл оның кемшіндігін айғақтайды. Мәселен, адам Ислам жолына салынбаса мұның соңы қандай жағдай болмасын мәңгі-

лік бақытсыздыққа апарды. Немесе Исламға кіргенімен, жаңылдырушы кедейлік немесе шектен шығарып жіберетін байлық арқылы сынаққа алынса; бұл екеуі де залал-зиян әрі үлкен кемшілік саналады. Не болмаса оған мол не өлшеулі дәрежеде жеткілікті ризық-несібе берілгенімен, жүрегі Аллаһ тағала ажыратқанға қанағаттанбаса бұл жүрек пен нәпсінің кедейлігін айғақтайды.

Өйткені байлық дүние-мүліктің көптігінде емес, нағыз байлық — жүрек байлығы. Дәулеті асып-тасып жатқанмен жүрегі жарлы болып қиналып жүрген қаншама байлар бар, сондай-ақ қолы ашық, жүрегі бай, Аллаһ берген ризық-несібеге дән разы көптеген кедейлерді кездестіруге болады.

Парасатты адам дүние таршылығына ұшыраса да, жүрегі кедейленіп, уайым шекпейді. Керісінше, ризық табуға тырысқаны сияқты жүрек тыныштығы мен жайбараттығын сақтай біледі. Аллаһ жақсы білуші.

ЖЕТПІС ТӨРТІНШІ ХАДИС

Қысқа да нұсқа өсиет

عَنْ أَبِي أَيُّوبَ الْأَنْصَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: عِظْنِي وَأَوْجِزْ. فَقَالَ: إِذَا قُمْتَ فِي صَلَاتِكَ فَصَلِّ صَلَاةَ مُودَعٍ، وَلَا تَكَلِّمْ بِكَلَامٍ تَعْتَدِرُ مِنْهُ غَدًا، وَأَجْمِعِ النَّاسَ مِمَّا فِي أَيْدِي النَّاسِ.

Әбу Айюб әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): «*Бір кісі Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Маған бір қысқа өсиет айтшы», — деп (өтінді). (Сонда Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: «Намазға тұрғаныңда оны қоштасушының намазындай оқы, ертең өзіңе ақталу керек болатын сөз айтпа және адамдардың қолындағыдан күдер ұз», — деп айтты», — деген (Ахмад, Ибн Мәжәһ).*

Қандай тамаша өсиеттер! Бұларды басшылыққа алған пенденің істері ілгері басып, табысқа жетеді.

Хадистегі бірінші өсиет намазды кемеліне жеткізе орындап, ең жақсы жағдайға сәйкес оқуға әрекет жасауға нұсқаған. Мұнда пенде оқитын әр намазы үшін өзінен есеп алуы, оның парыз, уәжіп және сүннет сияқты барлық қажетті шарттарын орындауы әрі құлшылық-ғибадаттағы ең жоғарғы саты болып табылатын ихсан дәрежесін жүзеге асыруы керек. Яғни, ол намазға кіріскенде өзін Аллаһ тағаланың алдында тұрғандай, Құран аяттарын оқығанда, Аллаһ тағаланы зікір еткенде не дұға қылғанда Онымен құпия әңгіме жүргізгендей сезінуі тиіс. Сонымен бірге қиямда, руқуғта, сәждеде және оларға еңкейіп, көтерілгенде Аллаһ тағалаға бойсұну әрекетін танытуы қажет.

Пенденің өзін екіленусіз, жүрек салғырттығынсыз аталмыш нәрсеге машықтандыруы, әр намазын қоштаушының намазы деп ойлап, енді қайтып намаз оқи алмайтындай түйсінуі оның осы ұлы мақсатқа жетуіне көмектеседі.

Өйткені қоштасушы адам аянбай бар күш-жігерін жұмсайтыны белгілі. Сол сияқты пенде де осы пайдалы мән-мағыналар мен қуатты тәсілдерді ұстанудан танбаса, түбінде бұл әрекеттер оған жеңілдеп, дағдысына айналады.

Осындай сипаттағы намаз адамды барлық жаман мінез-құлықтардан тойтарып, барша көркем мінез-құлық ережелеріне ынталандырады. Себебі оның жан-дүниеге тигізген әсер-ықпалы себепті пенденің иман-сенімі, жүрек нұры мен қуанышы және игілікке құштарлығы артады.

Екінші өсиет тілді тыю мен қадағалауға нұсқайды. Бұл пенденің ісіне қатысты ең өзекті мәселенің бірі. Өйткені егер ол тіліне ие бола алса, онда барлық дене мүшелеріне билігін жүргізеді. Ал егер тілінің жетегінде кетіп, оны зиянды сөздерден сақтай алмаса, онда пенденің діні мен дүние тіршілігі істері бүлінуге ұшырайды. Сондықтан адам діні мен дүние тіршілігі істеріне пайдасы тиетінін біліп алмай тұрып ешқандай сөз айтпауы керек. Адам баласы айыптаушылық тудыруы не ақталуға мәжбүр етуі ықтимал кез келген сөзден бас тартқаны жөн. Өйткені ондай сөздерді айтқан жағдайда, пенде ол сөздердің жетегінде кетіп, тұтқынына айналады. Кейде мұндай сипаттағы сөздер оған өмір бақи құтыла алмайтындай зиян әкелуі мүмкін.

Үшінші өсиетке тоқталсақ, ол адамды тұрмыс-тіршілігі мен ақырет істерінде тек қана Аллаһқа тәуелді болуға, Аллаһтан өзге ешкімге алақан жаймауға, Аллаһтың кеңшілігінен басқадан дәметпеуге және нәпсіні адамдардың

қолындағы нәрселерге үміт артпауға дағдыландыруға бағыттайды. Расында, мұндай үміттің болмауы амандық кепілі, өйткені қандай да бір нәрсеге үміттенбейтін адам онсыз өмір сүруге дағдыланады. Сондай-ақ тілін Аллаһ тағалаға ғана өтініш-тілек айтуға жүгіндіріп, жүрегін Аллаһ тағалаға ғана тәуелді еткен адам Аллаһтың шынайы құлына айналып, жаратылғандарға құлдық ұру мен оларға бағынышты болудан құтылады әрі осының нәтижесінде құрмет-абыройға ие болады. Ал басқаларға тәуелді адам, оларға байланған бағыныштылығына орай қорлық пен төмендікке тап келеді. Аллаһ жақсы білуші.

ЖЕТПІС БЕСІНШІ ХАДИС

Әлсіздерге құрмет көрсету

عَنْ مُصْعَبِ بْنِ سَعْدٍ: أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: هَلْ تُنْصَرُونَ وَتُرْزَقُونَ إِلَّا بِضِعْفَائِكُمْ.

Мусъаб ибн Сағдтан жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Сендерге әлсіздерің себепті¹ ғана жәрдем көрсетіліп, ризық берілмей ме?»** — деген (әл-Бұхари).

Бұл хадисте бай-бақуат адамдар әлсіздер мен дәрменсіздерді қайраткерлік пен жеңіске және ризық-несібе істері мен күн көріске дәрменсіздіктері үшін кемсітпеулері, елеусіз қалдырмаулары тиіс екені айтылған.

Аллаһ елшісі (ﷺ) кейбір жағдайларда жеңіске жету мен мол ризық-несібе Аллаһ тағалаға дұға қылып жалбарынған, Одан жеңіске жеткізуін және ризық-несібе беруін сұраған әлсіздер себепті келетінін түсіндірген.

Мақсаттарға жеткізетін себептер екі түрлі болады:

Біріншісі: Материалдық себептер. Бұл сөз жүзіндегі әрі іс жүзіндегі батылдық және байлық табу мен күн көріске қабілетті болу тұрғысындағы күш-қуат ретінде қарастырылады. Аталмыш сипаттағы себептер адамдардың көпшілігінің жүрегін жаулап, мұндай адамдар жеңіс пен ризық-несібені осыған байланыстырады. Мұндай түсінік жаһилият дәуірінде² көптеген адамдардың кедейліктен қорқып, өз балаларын өлтіруіне³ дейін алып барған, сондай-

¹ Бұл жерде кәріп әлсіздердің Аллаһқа дұға қылып жалбарынулары туралы айтылған.

² Яғни, Исламға дейінгі кезеңде.

³ Бұл жерде сахара арабтары Исламнан бұрын ашаршылық жылдары қыз нәрестелерін тірідей жерге көмгендері туралы айтылған.

ақ көп адамдарды қарамағындағы дәрменсіз, өз күнін өзі көре алмайтын қауқарсыз жандардан мезі болуға мәжбүрлейді. Мұның бәрі ой-өрістің келтелігінің, иман әлсіздігінің, Аллаһтың уәдесі мен бәрін Оның Өзі қамтамасыз ететініне сенбеудің және жағдайға теріс көзқараста қараудың салдары.

Екіншісі: Рухани себептер. Мұнда діни және дүниелік мақсаттарды іске асыруда Аллаһқа тәуекел ету күші, Оған деген сенімнің кемелдігі, Аллаһқа бет бұру күші және Одан өтінген талап-тілектің ықпалы туралы айтылған.

Аллаһ тағала өздерін қамтамасыз ететінін және ризық-несібе мен жеңіс Аллаһтан екенін анық білуге зәрулік мәжбүрлеген әлсіз, дәрменсіз адамдарға бұл істер көп күш-қуат береді. Әлсіз адамдар мүлдем қауқарсыздықтары себепті жүректері мұқалып, Аллаһқа түгелдей бет бұрады. Нәтижеде Аллаһ оларға жайсыздықтарды жою және пайдалы нәрселерді жеткізу сияқты бай-қуаттылар жете алмайтын жеңіс пен ризық-несібе береді. Осылай әлсіздердің себебімен Аллаһ күштілерге өздері ойламаған ризық-несібелер жолын оңайлатады. Өйткені Аллаһ әркімге өлшеулі несібе-ризық бөлген.

Яғни, Аллаһ тағала әлсіздердің несібесін күштілер арқылы беріп, сол үшін қуаттыларға, әсіресе, Аллаһқа сенімдері артып, Оның сыйлығына күмәнсіз иланғандарға жәрдемдеседі. Осылайша Аллаһ оларға өздері ойламаған, қиялдарына да келмеген жеңіс пен ризық-несібе себептерін көрсетеді.

Алғашында ризық-несібесі аз болғанмен, отбасы мүшелері мен қарамағындағылар көбейген соң, Аллаһ түрлі жолдар мен себептер арқылы несібесін арттырған көптеген адамдарды кездестіруге болады.

Мұнда бірнеше себептер бар. Олар:

1. Аллаһ тағаланың міндетті түрде орындалатын: «(Тиісті орынға) қандай да бір нәрсе жұмсаңдар, Аллаһ оның орнын толтырады» (Сәбә, 39), — деген уәдесі;

2. Періштелердің әр таңдағы: *«Уа, Аллаһ, қаржы-қаражат жұмсаушының¹ есесін беріп, сараңды құрдымға жеткіз!»³* — деген дұғасы (әл-Бұхари);

3. Әлсіздердің ризық-несібесі оларға қамқорлық жауапшылардың қолына берілетіндігі.

4. Беруші қол қай тұрғыдан алмайық жоғары тұрады.

5. Аллаһ тағаланың жәрдемі адамға жұмсаған күш-жігеріне жараса көрсетіледі, ал Аллаһтың дидары үшін, Оның сыйын алу мақсатында істелген нәрсенің барлығына береке араласады. Сондықтан да біз: «Аллаһқа деген шын ықыласы және Оған жүрегімен, тілімен әрі іс-әрекетімен жақындық іздеуі себепті, пенде тиісті орынға қаржы-қаражат жұмсаған сайын Аллаһқа бет бұрып, жақындай түседі, ал оның нәсібіне бұйырғанның бәрі берекелі болады» дейміз.

6. Қаражат жұмсаушының Аллаһқа деген тәуекелі мен сенімі және Аллаһ тағаланың кеңшілігі мен игілігіне үміт артуы. Мұндай үміт ету мақсатқа жетудің басты себептеріне жатады.

7. Әлсіздердің қаражат жұмсаушыларға жасаған дұғатілектері. Өйткені әлсіздер өздерінің мұқтаждықтарын өтеген адамдарға үнемі дұға қылып жүреді, ал дұға-тілек

¹ Бұл жерде игі істерге, басқаша айтқанда, шариғат бойынша міндеттелген не ұсынылған орындарға қаржы-қаражат жұмсаушылар туралы айтылған.

² Мұнда сараң бар байлығынан айрылсын деп те, сондай-ақ оның өзі опат болсын деп те түсіну мүмкін.

³ Бұл Әбу Һурайранан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадистің бір бөлігі.

ең ықпалды себептердің бірі. Құран Кәрімде Аллаһ тағала: **«Раббыларың: «Маған дұға қылыңдар, сендерге жауап қатамын», — деді», — деген (Ғафыр, 60).**

Біз сөз еткеннің бәрі өмір тәжірибесінде дәлелденген анық нәрселер. Аллаһ сәттілік бергендердің пайдасы ең ұлы табыс, ал бұдан мақрұм қалғандардың соры құрысын! Аллаһ жақсы білуші.

ЖЕТПІС АЛТЫНШЫ ХАДИС

Аллаһқа тән жомарттықтың әр алуандығы

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَضْحَكُ اللَّهُ إِلَى رَجُلَيْنِ يَقْتُلُ أَحَدُهُمَا الْآخَرَ، يَدْخُلَانِ الْجَنَّةَ. يُقَاتِلُ هَذَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ، فَيُقْتَلُ، ثُمَّ يَتُوبُ اللَّهُ عَلَى الْقَاتِلِ فَيَسْلِمُ فَيَسْتَشْهَدُ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһ біреуі екіншісін өлтіріп, екеуі де жаннатқа кірген екі кісіге күледі. (Олардың) бірі Аллаһ жолында шайқасып жүріп мерт болған. Содан кейін Аллаһ өлтірген (кісіні) тәубеге келтіріп, ол да Исламды қабылдап, шейіт кеткен», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис аса Жомарт Аллаһқа тән жомарттықтың әр алуандығына нұсқаған. Оның жомарттығы мен кеңшілігі әр алуан және шексіз, оларды санап бітіру де, ойлап жету де мүмкін емес.

Хадисте айтылған екі кісіге Аллаһ тағала кеңшілігі мен жомарттығын көрсетіп, оларды жаннатқа кіргізді.

Мұнда бірінші кісі Аллаһ жолындағы қайраткерлік ниеті ақталып жаннатқа кірген. Ал екіншісі туралы айтар болсақ, Аллаһ тағала Исламға қайтуды не басқа күнәлары үшін тәубе қылуды қалаған адамдардың бәріне тәубе есігін ашық еткен. Тәубеге келу мүмкін емес бір де бір күнә жоқ. Бұл тұрғыда Аллаһ тәубе етушілерге қатысты: «Ей, өздеріне зиян жасаған құлдарым, Аллаһтың рақымынан күдер үзбеңдер! Расында, Аллаһ барлық күнәларды кешіреді. Шын мәнінде, Ол—аса Кешірімді, өте Рақымды», — деп айт», — деген (Зумәр, 53).

Сөйтіп екінші кісі Исламды қабылдап, тәубеге келген соң, Аллаһ тағала оның бұрынғы имансыздығы мен күнәларын кешірді. Сонан кейін оны да қолынан мерт болған бауыры сияқты құрметті мәртебеге жеткізіп, жаннатқа кіргізді.

Біз қарастырып отырған хадистегі Аллаһ тағаланың күлгені Оның шексіз жомарттығы мен дарқандығын, игілігінің әр алуандығын көрсетеді.

Осы және басқа да хадистерде нұсқалған Аллаһ тағаланың күлуі — Оның сипаттарының бірі. Мүмін-мұсылман мұны тән алып, оған сенуі, иман келтіруі тиіс. Бұл Аллаһтың ақиқатына тән ақиқат. Аллаһ тағаланың сипаттары ең кемел сипаттар, бұларға қатысты Оның теңдесі де, ұқсасы да жоқ.

Аллаһтың болмысына ешқандай болмыстар ұқсамайды. Оның сипаттарына да ешқандай сипаттар ұқсамайды. Оның сипаттарының бәріне мақтау-мадақ, даңқ, тағзым, ұлылық, сұлулық әрі кемелдік тән. Біз Раббымыздың Құран мен сүннетте келген сипаттарына иман келтіреміз әрі оларды Аллаһ тағаланың ұлылығына, паңдығы мен даңқына лайықты дәрежеде нақтыламайынша иман мен таухидтің толық болмайтынын білеміз.

Бұл хадис Исламға шақыратын және тәубе есігі әрдайым ашық екенін жариялайтын хадистер қатарына жатады. Себебі Ислам өзінен бұрынғыны жояды. Исламға кірген соң, адамның имансыз халде жасағанының бәріде кешіріледі. Тек келісімшарт міндеттері ғана бұдан тысқары. Яғни, Исламды қабылдаған адамның мойнында келісім жасасқан міндеттер, қарыздар немесе дүние-мүліктер болса, Ислам олардың күшін жоймайды. Өйткені келісімшарттар мұсылман болсын, болмасын адамдардың бәріне ортақ.

Пайғамбардың (ﷺ): «*Содан кейін Аллаһ өлтірген* (кісіні) *тәубеге келтіріп, ол да Исламды қабылдады...*» деген сөзі, Исламға кірген не күнәлары үшін тәубе қылған адамды Аллаһ тағаланың тәубеге келтіруі пенденің тәубесіне алғышарт екенін көрсетеді. Өйткені Аллаһ тәубені қабылдайтынын жариялап, оны тағдырға жазған және осы арқылы пенделерге мейірімділік көрсеткен. Яғни, пенде Аллаһ тағала тәубеге келуге жетелейтін себептерді көрсеткен соң барып тәубе қылады, содан кейін Аллаһ оның тәубесін қабыл алып, істеген күнәларын жояды. Демек, пенденің тәубесі екі бірдей тәубемен қоршалған. Бұл екі тәубе арқылы Аллаһ Өз пендесіне кеңшілік көрсеткен. Бұлардың әуелгісі — Аллаһ тағаланың рұқсаты мен тағдыры және пенде тәубеге келу үшін тәубе жолын жеңілдетуі, екіншісі — оның тәубесін қабылдап, күнәсін жоюы. Аллаһ — тәубені қабыл Алушы, аса Рақымды.

Тәубе — бойсұну амалдарының ең ұлысы. Оған қатысты үкім барлық бойсұну амалдарына да тиесілі. Бұл амалдар үшін Аллаһ пендеге сәттілік беріп, олардың себептері мен жолдарын жеңілдетеді. Егер бойсұнушы пенде оларды істесе, Аллаһ тағала қабыл алып, бұлар үшін пендеге разылығы мен сауап-сыйлығын жазады. Аса Жомарт Аллаһтың кеңшілігі қандай кең, ал Оның әр алуан сипаттағы бәрін қамтитын жомарттығы қандай мол еді десеңші!..

ЖЕТПІС ЖЕТІНШІ ХАДИС

Өз-өзіне өлім тілеуге қатысты тыйым

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا يَتَمَنَّيَنَّ أَحَدُكُمْ الْمَوْتَ مِنْ ضَرٍّ أَصَابَهُ، فَإِنْ كَانَ لَا بُدَّ فَاعِلًا فَلْيَقُلْ: اللَّهُمَّ أَحْبِبِّي مَا كَانَتْ الْحَيَاةُ خَيْرًا لِي، وَتَوَقَّفِي إِذَا كَانَتْ الْوَفَاةُ خَيْرًا لِي.

Анас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Ешқайсың басына түскен залалдан ешуақытта өзіне өлім тілемесін, егер қалайда осылай ететін болса, онда: «Аллаһумма, ахй-ини мә кәнәтил-хайату хайран ли, уә тауаффани изә кәнәтил-уафату хайран ли (Уа, Аллаһ! Маған тіршілік қайырлы болса өмір сүргіз, ал маған өлім қайырлы болса өлім бер)!» деп айтсын»,* — деген (әл-Бұхари және Муслим).

Мұнда пендеге басына түскен ауру, кедейлік, қорқыныш-үрей, қиындық, апат не т.с.с. жағдайлар себепті өзіне өлім тілеуге тыйым салынған. Өйткені мұндай жағдайларда өлім тілеу залалды нәтижеге аарады. Ондай нәтижелердің кейбірін көрсете кетсек:

— Басына түскен қиындық адамның ренішке беріліп, наразылық білдіруіне апарып соғады, ал пенде сабырлылық сақтауға және өзін лайықты дәрежеде ұстауға бұйырылған. Өлім тілеудің мұны жоққа шығаратыны айтпаса да белгілі.

— Адам жанын әлсіретіп, ықылассыздыққа, салғырттыққа аарады, үмітсіздікке түсіреді. Ал пендеден мұндай

жағдайларға мұқалмай қарсы тұруы, хал-қадірінше ондай ауыртпалықтарды бәсеңдетуге, жеңілдетуге тырысуы, бойында жүрек қуаты және тап болған қиындықтың әлі-ақ жоғалатынына қатысты үміт күші болуы талап етіледі. Бұл айтылғандар екі нәрсеге: бұйырылған тиісті себептерді жасаған адамға Аллаһ тағаланың мейірімділік көрсетуіне және жүректегі күш-қуат пен үміттен туындайтын пайдалы ұмтылыстың қалыптасуына себеп болады.

— Адамның өзіне өлім тілеуі надандық пен ақымақтық. Өйткені ол өлгеннен кейін не жағдайға түсерін білмейді. Бәлкім мына өмірдің қиындығынан қашамын деп қабір азабы мен оның қорқыныштары сияқты әлдеқайда апатты сұмдыққа тап болар.

— Өлім пенденің тірі кезінде шұғылданып жүрген ізгі іс-амалдарын тоқтатады. Ендеше, ол тозаңдай бөлігі мына дүние мен ондағы нәрселерден артық саналатын іс-амалдың тоқтауын қалайша тілемек?!

Жоғарыда айтылған жалпы мәселелерден қандай да бір зиянды жағдайға тап болғанда адамның сабыр етуін ерекше бөліп қарастыру қажет. Өйткені Аллаһ тағала сабырлылардың сыйлығын есепсіз етеді.

Сондықтан да хадистің соңында Пайғамбар (ﷺ): *«...ал егер қалайда осылай ететін болса, онда: «Уа, Аллаһ! Маған тіршілік қайырлы болса өмір сүргіз, ал маған өлім қайырлы болса өлім бер!» деп айтсын»,* — деген. Яғни, адам ісін пендесіне не істе игілік, пайда бар екенін жақсы білетін Раббысына тапсыруы тиіс. Аллаһ тағала адамға пайдалы, пенденің өзі білмейтін игіліктерді біледі және пендеге оның өзі тілемеген жақсылықтарды қалайды, сондай-ақ оған сынақтағы кезінде де, шат-шадыман шағында да мейірімділік көрсетеді.

Басқа бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Ешқайсың: «Уа, Аллаһ, қаласаң мені кешір! Уа, Аллаһ, қаласаң маған рақым ет! Уа, Аллаһ қаласаң маған ризық бер!» деп айтпасын¹, керісінше, тілегінде табандылық танытсын. Өйткені Аллаһты ешкім (қандай да бір іске) мәжбүр ете алмайды», — деген² (әл-Бұхари, Муслим және басқалар).*

Бұл хадис пен біз қарастырып отырған хадистің айырмасы — өлім тілеуге тыйым салған. Яғни, Аллаһтың білімі мен ерік-қалауына тәуелді еткен хадисте пенде өзі салдары мен пайдасын білмейтін белгілі бір істер туралы айтылған.

Ал екінші хадисте пенде олардың пайдасы мен қажеттігін білетін істер меңзелген. Бұларға Аллаһтың кешірімі мен рақымы, т.с.с. нәрселер жатады. Раббысынан осы сияқты нәрселерді сұраған пенде өтінішін екіленусіз, нақты алға қойып, мұны Аллаһтың ерік-қалауымен де, басқамен де байланыстырмауы тиіс. Өйткені адам баласы Аллаһтың кешірімі мен рақымына жеткізетіннің бәріне ұмтылуға бұйрық алған.

Бұл парыздар мен нақты үкім-нұсқаулар бойынша орындалатын мустахаб амалдардың арасын ажыратуға ұқсас. Басқаша айтқанда, пенде мұндай амалдарды міндетті не мустахаб екенін көрсететін бұйрықтар бойынша орындауы тиіс. Ақиқаттығы мен пайдасы пендеге беймәлім кейбір істер бар, ондай жағдайда пенде мәселенің мән-жайы анықталғанша күте тұруы қажет.

¹ Мұнда Пайғамбарымыз (ﷺ) Аллаһқа «егер қаласаң» деген сөзді бағыштауға болмайтынын ескерткен. Өйткені Аллаһ Өзі қалаған нәрсені ғана істейді.

² Бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

Көптеген ғұламалар бұдан тысқары, адам сынақтан қорқуға байланысты өзіне өлім тілеуіне рұқсат етіледі деп есептеп, Мәриямның (Аллаһ оған разы болсын) Құран Кәрімдегі: **«Әттеген-ай! Бұдан бұрын өліп кеткенімде ғой!»** деген сөзіне сілтеме жасаған (Мәриям, 23).

ЖЕТПІС СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Бұл дүниенің азғырулары және әйелдер

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: إِنَّ الدُّنْيَا حُلُوةٌ حَضِرَةٌ وَإِنَّ اللَّهَ مُسْتَخْلِفُكُمْ فِيهَا فَيَنْظُرُ كَيْفَ تَعْمَلُونَ فَاتَّقُوا الدُّنْيَا وَاتَّقُوا النَّسَاءَ فَإِنَّ أَوَّلَ فِتْنَةٍ بَنَى إِسْرَائِيلَ كَانَتْ فِي النِّسَاءِ.

Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Расында, бұл дүние шырын әрі жағымды. Шын мәнінде Аллаһ сендерді онда орынбасар етіп, қалай амал істейтіндеріңді бақылайды. Сондықтан бұл дүниеден сақтаныңдар және әйелдерден сақтаныңдар! Өйткені израилдіктердің бүліктерінің басы — әйелдерге қатысты болған»*, — деген (Муслим).

Бұл хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ) бұл дүниенің жағдайын және оның қараған адамдар мен дәмін татқандарды таңтамаша қалдыратын қасиеттері туралы айтқан. Сондай-ақ Аллаһ тағала бұл дүниені пенделері үшін бейнет пен сынақ еткенін ескертіп, оның арбауынан сақтайтын себептерді істеуді бұйырған.

Пайғамбардың (ﷺ) бұл дүниені шырын да жағымды деп айтқаны оның барлық қасиеттерін қамтиды. Шын мәнінде де дүниенің дәмі, болмысы және қызықтары шырын әрі оның әсемдігі мен сыртқы сұлулығы да жанға жағымды келеді. Аллаһ тағала бұл туралы: *«Адамдарға әйелдер мен балалар, алтын-күмістен жиналған қазыналар, сәнделген арғымақтар, малдар және егіндердің қызықтарын сүю әдемі көрсетілді»* (Әлі Имран, 14);

«Біз олардың (яғни, адамдардың) қайсысы амал тұрғысында жақсы екенін сынау үшін жер бетіндегі нәрселерді оның (яғни, жердің) көркі еттік», — деген (Кәһф, 7).

Осылай Аллаһ тағала бұл дүниенің түрлі рақат, ләззаттары мен көздің жауын алар көріністерін сынақ етіп, қалай амал істейтіндерін көру үшін пенделерін сонда орналастырды.

Бұл дүниенің халалынан пайдаланып, оны өз орнына қойған және оның көмегімен адамзаттың жаратылудағы негізгі мақсаты — Аллаһқа құлшылық етуді іске асыруға ұмтылған адам үшін жарық дүние жолазық және әлдеқайда құрметті, мәңгілік мекенге жету құралы қызметін атқарады әрі мұндай адам екі өмірдің де бақытын табады.

Адам бұл дүниені ең басты уайымы және білімі мен мұратының шырқау шыңы етіп алса да, бәрібір оған жазмышындағыдан басқа ешнәрсе нәсіп болмайды. Бұдан кейін оны бақытсыздық күтіп тұрады. Ол дүниенің ләззаттары мен қызықтарынан аз ғана уақыт рақаттанады. Оның ләззаттары қысқа, қайғы-қасіреттері ұзақ болады.

Бұл дүние ләззаттарының әрқайсысы астында азғыру мен сынақ жасырынған, әйтсе де ол азғырулардың ең қатерлісі әйелдерге байланысты көрініс табады. Себебі әйелдердің азғыру-бүлігі өте үлкен, оған түсу аса қатерлі, ал залал-зардабы тым ауыр болып келеді. Әйелдер — шайтанның тұзағы мен торлары. Малғұн шайтан аман жүрген қаншама адамдарды олардың көмегімен тұзағына түсіріп, нәпсі қалаулары мен күнәларының тұтқынына айналдырды! Мұндай тұтқыннан адам оңайлықпен құтыла алмайды. Ал істелген күнә бұл пәледен сақтанбағаны үшін оның күнәсі болып табылады. Егер сақтанып, айыптаулар апанына бас сұқпағанда, сынаққа душар болмай, Қамқоршысы

Аллаһты медет тұтқанда, міндетті түрде аталмыш ылаң мен машақаттан аман қалар еді.

Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ біз қарастырып отырған хадисте әйелдердің бүлігінен ерекше сақтандырып, бұл ылаң бұрынғы өткен қауымдарды қандай қасіретке ұрындырғанын айтты. Мұнда өткеннен сабақ ала білетіндер үшін зор ғибрат, тақуалар үшін уағыз-насихат бар. Аллаһ жақсы білуші.

ЖЕТПІС ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Иман тармақтары

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْإِيمَانُ بَضْعٌ وَسَبْعُونَ - أَوْ بَضْعٌ وَسِتُّونَ - شُعْبَةٌ، فَأَفْضَلُهَا قَوْلُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَ أَدْنَاهَا إِمَاطَةُ الْأَذَى عَنِ الطَّرِيقِ، وَالْحَيَاءُ شُعْبَةٌ مِنَ الْإِيمَانِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾: *«Иманның жетпістен астам (не алтыстан астам) тармақтары бар, олардың ең абзалы — «Лә иләһә илләллаһ» (Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ) деген сөз, ал ең төмені — (адамдарға) зиянды (затты) жолдан алып тастау, ұят¹ та — иманның бір тармағы», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Бұл хадис — иман ұғымының жүрек сенімдері мен амалдарын, дене мүшелері іс-амалдарын және тілмен айтылатын сөздерді қамтитынын көрсететін хадистердің бірі. Сонымен бірге, Аллаһ тағалаға жақындататын және Аллаһ ұнатып, разы болатын барлық парыз және мустахаб амалдар да иманның құрамына кіреді. Хадисте Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ иманның ең жоғарғы және ең төменгі тармақтарын көрсеткен әрі олардың арасындағы тармақтардың бірі ретінде ұятты атаған. Бәлкім Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ ұят барлық иман тармақтарын орындаудың ықпалды себебі болғандықтан, оны айрықша атаса керек. Нығметтерінің үздіксіздігі, жомарттығының толықтығы және көркем есімдерінің кө-

¹ Араб тілінде «хайа» — ұялу, ибалылық, кішіпейілділік деген мағыналарды білдіреді.

рінісі себепті Аллаһтан ұялатын пенде Ұлы Раббының алдындағы өз кемшіліктерін және нәпсісіне қатысты зұлымдығы мен қылмыстарын¹ түсінсе, бұл ұят оны күнә істеуден сақтануға және парыздар мен мустахаб амалдарды орындауға итермелейді.

Аталмыш иман тармақтарының ең жоғарғысы әрі негізгісі — тәңірлік ұлы сипатқа жалғыз Аллаһ қана лайықты екенін біле және осыған күмәнсіз илана отырып, шын жүректен «Лә иләһә илләллаһ» деп айту. Өйткені Аллаһ тағала — әр адамның Раббысы, Ол Өз кеңшілігі әрі игілігі арқылы бүкіл әлемдерге раббылық етеді. Жаратылыстың бәрі кедей, Аллаһ қана мұң-мұқтажсыз, жаратылыстың бәрі әлсіз, Аллаһ қана Күшті. Мұны түсінген адам дін тұрғысында шын ықыласты түрде барлық жағдайында Раббысына құлшылық ететін болады. Себебі барлық иман тармақтары осы негіздің тарамдары мен жемістері.

Сондай-ақ бұл хадис кейбір иман тармақтарының түп төркіні хақ тәңір Аллаһқа деген шын ықыласқа, ал кейбірінікі адамдарға жақсылық істеуге барып тірелетінін көрсетеді.

Аллаһ елшісі (ﷺ) адамдарға зиян әкелетін нәрсені жолдан алып тастау керектігін ескерту арқылы барлық сөз жүзіндегі әрі іс жүзіндегі жақсылықтарды нұсқады. Адамдарға пайда әкелетін және олардан зиян-залалдың бетін тойтаратын нәрселердің барлығы жақсылық боп есептеледі.

Барлық иман тармақтарының түп-төркіні осы істерге барып тірелетінін білсек, онда барша игі қасиеттер иман тармақтарына жататынын түсінеміз. Бұл тұрғыда ғұламалар өз пікірлерін білдіріп, анықтамалар берген.

¹ Мұнда нәтижеде адам жаны азапқа түсетін істердің бәрі туралы айтылған.

Олардың кейбірі осы хадисте меңзелген игі қасиеттердің бәрі иман тармақтарына жатады деп есептесе, кейбіреулері осыған жуық пікір білдірген. Әйтсе де бұл хадистің мән-мағынасын түсінген адам шариағат нұсқаған сөз жүзіндегі не іс жүзіндегі, сыртқы не ішкі әрбір игі қасиетті иман тармақтарына жатқыза алады. Пендедегі иман денгейі игі қасиеттерге ие болуына байланысты, басқаша айтқанда, оның иманы аталмыш қасиеттердің мөлшері мен ықпалы және кемелдігі бойынша анықталады. Мұның түп төркіні Аллаһтың және Оның елшісінің (ﷺ) хабарларын растауға және ол екеуінің бұйрықтарын орындау мен олар тыйым салғандардан аулақ болуға барып тіреледі.

Аллаһ тағала иманды тамырлары мен жемістері жақсы ағашқа теңейді. Бұл ағаштың тамырлары мықты, бұтақтары көкке өрлеген және әрдайым Раббысының рұқсатымен игі жемістерін береді. Тәлім алулары үшін адамдарға Аллаһ осындай мысалдар келтіреді. Аллаһ жақсы білуші.

СЕКСЕНІНШІ ХАДИС

Тозақтан құтылу жолы

عَنْ عَدِيِّ بْنِ حَاتِمٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَا مِنْكُمْ مِنْ أَحَدٍ إِلَّا سَيَكَلِمُهُ اللَّهُ، لَيْسَ بَيْنَهُ وَبَيْنَهُ تَرْجُمَانٌ، فَيَنْظُرُ أَيَمَنَ مِنْهُ فَلَا يَرَى إِلَّا مَا قَدَّمَ، وَيَنْظُرُ أَشْأَمَ مِنْهُ فَلَا يَرَى إِلَّا مَا قَدَّمَ، وَيَنْظُرُ بَيْنَ يَدَيْهِ فَلَا يَرَى إِلَّا النَّارَ تَلْقَاءَ وَجْهِهِ، فَاتَّقُوا النَّارَ وَلَوْ بِشِقِّ تَمْرَةٍ، فَمَنْ لَمْ يَجِدْ فَبِكَلِمَةٍ طَيِّبَةٍ.

Ади ибн Хатим (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾: «Сендердің араларыңда Аллаһ сөйлеспейтін ешкім жоқ, (сонда) оны мен (Аллаһтың) арасында тілмәш болмайды. (Сол кезде адам) оң жағына қарайды және өзі бұрын істеген (амалдарынан) басқа ешнәрсені көрмейді, (сосын) сол жағына қарайды және өзі бұрын істеген (амалдарынан) басқа ешнәрсені көрмейді, (сонан соң) алдына қарайды және қарсы бетінде тозақ отынан басқа ешнәрсені көрмейді. Ендеше жарты құрмамен болса да¹ тозақ отынан сақтаныңдар, ал кім (ештеңе) таба алмаса, (ең болмаса) игі сөз арқылы (сақтансын)», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл ұлы хадисте Жаратушы Аллаһтың ақыл-сана ұғына алмайтын және тілмен баяндап жеткізу мүмкін емес ұлылығы туралы айтылған.

Мұнда Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ Аллаһ тағала барлық адамдармен ешқандай тілмәшсыз, дәнекерсіз тікелей сөйлесетіні

¹ Яғни, кішкентай садақа арқылы болса да.

және олардан жақсы-жаман, үлкен-кіші, бұрынғы және кейінгі, пенделер білетін және ұмытқан барлық амалдары жайлы сұрайтынын хабарлаған. Бұл— Аллаһ тағаланың ұлылығының көрінісі. Ол барлық адамдарды бір мезгілде жаратып, ризық беретіні және бәрін бір мезгілде тірілтетіні сияқты, барлығынан бір мезгілде есеп алу мүмкіндігіне ие. Ұлылық пен даңқ әрі ұлы билік иесі Аллаһ— аса игі!

Аллаһ тағала адамдардан есеп алғанда, олардың қасында ешбір жәрдемшілер де, бала-шағасы да, байлығы да болмайды. Әр адам Аллаһтың құзырына Раббысы оны әу баста жаратқан сияқты жеке өзі келеді. Оны оң жағынан да, сол жағынан да сыйлық не жаза талап ететін іс-амалдары қоршап алады, ал қарсы бетінде міндетті түрде өтуге тура келетін тозақ тұрады¹. Сонда ол тозақ отынан құтыла ала ма? Пенде бұдан тек қана Аллаһ тағаланың рақымы және бұрын істеген одан құтқаруға септігін тигізетін игі амалдары себепті аман қалады.

Міне, сондықтан да, Пайғамбар ﷺ өз үмбетін жарты құрма сияқты кішкентай ғана нәрсемен, ештеңе таппаған жағдайда жақсы сөздің көмегімен болса да тозақтан сақтануға үндеген.

Бұл хадисте адамдарға қаржы-қаражат және сөз көмегімен жасалған жақсылықтар тозақ отынан құтқаратын ең ықпалды амалдар қатарына жататыны айтылған. Пенде шарифат құптаған нәрсені азғантай болса да ескерусіз қалдырмауы керек. Мұнда жақсы сөз дегеніміз— адамдарға білмейтін нәрселерін үйрету және діні мен дүние тіршілігі игіліктеріне бағыт-бағдар беру арқылы насихат жасауды қамтиды. Сондай-ақ жүректерді қуантатын, кеуделерге

¹ «Мәриям» сүресінің 71-аятын қараңыз.

шаттық сыйлайтын сөздер¹ де жақсы сөздер қатарына жатады.

Аллаһ тағаланы зікір ету, Оған мадақ айту және Оның үкімдері мен заңдарын әңгіме ету де жақсы сөздер санатынан табылады.

Демек, Аллаһ тағалаға жақындататын және пенделерге пайдасы тиетін сөздердің бәрі жақсы сөздер құрамына кіреді. Аллаһ тағала: **«Жақсы сөз Аллаһқа қарай көтеріледі, ал ізгі амал оны көтереді»** (Фатыр, 10);

«Ал мәңгі қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында сауап бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы», — деген (Кәһф, 46).

Мұнда Аллаһқа жақындататын және адамдарға пайдасы тиетін барлық сөздер мен амалдар туралы айтылған. Аллаһ жақсы білуші.

¹ Мұнда тәубеге келіп, Аллаһқа және Оның елшісіне ﴿﴾ бойсұнғандарға көрсетілетін Аллаһ тағаланың мейірімін хабарлайтын сөздер туралы айтылған.

СЕКСЕН БІРІНШІ ХАДИС

Келіспеушілікке қатысты тыйым

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: دَعُونِي مَا تَرَكَكُمْ، فَإِنَّمَا أَهْلَكَ مَنْ كَانَ قَبْلَكُمْ كَثْرَةُ سَوَالِهِمْ وَاجْتِلَافُهُمْ عَلَى أَنْبِيَائِهِمْ، فَإِذَا نَهَيْتُكُمْ عَنْ شَيْءٍ فَاجْتَنِبُوهُ، وَإِذَا أَمَرْتُكُمْ بِشَيْءٍ فَأَتُوا مِنْهُ مَا اسْتَطَعْتُمْ.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар ﷺ:

«Мен сендерді жөндеріңе қалдырғанымда мені ма-заламаңдар¹! Расында, сендерден бұрынғы (үмбеттерді) көп сұрақ қоюлары мен пайғамбарларымен келіспеулері опат еткен. Сондықтан мен сендерді бір нәрседен қайтарсам, содан аулақ болыңдар, ал қандай да бір нәрсені бұйырсам, одан шамаларың жеткенін орындаңдар!» — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадистегі Пайғамбар ﷺ рұқсат етпеген сұрақтарға Аллаһ тағала: *«Ей, иман келтіргендер! Айқындалса өздеріңе жаман болатын нәрселер жайлы сұрамаңдар²»*, — деп тыйым салған (Мәйдә, 101).

Мұнда Аллаһқа ғана белгілі ғайып істеріне және Аллаһ тағала тыйым да салмай, парыз да етпей нақты еш нәрсе айтылмаған жайттарға қатысты сұрақтар туралы айтылған. Уахи түсіп, Ислам шариғаты заңдастырылып жатқан кезде

¹ Пайғамбардың ﷺ бұл сөзі бір кездесуінде адамдар оған болмашы нәрселер туралы қайта-қайта сұрақтар бергеніне байланысты айтылған.

² Яғни, әлі болмаған және діндеріне қатысы жоқ істер туралы Пайғамбардан ﷺ сұрамаңдар, өйткені мұндай сұрақтар себепті сендерге бұрын парыз етілмеген нәрселер міндеттелуі мүмкін.

біреудің мұндай сұрақ қоюы себепті мұсылмандарға қандай да бір нәрсе парыз етілуі немесе қандай да бір нәрсеге тыйым салынуы мүмкін еді. Мұндай сипаттағы сұрақ қоюшы адамдар туралы Пайғамбар (ﷺ): **«Кімде-кім (бұрын) тыйым салынбаған бір нәрсе туралы сұрап, оның сұрағы себепті (ол нәрсеге) тыйым салынса, (ондай адам) мұсылмандар арасында ең үлкен қылмыс жасаған саналады»**, — деген¹ (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ пенденің қасарыса әрі құйтырқылықпен сұрақтар қоюына және маңызды мәселелер тұрғанда көңіл аударуға арзымайтын маңызсыз нәрселер туралы сұрауына да тыйым салынады.

Фибадаттарға не қарым-қатынастарға қатысты діннің негізгі және жанама мәселелері бойынша нұсқау алу мақсатында сұрақ қоюға келсек, Аллаһ тағала мен Оның елшісі (ﷺ) ондай мәселелер туралы сұрауды бұйырып, адамдарды осыған ынталандырған. Өйткені бұл білім үйрену және ақиқаттарды түсіну құралы болып табылады. Аллаһ тағала: **«Өздерің білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»** (Әнбия, 7);

«Сенен бұрын жіберген елшілерімізден: Мейірімді (Аллаһтан) өзге құлшылық қылатын тәңірлер жасадық па деп сұра²» — деген (Зухруф, 45).

Ал Пайғамбар (ﷺ): **«Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған дінді терең түсіндіреді»**, — деп айтқан (әл-Бұхари).

Мұнда адамның оқып-үйрену және сұрақтар қою арқылы дінді терең түсінетіні туралы айтылған.

¹ Бұл хадис Сағд ибн Әбу Уаққастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

² Мұнда Аллаһ тағала пайғамбарымыз Мұхаммедке (ﷺ) Исра түні басқа пайғамбарлардан немесе сол пайғамбарлар жіберілген қауымнан осыны сұрауды бұйырған.

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ): **«Өздері білмесе, сұрамай ма? Шын мәнінде адасудың дауасы сұрау ғой»**, — деген¹ (Әбу Дауд, өл-Дарақутни және Әл-Бәйһақи).

Аллаһ тағала сұрақ берушіге жұмсақтық танытуды, сұрағына жауап беруді және оны жаратпай тастамауды бұйырып: **«Сұраушыны зекіме»**, — дейді (Духа, 10).

Бұл жерде пайдалы білім әрі дүние тіршілігі істерінен өздеріне қажеттіні сұраушылар туралы да айтылған.

Осы хадисте айтылған сұрақтар қатарына Жаратушының сипаттары қандай екеніне қатысты сауалдар да жатады. Мұнда Аллаһ тағаланың барлық сипаттарына қатысты сұрақтарға имам Мәликтің жауабын беру керек. Біреу Аллаһтың Аршыға көтерілу (истауа) сипаты² қандай екенін сұрағанда, имам: **«(Аршыға) көтерілу белгілі, (бірақ) қалай (көтерілгені) беймәлім, оған иман келтіру уәжіп, ал бұл туралы сұрау — бидғат³»**, — деп жауап берген.

Егер біреу Аллаһтың білу не жарату және басқару сипатының қандай екені туралы сұрақ қойса, оған: Аллаһ тағаланың болмысы ешқандай болмысқа ұқсамайтыны сияқты, Оның сипаттары да ешқандай сипаттарға ұқсамайды. Адамдар Аллаһты және Оның Өзі хабар берген сипаттары мен іс-әрекеттерін біледі, бірақ бұлардың қалай көрініс табатынын Аллаһтың Өзі ғана біледі, — деп жауап беру керек.

¹ Бұл хадис Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен.

² Мұнда Аллаһ тағаланың: **«Расында, Раббыларың Аллаһ, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Содан кейін Ол Аршыға көтерілген»** деген сөзі туралы айтылған (Ағраф, 54).

³ Имам Мәлик Аллаһ елшісінің (ﷺ) заманында адамдар мұндай сұрақтар қоймағанын, яғни, Пайғамбар (ﷺ) мұны құптамағанын ескерткен.

Содан кейін Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ екі ұлы негізді ескертті:

Біріншісі: Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾: «...мен сендерді бір нәрседен қайтарсам, содан аулақ болыңдар», — деген сөзі. Демек, Аллаһқа және Оның елшісіне бойсұну ретінде Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ тыйым салған барлық әшкере әрі құпия сөздер мен іс-амалдардан бас тарту уәжіп.

Мұнда Пайғамбар ﴿ﷺ﴾ тыйымға қатысты «шамаларың жеткенінен» деп айтпады. Өйткені тыйым нәпсінің қандай да бір нәрседен тыйылуын талап ету, ал бұл барлық адамның қолынан келетін іс. Аллаһ пен Оның елшісі ﴿ﷺ﴾ тыйым салған нәрселерден түгелдей бас тартуға әркімнің де шамасы жетеді. Пенделер мүлдем тыйым салынған нәрселердің ешқайсысына зәру емес, өйкені рұқсат етілген халал нәрселер әбден жеткілікті. Бұл халалдар ғибадаттары мен қарым-қатынастарында және түрлі іс-әрекеттерінде барлық адамдарға жетеді.

Өлексе, қан және шошқа етінің мәжбүр болған адамға рұқсат етілуіне келсек, аса зәрулік туындағанда олар халал санатына өтеді, өйткені зәруліктер туындағанда тыйым салынғандарға рұқсат етіледі. Себебі Аллаһ тағала пенделерін кесірлер мен жамандықтардан сақтау және оларға пайда келтіру үшін ғана харамдарға тыйым салды. Егер бұлармен одан пайдалырақ, яғни адам өмірін сақтап қалу мәселесі қатар келсе, онда Аллаһтың рақымы мен игілігі ретінде пайдасы көбірек мәселе бірінші кезекке қойылады.

Бірақ бұл айтылған мәселе дәрі-дәрмекке қатысты емес, өйткені дәрі-дәрмек зәрулік санатына жатпайды. Аллаһ тағала науқасқа түрлі себептер көмегімен шипа береді, мұнда бар мәселе бір ғана дәрі түріне тіреліп қалмайды. Демек, қандай да бір дәрі-дәрмек түрі шипа береді деген ой

басым болса да, шарап, үй есегінің сүті сияқты әр түрлі харама нәрселер көмегімен емделуге рұқсат етілмейді. Өлексе етін жеуге мәжбүр болған адамның жағдайы бұдан басқаша, өйткені ол мұны жемесе аштан өлетініне көзі жетіп тұрады.

Екіншісі: Пайғамбардың (ﷺ): *«...ал қандай да бір нәрсені бұйырсам, одан шамаларың жеткенін орындаңдар»*, — деген сөзі. Бұл негізді Аллаһ тағаланың: *«Сондықтан шамаларың келгенше Аллаһтан қорқындар»*, — деген сөзі де нұсқайды (Тағабун, 16).

Шариғаттың барлық бұйрықтары пенденің мүмкіндігі мен шамасына байланысты. Егер ол міндеттілердің бірін түгелдей орындауға шамасы жетпесе, бұл оған міндетті саналмайды, ал егер кейбір бөлігін орындауға мүмкіндігі болса, онда оның осы шама-шарқы жеткен бөлігін орындауға міндетті, ал шамасы келмеген бөліктері оның міндетінен түседі.

Бұл негізге фикһ және шариғат үкімдерінің санап тауысу мүмкін емес мәселелері кіреді. Мәселен, науқас адам түрегеп намаз оқиды, егер оған шамасы келмесе, отырып, оған шамасы жетпесе, бүйірімен жатып, оған да әлі келмесе, басын не жанарын қозғалтып намаз оқуына рұқсат етіледі. Сол сияқты шамасы жеткен адам ораза тұтады, егер айығуына үміт жоқ ауру себепті әлі келмей қалса, ораза тұта алмаған әр күні үшін бір міскінді тамақтандырады, ал егер сауығуына үміт бар науқасқа шалдықса, оразасын үзіп, кейін басқа күндері қазасын өтейді.

Адам кейде намаз оқып тұрғанда алдынан басқа біреудің кесіп өтуіне жол бермеуге не қыблаға қарап тұруға немесе қандай да бір нәжістерден сақтануға мүмкіндік таппай қалған жағдайлар да осы негізге жатады. Яғни, шамасы келме-

гені міндетінен түседі. Бұл үкім намаздың басқа да шарттары мен тіректеріне және де таһарат шарттарына да қатысты.

Мәселен, адам таһарат алуға су таба алмаған немесе суды пайдалану оған зиян жеткізетін жағдайда, оның тәямум соғуына болады.

Қажылық жасауға күш-қуаты жетпейтін адамның жеткілікті қаржысы болса, орнына басқа біреуді жіберуіне рұқсат етіледі.

Шариғат құптағанға шақырып, ол теріске шығарғаннан қайтару туралы айтсақ, шамасы келген адам оны қолымен¹, сосын тілімен, сонан соң жүрегімен іске асыруы тиіс².

Соқырға, ақсаққа және ауру адамға шамасы келмеген немесе шыдай алмайтын қиындықтар тудырған ғибадаттарды орындамаса, ешқандай күнә жоқ.

Мойнында қандай бір қаржы жұмсау міндеті бар адам, оны түгелдей орындауға шамасы келмесе, тапқан қаражатын ең алдымен әйеліне, балаларына, ата-анасына, содан кейін барып туыстық дәрежелеріне қарай жақындарына жұмсауы керек. Бұл үкім пітір-садақасына да тиісті.

Осылай пендеге бұйырылған міндетті және мустахаб нәрселердің бәрі біз қарастырып отырған хадистің құрамына кіреді. Яғни, адам осылардың бір бөлігіне шамасы жетіп, қалғанына мүмкіндік таппаса, оған шамасы келгені уәжіп саналып, күші жетпегені міндетінен түседі.

¹ Бұл жерде мұсылманның қандай да бір шариғат заңының бұзылуын, мәселен, зорлықшының әлсізге қиянат жасауын қолымен тоқтатуы туралы айтылған.

² Яғни, біреуді шариғат теріске шығарған нәрседен қайтаруға немесе ол құптаған нәрсеге шақыруға сөзімен ықпал ете алмаған адам, тым құрығанда, жүрегімен наразылық білдіруі тиіс.

Жеребе тастау мәселелері де осы негіз астында қарастырылады. Өйткені қандай да бір мәселеде оның кімге тиесілі, оған кімнің көбірек құқылы екеніне қатысты күмән туындаған жағдайда, басымдылықты көрсететін жолдарды іздейміз. Егер қай тараптан да басымдылықты анықтау мүмкін болмаса, онда мүмкіндік жоқтығы себепті бұл міндет мойыннан түседі де, қолдан келер ең жақсы тәсіл жеребе тастауға жүгінуге тура келеді. Бұлардың бәрі фикһ кітаптарында көп айтылған белгілі мәселелер.

Үлкенді-кішілі билік істері де осы негіздің құрамына кіреді. Өйткені кез келген билік ісін нысанадағы мақсатқа жеткізетін қасиеттерге ие адамға тапсыру керек. Егер аталмыш талаптарды толық қанағаттандыратын үміткер табу мүмкін болмаса, бұған барынша сәйкес келетін адамды тағайындау қажет.

Бұл негізге біз қарастырып отырған хадис пен жоғарыда келген аят қана емес, Аллаһ және Оның елшісі ﷺ Ислам үмбеті үшін қиындық қаламайтынын айғақтайтын басқа да аяттар мен хадистер дәлел ретінде жүреді. Мысалы, Аллаһ тағаланың: «Аллаһ әркімге шамасы келетінді ғана жүктейді» (Бақара, 286);

«Кеңшілік иесі (яғни, бай кісі) өз кеңшілігінен жұмсасын¹, ал ризық-несібесі шектеулілер өзіне Аллаһ бергеннен жұмсасын. Аллаһ әркімге бергенін ғана жүктейді» (Талақ, 7);

«(Аллаһ) сендерге дінде қиындық жасаған емес» (Хаж, 78);

«Аллаһ сендерге қиындық жасауды қаламайды» (Мәйдә, 6);

¹ Мұнда талақ етілген әйелге тиісті төлем туралы айтылған.

«Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды, ауырлық қаламайды» (Бақара, 185);

«Аллаһ сендерге жеңілдетуді қалайды», — деген сөздерін келтіруге болады (Ниса, 28).

Ғибадаттар мен олардың барлық түрлеріне қатысты шарифат жеңілдіктері де осы негізде қарастырылады. Бұған Аллаһ тағаланың осыған сәйкес мадақ, даналық, мол рақым, жұмсақтық, жомарттық және игілік сияқты есімдері мен сипаттары да дәлел ретінде жүреді. Осы ұлы да көркем есімдердің ықпалы жаратылыстар мен оларды басқаруға қатысты толық та ауқымды түрде көрініс тауып отырғанындай, Оның шарифат заңдарына да, тіпті әлдеқайда үлкен дәрежеде әсер етеді. Өйткені Аллаһтың жаратуындағы басты мақсат осы және бұл мәңгілік бақытқа жетудің ең тиімді тәсілі саналады.

Аллаһ тағала адамдарды Өзіне ғибадат етулері үшін жаратты әрі ғибадат жасау мен шарифат міндеттерін орындауды Өзінің разылығы мен жомарттығына жету құралы етті. Аллаһ тағала таһарат түрлерін заңдастырғаннан кейін: **«Аллаһ сендерге қиындық жасауды қаламайды. Бірақ сендерді тазартуды және сендерге нығметтерін толықтауды қалайды. Бәлкім шүкіршілік етерсіңдер»,** — деген (Мәйдә, 6).

Аллаһ тағаланың рақымы мен игіліктерінің ықпалы жаратылыстарда бой көрсеткені сияқты, шарифат заңдары мен рұқсат етілген нәрселерде көрініс тапты. Аллаһқа ең толық, ең жоғары мадақтар мен шүкіршіліктер және махаббат пен тағзымның ең биік шыңы тән. Ал сәттілік Аллаһтан!

СЕКСЕН ЕКІНШІ ХАДИС

Адамдарға мейірімділік¹ көрсету

عَنْ جَرِيرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ لَا يَرْحَمِ النَّاسَ لَا يَرْحَمَهُ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ.

Жәрир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Адамдарға мейірімділік көрсетпегенге Аллаһ мейірім көрсетпейді»*, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадистің мәтіні адамдарға мейірімділік көрсетпегенге Аллаһ тағала мейірім көрсетпейтінін нұсқаса, оның мағынасынан адамдарға мейірімділік танытқанды Аллаһ мейіріміне бөлейтінін аңғарамыз. Аллаһ елшісі (ﷺ) басқа бір хадисте: *«Мейірімділерге әр-Рахман мейірім көрсетеді. Жердегілерге мейірім көрсетіңдер, сонда сендерді көктегі (Аллаһ) мейіріміне бөлейді»*, — деген² (Ахмад, Әбу Дауд және өт-Тирмизи).

Демек, пенденің адамдарға мейірімділік көрсетуі — нәтижеде дүние мен ақырет игіліктері келетін Аллаһ тағаланың мейіріміне бөленетін, ал мейірімсіздік — Аллаһтың мейіріміне бөленуге кедергі жасап, бұл ұлы мейірімнен мақрұм қалдыратын басты себептердің бірі. Пенде Аллаһ тағаланың мейіріміне аса мұқтаж, онсыз қас қа-

¹ «Мейірімділік» (рахма) сөзі — мейірімділік көрсету, аяушылық білдіру, рақымшылық жасау, кешіру деген мағыналарды білдіретін «рахима» етістігінен туындаған. Бұл сөз мәтін мәніне байланысты түрліше тәржімалануы мүмкін.

² Абдуллаһ ибн Амр әл-Астан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен бұл хадисті өт-Тирмизи хасан сахих хадистер тобына жатқызған.

ғым сәт те өмір сүре алмайды. Оған келген нығметтер мен түрлі қасиеттерден аман-сау жүрудің өзі Аллаһтың мейірімділігінен.

Егер пенде осы ұлы мейірім құшағында қалғысы әрі оны арттыра түскісі келсе, онда Аллаһтың мейіріміне жеткізетін себептердің бәрін жасауы керек. Мұның барлығы Аллаһ тағаланың: **«Расында, Аллаһтың мейірімі жақсылық істеушілерге жақын»**,— деген сөзінде қамтылған (Аграф, 56).

Мұнда Аллаһтың ғибадатын жақсы орындаушылар және Аллаһтың пенделеріне жақсылық жасаушылар туралы айтылған. Адамдарға жақсылық жасау—пенденің оларға қатысты мейірімі нәтижелерінің бірі.

Пендеге тән мейірімділік екі түрлі болады:

Біріншісі: Табиғи мейірімділік. Аллаһ тағала кейбір пенделерге тумысынан осындай қасиет дарытып, олардың жүректеріне басқаларға деген жанашырлық, аяушылық және мейірім салған. Олар осы мейірімнің ықпалымен мүмкіндіктеріне қарай басқаларға қолдарынан келгенше пайда келтіруге тырысады. Сондай-ақ олар істеген амалдары үшін алғыс пен сауап алады, ал қолынан келмеген нәрселері үшін оларға кешірім жасалады. Бәлкім, шамалары жетпеген амалдарды да шын ниеттері үшін Аллаһ тағала олардың есебіне жазуы мүмкін.

Екіншісі: Пенде түрлі тәсілдермен бойында қалыптастырып, жүрегіне орнықтыратын мейірімділік. Яғни, пенде бұл қасиеттің аса ұлы, ең кемел мінез-құлықтардың бірі екенін біліп, оны бойында қалыптастыру үшін өз нәпсісімен күрес жүргізеді әрі ол үшін Аллаһ белгілеген сауаптардан және оның бойында болмауы сол сауаптардан құр қалдыратынынан хабардар болып, Аллаһтың кең-

шілігіне және оған жеткізетін себептерге ұмтылады. Сондай-ақ марапат не жаза амалға сәйкес іске асатынын және Аллаһ тағала мүміндердің арасына діни бауырластық пен имани сүйіспеншілікті бекіткенін, оларға бір-бірін жақсы көретін бауырлар болуды әрі мұнымен сыйыспайтын жек көру, дұшпандық және қырын қарау сияқты нәрселердің тамырына балта шабуды бұйырғанын түсініп жетеді.

Қашан пенде осы ұлы қасиетке жеткізетін себептерді танып біліп, оны жүзеге шығаруға талпынса, жүрегі адамдарға деген мейірімділік пен жанашырлыққа толады.

Жүректердегі бұл мейірімнің ықпалы дене мүшелері мен тілге әсер етіп, ол адамдарға жақсылық жасауға, пайда келтіруге және олардан түрлі залалдар мен қиындықтарды кетіруге ұмтылуда көрініс табады.

Пенденің барша адамдарға, әсіресе, мүмін-мұсылмандарға жақсылық келуін қалауы және оларға қайғы-қасірет пен зиян-залал жетуін ұнатпауы оның жүрегіндегі мейірімнің нышаны. Осы арқылы оның мейірімділік дәрежесі анықталады.

Жақсы көрген адамы өлімге не қандай да бір қайғы-қасіретке душар болғанда, пенденің мейірім сезімі себепті қайғыруы жақсы қасиет, бұл Аллаһтың жазмышына сабырлылық таныту мен разылық білдіруге қарсы келмейді. Өйткені Пайғамбар (ﷺ) қызының баласы шетінегенде жылаған. Сонда Сағд (Аллаһ оған разы болсын): «*Бұл қалай, Уа, Аллаһтың елшісі¹?!*» — деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (ﷺ) барлық адамға ғибрат болатын нәрсеге нұсқап: «*Бұл — Аллаһ Өз пенделерінің жүректеріне салған мейірім.*

¹ Сағд (Аллаһ оған разы болсын) үнемі сахабаларына тағдырға бойсұну және сабырлылық таныту қажеттігін айтатын Пайғамбарымыздың (ﷺ) жылағанына таңырқап қалған.

Шын мәнінде, Аллаһ Өз пенделерінен мейірімділерге ғана мейірім көрсетеді», — деген¹ (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ) өзінің ұлы Ибраһим² дүние салғанда: **«Көзден жас ағады, жүрек қайғырады, бірақ біз Раббымыз разы болатыннан басқаны айтпаймыз: Расында, біз сенен айырылғанымызға қайғырулымыз, ей, Ибраһим!» — деген³ (әл-Бұхари, Муслим).**

Сол сияқты жас балаларға мейірімділік көрсету, жұмсақтық таныту және оларды қуанту да осыған қатысты. Оларға көңіл аудармау және жұмсақтық танытпау — мейірімсіздіктің, қатыгездіктің, дөрекілік пен каталдықтың нышаны. Бірде осындай қатыгез бәдәуилердің бірі Пайғамбар (ﷺ) мен оның сахабалары жас балаларын сүйіп жатқанын көріп: **«Менің он балам бар, бірақ мен олардың ешқайсысын сүйген емеспін», — дегенде, Пайғамбар (ﷺ) оған: «Аллаһ жүрегіңді мейірімнен жұрдай еткен болса, мен қайтейін!» — деп айтқан⁴ (Муслим).**

Бұлардың қатарында тұрмыс-тіршілікте орын алатын жай-күйлерді де атауға болады. Мәселен, малдарына жем-суы мен басқа да шаруаларында жақсы қараған адамның малына Аллаһ тағала береке береді, ал кім малдарына жақсы қарамаса, ақыреттен бұрын бұл дүниеде жазасын алады.

Аллаһ тағаладан жүректерімізге Өз мейіріміне әр тұрғыдан бөленуімізге және барлық жаратылысқа аяушылық танытуымызға жеткізетін мейірімді салуын әрі бұл мейірімді Өзінің мейірімі мен жомарттығына кенелуіміздің себебі етуін сұраймыз.

¹ Бұл хадис Усама ибн Зәйдтен (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен.

² Пайғамбарымыздың (ﷺ) мысырлық күңі Мәриядан туылған кенже ұлы. Ол нәресте кезінде шетінеген.

³ Бұл хадис Анас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

⁴ Бұл хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

СЕКСЕН ҮШІНШІ ХАДИС

Туыстармен қарым-қатынасты үзбеу

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ سَرَّهُ أَنْ يُنْسَطَ لَهُ فِي رِزْقِهِ، وَيُنْسَأَ لَهُ فِي آثَرِهِ، فَلْيَصِلْ رَحْمَةً.

Анас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «*Кімді ризығының кеңейтілуі немесе өмірінің ұзартылуы қуантса, ол туыстарымен қатыссын¹*», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис адамдарды туыстармен қарым-қатынасты үзбеуге шақырып, туыстық байланысты сақтау ақыретте Аллаһ тағаланың разылығы мен сауабына жеткізетіні сияқты, пендеге ең сүйікті нәрселерді нәсіп ету арқылы осы дүниеде де сый-сыяпат алуға себеп болатынын түсіндірген. Өйткені туыстармен қарым-қатынас жасау ризық-несібенің артуына және өмір жастың ұзаруына себеп болады. Бұл — дәлел қажет етпейтін ақиқат. Шынтуайтында, себептер мен себепкерді жаратушы Аллаһ тағаланың Өзі.

¹ Бұл хадистің мазмұны Құранда келген: «Сол мерзімі келген кезде, олар бір сәт кешікпейді де, ілгерілемейді» (Аграф, 44), — деген аят мағынасына да, адам ұрығы қалыптаса бастағаннан жүз жиырма күн өткен соң періште келіп, оған жан кіргізетіні және оның ризығы мен өмір жасын жазатыны айтылған хадиске де қайшы келмейді. Тәпсірлердің бірінде, жоғарыда келтірілген аятта Аллаһтың ілімі туралы айтылғаны көрсетілген, ал, хадисте адамның ең аз ғұмырын жазушы періштеге белгілі нәрсе туралы айтылған. Сонымен мысалы: кісі жақындармен туыстық қатынас жасамаған жағдайда оған алпыс жыл өмір сүру жазылса, ал, туыстық қатынасын үзбеген жағдайда оның өмір жасы ұзартылуы мүмкін. Бұл айтылған адамның ризығына да қатысты. Әркімнің ризығы мен өмір жасы Аллаһ тағалаға әу бастан-ақ белгілі. Сонымен қатар, Құранда: «Аллаһ қалағанын өшіреді де, (қалағанын) бекітеді. Негізгі кітап* Оның қасында», — делінген (Рағьд, 39).

* Мұндағы негізгі кітап — Ләухул-Махфуз немесе Аллаһтың ілімі.

Расында, Аллаһ тағала әрбір мақсат үшін оған жеткізетін себеп пен жол белгіледі және бұл ұлы бір негізге нұсқайды. Мұның мәні Аллаһ тағала Өз даналығы себепті жарылқау мен жазаны амалдарға сәйкес етті. Түрлі жақсылықтар арқылы туыстарымен қарым-қатынас жасағаны, олардың жүректерін қуанышқа бөлегені сияқты, пенденің Аллаһ тағала өмірін ұзартып, оған бұл себептің көмегінсіз жету мүмкін емес ризық-несібелер мен берекелер есігін ашады.

Мықты денсаулық, таза ауа, құнарлы тағам және тән мен жүректі нығайтатын нәрселерді пайдалану ұзақ өмір сүру себептерінің біріне жататыны сияқты, туыстармен байланысты үзбеуді де Аллаһ тағала тәңірлік себеп етті. Дүниелік мақсаттарға жеткізетін себептер екі түрлі:

1. Сезіммен және ақыл-парасатпен түйсінуге болатын нәрселер;

2. Тәңірлік себептер. Бұларды бәріне Құдіретті, барлық себептер мен әлем істері Оның еркіне бағынышты, тәуекел етушілерді қамтамасыз етуді Өз міндетіне алған, тақуалар үшін ризық-несібе мен қиындықтан шығу жолын уәде еткен Аллаһ тағала белгілеген. Ұлы Аллаһ: **«Кім Аллаһтан қорықса, (Аллаһ) оған шығар жол жасайды және оған ойламаған жерден ризық-несібе береді. Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жеткілікті»**, — деген (Талак, 2-3).

Пайғамбар (ﷺ): **«Садақа мал-дүниені кемітпейді»**¹, — деп, садақаға қаржы-қаражат жұмсау арқылы байлықтың артатынын нұсқаса, онда ағайын-туыстар мен жақындарға көмек көрсету және сыйлық беру туралы не айтуға болады?

¹ Муслим риуаят еткен бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

Бұл хадисте, ниет Аллаһтың дидары мен ақырет мекені үшін бағытталған жағдайда, амал істеушінің ниеті мен сол амалы арқылы тапқан дүниелік пайдасы оған зиян тигізбейтініне дәлел бар. Өйткені Аллаһ тағала даналығы және мейірімі арқасында екі өмірде де сауап-сыйлықтар белгілеп, оны игі амал істеушілерге уәде еткен. Аллаһ тағаланың Өз пенделерін қорқытып, күнәларды ескертуі және олар үшін берілетін жазаларды айтуы адамдарды күнәлар мен қылмыстардан бас тарттыратыны сияқты, мұндай сыйлыққа деген үміт те амал істеушілерді ынталандырып, олардың мақсаттарын игілікке бағыттайды.

Нағыз мүмін әрбір ісі мен бас тартуында, Аллаһқа шын ықылас танытып, іс-амалдарында өзін осы ұлы мақсатқа жетелейтін түрлі тәсілдер көмегіне жүгінеді. Ал сәттілік Аллаһтан!

СЕКСЕН ТӨРТІНШІ ХАДИС

Пайғамбарлар мен ізгі адамдарға сүйіспеншілік танытуға үндеу

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الْمَرْءُ

مَعَ مَنْ أَحَبَّ.

Әбу Мұса Әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Адам сүйгенімен бірге** (болады)», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис адамдарды пайғамбарларға зор сүйіспеншілік танытуға және мәртебелеріне сәйкес ілесуге ынталандырады және оларға қарсы адамдарды жақсы көруден сақтандырады. Себебі сүйіспеншілік пенденің өзі жақсы көрген адамға деген байланыс күшін және оның мінез-құлық қасиеттерінен үлгі алып оған ілесуін көрсетеді әрі осыған жетелейді.

Пенде біреуді Аллаһ тағала үшін жақсы көрсе, оның махаббаты оны Аллаһқа жақындататын ең басты себептердің бірі болады. Өйткені Аллаһ тағала Шәкур (алғыс Білдіруші), Ол Өзіне жақындауға тырысқан адамға жасаған әрекетінен әлдеқайда көп нәрсені сыйлайды. Аллаһ тағаланың алғыс білдіруінің бір көрінісі — Ол адамды істеген амалы кемшін болса да жақсы көрген адамымен бірге етеді. Аллаһ тағала: **«Ал кім Аллаһқа және елшіге бойсұнса, міне, солар Аллаһ нығметке бөлеген пайғамбарлармен, шыншылдармен, шәһидтермен және ізгілермен бірге болады. Олар қандай жақсы жолдас!»** — деген (Ниса, 69).

Сондықтан да Анас (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз Пайғамбардың (ﷺ): «Адам сүйгенімен бірге (болады)» деген сөзіне қуанғанымыздай ешнәрсеге қуанған емеспіз. Мен Аллаһ елшісін (ﷺ) және Әбу Бәкір мен Омарды жақсы көремін әрі олармен бірге болуды үміт етемін», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Аллаһ тағала бұл тұрғыда: *«Олар және әкелерінен, жұбайлары мен ұрпақтарынан ізгі болғандар Адын жаннаттарына кіреді» (Рағыд, 23);*

«Сол бір иман келтірген және сондарынан ұрпақтары да иман келтіргендерді ұрпақтарына қосамыз. Сондай-ақ олардың амалдарынан ешнәрсе кемітпейміз», — деген (Тур, 21).

Бұл айтылғанның бәрін өмірде көріп жүрміз. Игі адамдарды жақсы көрген адам солармен бірге жүріп, солар сияқты болуға әрекет жасаса, жаман адамдарды жақсы көретіндер жамандармен қосылып, олар не істесе соны істейді.

Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Адам өзіне дос тұтқанның әдетін ұстанады, сондықтан әрқайсың кіммен достасқанына қарасын»¹ (Ахмад, Әбу Дауд және өт-Тирмизи);*

«Расында, жақсы жолдас пен жаман жолдастың мысалы, миск сатушы және темір ұстасының көрігіне ұқсайды. Сен миск сатушыдан құр қол шықпайсың, одан (иіссу) сатып алуың мүмкін не оның хош иісін сезесің. Ал темір ұстасының көрігі не сенің денеңді немесе киіміңді күйдіреді не одан сасық иіс сезесің», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

¹ Бұл хадис Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

Бұл айтылғандар адамдардың өзара сүйіспеншілігіне қатысты болса, онда Аллаһ тағаланы сүйетін және Оған деген сүйіспеншілігі мен Оның алдындағы қорқынышын бәрінен жоғары қоятын адам туралы не айтуға болады?! Расында, ол Аллаһ тағаламен бірге болып, Оған барынша жақындайды және Аллаһ та онымен бірге болады. **«Шын мәнінде, Аллаһ тақуалармен және игілік істеушілермен бірге» (Нахыл, 128).**

Мұнда игіліктің ең асқақ түрі, аса Рақымды, Жомарт та Мейірімді Аллаһқа деген Оны танып-білу арқылы пайда болған махаббат туралы айтылған.

Аллаһ тағаладан бізге Өзіне және Өзі жақсы көргендерге, сондай-ақ Өзінің сүйіспеншілігіне жақындататын амалдарға деген махаббатты нәсіп етуін сұраймыз. Расында, Ол — өте Кеңпейіл әрі Жомарт.

СЕКСЕН БЕСІНШІ ХАДИС

Сапарға шығар алдындағы дұға сөздері

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا : أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا اسْتَوَى عَلَى بَعِيرِهِ خَارِجًا إِلَى سَفَرٍ كَبَّرَ ثَلَاثًا ثُمَّ قَالَ : سُبْحَانَ الَّذِي سَخَّرَ لَنَا هَذَا وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ وَإِنَّا إِلَى رَبِّنَا لَمُنْقَلِبُونَ، اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْأَلُكَ فِي سَفَرِنَا هَذَا الْبِرَّ وَالتَّقْوَى، وَمِنَ الْعَمَلِ مَا تَرْضَى، اللَّهُمَّ هَوِّنْ عَلَيْنَا سَفَرَنَا هَذَا وَاطْوِ عَنَّا بُعْدَهُ، اللَّهُمَّ أَنْتَ الصَّاحِبُ فِي السَّفَرِ، وَالْخَلِيفَةُ فِي الْأَهْلِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ وَعَثَاءِ السَّفَرِ، وَكَآبَةِ الْمَنْظَرِ، وَسُوءِ الْمُنْقَلَبِ فِي الْمَالِ وَالْأَهْلِ وَالْوَالِدِ. وَإِذَا رَجَعَ قَالَهُنَّ وَزَادَ فِيهِنَّ : أَيُّونَ تَأْتِبُونَ عَابِدُونَ لِرَبِّنَا حَامِدُونَ.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ) сапарға аттанарда түйесіне мінген соң, үш рет («Аллаһу әкбар» деп) тәкбір айтып, сонан соң: *«Субханәлләзи саххара ләнә һәзә уә мә куннә ләһу муқринин(ә). Уә иннә илә Раббина лә-мунқалибун. Аллаһумма, иннә нәс'әлукә фи сәфәринә һәзәл-биррә уәт-тақуа, уә минәл-ғамали мә тарда. Аллаһумма, һауун ғаләйнә сәфәрана һәзә уатуи ғаннә буъдах(у). Аллаһумма, Әнтәс-сахибу фис-сәфәри уәл-халифату фил-әһл(и). Аллаһумма, инни әбузу бикә мин уаьсә'ис-сәфәри, кә'әбәтил-манзари, уә су'ил-мунқалаби фил-мәли уәл-әһли уәл-уәләд(и) (Бізге өзіміздің шамамыз келмейтін мұны бағындырған (Аллаһ)*

пәк! Расында, біз Раббымызға қайтамыз! Уа, Аллаһ, біз Сенен осы сапарымызда игілік пен тақуалық және Өзің риза болатын іс-амалдар жасауымызды сұраймыз. Уа, Аллаһ, бұл сапарымызды бізге жеңіл етіп, біз үшін оның қашықтығын қысқарт. Уа, Аллаһ, сапардағы жолдасым да, отбасыммен қалған да Өзіңсің! Уа, Аллаһ, Өзіңнен сапардың қиындығы мен жабырқаулы көріністен және мал-мүлік, отбасым мен балаларыма қатысты жаман қайтудан пана сұраймын!» — деп (дұға қылатын).

Ал қайтар кезінде Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ бұл сөздерге: *«Ә'убунә, тә'убунә, ғабидунә ли-Раббинә хамидун(ә) (Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап әрі Оған мадақ айтып қайтып келеміз)!»* дегенді қосып айта-тын (Муслим).

Хадисте сапарға және жол жүруге байланысты көптеген пайдалар айтылған.

Бұл дұғалар дін мен дүние пайдаларын, қалаулы мақсаттарға жетуді әрі жағымсыздықтар мен зиян-залалдардан сақтауды өтінуді, Аллаһтың нығметтері үшін шүкіршілік білдіруді, Оның игіліктері мен жомарттығын еске алуды және сапарды Аллаһқа бойсұну мен Оған жақындататын іс-амалдармен өткізуді сұрауды қамтыған.

Абдуллаһ ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾ сапарға аттанарда түйесіне мінген соң, үш рет («Аллаһу әкбар» деп) тәкбір айтатын»,* — деген сөзіне келсек, Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ сапарын Аллаһқа тәкбір және мадақ айтумен бастап, осылай аяқтайтын.

¹ «Зухруф» сүресінің 13-14-аяттарын қараңыз.

Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Бізге өзіміздің шамамыз келмейтін мұны бағындырған (Аллаһ) пәк! Расында, біз Раббымызға қайтамыз!»** — деген сөзі арқылы пенделерге жүктер мен адамдарды алыс елдерге жеткізетін қозғалыс көліктерін бағындырғаны үшін Аллаһ тағалаға мадақ айтып, Оның осы игілігін мойындаған.

Мұнда қозғалыс көліктері дегенде құрлық пен теңіз және әуе тасымалы қызметін атқаратын барлық транспорт құралдары туралы айтылған.

Сондықтан Нұх (әләйһис сәләм) өзімен бірге кемеге отырғандарға: **«Оған мініңдер! Ол Аллаһтың есімімен жүзеді және тоқтайды»**, — деген (Һуд, 41).

Осы қозғалыс құралдарының барлығы Аллаһ тағаланың нығметі мен бұларды адамдарға бағындыруының нәтижесі. Сондықтан пенделер Аллаһтың бұл нығметін, әсіресе, оларды тікелей пайдаланған сәттерде мойындаулары керек.

Пайғамбардың (ﷺ): **«...өзіміздің шамамыз келмейтін...»** деген сөзінде бұл көліктерді пайдалану Жаратушының игілігі арқылы мүмкін болғанын ескерткен. Яғни, егер Аллаһ тағала барлық нәрсені біздің өз күшімізге тапсырып қойғанда, біз әлдеқайда білімсіз, әлсіз әрі қабілетсіз жаратылыс иесі болар едік. Бірақ Аллаһ тағала адамдарға жануарларды бағындырып, оларға қозғалыс құралдарын жасауды үйретті. Сол сияқты денені қару-жарақ соққысынан қорғайтын сауыт-сайман жасау өнерін де меңгерткен. Аллаһ тағала: **«Біз оған (яғни, Дауд пайғамбарға) сендерді соғыстан қорғау үшін сауыт жасауды үйреттік. Енді шүкіршілік етесіңдер ме?»** — дейді (Әнбия, 80).

Сол үшін адамдар Аллаһ тағалаға шүкіршілік айтуы тиіс, өйткені Аллаһ оларға әуретті жабатын әрі сәндік киімдер тігуді, сауыт-сайман, қару-жарақ соғуды, құрлық пен суда, әуеде жүретін қозғалыс құралдарын және өздеріне қажеттінің бәрін жасауды үйретті. Сондай-ақ зор зиян жеткізуі мүмкін әрі мол пайда да келтіре алатын темірді жаратты¹. Бірақ адамдардың көбі Аллаһқа шүкіршілік етуге келгенде бейғам, тіпті Аллаһқа менмендік танытады және Аллаһ тағала Өз пенделеріне көрсеткен нығметтерге панданады.

Пайғамбардың (ﷺ): **«Расында, біз Раббымызға қайтамыз!»** деген сөзінде жер бетіндегі сапар арқылы ақыреттегі рухани сапарды еске алу керектігі айтылған. Өйткені Аллаһ тағала әуел баста жаратқаны сияқты, жамандық істегендерді жазалау, жақсылық істегендерді марапаттау үшін тіршілік иелерін қайта жаратады.

Аллаһ елшісінің (ﷺ): **«Уа, Аллаһ, біз Сенен осы сапарымызда игілік пен тақуалық және Өзің риза болатын іс-амалдар жасауымызды сұраймыз»** деген сөзінде Аллаһ тағаладан сапарының осы ұлы сипатқа сай болуын Өзі разы болатын іс-амалдардың көрініс табуына мүмкіндік беруін өтінді. Сапар барысында бәрі де Аллаһтың және адамдардың құқықтарына байланысты игі амалдар мен Аллаһ ұнатпайтын барлық ішкі-сыртқы амалдар мен сөздерден бас тарту арқылы Оның қаһарынан сақтану болып табылатын тақуалықты бойына қондыруды тіледі.

Бұл Аллаһқа бойсұну мен Оған жақындаудың барлығын қамтиды. Осы сипаттағы сапар табысты әрі берекелі болады. Аллаһ елшісінің (ﷺ) барлық сапары осындай ұлы мағыналарға ие еді.

¹ «Хадид» сүресінің 25-аятын қараңыз.

Әрі қарай Пайғамбар (ﷺ) Аллаһ тағаладан медет және жол қиындықтарын жеңілдетуін сұрап:

«Уа, Аллаһ, бұл сапарымызды бізге жеңіл етіп, біз үшін оның қашықтығын қысқарт», — деп дұға қылды. Өйткені сапар — азап, тауқыметтің бір бөлігі. Сондықтан Пайғамбарымыз (ﷺ) Аллаһ тағаладан оны жеңілдетуді және оның қашықтығын қысқартуды сұрады. Бұл сапардағы уайым-қайғылар мен қиындықтарды жеңілдету, алыс қашықтықтарды әбігерсіз басып өту үшін жолға береке беру, көптеген істерге жан тыныштығы, жолсеріктердің жайлылығы, жолдың жеңілдігі мен қауіпсіздігі т.с.с. қолайлы себептер жасау арқылы іске асады.

Шын мәнінде де, бірнеше күнге созылған көптеген сапарларды Аллаһ тағала жолаушылар үшін жеңіл етеді және керісінше қысқа жолдың өзі қиынның қиынына айналатын жағдайлар да кездеседі. Мұның бәрі Аллаһтың жеңілдетуі мен мейіріміне әрі жәрдеміне байланысты.

Сондықтан да Аллаһ елшісі (ﷺ) Аллаһ тағаланың сапарда жеңілдік беруін өтінууді нақтылай түсіп:

«Уа, Аллаһ, Өзіңнен сапардың қиындығынан...» — яғни, әбігері мен машақатынан, **«...жабырқаулы көріністен...»** — яғни, уайым-қайғыдан көз ашпаудан, **«...малмүлік, отбасым мен балаларыма қатысты жаман қайтудан пана сұраймын!»** — яғни, о, Раббым, осы сапарымыз себепті айырылысып, артымызда қалдырған барлық әйел, бала-шағамызды, мал-мүлкімізді аман сақтауыңды, оларға қуанышты түрде аман-есен қайтуымызды және өзіміз бен оларға игіліктеріңнің тоқтамай келіп тұруын сұраймыз! — деді.

Аллаһ елшісі (ﷺ) бұл сөздерді сапардан қайтарда да айтып, оған:

Уа, Аллаһ, қайтар жолымызда бізді Өзіңе тәубе етушілерден, ғибадат жасаушылардан және Саған мадақ айтушылардан ет, сондай-ақ, сапарымызды сәттілікпен бастағаның сияқты, оны Өзіңе бойсұнумен аяқтауымызға мүмкіндік бер деген мағынада **«Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап әрі Оған мадақ айтып қайтып келеміз!»** деген сөзді қосқан.

Міне, осы себепті Аллаһ тағала: **«Раббым! Мені шындық есігінен кіргізіп, шындық есігінен шығар. Әрі маған Өз қасыңнан жәрдемші күш бер»,— деп айт»,—** деген (Исра, 80).

Мұндағы шындықтың кірер есігі мен шығар есігі дегеніміз—пенденің сапарлары және оның бір орынға кіруі мен шығуының ақиқат пен шындыққа, Аллаһ ұнататын нәрселермен айналысуға, Аллаһқа тәуекел етуге және Оның көмегіне үміт артуға негізделуі.

Сонымен бірге Пайғамбардың (ﷺ): **«...Раббымызға мадақ айтамыз...»** деген сөзінде, сапарға аттанарда мойындағаны сияқты оның соңында да Аллаһ тағаланың нығметін мойындаудың көрінісі бар.

Пенде ғибадат жасау мен қандай да бір шаруасына кірісуге сәттілік тудырғаны және оны аяқтап, тындыруға мүмкіндік бергені үшін Аллаһқа мадақ айтуы тиіс. Расында, бар кеңшілік Аллаһтың кеңшілігі, бар игілік Оның игілігі, барлық себеп Оның себебі. Аллаһ—ұлы кеңшілік Иесі.

СЕКСЕН АЛТЫНШЫ ХАДИС

Қажылық рәсімдерін орындауда Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ ілесу

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا: أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: خُذُوا عَنِّي مَنَاسِكُكُمْ.

Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: «(Қажылық) рәсімдеріңді менен алыңдар», — деген (Муслим, Ахмад және Ән-Нәсәи).

Бұл—бәрің қамтитын көп мағыналы сөз. Ғұламалар мұны Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ қажылық кезінде істегендері мен айтқандарының барлығы шариғатта заң күшіне ие екеніне дәлел ретінде пайдаланған. Яғни, ол орындаған міндетті нәрселер міндетті, мустахаб нәрселер мустахаб саналады. Бұл Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ намазға қатысты: «**Намаздарыңды менің намаз оқып жатқанымды көргендерің бойынша оқыңдар**», — деген сөзіне ұқсайды (әл-Бұхари, Муслим). Демек, Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ намазға қатысты айтқаны намаздың барлық бөліктерін қамтитыны сияқты, біз қарастырып отырған хадис қажылықтың барлық рәсімдерін қамтиды.

«Әл-қауаъид ән-нурания» атты кітабында шейхул-ислам Ибн Тәймия Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ жасаған қажылықтың мазмұнына қатысты тамаша сөздер айтқан. Ол (Аллаһ оған рақым етсін):

«Көрнекті хадис ғалымдарынан көптеген жолдармен жеткен «Екі сахихтағы¹» және басқа да хадис кітаптарындағы алуан түрлі хабарлар бойынша нақтыланғаны: қоштасу қажылығына аттанғанда Пайғамбар (ﷺ) мен басқа мұсылмандар Зулхулайфадан² ихрамға кірген. Сонда Пайғамбар (ﷺ): **«Кім умраға тәлбия айтуды³ қаласа, солай етсін, кім қажылыққа тәлбия айтуды қаласа, солай етсін, ал кім умра мен қажылыққа тәлбия айтуды қаласа, солай етсін»**, — деген⁴ (әл-Бұхари, Муслим).

Сосын олар Меккеге келіп, Қағбаны және Сафа мен Маруаның арасын тауап еткен соң, Пайғамбар (ﷺ) өзімен бірге қажылыққа шыққан мұсылмандардың бәріне ихрамнан шығып, орындаған рәсімдерін умраға санауды бұйырған. Тек құрбандық малын айдап келгендер ғана бұл бұйрықтан тысқары болды, өйткені олар малдарын құрбандыққа шалғанға дейін ихрамда жүрулері тиіс еді. Сонда кейбіреулері мұны Пайғамбардан (ﷺ) қайталап сұрай бастады, Аллаһ елшісі (ﷺ) ашуланып: **«Сендерге не бұйырғаныма назар аударыңдар да, соны істеңдер»⁵**, — деді.

Пайғамбар (ﷺ) да өзімен бірге құрбандық малын айдап келген болатын, сондықтан ихрамнан шыққан жоқ. Кейбір адамдардың да ихрамнан шыққылары келмей тұрғанын көріп: **«Егер осыны⁶ қайтадан істеуге тура келсе,**

¹ Мұнда иман әл-Бұхари мен Муслимнің сахих хадистер жинағы туралы айтылған.

² Мәдинаның оңтүстік-батыс тарапынан он шақырым қашықтықтағы елді мекен. Ол мәдиналықтар және Сирия мен т.б. елдерден қажылыққа келетін адамдар үшін миқат (қажылар ихрамға кіретін орын) саналады.

³ Бұл жерде адамның умра (не қажылық немесе умра мен қажылықты бірге) өтеуге ниет етуі, ихрамға кіріп: «Ләббәйкә Аллаһумма, умратан (Құзырындамын, о, Аллаһ, умра жасау үшін)» деп айтуы туралы сөз болған.

⁴ Бұл хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

⁵ Бұл хадис Бара ибн Азибтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

⁶ Яғни, қажылықты.

құрбандыққа мал айдап келмес едім және мұны умраға санар едім. Сондай-ақ, өзіммен бірге құрбандық малы болмағанда, міндетті түрде ихрамнан шығар едім¹», — деген² (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ): **«Мен шашымды шайырлап³, құрбандық малдарымның мойнына қыл арқан байладым, енді құрбандық шалғанша ихрамнан шықпаймын», — деген⁴ (әл-Бұхари, Муслим).**

Сөйтіп мал айдап келгендерден басқа барлық мұсылмандар ихрамнан шықты. Мал айдап келгендердің ішінде Аллаһ елшісі (ﷺ), Әли ибн Әбу Талиб пен Талха ибн Ғұбайдүллаһ (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) бар еді. Зулхижжаның сегізінші күні (йәумут-тәруия) ихрамнан шыққан адамдар қажылық ниетімен қайта ихрамға кіріп, Минаға қарай бет алды. Пайғамбар (ﷺ) да түнді солармен бірге Минада өткізіп, бесін, асыр, шам, құптан және таң намаздарында оларға имам болды. Содан кейін Дабб жолы арқылы Намираға қарай жүрді. Намира — Арафаттың сыртында, оның оң жақ батысында орналасқан мекен, ол Харамға⁵ да, Арафатқа да кірмейді. Намирада Пайғамбарға (ﷺ) арнап шатыр тігілді. Кейіннен әділетті халифалар да сол жерге тоқтайтын болды. Бұл жерде әлдене сатып алуға, ішіп-жеуге т.с.с. қажеттілерді істеуге мүмкіндік бар еді.

Күн ауған соң Пайғамбар (ﷺ) мен оның қасындағы мұсылмандар көліктеріне мініп, Батн Ғұрана ойпатындағы намаз оқитын орынға бет алды. Кейіннен ол жерге мешіт

¹ Яғни, қажылықтан бұрын умра жасап, ихрамнан шығар едім.

² Бұл хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

³ Шаш төмен түсіп қажылық жасаушыға кедергі келтірмеу үшін және түрлі зиянкестерден сақтану үшін осылай ететін.

⁴ Бұл хадис Хафсадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен.

⁵ Харам — Меккенің қасиетті аймағы, бұл жерлерде қажылық пен умра маусымында және барлық уақытта белгілі бір тыйымдарды сақтау қажет.

тұрғызылған болатын, бұл орын да Харамға және Арафатқа кірмейдi, әл-Машғар әл-Халал мен әл-Машғар әл-Харамның¹ арасында орын тепкен жер, ол жер мен мауқиқтың арасы шамамен бiр мильдей.

Сол жерде Пайғамбар ﷺ түйесiнiң үстiнде отырып, адамдарға қажылық құтпасын айтты, бұл жұма күнi болатын. Сонан соң түйеден түсiп, бесiн мен асыр намаздарын бiрiктiрiп, қысқартып оқыды.

Сонан кейiн басқа мұсылмандармен бiрге «Жәбәл әр-Рахма» деген атпен танымал таудағы Арафат аймағына қарай бет алды. Ол Иләл деп аталады, ал жалпы халық оны Арафат деп атайды. Сол жерде Пайғамбар ﷺ мен басқа да мұсылмандар күн батқанша Аллаһты зiкiр етiп, дұға жасаумен айналысты. Күн ұясына батқан соң, Пайғамбар ﷺ басқалармен бiрге Муздалифаға аттанды. Муздалифаға ат шалдырып, орналасудан бұрын күн шапағы жоғалып, ымырт түсе шам және құптан намаздарын оқыды. Сол жерде таң саз бергенше түнеп шықты да, түн қараңғылығы сейiлмей тұрып, сол жерде мұсылмандармен бiрге таң намазын уақыты кiре салысымен оқыды.

Сонан соң Муздалифа тауындағы әл-Машғар әл-Харам деп те аталатын Қузахқа тоқтады және сол жерде мұсылмандармен бiрге жарық тартқанша тұрды. Сосын адамдармен бiрге жолға шығып, Минаға келдi. Ол жерде бiрiншi iстеген iсi жамратул-ақабаға тас лақтырыды да Минадағы аялдаған орнына қайтты. Содан кейiн құрбандық шалатын орынға келiп, өзi айдап келген құрбандық малдарынан алпыс үш түйенi құрбандыққа шалды және Әлиге (Аллаһ оған разы болсын) бұйырып, қалғандарын

¹ Муздалифа жазығындағы орындардың атауы.

сойғызды, Пайғамбардың ﴿﴾ айдап келген құрбандығы жүз түйе болатын. Сосын пашын алдырды.

Осыдан кейін Меккеге қайтып, онда барған соң ифада тауабын жасады. Пайғамбар ﴿﴾ отбасы мүшелерінің әлсіздерін таң атпай тұрып Муздалифадан асығыс аттандырып болатын, олар бағаналарға тасты түнде атты. Аллаһ елшісі ﴿﴾ Минада үш күн тұрды және мұсылмандармен бірге күнделікті бес уақыт намазды біріктірмей қысқартып оқып жүрді әрі күн сайын түс ауғаннан кейін үш бағанаға тас атты. Пайғамбар ﴿﴾ тас атуды Минаға жақын, Меккеден қашық әуелгі жамрадан, яғни жамратус-суғрадан бастап, ең соңында жамратул-ақабаға тас ататын және бірінші мен екінші, екінші мен үшінші жамраның арасында «Бақара» сүресін оқып шығатындай ұзақ уақыт Аллаһқа зікір етіп, дұға қылатын. Осылай қажылық кезінде тұратын орындар (мауақиф) үшеу: Арафат, Муздалифа және Мина еді. Содан кейін тәшриқ күндерінің¹ соңында, тас лақтырып болған соң, Пайғамбар ﴿﴾ мұсылмандармен бірге бәну кинәна тайпасының мекені жанындағы әл-Мухассабқа келіп түскен. Сол жерде сәрсенбінің түнін өткізген және сол түні Айшаны інісі Абдуррахманмен (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) бірге Харамның Мәдина жолындағы Меккеге ең жақын атырабы әт-Танъимнен бастап, умра жасауы үшін жіберген. Кейіннен ол жерде мешіт тұрғызылып, адамдар оны «Айшаның мешіті» деп атаған. Өйткені Пайғамбармен ﴿﴾ бірге қажылық рәсімдерін өтегеннен кейін сахабалардан Айшадан басқа ешкім умра жасамаған. Себебі Айша умра жасауды ниет еткенімен, Меккеге келген соң хайыз болып, Қағбаны да, Сафа мен Маруаның арасын да тауап ете

¹ Яғни, зулхижа айының он бірінші, он екінші және он үшінші күндері.

алмаған-ды. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: **«Қағбаны тауап етпей, қажылық өтеуші не істеу керек болса, соны істей бер!»**¹ — деп бұйырған болатын (әл-Бұхари, Муслим).

Сосын барып Пайғамбар ﷺ мен мұсылмандар Қағбамен қоштасып, Мәдинаға қайтты. Осылай Пайғамбардың ﷺ кезінде тәшрик күндерінен кейін Меккеде сахабалардан ешкім қалмаған және Айшадан басқа ешқайсысы Харам аймағынан тысқары шығып, умра жасамаған. Сондықтан Ахмад және басқа да хадис білгірлері осы хадиске сүйеніп, мұндай жағдайдың бәрінде оны Пайғамбардың ﷺ сүннеті деп есептеген...», — дейді.

¹ Бұл хадис Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

СЕКСЕН ЖЕТІНШІ ХАДИС

«Ықылас» сүресінің қадір-қасиеті

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ
تَعْدِلُ ثُلُثُ الْقُرْآنِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Ол Аллаһ—Жалғыз»,—де» (деп басталатын сүре) **Құранның үштен біріне тең болады»,—деп айтты»,—** деген (Муслим, әт-Тирмизи).

Ғұламалар мұндағы «тең болады» сөзінің мағынасы жайлы көп пікірлер айтқан.

Солардың ішіндегі ең жақсысы—бұл сүре Құранның үштен біріне тең болатын себебі, ол бірнеше ұлы мағынаны: таухид пен иман негіздері мағыналарын қамтыған,— деген пікір. Құранда қарастырылған басты тақырыптар мыналар:

1. Шарифаттың ғибадаттарға не қарым-қатынастарға қатысты ішкі-сыртқы заң-үкімдері;

2. Бұрынғы өткен әрі болашақтағы жаратылыстар және іс-амалдарға қарымта алуға қатысты шарифат міндеттері жүктелген адамдардың жағдайлары туралы әңгіме-қиссалар мен хабарлар;

3. Аллаһтың есімдері мен сипаттарына, Оның жалғыздық пен кемелдіктегі даралығына және Оның барлық кемшіліктер мен жаратылғандардың біріне ұқсаудан пәк екеніне қатысты таухид пен танымдар.

Демек, «Ықылас» сүресі осыны және барлығының негізі болып табылатын аталмыш негізге байланысты сенуге тиістілердің бәрін қамтиды.

Міне, сондықтан да Аллаһ тағала бізге бұл сүрені оқуды, жүрекпен танып-білуді, оны мойындауды, Аллаһ үшін дінді осы сүредегі сенім бойынша ұстануды және Аллаһқа сол бойынша ғибадат жасауды бұйырып: **«Ол Аллаһ — Жалғыз», — деп айт», — деген (Ықылас, 1).**

Өйткені Аллаһ — құдайлық сипаттардың бәріне лайық жалғыз Құдай. Бұл сипаттар Аллаһ тағала ғибадатқа, мақтау-мадаққа, шүкіршілік білдіруге жалғыз Өзі лайық, Ұлы да Пәк, ұлылық пен құрмет Иесі екенін нақтылайды.

Аллаһ тағаланың «әл-Ахад» (Жалғыз) деген есімі Өзінің мәңгілік болмысында, білімі мен күш-құдіретінде, ұлылығында, сұлулығы мен мақтау-мадағында, даналығы мен мейірімділігінде т.б. барлық сипаттарында Жалғыз және аталмыш сипаттардың қай-қайсысында да даралықтың және кемелдіктің ең жоғары сипатына ие екенін білдіреді.

Аллаһ тағаланың жалғыздығы мен даралығының көрінісі — Оның әс-Самад¹ екені. Яғни, Ол барлық кемелдік сипаттарының ең биік шыңына ие Кемел Раббы, Ұлы Қожайын. Адамзат ол сипаттардың кейбірін жүрегімен де ұғып жете алмайды, сөзбен де айтып жеткізе алмайды. Барлық жаратылыс Аллаһқа мұқтаж және қажеттіліктері мен қайғы-қасіреттері үшін Оған шағынады.

«Көктердегі мен жердегілер Одан сұрайды. Ол әр күні шұғылдануда» (Рахман, 29).

¹ Бұл есім көп мағыналы «самада» етістігінен туындаған. Оның «бару, бет алу; төтеп беру, шегінбеу; бір жерде тұру, болу» деген мағыналары бар.

Аллаһ тағала Бай, мұң-мұқтажсыз, ал жаратылыс иелерінің бәрі де Аллаһтың өздеріне барлық қажеттіні жаратуына, дайындауына және қамтамасыз етуіне мұқтаж. Бұл жанды заттардың ешқайсысы қандай жағдайда болмасын Аллаһқа бір сәт те қажеттілігі түспей тұрмайды.

«Әс-Самад» — кемелдігі, жомарттығы және игілігі үшін бәрі Оған мұқтаж әрі барлық нәрседе Оны қажет етеді дегенді білдіреді. Сондай-ақ **«Ол, тұмаған, туылмаған» (Ықылас, 3)**. Барлық мақлұқтар бір-бірінен туылған және бәрі де қандай да бір материядан жаратылған. Ал ұлылығы шексіз Раббымыз ғана барша нұқсан атаулыдан таза болғаны сияқты бұл сипаттан пәк.

Сондықтан да Аллаһ тағала осы пәк болмысы мен теңдесі жоқ кемелдігін нақтылап: **«Әрі Оған ешкім тең емес»**, — деген **(Ықылас, 4)**.

Яғни, Аллаһтың есімдері мен сипаттарында, іс-амалдарында және Оған тән құқықтарда Аллаһқа тең келетін не қатарлас немесе ұқсас ешкім әрі ешнәрсе жоқ.

Аллаһ тағаланың дербес құқығы екі нәрседен: Ол қай тұрғыдан болмасын барлық кемелдікте дара екенінен және жаратылыс иелерінің бәрі Оған ғана құлшылық етуі тиістігінен тұрады.

Демек, осындай ұлы сөйлемдерді қамтыған сүре Құранның үштен біріне тең саналуға әбден лайықты. Расында да, Құран Кәрімдегі Аллаһтың барлық көркем есімдері мен ең жоғары ұлы сипаттары және Оның іс-амалдары мен сипаттарының үкімдері осы сүреде айтылған есімдердің түсіндірмелері болып табылады. Тіпті Құранда баяндалған барлық сыртқы әрі ішкі құлшылықтар, олардың түрлері мен түсіндірмелері осы сүре мазмұнының түсіндірме-шархы саналады.

СЕКСЕН СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Байлық пен білімді тиісінше пайдалану қажеттігі

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: لَا حَسَدَ إِلَّا فِي اثْنَتَيْنِ: رَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ مَالًا، فَسُلْطَ عَلَى هَلَكَتِهِ فِي الْحَقِّ. وَرَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ الْحِكْمَةَ، فَهُوَ يَقْضِي بِهَا وَيَعْلَمُهَا.

Абдуллаһ ибн Масғұд (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайгамбар (ﷺ): «Екі кісіден басқаға қызғаныш¹ білдіруге болмайды: Аллаһ байлық беріп, оны ақиқатқа² жұмсаған кісі мен Аллаһ даналық³ беріп, сонымен шешім шығаратын және оны басқаларға үйрететін кісіге», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Қызғаныштың екі түрі бар:

1. Кез келген жағдайда айыпталатын тыйым салынған қызғаныш. Ол қандай да бір пенденің Аллаһ берген діни не дүниелік игілігінің жоғалуын тілеуде көрініс табады. Мұны адам жүрегіндегі сезім себепті қаласын не одан сорақысы — оны жою не жасыру үшін өз нәпсісімен күреспей, еркіне жіберіп қойсын, бәрібір бұл қайталана беретін зұлымдық болып табылады.

¹ Мұндағы «қызғаныш» — адам өзіндегі игіліктен айрылып қалсын деп тілеу емес, керісінше, ондағы игі, жақсы қасиетке мен де жетсем екен деген адал ниетті білдіреді.

² Аллаһқа ұнамды кез келген мақсатқа.

³ Бұл жерде білім не Құранды түсіну туралы немесе адамды теріс нәрсеге жібермейтін, надандыққа қарсылық тудыратын даналық туралы айтылған.

Күншілдіктің мұндай түрі, ағашты от қалай жалмаса, ізгі амалдарды солай жалмайды.

2. Біреудегі Аллаһ берген игіліктің жоғалуын тілемегенмен, дәл сондай не одан да көбірек игіліктің өзіне де келуін тілеу арқылы көрініс табатын қызғаныш.

Мұндай қызғаныштың өз кезегінде мақтауға лайық және мақтауға тұрмайтын екі түрі бар.

Мұның мақтауға лайығы — адамның бір пендедегі Аллаһтың дінге қатысты игілігін көріп, өзіне де соның нәсіп болуын тілеуі. Бұл игілік тілеу тұрғысында қарастырылады. Егер адам осындай игілікке жетуге ұмтылып, әрекет жасаса, онда нұр үстіне нұр қосылады.

Халал жолмен тапқан мал-дүниесі болып, оны міндетті және мустахаб орындарға жұмсауға сәттілік берілген адамға қызығушылықпен қарау қызығу тұрғысындағы қызғаныштың ең жақсысы. Өйткені бұл иманның ең басты айғағының әрі игіліктің ең жақсы түрінің бірі саналады.

Сондай-ақ Аллаһ дарытқан білімі мен даналығы болып, оны басқаларға білім үйретуге және адамдар арасында үкім шығаруға сәті салынған адамға қызығушылықпен қарау да аталмыш қызығу сезімінің ең жақсы санаты. Бұл екеуі игіліктің теңдессіз түрлері саналады.

Біріншісі: Халыққа мал-дүниесімен пайдасы тиіп, олардың қажеттіліктерін өтейді және қайырымдылық шараларына қаражат жұмсайды. Мұның пайдасы ұзақ уақытқа жалғасып, зор ықпал жасайды.

Екіншісі: Адамдарға білімімен пайдасы тиіп, олардың арасында пенделер ғибадаттары мен қарым-қатынастарында т.с.с. барлық іс-әрекеттерінде дұрыс бағыт-бағдар алатын дін мен білімді таратады.

Осы екеуінен бөлек, Аллаһ тағаланың алдындағы жағдайы мен дәрежелеріне қарай игіліктерге де қызығушылық танытқан жөн. Сондықтан Аллаһ тағала мұндай игілікке жеткен жағдайда қуануды және сүйінуді бұйырды, өйткені бұған зор несібеге ие болғандар ғана сәттілік табады. Аллаһ тағала: **«Олар Аллаһтың кеңшілігі әрі рақымымен болған осылар үшін қуансын. Бұл олардың жиған-тергендерінен қайырлы», — деп айт»** (Юнус, 58);

«Жақсылық пен жамандық тең емес. (Жамандыққа) ең жақсы жолмен жауап қайтар¹. Сонда араларында дұшпандық бар біреу жақын достай болып кетеді. Бұл (қасиет) сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ оған зор несібелілер ғана ие болады», — деген (Фуссилат, 34-35).

Кейде осындай игіліктердің бірін қалаған адам, ниеті шын, мүмкіндік туа қалса ондай амалды істеуге берік шешімі болған, әсіресе, арманындағы амалға кірісіп, осы үшін қандай да ұмтылыс жасаған жағдайда, оны істеп жүрген адаммен бірдей сауап алуы мүмкін. Бұл тұжырым хадиспен нақтыланған.

Ал мақтауға тұрмайтын қызығушылыққа келер болсақ, ол рақат-ләззаттарға бату мақсатында дүниелік қалау-мақсаттарға жетуді тілеуде көрініс табады. Бұл Аллаһ тағаланың Қарунның² тайпаластары жайлы әңгімелеп: **«Шіркін! Бізге де Қарунға берілген (нәсіп болса ғой)! Ол — зор несібе иесі»** деп айтқаны сияқты (Қасас, 79).

Яғни, жамандық жасап жүрген адамның жағдайын қалаған кісі ниетіне қарай дәл сол сияқты күнә арқалайды.

¹ Яғни, жамандықтың бетін қайтарып, оған жақсылық жаса.

² Қарун — Мұса пайғамбардың (әләйһис сәләм) дұшпандарының бірі. Ол менменсіген бай адам еді, Аллаһ тағала оны перғауын мен оның уезірі һамаан сияқты апатқа ұшыратып, көзін жойған.

Сонымен бiз баяндаған түсiндiрмелер арқылы барлық жағдайда айыпталатын және кейбiрi мақтауға лайық, ал кейбiрi мақтауға тұрмайтын қызығушылық түрiндегi қызғаныш пен күншiлдiк сипаттар анықталды.

СЕКСЕН ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Бәрің қамтитын әмбебап дұға

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَقُولُ:
اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْهُدَى وَالتَّقَى، وَالْعَفَافَ وَالْغِنَى.

Абдуллаһ ибн Масғұд (Аллаһ оған разы болсын): «Пай-
гамбар ﷺ: «*Уа, Аллаһ! Өзіңнен тура жол, тақуалық,
ұстамдылық¹ және байлық² сұраймын*», — деп (дұға
қылатын)», — деген (Муслим).

Бұл терең мағыналы әрі пайдалы дұғалардың бірі. Ол Аллаһтан дін мен дүние тіршілігі игіліктерін өтінуді қамтыған. Өйткені «тура жол» — пайдалы білім, ал «тақуалық» — ізгі амалдар және Аллаһ тағала мен Оның елшісі ﷺ тыйым салған нәрселерден бас тарту. Осы арқылы дін түзеледі. Себебі дін — тура жолды айғақтайтын пайдалы білімдер мен ақиқат танымдардың жиынтығы және тақуалықты көрсететін Аллаһқа әрі Оның елшісіне ﷺ бойсұну.

Ал «ұстамдылық пен байлық» туралы айтсақ, мұндағы ұстамдылық адамдарға тәуелді болмауды және оларға жүрекпен байланып қалмауды, байлық Аллаһтан және Оның ризығынан басқаға мұқтаж болмауды, өзіндегіні қанағат тұтуды және жан-дүниенің қолдағы барды жеткілікті санауын қамтиды. Осының нәтижесінде адам дүние

¹ Бұл жерде Аллаһ тағалаға бойсұнбаудан және барлық жамандықтан бас тартудағы ұстамдылық туралы айтылған.

² Мұнда байлық немесе баршылық, молшылық (ғина) дегенде — адамдарға алақан жаймау мен оларға ісі түспеуі меңзелген.

тіршілігінде бақытқа бөленіп, жан тыныштығын табады, ендеше, бұл — игі өмірдің айғағы.

Демек, тура жол мен тақуалық және ұстамдылық пен байлық нәсіп болған адам екі өмірде де бақытқа кенеліп, мұратына жетеді әрі барлық қауіп-қатерден құтылады. Аллаһ жақсы білуші.

ТОҚСАНЫНШЫ ХАДИС

Тозақ отынан қашықтау тәсілі

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَنْ أَحَبَّ أَنْ يُزْحَرَخَ عَنِ النَّارِ وَيَدْخَلَ الْجَنَّةَ، فَلْتَأْتِهِ مَنِيَّتُهُ وَهُوَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ، وَلَيَأْتِ إِلَى النَّاسِ الَّذِي يُحِبُّ أَنْ يُؤْتَى إِلَيْهِ.

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Кім тозақ отынан алыстатылып, жаннатқа кіргізілуді қаласа, өлім сағатын Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірген күйі қарсы алсын және адамдарға өзіне қалай қарым-қатынас жасалуын қаласа, солай мәміле жасасын», — деп айтты», — деген (Муслим).

Тозақ отынан алыстатылып, жаннатқа кіргізілген адамның зор табысқа жететіні күмәнсіз, барлық мүмін-мұсылмандар ұмтылатын ең биік мақсат та осы. Бұл хадисте Пайғамбар (ﷺ) осы мақсатқа жетудің екі себебін атады. Барлық иман тармақтарының түп-төркіні осы екеуіне баырып тіреледі.

Біріншісі: Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіру. Бұл Аллаһ тағаланың: «(Ей, мүміндер): «Біз Аллаһқа, бізге түсірілген (Құранға) әрі Ибраһим, Исмаил, Исхақ, Яғқуб және оның ұрпақтарына¹ түсірілгенге, Мұса мен Исаға берілгенге, сондай-ақ (басқа да) пайғамбарларға

¹ Бұл жерде израилдіктердің Яғқуб пайғамбардың (әләйһис сәләм) ұлдарынан тараған он екі ұрпағы туралы айтылған. Мұнда «ұрпақтарына» дегенде Аллаһтың олардан шыққан пайғамбарларға түсірген уахилары меңзелген.

Раббыларынан берілген нәрселерге иман келтірдік. Біз олардың ешқайсысын алаламаймыз және біз Оған (яғни, Аллаһқа) ғана бойсұнушымыз», — дендер» (Бақара, 136), — деп айтқан аятындағы иман негіздерін және ақырет үшін амал жасап, қамдануды қамтиды. Өйткені дұрыс иман осыны міндеттейді.

Екіншісі: Адамдарға сөзімен, ісімен және мал-дүниесімен жақсылық жасау әрі оларға өзіне қалай мәміле жасалуын қаласа, солай қарым-қатынас жасау.

Бұл басқаларға жақсылық жасау мен адалдық танытудың ең дұрыс өлшемі болып табылады. Яғни, адамдарға қарым-қатынасында қандай да бір нәрсе күмән тудырса, онда олардың өзіңе осылай қатынас жасауын ұнатар ма едің, жоқ па, соны ойлан. Егер оны ұнататын болсаң, онда өзің ұнатқанды оларға да қалайтын болғаның, ал егер өзің олай мәміле жасалуын ұнатпасаң, онда бұл ұлы міндетті уысыңнан шығарғаның.

Хадистің бірінші сөйлемінде Аллаһтың, ал екіншісінде адамдардың құқықтарын сақтау туралы айтылған. Аллаһ жақсы білуші.

ТОҚСАН БІРІНШІ ХАДИС

Аллаһ разы болатын және разы болмайтын амалдар

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: إِنَّ اللَّهَ يَرْضَى لَكُمْ ثَلَاثًا، وَيَكْرَهُ لَكُمْ ثَلَاثًا، فَيَرْضَى لَكُمْ أَنْ تَعْبُدُوهُ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا، وَأَنْ تَعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللَّهِ جَمِيعًا، وَلَا تَفَرَّقُوا، وَيَكْرَهُ لَكُمْ قِيلَ وَقَالَ، وَكَثْرَةَ السُّؤَالِ، وَإِضَاعَةَ الْمَالِ.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһ сендердің үш (істеріңе) разы болып, үш (істеріңді) ұнатпайды. Ол сендердің Өзіне ғана ғибадат етіп, ешнәрсені серік қоспауларыңа, Аллаһтың жібіне¹ жаппай берік жабысуларыңа және бөлінбеулеріңе² разы болады. Сондай-ақ Ол сендердің бос сөзбен айналысуларыңды, көп сұрақ берулеріңді және мал-дүниелеріңді босқа шашуларыңды ұнатпайды», — деп айтты», — деген (Муслим).

Бұл хадисте Аллаһқа тән разылық пен ұнатпау және оған байланысты нәрселер туралы айтылған. Расында, ұлылығы шексіз Аллаһ Өз пенделеріне деген жомарттығы себепті олар үшін екі өмірде пайдасы тиетін әрі бақытқа жеткізетін нәрселерге разы болады.

Бұл ешқандай серігі жоқ жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету, Ол үшін дінге шын ықылас таныту, иман сенімдері мен негіздерін және Исламның ішкі әрі сыртқы

¹ Бұл жерде Ислам туралы айтылған.

² Қараңыз: Әлі Имран, 103.

заң-үкімдерін¹, игі амалдар мен пәк-таза мінез-құлық ережелерін ұстану арқылы жүзеге асады. Мұның бәрі Аллаһқа шын ықыласты түрде, Оның разылығы мен Аллаһ елшісінің (ﷺ) сүннетіне сәйкес орындалу керек. Әрі Аллаһ пен Оның пенделері арасын байланыстырушы дәнекер тетік саналатын Оның дінін бекем ұстап, оны бірлесе, игілік пен тақуалыққа өзара жәрдемдесе жүріп орындау қажет. Өйткені Пайғамбар (ﷺ): **«Мұсылман мұсылманның бауыры, оған зұлымдық жасамайды, оны жәрдемсіз қалдырмайды және кемсітпейді»**, — деген² (Мұслим). Яғни, мұсылман адам діндегі бауырын пәк көңілмен жақсы көруі және оған жәрдемші бауыр болуы тиіс.

Осы және мұның алдында айтылған негіздер дінді кемелдендіріп, Аллаһтың мұсылмандарға деген игілігін межесіне апарады және Аллаһ оларды үстем етіп, жеңіске жеткізеді. Өйткені олар өздеріне Аллаһтан бұйырылған және бұларды орындағандарды жеңіс пен бекемдік, екі өмірде де табыс пен құтылуға жеткізетінін уәде еткен барлық тәсілдерді іске қосты.

Сонан соң Пайғамбар (ﷺ) Аллаһ пенделері үшін ұнатпайтын және Ол жақсы көретін нәрселермен сыйыспайтын жайттар туралы айтты. Олардың бірі — өтірік-өсекке, сенімсіздікке, ақиқатқа қайшы келетін нәрселерге сенуге бастайтын әрі бүліктер туындауына, жүректердің өзара өшпенділігіне және пайдалы істердің орнына зиянды әрекеттермен шұғылдануға себеп болатын орынсыз бос сөзділік. Аталмыш бос сөз, өсек-аяңмен айналысуды жаны

¹ Мұнда қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін және игі ниет, шын ықылас және тақуалыққа қатысты шариғат заңдары туралы айтылған.

² Бұл хадис Әбу Һурайран (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

сүйген жағдайда, адамның біз айтқан нәрселердің бірінен аман қалуы неғайбыл.

Пайғамбардың ﴿﴾ көп сұрақ қоюға қатысты сөзіне келсек, бұл жерде айыпталатын орынсыз сауалдар туралы айтылған. Мәселен, аса қажетсіз тіршілік істері туралы, құйтырқылықпен қойылған, жауабы зиян-залал әкелуі мүмкін және пайдасы жоқ мағынасыз сұрақтар. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Айқындалса өздеріңе жаман болатын нәрселер жайлы сұрамаңдар»**, — деген (Мәйдә, 101).

Әйтсе де нұсқау алу немесе нұсқау беру мақсатында пайдалы білімдер жайлы сауал қою мақтауға лайық, бұйырылған нәрсе.

Пайғамбардың ﴿﴾ мал-дүниені ысырап қылмауға қатысты сөзіне тоқталсақ, бұл мал-мүлікті сақтамай, оның жоғалып кетуі не ұрлануы, жылжымайтын мүлікті қараусыз қалдыру, малдарды күтімге алмау немесе зиянды не пайдасыз істерге қаржы-қаражат жұмсау нәтижесінде көрініс табады. Мұның барлығы дүние-мүлікті босқа шашу саналады. Бұған дүние-мүлікті жас балалар, кемақыл не есі дұрыс емес сияқты адамдардың қолына тапсыру да қатысты. Өйткені Аллаһ тағала мал-дүниелерді адамдардың діни және дүниелік мүдделерін қамтамасыз ететін құрал ретінде жаратқан. Бұл мал-дүниелердің не үшін жаратылса, соған, яғни дінге не дүние тіршілігіне пайдасы тиетін істерге жұмсалуды — оларға қатысты нығметтің толық жүзеге асқанының айғағы.

Аллаһ тағала Өз пенделерінің ұнамады істер жасағанын жақсы көреді. Яғни, Ол пенделерінің барлық айтқан сөздерінде сенімді болуларын, естігенінің бәрін жұртқа таси бермеуін, шындықты іздеулерін, пайдалы нәрселерден

өзгені сұрамауларын, дүние-мүліктерін сақтап, қарауларын және оларды пайдалы орындарға жұмсауларын қалайды. Сондықтан Аллаһ тағала: **«Аллаһтың өздеріңе тапсырған мал-мүліктеріңді ақылсыздарға¹ ұстатпандар»**, — деген (Ниса, 5).

¹ Мұнда дүние-мүлік пен қаржы-қаражатты дұрыс жұмсай алмайтын жас балалар, кемақыл адамдар т.с.с. туралы айтылған.

ТОҚСАН ЕКІНШІ ХАДИС

Әке балаларына жеткілікті мөлшерде нәпақа ажыратуға міндетті

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: دَخَلَتْ هِنْدُ بِنْتُ عُتْبَةَ امْرَأَةَ أَبِي سُفْيَانَ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ: يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ أَبَا سُفْيَانَ رَجُلٌ شَحِيحٌ، لَا يُعْطِينِي مِنَ النَّفَقَةِ مَا يَكْفِينِي وَيَكْفِي بَنِيَّ إِلَّا مَا أَخَذْتُ مِنْ مَالِهِ بِغَيْرِ عِلْمِهِ، فَهَلْ عَلَيَّ فِي ذَلِكَ مِنْ جُنَاحٍ؟ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: خُذِي مِنْ مَالِهِ بِالْمَعْرُوفِ مَا يَكْفِيكَ وَيَكْفِي بَنِيكَ.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде Аллаһ елшісіне (ﷺ)) Әбу Суфиянның әйелі Гинд бинт Ғұтба келін: «Уа, Аллаһтың елшісі! Негізі, Әбу Суфиян сараң адам, ол маған және балаларыма жететін нәпақа бермейді. Егер оның мал-дүниесінен өзіне білдірмей алсам, бұл үшін маған күнә болмай ма?» — деп (сұрады). Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ): «Өзіңе және балаларыңа әдеттегіше жеткілікті болатынды ал», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Ғұламалар бұл хадистен көптеген фикһ үкімдерін шығарған. Солардың кейбіріне тоқталсақ.

— Пәтуа сұраушы не біреудің үстінен арыз-шағым айтушы адамға пәтуа сұрауға не арыз-шағымға байланыстының бәрін ашық айтуға рұқсат етіледі, бұл тыйым салынған ғайбатқа жатпайды. Бұл жағдай біреудің сыртынан сөз айтуды ғайбатқа санамайтын орындардың бірі, барлық ғұламалар мұны қажеттілік деген пікірге келген. Негізі, ғайбат — бауырың туралы оған ұнамайтын сөзді айтуың,

бірақ бұған қажеттілік туындаса, мәселен, адам жеке не жалпы мәселе бойынша ақыл-кеңес алуға мұқтаж болса немесе тек лақап атымен ғана танымал кісі туралы айтса, оған қажет мөлшерде рұқсат етіледі.

— Балаларды қаржы-қаражатпен қамтамасыз ету әкенің жеке басына қатысты міндет, бұл анасының не басқа бір адамның міндетіне кірмейді.

Ер адам әйелін де жеткілікті мөлшерде қаржы-қаражатпен қамтамасыз етуі тиіс. Өйткені Пайғамбар (ﷺ): **«Өзіңе және балаларыңа әдеттегіше жеткілікті болатынды ал»**, — деген. Мұндағы «жеткілікті болатын» қаржы-қаражат адамдардың жағдайына қарай әдет-ғұрып бойынша, яғни, олардың өмір сүріп жатқан уақыттары мен орындарына, жай-күйлерінің ауыр-жеңіліне қарай анықталады. Қаржы-қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті адам нәпақа ажыратудан мүлдем не жарым-жартылай бас тартса немесе сараңдық жасаса, нәпақа алуға тиіс адамға не біреулердің қаржы-қаражатпен қамтамасыз етілуін басқаратын адамға қожайынға білдірмей оның қаржысынан алуға рұқсат етіледі. Мұның себебі айдан-анық. Бұл қиянат жасауға жатпайды әрі Пайғамбардың (ﷺ): **«Өзіңе қиянат қылғанға қиянат жасама»**¹ деген бұйрығына қайшы келмейді (Әбу Дәуд, әт-Тирмизи және әд-Дарими).

Бұл құқылы адамға қаржы-қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті адамның дүние-мүлкінен оған білдірмей тиісті мөлшерде алуға рұқсат ету жөніндегі мәселеге қатысты орта межелі дұрыс пікір болып табылады. Ал имам Ахмад мазһабындағы белгілі пікір бойынша, бұған әйелді, балаларды, құлдарды және т.с.с. қаржы-қаражатпен қам-

¹ Бұл хадис Әбу Нурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

тамасыз ету, сондай-ақ қонақ ақысы сияқты анық себеп болғанда ғана рұқсат етіледі.

— Белгілі бір қаржы-қаражат сомасын қажет ететін іске қаражат ажыратқанда, ол жұмыс тапсырылған адамның сөзі қабылданады. Өйткені жұмыс оған сеніп тапсырылған, бұл істе оның билігі жүреді.

— Біреу басқа бір адамға қатысты пәтуа сұрағанда, пәтуа сұралған адам оның шындықты айтқанына ойы басым болса, онда әлгі адамды құзырына алдыру қажетсіз, әсіресе бұдан бір зиян-залал келетін жағдайда. Бұған мысал ретінде, осы хадистегі мәселені айтуға болады. Өйткені Пайғамбар (ﷺ) осы арыз-шағымға байланысты Әбу Суфиянды алдырғанда, оны мен әйелінің арасында келеңсіз жағдай¹ орын алуы мүмкін еді.

Алайда бұл бір адамның сыртынан үкім шығаруға дәлел ретінде жүрмейді, өйткені мұнда Пайғамбар (ﷺ) үкім шығармаған, тек мәселеге қатысты пәтуа берген.

¹ Яғни, ашу-араз, ажырасу сияқты нәрселер.

ТОҚСАН ҮШІНШІ ХАДИС

Ашу-ыза кезінде үкім шығаруға қатысты тыйым

عَنْ أَبِي بَكْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: لَا يَحْكُمُ أَحَدٌ بَيْنَ اثْنَيْنِ وَهُوَ غَضَبَانُ.

Әбу Бәкра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Ешкім ашу үстінде екі (адамның) арасына үкім шығармасын», — деп айтқанын естідім», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис бірнеше мәселеге нұсқайды:

1. Қазының ашу үстінде адамдардың арасындағы діни не дүниелік мәселелерге үкім шығаруына тыйым салады. Өйткені ашу-ыза пікірдің өзгеруіне және ауытқуына себеп болады, ал пікірдің ауытқуы ақиқатты табу мен оған ұмтылуға кедергі жасап, зиян келтіреді. Қазының және басқалардың негізгі мақсаты—білім тұрғысында да, іс жүзінде де ақиқатқа ұмтылу.

2. Адам ашу-ызаны басатын не жұмсартатын барлық әдіс-тәсілдерді ұстануға әрекет жасауы тиіс екенін көрсетеді. Яғни, жуастық пен сабырлылық көрсетуге және жан-дүниесін қарсыластарынан көргеніне не естігеніне байсалдылық танытуға дағдыландыруы қажет. Бұның ашу-ызаны басуға не бәсеңдетуге ықпалы зор.

3. Бұл хадистен ашу-ызаға қатысты үкім, адамға ақиқатты танып-білуге не оған ұмтылуға кедергі жасайтын нәрселердің бәріне тиісті деген қорытынды шығады. Бұлар-

ға мысал ретінде, пікірді ашу-ыза сияқты не одан да көбірек шатастыратын қатты уайым-қайғы, аштық, шөлдеу, адамды үлкен не кіші дәрет қысып тұрған жағдайларды атауға болады.

4. Ашу-ыза және соған ұқсас жағдайларда үкім шығаруға тыйым салынған, себебі ол мақсаттың ауытқуы мен бұрмалануына апарып соғады. Демек, қазы шарифаттың барлық жалпылама үкімдері мен жекелеген мәселелері туралы білімді толық игермей және оларды шарифат үкіміне сәйкес қалай қолдануды жақсы білмей тұрып, үкім шығармауы тиіс. Бұл үшін ол үш нәрсеге мұқтаж болады:

Бірінші: Дау-жанжалдарға төрелік айту және адамдар арасында үкім шығару үшін шарифат бекіткен тәсілдерді білу.

Екінші: Дауласушы екі тараптың жанжалы себебін ұғынып, оны толық ой-елегінен өткізуі және даугерлердің әрқайсысына дәлелдерін алға тартып, мәселелерінің мән-жайын түгел баяндауына мүмкіндік беруі керек. Осыларды орындап, толық білімге ие болғаннан кейін оған үшінші нәрсе қажет.

Үшінші: Жоғарыда айтылғандарды шарифат үкімдеріне сәйкес қолдану мен үйлестіре білу қабілеті. Қашан қазы осы үш нәрсені іске асыруға мүмкіндік тауып, әділдікке ұмтылса, сәттілікке қол жеткізіп, тура бағыт алады. Ал қашан бұлардың бірін орындамаса, қателікке ұрынып, үкімде ағаттық жібереді.

ТОҚСАН ТӨРТІНШІ ХАДИС

Ысырапшылдық пен дандайсұға қатысты ТҮЙІМ

عَنْ عَمْرِو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: كُتِلُوا
وَأَشْرَبُوا، وَتَصَدَّقُوا وَالْبَسُوا، فِي غَيْرِ إِسْرَافٍ وَلَا مَخِيلَةٍ.

Амр ибн әл-Астан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Жеңдер, ішіңдер, садақа беріңдер және киініңдер, бірақ, ысырапшылдық пен дандайсұға жол бермеңдер»*, — деген (әл-Бұхари, Ахмад және Әбу Дауд).

Бұл хадис мал-дүниені діни және дүниелік істерге пайдасы тиетін орындарға жұмсауға және залал келтіретін іске жұмсаудан аулақ болуды нұсқайды. Себебі Аллаһ тағала байлықты пенделерге қуат көзі етіп берді. Мал-дүние арқылы олардың жеке және қоғамдық, діни және дүниелік жағдайлары қамтамасыз етіледі. Аллаһ және Оның елшісі (ﷺ) мал-дүние табу мен пайдалануда, оны игеру мен жұмсауда ең тиімді, ең пайдалы әрі екі өмірде де ең жақсы нәтижелерге жеткізетін тәсілдерді меңзеген.

Яғни, оны рұқсат етілген, пайдалы себептер көмегімен табуға әрекет жасауға, мақсаты дұрыс болуға, оны табу жолында еріншектік пен салғырттыққа жол бермеуге және адам жағдайы бүлінетіндей тым беріліп кетпеуге, харам әрі жаман кәсіп көздерінен аулақ болуға, ал мал-дүниеге қол жеткізген соң оны дұрыс сақтауға, тамақ, киім және басқа өзі мен әйел, балалары сияқты қарамағындағы адамдарға

қажетті нәрселерге шариғат жөнімен, сараңдық пен ысырапшылдыққа жол бермей жұмсауды нұсқайды.

Адам басқа біреуге қаржы-қаражат бөлгенде де оны өзіне пайдасы, сауабы мен игілігі тиетін орындарға, мәселен, ағайын-туыстар мен көршілердің мұқтаждарына садақа беру, тарту-таралғы жасау және әдет-ғұрыптағы салтанатты жиындарға¹ жұмсауы тиіс.

Мұның барлығы хадисте айтылғандай, ысырапшылдықтан, мақтан мен даңғойлықтан аулақ болуы қажет. Бұл туралы: **«Олар мал сарп қылғанда, ысырап та қылмай, сараңдық та істемей, осы ортада тұрады»** деген аятта да айтылған (Фурқан, 67).

Демек, бұл қаржы-қаражатты игерудегі әділдік жолы, яғни, ол сараңдық пен ысырапшылдықтың орта межесінде болуы керек. Осы арқылы барлық іс-амалдар орындалып, жүзеге асады. Ал бұдан басқаның бәрі күнә мен залал әрі ақыл-парасат пен жүріс-тұрыстың кемшілігін айғақтайды.

¹ Мәселен, үйлену тойына.

ТОҚСАН БЕСІНШІ ХАДИС

Мүміннің сүйіншісі

عَنْ أَبِي ذَرِّ الْعَفَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قِيلَ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَرَأَيْتَ
الرَّجُلَ يَعْمَلُ الْعَمَلَ مِنَ الْخَيْرِ، وَيَحْمَدُهُ النَّاسُ عَلَيْهِ؟ قَالَ: تِلْكَ عَاجِلُ بُشْرَى الْمُؤْمِنِ.

Әбу Зарр әл-Ғифари (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде) Аллаһ елшісінен ﴿ﷺ﴾: «Игі амал жасаумен айналысатын, ал бұл үшін адамдар оны мақтап жүрген кісіге қалай қарайсың?» — деп (сұрағанда), ол: «Бұл — мүміннің осы дүниедегі сүйіншісі», — деп айтты», — деген (Муслим).

Бұл хадисте Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ пенденің осы дүниедегі мақтаулы амалдарының нәтижесі сүйінші болатынын айтқан. Өйткені Аллаһ тағала Өзіне жақын пенделерге, яғни тақуа мүміндерге дүние тіршілігінде және ақырет өмірінде сүйінші уәде еткен.

«Сүйінші» — пендеге ісінің соңы жақсы аяқталатынын, өзінің бақыттылар тобына жататынын және іс-амалы қабылданатынын білдіретін қуанышты хабар.

Ақыреттегі сүйінші Аллаһ тағаланың разылығы мен сыйлығы, жан тапсырған кезде, қабірде және қиямет күні Оның ашуы мен жазасынан құтылу арқылы көрініс табады. Осы кезеңдерде Аллаһ тағала Өзінің мүмін пендесіне періштелері арқылы сүйінші жолдайды. Бұл туралы көптеген Құран аяттары мен хадистерде айтылған.

Ал бұл дүниедегі сүйінші туралы айтсақ, Аллаһ тағала оны мүміндерге Өз кеңшілігінің үлгісін көрсету, оларды игі амалдарға жігерлендіру, бұдан да кеңірек ауқымда оларды

игілікке бағыттап, жамандықтан сақтау мақсатында жібереді. Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Бақыттыларға бақытты амалдар жеңілдетіледі»**, — деген¹ (Әл-Бұхари, Муслим).

Егер пенде игі амалдар жасауға жеңілдік тауып, өзін Аллаһтың залал келтіретін істерден сақтағанын көрсе, бұл мүмін амалының соңы жақсы аяқталатынын айғақтайтын сүйінші болып табылады. Расында, Аллаһ — жомарттардың ең Жомарты және кеңпейілділердің ең Кеңпейілдісі, егер Ол пендесіне игілік көрсетуді бастаса, оны соңына жеткізеді. Аллаһ тағаланың Өз пендесіне жасайтын ең ұлы игілігі — діни тұрғыдағы игілік. Мүмін бұған, яғни өзіне игі амалдар жасауды жеңілдетіп, Аллаһтың мейірімділік көрсеткеніне бөрінен артық қуанады. Өйткені иманның ең ұлы белгісі — игілікті жақсы көріп, оған құштарлық таныту және оны істегені үшін қуану. Ал екінші бір қуаныш пенденің өзіне Аллаһ тағаланың нығметі мен кеңшілігінің жалғаса беруін жан-тәнімен қалауда көрініс табады.

Бұған Пайғамбардың (ﷺ) осы хадисте айтқанының да қатысы бар. Яғни, пенде ізгі амалдардың біріне, әсіресе игі нәтижелер мен жалпы халыққа пайдалы қайырымдылық шараларына атсалысса және бұл үшін адамдар оны жақсы көріп, мақтап, оған дұға арнаса, бұл да пенденің іс-амалы Аллаһ тағала игілік пен береке дарытқан қабыл болатын амал екеніне сүйінші саналады.

Дүние тіршілігіндегі сүйіншілердің бірі — мүміндердің ол пендені жақсы көруі. Өйткені Аллаһ тағала: **«Сол бір иман келтіріп, ізгі амалдар істегендерге әр-Рахман Аллаһ сүйіспеншілік дарытады»**, — деген (Мәриям, 96). Яғни,

¹ Бұл хадис Әли ибн Әбу Талибтен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген.

мұндай адамдарды Аллаһ жақсы көреді және пенделердің жүрегіне де оларға деген сүйіспеншілік салады.

Пендеге бағытталған игі мақтаулар да сүйінші тұрғысында қарастырылады. Өйткені мүміндердің пендені көп мақтауы олардың бұған деген қуәлігі болып табылады, ал мүміндер — Аллаһтың жер бетіндегі қуәлары.

Мүмін көретін не оған аян етілетін игі түстер де сүйінші хабарлар санатына жатады.

Аллаһ тағаланың пендеге ол жақсы көретін не ұнатпайтын бір нәрсені тағдыр етуі де сүйіншінің белгісі. Аллаһ ол тағдырды пенде дінінің түзелуі мен оның жамандықтан құтылуына себепші етеді.

Аллаһ тағаланың мейірім түрлерін санап тауысу да, ой-қиялға келтіру де мүмкін емес.

ТОҚСАН АЛТЫНШЫ ХАДИС

Ата-анаға жақсылық жасау

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: رَضِيَ اللَّهُ فِي رَضَى الْوَالِدَيْنِ، وَسَخَطَ اللَّهُ فِي سَخَطِ الْوَالِدَيْنِ.

Абдуллаһ ибн Амрден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аллаһтың ризалығы ата-ананың ризалығында, Аллаһтың ашуы ата-ананың ашуында», — деп айтты», — деген (әт-Тирмизи)¹.

Хадис ата-анаға жақсылық жасаудың қадір-қасиеті мен оның міндеттілігін көрсетеді, өйткені бұл Аллаһ тағаланың ризалығына жеткізеді. Сондай-ақ хадис ата-анаға қарсы келуден сақтандырып, оған тыйым салады, себебі бұл Аллаһтың ашуына ұшыратады.

Бұл ата-анаға көрсеткен Аллаһ тағаланың рақымы екеніне күмән жоқ. Өйткені ата-ана мен перзенттердің арасында ешқандай қарым-қатынасқа ұқсамайтын берік байланыс бар. Ата-ананың жақсылығына ешбір жанның жақсылығы тең келмейді. Олар балаларына жан-жақты тәлім-тәрбие беріп, олардың діни және дүниелік қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Айта берсек, ата-ананың жақсылығы ұшан теңіз. Осы себептер үшін ата-ана ризалығы Аллаһ ризалығымен, ал олардың ашуы Аллаһтың ашуымен қатар қойылған.

¹ Бұл хадисті Ибн Хиббан мен әл-Хаким сахих хадистер тобына жатқызған.

Мұнда ата-анаға жақсылық жасау ұғымы астында Аллаһ пен Оның елшісі нені бұйырған деген сұраққа келсек, бұл барлығына белгілі әрі түсінікті. Аллаһ тағала оларға жақсылық жасауды бұйырып, жақсылықтың кейбір түрлерін атаған. Жалпы алғанда ол әке-шеше мен балалардың, уақыт пен орынның жағдайына орай ата-анаға сөзбен не іспен жасаған жақсылықтың барлығын қамтиды.

Бұл хадисте айтылған жақсылықтың ең биік шоқысы — ата-ананың разылығын алу. Мұнда ата-анаға жақсылық жасау — қозғаушы күш және себеп, ал оларды разы ету — нәтиже және себеп нысаны. Яғни, ата-ананы риза ететін кез келген мәміле мен қарым-қатынас, кез келген тәсіл-шара жақсылыққа жатады. Сол сияқты оларды ашуландыратын кез келген сөз не қылық-әрекет ата-анаға қарсы келу болып табылады. Әйтсе де ата-анаға жақсылық жасау Аллаһқа бойсұну шеңберінен шықпау керек. Яғни, ата-ананы разы ететін нәрсе Аллаһ тағаланы ашуландыратын болса, онда Аллаһқа деген махаббатты ата-анаға деген сүйіспеншіліктен жоғары қою қажет. Мұндайды талап еткен ата-ана жақты әрі күнәкар болады.

Аллаһқа тән разы болу және ашулану сипатын нақтылайтын бұл хадисте Оның разылығы Өзі жақсы көретін және ұнататын нәрселермен байланыстылығы астарланған. Аллаһ тағала Өзіне жақын адамдар мен таңдаулы пенделерін және Өзіне әрі елшісіне бойсұнғандарды жақсы көреді. Бұл Оның кемелдігінің, даналығы мен даңқының, мейірімділігінің, ризалығы мен ашуының, сондай-ақ ерік-қалауы мен күш-құдіретіне байланысты басқа да сипаттарының көрінісі.

Бұларға қатысты мүмін пенде Жаратушы Иеміздің Өзі және елшісі нақтылаған Аллаһ тағаланың болмыстық

әрі іс-қимылдық кемел сипаттарын Оның ұлылығы мен даңқына лайық тұрғыда мойындауы және болмысында, есім-сипаттары мен іс-қимылдарында Аллаһтың теңдесі де, ұқсасы да жоқ екенін білуі тиіс. Аллаһ жақсы білуші.

ТОҚСАН ЖЕТІНШІ ХАДИС

Жүректі тазарту тәсілдері

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: ثَلَاثٌ لَا يَغُلُّ عَلَيْهِنَّ قَلْبُ مُسْلِمٍ: إِخْلَاصُ الْعَمَلِ لِلَّهِ، وَمُنَاصَحَةُ أُنْمَةِ الْمُسْلِمِينَ، وَلُزُومُ جَمَاعَتِهِمْ، فَإِنَّ الدَّعْوَةَ تُحِيطُ مِنْ وَرَائِهِمْ.

Абдуллаһ ибн Масғұдан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Мына үш (қасиетке ие) мұсылманның жүрегінде ыза-кек қалмайды: Аллаһ үшін амалда шын ықыласты болу, мұсылман басшыларға адалдық таныту және мұсылмандар жамағатынан айрылмау¹, (бұлардың дұғалары) оларды сырт жағынан қорғайды²»**, — деген (Муслим, өт-Тирмизи).

Шейх Шәмсуддин ибн әл-Қайим (Аллаһ оған рақым ет-сін): «Яғни, осы үш қасиетке ие адамның жүрегінде ыза-кек қалмайды. Бұл үш қасиет жүректегі ыза-кекті тазалап, қуып шығады. Өйткені жүректегі ыза-кек көбіне ширк, алдау-арбау, бидғаттар мен адасу себепті мұсылмандар жамағатынан бөліну нәтижесінде туындайды. Осы аталмыш ауытқулар адам жүрегін өшпенділік пен азғындыққа толтырады. Мұндай өшпенділік дауасы әрі оның қалдықтарын жүректен шығарып тастау тәсілі — шын ықылас пен адалдықта және сүннетке ілесуде», — деген.

¹ Яғни, мұсылман қауымының бірлігі мен келісімін қолдау.

² Бұл кейде Аллаһ тағала олардың дұғаларын қабыл етеді, сондықтан, Аллаһқа жақын болуға ұмтылуда мұндай адамдармен достасқан және оларды Аллаһ үшін жақсы көрсең, Аллаһ оларды қорғайтынын есінде ұста деген мағынада.

Демек, іс-амалдарының бәрінде Аллаһқа шын ықылас танытқан, барлық іс-әрекетінде Оның құлдарына адалдық көрсеткен және мұсылмандар жамағатынан ажырамай, олармен ауызбірлікте болған адамның жүрегі саф таза қалыпқа еніп, өзі Аллаһқа жақын пендеге айналады. Ал кім бұған қарама-қарсы сипатта болса, оның жүрегінде барлық зиянкестік пен кесапат шоғырланады.

ТОҚСАН СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Адамдар бойындағы кемелдіктің нұқсаны

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: إِنَّمَا النَّاسُ كَالْإِبِلِ الْمَائَةِ، لَا تَكَادُ تَجِدُ فِيهَا رَاحِلَةً.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Негізінде адамдар арасынан мініске жарайтын біреуін әзер табатын жүз түйе сияқты»*, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Бұл хадис ақиқат хабар мен пайдалы нұсқауды қамтыған.

Пайғамбарымыз (ﷺ) адамдардың көпшілігінде кемшіліктердің барын, олардың арасында кемелдікке жеткен не оған жақын жандар аз екенін хабарлаған. Яғни, оларды көп көрінгенмен арасынан жүк тасуға, мініске және сапарға жарайтын түйе табу қиын бір қора түйеге ұқсатқан. Ендеше адамдар да өте көп, бірақ олардың арасынан білім беруге, пәтуа сұрауға, имамдыққа қоюға, үлкенді-кішілі басшылық қызметтерге тағайындауға не маңызды бір тапсырмаларды жүктеуге жарайтын адам іздесең, бұларды дұрыс атқаратын біреуді табуың қиынға соғады. Бұл өмір шындығы. Расында, адам баласы әділетсіз әрі надан, ал әділетсіздік пен надандық кемелдікке жетуге кедергі жасап, кемшіліктер-нұқсандарға себеп болады.

Пайғамбардың (ﷺ) нұсқауына тоқталсақ, ол осы хадистің мазмұнында қамтылған. Мұнда Пайғамбар (ﷺ) Ислам үмбетінің жаппай маңызды, жалпы халыққа пайдалы істерді

атқара алатын адамдарды дайындауға әрекет жасауы тиіс екеніне бағдар берген.

«Мүміндердің жаппай (жорыққа) аттанулары тиіс емес. Олардың әр тобынан дін үйренетін және қауымдарына қайтып барғанда сақтанулары үшін оларға ескертетін бір бөлігі болса еді» (Тәубе, 122) деген сөзінде Аллаһ тағала да осы мағынаны нұсқаған.

Адамдар діни және дүниелік әрі қоғамдық істермен айналысуға міндетті. Олардың мүдделері осы арқылы ғана қамтамасыз етіледі, ал бұл мұндай істермен қабілетті әрі сенімді адамдар айналысқанда ғана жүзеге асады. Сондықтан да мүмкіндігінше осы қасиеттерге жетуге ұмтылу қажет. Аллаһ тағала: **«Ендеше шамаларың келгенше Аллаһтан қорқындар!»** — деген (Тағабун, 16). Аллаһ жақсы білуші.

ТОҚСАН ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Соңғы уақыттардағы мүміннің артықшылығы

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَأْتِي عَلَى النَّاسِ زَمَانٌ الصَّابِرُ فِيهِمْ عَلَى دِينِهِ كَالْقَابِضِ عَلَى الْجَمْرِ.

Анас ибн Мәлік (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ елшісі* ﴿ﷺ﴾: «*Адамдарға бір заман келеді, (сонда) дініне сабырлық танытушы (адам) уысында шоқ ұстаған (адамға) ұқсайды*», — деп айтты», — деген (өт-Тирмизи).

Бұл хадисте де хабар мен нұсқау бар.

Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ хабарлауынша, ақырзаманда игілік пен оның себептері азайып, жамандық пен оның себептері көбейеді. Сол кезде дін ұстанушы адамдар саны өте аз болады және осы ат төбеліндей азшылық аса ауыр қиындықтар мен машақаттарға кез келіп, жағдайлары уысында қып-қызыл шоқ ұстап тұрған адамға ұқсайды. Бұл мұсылмандарға қарсы әрекет жасаушы адамдардың күш-қуатының молдығы, адастырушы бүліктердің, күдік-күмәндар мен имансыздық бүліктерінің, сезім құмарлықтары мен адамдардың дүниеге шектен тыс берілуі бүліктерінің, иман әлсіреуі және көмек қолын созып, қолдау көрсететіндердің аздығынан мүмін кісінің жападан жалғыз қалуы себепті туындайды.

Осыған қарамастан, өз дінін бекем ұстанған, ақыл-парасаты, анық сенімі, берік иманы бар адамдар ғана аяғында нық тұра алатын мұндай қарсылықтар мен қиындықтар-

ды жеңе білген мүмін-мұсылман — ең жақсы, Аллаһтың құзырында дәрежесі ең жоғары, мәртебесі ең абзал адам.

Хадистегі нұсқауға келсек, Пайғамбарымыз ﷺ үмбетін аталмыш жағдайға өздерін дағдыландыруға, ондай уақыттың әлбетте келетінін білуге және мұндай қиындықтарды жеңе біліп, қарсылықтарға қарамастан діні мен иманына сабырлық танытқан адам Аллаһтың құзырында жоғары дәрежелерге жететініне, сондай-ақ Раббысы Өзі жақсы көретін және ұнататын нәрселерде оған жәрдем беретінін нұсқаған. Расында, Аллаһтың жәрдемі жұмсалған ынта-жігерге сай болады.

Біз өмір сүріп жатқан уақыт Пайғамбарымыз ﷺ айтқан сипатқа қандай ұқсас десеңші! Шын мәнінде Исламның тек аты ғана, ал Құранның тек бедері ғана қалды. Иман әлжуаз, жүректер бытыраңқы, үкіметтер жік-жікке бөлінген, дұшпандық пен жеккөрушілік мұсылмандарды бір-бірінен алыстатқан. Ислам дінінің тамырына балта шабу мақсатында сыртқы және ішкі жаулар жасырын да, ашық та әрекет жасауда. Дінсіздік пен материалистік көзқарастың лайсаң тасқыны мен өршеленген толқындары қарттар мен жастарды ағызып әкетуде, халық бұзық мінез-құлықтарға үнделіп, соңғы үміт ұшқынына су себіліп жатыр. Адамдар фәни дүниенің әшекейлеріне құмартып, бұл олардың білімінің шегі әрі уайымының ең үлкені болып қалды, олар дүние үшін разылық танытып, дүние үшін ашуланатын болды. Сондай-ақ адамдарды ақыреттен баз кешуге, жаппай осы дүниені көркейтуге күш жұмсап, дінді жоюға, дін ұстанушылар мен дінге қатысты нәрселерді кемісітіп, әжуалауға, имансыздыққа негізделген кесір-кесапатты мәдениеттермен мақтанып, көкірек керуге шақырған бұзғыншылық үндеулері өрттей қаулап тұр.

Осындай қордаланған жамандықтар, сапырылысқан толқындар, жан күйзелтерлік мазасыздықтар, болып жатқан және болашақта орын алатын қараңғы түнек бүліктер мен басқа да нәрселер осы хадисте айтылғанды растайды.

Алайда бұған қарамастан мүмін адам Аллаһтың мейірімінен, Оның дем беруінен үміт үзбейді және көзқарасы сырт көріністегі себептермен шектелмейді, керісінше, әрдайым жүрегінде барлық себептердің себепшісі Аллаһқа, Жомарт та сый Берушіге, жан-дүниесіне жұбаныш Сыйлаушыға назар аударады. Ол Аллаһ тағаланың ешқашан айнымайтын уәдесіне, Оның қиындықтан кейін жеңілдік, уайым-қайғымен қатар қуаныш-шаттық жіберетініне және қанша ауыр болғанына қарамастан қайғы-қасіреттермен бірге жұбаныш беріп, үрей-қорқыныштарды алыстататынына арқа сүйейді.

Нағыз мүмін мұндай жағдайларда: «Аллаһтан өзге күш те, қуат та жоқ»; «Аллаһ бізге жеткілікті, Ол ең жақсы Қамқоршы! Біз Аллаһқа тәуекел еттік. Уа, Аллаһ, мақтау-мадақ Өзіне тән, арыз-шағымдар да Саған айтылады, жәрдем Сенен сұралады, құтқару Өзіңнен тіленеді. Аса Жоғары, Ұлы Аллаһтан өзге күш те, қуат та жоқ» деп айтады. Иман, насихат және дағуат амалдарынан қолынан келгенін орындайды, молшылық нәсіп болмаса, азға қанағат етеді. Жамандықтардан түгел құтылуға мүмкіндік таппаса, оның кейбір бөлігінен арылады. Аллаһ тағала:

«Кім Аллаһтан қорықса, оған бір шығар жол жасайды. Оған, Аллаһ, ойламаған жерден ризық береді. Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жеткілікті болады. ... Сондай-ақ кім Аллаһтан қорықса, оның ісіне жеңілдік жасайды», — деген (Талақ, 2-4).

Нығметі себепті игіліктерді кемеліне жеткізетін Аллаһқа мадақ. Аллаһ тағала Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына және оған қиямет күніне дейін ілесушілерге игілік жолдасын!

Қорытынды

Осымен көптеген білім түрлерін, пайдалы тақырыптарды, дұрыс сенімдерді, көркем мінез-құлықтарды, фикһ пен әдептерді және қоғамдық игіліктерді қамтыған Пайғамбардың  бірқатар хадистерінің түсіндірмесінен тұратын жолдауымыз соңына жетті.

Бұл жолдаудың жазбагері Абдуррахман ибн Насир ибн Абдуллаһ әс-Сағди (Аллаһ тағала оған, оның ата-анасына, ата-әжесіне және барлық мұсылмандарға кешірім жасасын!).

Еңбек һижраның 1371 жылы шағбан айының оныншы жұлдызында аяқталды.

Жазбагердің қолжазбасын көшіріп жазу Аллаһ тағаланың көмегімен әрі жеңілдігімен һижраның 1371 жылы рамазанның 27-не соңына жетті. Бұл жұмысты қолына алған — Игілікті Раббысына мұқтаж Абдуллаһ ибн Сүлеймен Абдуллаһ әл-Абдуллаһ әс-Салман (Аллаһ тағала оған, оның ата-анасына, ата-әжесіне және барлық мұсылмандарға кешірім жасасын!).

Бұл кітап қымбат асыл дүние, жайқалған бақ, ықылас-тылардың мұраты, пайда алушылардың саяхаты және назар тастаушылардың қуанышы саналады. Өйткені ол әсем көріністе, таным мен зерттеулер өрнегімен безендірілген және ұлы пайдаларды жинақтаған. Бұл кітапты оқып-үйрену оңай, ал уылжыған жемістерінің дәмі өте шырын, аңғарларының суы бал татиды. Мұнда адамдарға тура жол көрсетіп, бағыт-бағдар беретін, пайым-парасаты мен сенімділігін арттыратын пайдалы ақида сенімдері, бәрін қамтитын әмбебап негіздер, түрлі үкім-заңдар, жоғары әдеп

ережелері және де басқа маңызды тақырыптар мен қордалы білімдер қамтылған.

Бұл тұрғыда еңбектің Аллаһтың сөзінен кейінгі ең қадірлі, игілікті әрі пайдалы сөздері адамдардың ең білімдісі және көркем тілді шешені Мұхаммедтің ﴿﴾ сөздерінің түсіндірмесі екенін айтудың өзі жеткілікті.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3;
Автордың алғы сөзі.....	6
Бірінші хадис	7
Өшкере және жасырын амалдар өлшемі.....	7
Екінші хадис	8
Амалдарды Құран мен сүннетке негіздеу.....	8
Үшінші хадис	17
Дін — насихат.....	17
Төртінші хадис	20
Жаннатқа кіруге себеп болатын амалдар.....	20
Бесінші хадис	22
Шешімді сөз.....	22
Алтыншы хадис	24
Мұсылман, мүмін және муһажир атауларының анықтамасы.....	24
Жетінші хадис	28
Мұнафиқтың белгісі.....	28
Сегізінші хадис	31
«Аллаһты кім жаратқан» деген ойдан аулақ болудың қажеттігі.....	31
Тоғызыншы хадис	34
Жақсылық та, жамандық та тағдырдан екеніне иман келтіру.....	34
Оныншы хадис	37
Тура жолға шақырушының сауабы.....	37
Он бірінші хадис	39
Дінді терең білу — игілік нышаны.....	39
Он екінші хадис	41
Аллаһтың күшті мұсылманды жақсы көруі.....	41
Он үшінші хадис	51
Ислам ғимараты.....	51

Он төртінші хадис	54
Игілікке ұмтылу.....	54
Он бесінші хадис	58
Адамдардың тиісті құқықтарын сақтау.....	58
Он алтыншы хадис	62
Жаза не сауап адамның қылығына қарай болады.....	62
Он жетінші хадис	67
Бәрін қамтитын игі қасиеттер.....	67
Он сегізінші хадис	71
Әділетсіздіктің салдары.....	71
Он тоғызыншы хадис	75
Шүкіршілік білдіру тәсілі.....	75
Жиырманшы хадис	79
Таһаратсыз намаз жоқ.....	79
Жиырма бірінші хадис	82
Табиғи қасиеттер.....	82
Жиырма екінші хадис	86
Судың тазалығы.....	86
Жиырма үшінші хадис	88
Адамдардың айналасындағы жануарлар таза саналады.....	88
Жиырма төртінші хадис	91
Діни парыздарды орындау күнәларды жуады.....	91
Жиырма бесінші хадис	94
Намаз, азан және имамдық.....	94
Жиырма алтыншы хадис	104
Аллаһ елшісінің ﴿ﷺ﴾ басқа пайғамбарлардан артықшылығы.....	104
Жиырма жетінші хадис	109
Пайғамбардың ﴿ﷺ﴾ өсиеті.....	109
Жиырма сегізінші хадис	113
Ислам — жеңіл дін.....	113

Жиырма тоғызыншы хадис	119
Мұсылмандардың бір-біріндегі құқықтары.....	119
Отызыншы хадис	123
Ізгі амалдар сауабының үздіксіздігі.....	123
Отыз бірінші хадис	125
Жаназаны тез жүргізу.....	125
Отыз екінші хадис	128
Дүние-мүліктің қандай мөлшерінен зекет төленеді.....	128
Отыз үшінші хадис	131
Арлылық, қанағат және сабырлылық.....	131
Отыз төртінші хадис	137
Садақа, кешірім және кішіпейілдіктің әсері.....	137
Отыз бесінші хадис	140
Оразаның сыйлығы.....	140
Отыз алтыншы хадис	148
Аллаһқа жақын болғандардың қасиеттері.....	148
Отыз жетінші хадис	153
Сауда келісіміндегі шындық жемістері.....	153
Отыз сегізінші хадис	156
Қауіп-қатері бар сауда келісімдеріне қатысты тыйым.....	156
Отыз тоғызыншы хадис	159
Татуласу түрлері.....	159
Қырқыншы хадис	164
Қарызды қайтару және оны төлеуді тиісінше талап ету.....	164
Қырық бірінші хадис	168
Алған мүлікті иесіне қайтару керек.....	168
Қырық екінші хадис	171
Сатып алуға қатысты құқық басымдығы туралы үкімдер.....	171
Қырық үшінші хадис	174

Серіктеске қиянат жасамау.....	174
Қырық төртінші хадис.....	176
Ізгі амалдардың бұл дүниедегі және ақыреттегі сауабы.....	176
Қырық бесінші хадис.....	180
Ешкімге тиесілі емес нәрсені иелену мүмкіндігі.....	180
Қырық алтыншы хадис.....	182
Мирасқа қатысты үкімдер.....	182
Қырық жетінші хадис.....	183
Заңды мұрагер үшін өсиет жазылмайды.....	183
Қырық сегізінші хадис.....	187
Аллаһ тағаланың Өзі жақсы көретін істерде пендеге жәрдемдесуі.....	187
Қырық тоғызыншы хадис.....	191
Некелесуге тыйым салатын сүт бауырлық дәрежелері.....	191
Елуінші хадис.....	193
Әйелмен жақсы қарым-қатынаста болу.....	193
Елу бірінші хадис.....	196
Билікке ұмтылуға қатысты тыйым.....	196
Елу екінші хадис.....	201
Бойсұну нәзірін орындау міндеті.....	201
Елу үшінші хадис.....	203
Мұсылмандар бір қол іспеттес.....	203
Елу төртінші хадис.....	206
Өз кәсібі бойынша білікті маман болу қажеттігі.....	206
Елу бесінші хадис.....	208
Қылмысы анықталмағандарға кешірім жасау.....	208
Елу алтыншы хадис.....	210

Аллаһқа бойсұнбау саналатын нәрселерге бағынбау керек.....	210
Елу жетінші хадис	212
Өздігінше шешім іздеудің сыйлығы.....	212
Елу сегізінші хадис	215
Сот ісін жүргізу негіздері.....	215
Елу тоғызыншы хадис	218
Куәліктің маңызын төмендететін нәрселер.....	218
Алпысыншы хадис	221
Хайуандарды немен сою керектігі.....	221
Алпыс бірінші хадис	224
Малды жақсы тәсілмен (ихсан) бауыздау.....	224
Алпыс екінші хадис	228
Тыйым салынған ет түрлері.....	228
Алпыс үшінші хадис	230
Еркектердің әйелдерге, әйелдердің еркектерге еліктеуіне қатысты тыйым.....	230
Алпыс төртінші хадис	233
Әр аурудың шипасы бар.....	233
Алпыс бесінші хадис	237
Түс көру және онымен байланысты нәрселер.....	237
Алпыс алтыншы хадис	241
Исламды өз дәрежесінде ұстану.....	241
Алпыс жетінші хадис	243
Балаларға жақсы тәрбие беру.....	243
Алпыс сегізінші хадис	245
Жолдас таңдай білу.....	245
Алпыс тоғызыншы хадис	248
Мұсылманның қырағылығы.....	248
Жетпісінші хадис	250
Ақыл, тақуалық және абырой өлшемдері.....	250
Жетпіс бірінші хадис	255

Ашулануға қатысты тыйым.....	255
Жетпіс екінші хадис.....	257
Төкаппарлыққа қатысты тыйым.....	257
Жетпіс үшінші хадис.....	260
Мұсылманның жетістігі.....	260
Жетпіс төртінші хадис.....	262
Қысқа да нұсқа өсиет.....	262
Жетпіс бесінші хадис.....	265
Әлсіздерге құрмет көрсету.....	265
Жетпіс алтыншы хадис.....	269
Аллаһқа тән жомарттықтың әр алуандығы.....	269
Жетпіс жетінші хадис.....	272
Өз-өзіне өлім тілеуге қатысты тыйым.....	272
Жетпіс сегізінші хадис.....	276
Бұл дүниенің азғырулары және әйелдер.....	276
Жетпіс тоғызыншы хадис.....	279
Иман тармақтары.....	279
Сексенінші хадис.....	282
Тозақтан құтылу жолы.....	282
Сексен бірінші хадис.....	285
Келіспеушілікке қатысты тыйым.....	285
Сексен екінші хадис.....	293
Адамдарға мейірімділік көрсету.....	293
Сексен үшінші хадис.....	297
Туыстармен қарым-қатынасты үзбеу.....	297
Сексен төртінші хадис.....	300
Пайғамбарлар мен ізгі адамдарға сүйіспеншілік танытуға үндеу.....	300
Сексен бесінші хадис.....	303
Сапарға шығар алдындағы дұға сөздері.....	303
Сексен алтыншы хадис.....	309
Қажылық рәсімдерін орындауда	

Пайғамбарға ﴿ﷺ﴾ ілесу.....	309
Сексен жетінші хадис	315
«Ықылас» сүресінің қадір-қасиеті.....	315
Сексен сегізінші хадис	318
Байлық пен білімді тиісінше пайдалану қажеттігі.....	318
Сексен тоғызыншы хадис	322
Бәрін қамтитын әмбебап дұға.....	322
Тоқсаныншы хадис	324
Тозақ отынан қашықтау тәсілі.....	324
Тоқсан бірінші хадис	326
Аллаһ разы болатын және разы болмайтын амалдар.....	326
Тоқсан екінші хадис	330
Әке балаларына жеткілікті мөлшерде нәпақа ажыратуға міндетті.....	330
Тоқсан үшінші хадис	333
Ашу-ыза кезінде үкім шығаруға қатысты тыйым.....	333
Тоқсан төртінші хадис	335
Ысырапшылдық пен дандайсуға қатысты тыйым.....	335
Тоқсан бесінші хадис	337
Мүміннің сүйіншісі.....	337
Тоқсан алтыншы хадис	340
Ата-анаға жақсылық жасау.....	340
Тоқсан жетінші хадис	343
Жүректі тазарту тәсілдері.....	343
Тоқсан сегізінші хадис	345
Адамдар бойындағы кемелдіктің нұқсаны.....	345
Тоқсан тоғызыншы хадис	347
Соңғы уақыттардағы мүміннің артықшылығы.....	347
Қорытынды.....	351